



Жамбыл Жабаев 175 жыл



МОНЫСТАН

Халық ақыны, жыраулық өнердің шебері Жамбыл
Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай
**«ЖАҢАҢДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ
ЖАҢА АРНАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ
ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары

28 желтоқсан 2021 жыл
Ақтау қаласы

Халық ақыны, жыраулық өнердің шебері Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Жаһандану дәуіріндегі жамбылтанудың жаңа арналары және оны оқыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары

28 желтоқсан 2021 жыл

Ақтау қаласы

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Х-17

**Yessenov University президенті Б.Б. Ахметовтің
жалпы редакциялауымен**

Редакциялық алқа:
Е.Т. Нұрмағанбет, А.М. Джанисенова, А.Н. Отарова, Н.С. Қамарова

Х-17 Халық ақыны, жыраулық өнердің шебері Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Жаһандану дәуіріндегі жамбылтанудың жаңа арналары және оны оқыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2021. – 193 б.

ISBN 978-601-308-547-0

Жинаққа XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтың дәстүрлі ауызша авторлық поэзиясының әлемдік деңгейдегі алып тұлғасы Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Жаһандану дәуіріндегі жамбылтанудың жаңа арналары және оны оқыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілді. Ғылыми мақалаларда жыр алыбы Ж.Жабаевтың мол әдеби мұрасы, жамбылтану бағытында жасалып жатқан ғылыми-танымдық зерттеу жұмыстары туралы айтылған. Ақын мұрасы жаңаша бағаланып, жаһандану дәуіріндегі жамбылтанудың жаңа арналары және оны оқыту мәселелері, бүгінгі құндылықтары мен маңызды мәселелері бойынша жаңа бағыттар, ғылыми негізделген ой-пікірлер мен жаңаша көзқарас, тұжырымдар сараланып, өзекті мәселелер зерделенген.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

**© Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті, 2021**

ISBN 978-601-308-547-0

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

КІРІСПЕ СӨЗ

Отарова А.Н.

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті

Ақтау қ., Қазақстан

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Биыл қазақтың ұлы ақындарының бірі Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толып отыр. Есенов университетінде халық ақыны, жыраулық өнердің шебері Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Жаһандану дәуіріндегі жамбылтанудың жаңа арналары және оны оқыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысын бастағалы отыр.

Халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабайұлының есімі бүгінде дүние жүзіне мәлім. Ғасыр жасап, екі заманның бірдей куәсі болған ақын өз тағдырын туған халқымен тұтастырып, оның бар өмірін, биік мұратын, мұң-мүддесін жырына арқау етті, дәстүрлі қазақ жырын жаңа дәуірдің талап-тілектеріне орайластыра, жаңарта, жасарта білді. Кәсіби ұлттық әдебиеттің өкілдерімен қатар жасаған ол сол әдебиеттің жаңалықтарын халық поэзиясында пайдаланып, өзі білген халықтың сөз өнерінің тапқыр да бай үлгісін, азаматтық дәстүрін олардың бойына сіңіруге тырысты. Сөйтіп, ол халық поэзиясы мен жазба әдебиетінің арасындағы көпір сияқты болды.

Ол Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген, Алматы облысының Ұзынағаш ауылында қайтыс болған. Жамбылдың айналасындағылар әндерді, күйлерді, импровизация мен жыраулық өнерді жоғары бағалады. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов былай деп бекер айтпаған: «XIX ғасырдан бастап қазақ халқында ерекше дамуға ие болған импровизация өнері Қазақстанның барлық жерлерінде көлеңкеде қала бастады, бірақ Жетісуда, оңтүстік өңірлерде өркендей бастады. Біріншіден, оңтүстік аймақтардан бұрын басқа аймақтарды қамтыған отарлау саясаты өнер дәстүрлерінде өзіндік із қалдырды; Жетісу маңы осы жағымсыз әсерден алшақ тұрды. Екіншіден, импровизация өнерінің осы өңірлерде ежелден қалыптасқан дәстүрлері XIX ғасырдан кейін ерекше дамуға ие болды».

Осы кезеңде Арқадан ұлы Абайдың Жетісуға келгендігі, Біржан, Шашубай, Балуан Шолақ, Таластан Жалайыр Түбек, Оңтүстік Қазақстаннан - Майкөт пен Майлықожа, Атырау жақтан Құрманғазы сияқты импровизация шеберлерінің туындылары ел ішіне таралды. Бұл жағдай осы кезде Жамбыл үшін ежелгі ұлы өнер мектебінің үлгілерімен терең танысуға зор мүмкіндік берді.

Осындай өнер бесігінде өскен Жамбылдың таланты бала кезінен-ақ байқала бастады. Жас кезінен бастап ол өзі өскен аймақтарды ән мен өлеңге бөледі; ол туралы даңқ көрші қырғыз жұртына жетті. Осы жылдары барлығының аузында жүрген жас Жамбыл Жетісудың ең әйгілі ақыны Сүйінбай ақынмен кездесті; Жамбыл бұл ақынның шабытпен шырқалған жырларын үлкен ықыласпен тыңдап, оның батасын алды. Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құлманбет сияқты өз заманының ірі ақындарымен кездесулер Жамбылдың ақын ретінде беделінің артуына ықпал етті. Кейіннен қырғыз ақындары Балық, Тыныбек, Қалыгүл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбектермен бірнеше рет бәсекеге түсіп, өз шеберлігін шыңдап, олардың жаоұттай жарқыраған поэзиясынан сабақ алады. Енді ол суырып салма өнерімен қатар, бірнеше апта немесе бірнеше ай ішінде Көрұлы, Шаһмардан сияқты дастандар мен жырларды орындап, сол арқылы өзінің сан қырлы талантын тереңдетіп, дамытты.

Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезеңі халыққа бір жағынан патшалық отаршылдардың, екінші жағынан Қоқан хандығының қысым жасауымен

сипатталды. Ақындық шынайылықпен және азаматтық жауапкершілікпен Жамбыл «Шағым», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкіде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты жырларында халықтың қоғамдық-саяси өмірін бейнелейді.

Жамбыл Қазан төңкерісінен кейін халықтың өміріндегі тарихи өзгерістер болатынына үлкен үміт артты. Оның 1936 жылы шығарған, содан кейін орыс тілінде «Правда» газетінде жарияланған «Туған еліме» сияқты поэтикалық толғаулары бүкіл Кеңес Одағында қарт ақынның даңқын паш етті. Ел арасында Жамбылдың биік даңқы пен танымалдылығы арта түсті.

Оның 1936-1945 жылдар аралығында жарияланған өлеңдері көлем жағынан 13 мың тармақтан асады. Ол ерекше ынта-жігермен ел өміріндегі жетістіктер мен жаңалықтарды, Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі халықтың жеңісі мен ерлігін мақтайды. Жасының ұлғайғандығы оған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық шығармаларды қайта тірілтуге кедергі бола алмады.

Жамбыл әрі эпикалық ақын, әрі ақын-импровизатор, дана жыршы және дастаншы. Ол өнер шебері ретінде азаматтық және саяси поэзияның дамуына үлес қосты. Жамбылдың ұлылығы оның ақындық шеберлігінде ғана емес, сонымен бірге оның халық поэзиясындағы жаңа ағымның жаратушысы, халық ақындарының шығармашылық рухын парасатпен жандандырушы болғанында. Оның сөзі ұранға айналды, оны халық поэзиясының атасы деп атады. Жамбыл жыршы-дастаншылардың терең эпикалық дәстүрлерін жаңа арнаға айналдырып, ежелгі қазақ суырып салма өнерінің жаңа қырларын ашты, оларға жаңа мазмұн берді. Жамбыл - адамдарды нәсілге, ұлтқа бөлмеген интернационалист ақын. «Жамбылдың өлеңдері теңіз түбіне жатқан інжу-маржандай. Оларды жинап, халыққа тапсыру әрқайсымыздың азаматтық парызымыз, - деді ақын С.Сейфуллин.

Жамбыл - поэзияның сарқылмас қайнар көзі, өшпес даналық көзі, мәңгілік құндылық. Оның туындылары әрдайым халықпен бірге жасайды. Жамбылдың шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды, көптеген елдерге таралды. Жамбыл көзі тірісінде өзін де, өз халқын да асқақтатып, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Жамбыл мұралары қазақ өнерінің барлық түрлері мен жанрларында көрініс тапты, ол халықтың ұлттық рухын жоғары көтерген ұлы тұлға ретінде танымал болды.

Жамбыл - әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - деген еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі. Ақынның шығармашылығына бүгінде жаңа көзқарас, жаңаша таныммен қарауымыз қажет. Жамбыл Жабаяев-ұлтымен мәңгі жасайтын тұлға.

Бүгінгі конференция жұмысына сәттіліктер тілеймін!



Темірхан Сақаұлы ТЕБЕГЕНОВ

филология ғылымдарының докторы,
профессор,
ҚР Гуманитарлық ғылымдар
Академиясының
академигі, Жамбыл атындағы Халықаралық
сыйлықтың лауреаты

ЖАМБЫЛДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН ОҚЫТУ МЕН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлем халықтары әдебиетінің тарихындағы аса көрнекті ақындардың, прозашылардың драматургтердің әдеби мұраларын оқыту мен зерттеу – аса өзекті мәселелер. Әлем өркениеті кеңістігіндегі мемлекеттердің бәрінде де оқу-ағарту жүйесіндегі орта мектептердегі, арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарындағы әдебиет сабақтарында фольклордың бұрынғы-соңғы мұралары мен әдебиеттің көп ғасырлық тарихындағы классикалық шығармалар қамтыла оқытылады. Сонымен бірге, фольклор мен әдебиеттің көп жанрлы жүйесі және оны жасаушы тұлғалардың шығармашылығы іргелі зерттеулердің нысанына алынып, жан-жақты қарастырылып бағаланады.

Қазақ сөз өнерінің көпғасырлық тарихында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби үдерісте дәстүрлі ауызша авторлық поэзиядағы ақын-жыраулар және Шығыстың классикалық әдебиеті дәстүріндегі ақындар, сонымен бірге хакім Абай, ағартушы Ыбырай қалыптастырған жаңа жазба реалистік әдебиет мұралары жүйелене оқытылып, зерттеліп келеді. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының филология факультеттеріндегі (институттарындағы) «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология», «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бөлімдерінде тарихнамалық реттілікпен оқытылып келе жатқан пәндер («Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ хандығы дәуірі әдебиеті», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті», «Кеңес кезіндегі қазақ әдебиеті») ұлттық сөз өнері тарихындағы көрнекті шығармашылық тұлғалар мұраларын оқыту мен зерттеуді сабақтастыра дамытудың оқу-әдістемелік негізі болып келеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ сөз өнерінің дамуы үдерісінде поэзия алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы айырықша даралана бағаланады. Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының рухани жаңғырудағы жаңа тарихында поэзия алыбы Жамбыл Жабаевтың мұрасын оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері айырықша саралана көрінеді. Біріншіден, Жамбыл Жабаевтың әдеби мұрасын, оның ішінде XIX ғасырдың 60-90-жылдарындағы және XX ғасырдың басындағы шығармаларын аталған тарихи кезеңдердегі әдеби-мәдени даму үдерісіндегі тектес ақын-жыраулармен, ұстазы Сүйінбай Аронұлы (1815-1895) шығармашылығымен сабақтастыра оқытуымызға болады. Әсіресе Жамбыл шығармашылығының алтын желісі – көркемдік арнасы болып саналатын айтыстарын («Жамбыл мен Айкүміс айтысы», «Жамбыл мен Бөлектің қызы айтысы» (1870), «Жамбыл мен Құлмамбет айтысы» (1881), «Жамбыл мен Сарыбас ақын айтысы» (1895), «Майкөтпен дидарласу» (1891), «Жамбыл мен Бақтыбай ақын (1872), «Жамбыл мен Сары ақынның қағысуы» (1875), «Жамбыл мен Бөлтірік (1890), «Жамбылдың Жүнісбайға жүгінуі» (1890), «Жамбыл мен Досмағамбет айтысы» (1907), «Жамбыл мен Шешубай айтысы» (1909) [1, 68-166-бб.]. Әдеби-мәдени даму үдерісіндегі

дәстүрлі поэзияның халықтық көркем ойлауға тән поэтикалық-психологиялық болмысы тұрғысында оқытамыз, Жамбылдың дәстүрлі айтыстарын ауызша авторлық поэзиядағы суырыпсалма-төкпе (импровизация) өнерінің психологиялық табиғатын түсінуге негіз етіп қарастырамыз. Суырыпсалма (импровизация) құбылысынан туындаған ақындардың түре және сүре айтыстарының да қалыптасуында Жамбылдың және онымен тектес ақындардың поэтикалық ықпалдастықтары, үндестіктері оқыту мен зерттеу сабақтастығы аясында қамтылды.

Жамбылдың ақындық ғұмырнамасындағы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы поэзиясы халықтық сипатымен ерекшеленеді. Арнау өлеңдерінде, толғауларында жеке адамдардың, әлеуметтік ортаның тұрмыстағы болмысын, даралық қасиеттерін, қарама-қайшылықтарға толы қоғамның, тұрмыстың шындығын жырлады. Мысалы: «Шағым», «Сүйінбайға», «Әкеме», «Тәйті мен Шыбыл шалға», «Сарыбайға» (1865), «Кәмшат қызға» (1876), «Бұрымға» (1870), «Ағайын-туған есен бол!» (1876), «Шәбденге» (1879), «Мәмбетке» (1881), «Садырмекке ат шапты» (1895), «Сәт сайланарда» (1890), «Жалғызбын деп жүрмесін» (1894), «Тілеміске» (1896), «Абышқа» (1896), «Мәңке туралы» (1900), «Тоқтағұлға» (1912), «Сыздық сұлтанға» (1884), «Өстепкеде» (1913), «Халықтың еркі кетті» (1916), «Патша әмірі тарылды» (1916), «Зілді бұйрық» (1916) [1, 22-63-66].

Жамбылдың әдеби мұрасын оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері қатарында оның XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы поэзиясын жаңаша көзқараспен бағалау керектігін атап айтамыз. Айырықша назарға алып оқытылатын және зерттеу нысанында қарастырылатын өлеңдерін, эпикалық толғауларын әдебиеттанудың мазмұн мен пішін поэтикасы аясында саралаймыз. Ақынның осы кезеңдердегі өлеңдерінің, толғауларының көркемдік арқауы – жаңа жас толқын балаларға, жастарға отаншылдық-азаматтық рух серпінін дарыту, ата-бабалық, адамгершілік-эстетикалық таным ұлағатын сезіндіру. Мысалы: «Жастар алдындағы сөз» (1934), «Балаларға» (1937), «Бесік жыры» (1937), «Ұлыма» (1938), «Жамбылдың халық үшін қалған жасы» (1938), «Жастық жыры» (1938), «Асау үйреткен жігіттерге» (1940), «Шәкірт балаларға» т.б.

Қаһармандық-жауынгерлік, батырлық рух қуатын дарытатын өлеңдерінің ата-бабалық дәстүрге сай халықтық-педагогикалық ұлағатын жас ұрпаққа сезіндіретін Жамбылдың өлеңдерін оқыту мен зерттеу жүйесінде айрықша назарға алуымыз керек. Бұлар – Ұлы Даламыздың мыңжылдықтар бойы негізгі иесі болып келе жатқан халқымыздың, ата-бабаларымыздың, ұрпақтардың әлем өркениетіне аян қаһармандық-батырлық айбынын танытатын өлеңдер. Мысалы: «Ата жаумен айқастық» (1941), «Өлім мен өмір белдесті» (1941), «Ленинградтық өренім» (1941), «Аттан, батыр ұрпағым» (1941), «Майданға хат» (1942), «Аттандыру» (1942), «Отан әмірі» (1942), «Алынбас қамал» (1942), «Балама хат», «Қамал бұзған қаһарман» (1942), «Жүз жасаған жүректен» (1943), «Ту астында берген ант» (1943), «Алғадай туралы» (жоқтау) (1943) «Сарғайып атқан таң ба екен?» (Алғадайды жоқтауы), «Алатауды айналсам» (Алғадайды жоқтауы), т.б. [2, 37-297-66].

Поэзия алыбы шығармаларының халықтық сипатын даралай танытатын ерекшеліктері қатарындағы қазақ даласының, туған атамекендердің көркем келбетін жырлауын оқыту арқылы жаңа ұрпақтың ұлттық-халықтық дүниетанымын дамыта түсеміз. Жамбыл поэзиясындағы қазақтың атақоныстарының, атамекендерінің көркем келбетін жырлаған өлеңдерінің көркемдік-эстетикалық ұлағатын ұғындыру – айрықша маңызды. Ұлттық ата-бабалық киелі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар жиындары (ас беру, той жасау т.б.) өткізілетін жазғы жайлау-қоныстың ғажайып көріністерін бейнелей-суреттей жырлаған өлеңдерін талдаулар арқылы ата-бабалық көшпелілер мәдениетінің әлем өркениетіндегі рухани құндылық тұғырындағы шынайы болмысын аңғартамыз. Мысалы, «Жайлау» (1935), «Май» (1937), «Алатау» (1937), «Майтөбе жайлауы», «Қымыз» (1937), «Күн толғауы» (1938), «Көктем» (1941), т.б. [2, 40-233-66].

Ауызша авторлық поэзиясындағы көрнекті ақындардың дастандарын оқыту мен зерттеу де өзекті болып саналады. Жамбыл – әдебиеттанудың теориялық бағалауы бойынша

жыршы-ақын. Академик З. Ахметовтің ғылыми тұжырымы бойынша: «Жыршы-ақын өлеңді негізінен ауызша шығаратын (жазу-сызу білсе де, хат таныса да), ауызша (домбырамен) айтатын нағыз импровизатор, әдебиетті, поэзияны жасаушы шынайы өнерпаз творчестволық тұлға деп қараймыз» [3, 161-б.]. Бұл – Жамбылдың эпик жыршылық-ақындық шығармашылығына сәйкес ғылыми-танымдық пікір. Жамбылдың дастандары туралы ұстаз-ғалым, профессор С. Садырбаевтың деректі пікірін де назарымызға аламыз: «Ұлы ақын Жамбыл Жабаев кезінде «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Көрұғлы», «Манас», «Өтеген», «Сұраншы батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Шахнама», «Ерназар-Бекен», «Қыз Жібек», «Едіге батыр» секілді дастандарды апталап, айлап айтқан. Айтанда бір-біріне ұқсатпай төтенше ізбен, соңы соқпақ өлеңмен салтанатты сарайлар тұрғызған» [1, 302-б.].

Жамбылдың эпик жыршы-ақындығын планетамыздан адамзат өркениеті тарихындағы антикалық жыр алыптары мен оның ішінде Гомермен және т.б орта және кейінгі ғасырлардағы әлем құрлықтарындағы (Азия, Еуропа, Африка, Австралия, Америка) көрнекті жыршы-ақындар шығармашылығымен саластыра-сабақтастыра қарастыру – Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қазіргі және болашақ ұрпақтарының абыройы міндеті.

Жамбылдың дастандары – әлем поэзиясының классикалық дәстүріндегі эпикалық туындылармен үндес шығармалар. Әлем ақындары поэзиясындағы қаһармандық-батырлық және лиро-эпостық дастандардың сюжеттік-композициялық құрылымдарымен поэтикалық үндестіктерін және ұлттық этнографиялық өзгешеліктерін айқын көреміз. Халық тарихындағы ел қорғаған батырлар және ғашықтар туралы Жамбылдың дастандарындағы басты кейіпкерлерінің тұлғалық болмыстарын тарихилық негізінде жырлап, көркемдік таным аясындағы халықтық-этнографиялық, фольклорлық-мифологиялық бейнелеулерді, суреттеулерді қолдануында классикалық дәстүрлермен үндестік тұрғысында бағалаймыз. Мысалы: «Көрұғлы», «Өтеген батыр», «Едіге батыр» дастандарындағы фольклорлық-мифологиялық бейнелеулердің халықтық көркем ойлау эстетикасы аясындағы ұлағатын айқын аңғарамыз.

Жыр алыбы Жамбыл атамыздың әдеби мұрасы – халықтық педагогиканың көрнекті қазынасы. Ақын поэзиясының этнопедагогикалық-этнопсихологиялық ерекшеліктерін қазіргі рухани жаңғыру дәуірінде ұрпақтарға ұғындыру – өзекті мәселе. Ақынның поэзиясындағы халықтық тәлім-тәрбие негіздері болып саналатын ұстаз ақындарға арнайы сәлем беру-дидарласуларды, ел қорғаған батырларды, әлем халықтарының достығын, туған жердің, атамекендердің, атақоныстардың перзенттік махаббатпен ардақтауды жырлауы – отаншылдық-азаматтық ұстанымға тәрбиелеудің сенімді көрсеткіштері. Ақынның бесіктегі сәбидің, балдырған балалардың, жасөспірімдердің ата-бабалық тәрбиемен қалыптасуына ықпал етудегі тәлімгершілік ұстанымдары жас ұрпақтың адамгершілік-имандылық қасиеттермен қалыптасуына ықпал ететіні ақиқат.

Жамбылтанудағы қазіргі өзекті мәселе – ақын шығармаларын пәнаралық (әдебиеттану, фольклортану, тіл білімі, тарихтану, әлеуметтану, өнертану) байланыстар аясында оқыту мен зерттеу. Жамбыл өлеңдерінің де, айтыстарының да, дастандарының да аталған қоғамдық-гуманитарлық пәндер жүйесін сабақтастыратындығы айқын. Ақынның ән-өлеңдерінің және суырыпсалма-төкпе (импровизация) ақындығына сабақтасуындағы өзіндік әуендерінің-мақамдарының ерекшеліктерін де назарға алудың маңыздылығы анық. Жамбылдың айтыскер-ақындығын қазіргі рухани жаңғырудағы тарихымыздағы айтыс ақындары поэзиясымен сабақтастыра қарастырудың жаңа зерттеулерге ұласатынына сенеміз. Жамбыл ақынның поэзиясы – қазақтың халықтық әдеби сөз қазынасы. Ақынның поэзиясын қазіргі заманғы тіл білімі ғылымындағы жаңаша зерттеулерінің нысанына алып, тілдік қолданыс өрнектерін мәтіндік талдаулармен қарастыру – мемлекеттік бағдарламаларымыздың талабына сәйкес іс.

Қорыта айтқанда Жамбылдың әдеби мұрасын оқыту мен зерттеу жұмыстары қазіргі рухани жаңғырудағы жаңа тарихымыздың талаптары бойынша жүзеге асырылады. Бұл – Қазақстан Республикасының әлем өркениетіндегі ұлттық болмысы мен танылуындағы аса маңызды сала.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы – Алматы: Ғылым, 1-т. – 1996. – 312 б.
2. Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы жинағы – Алматы: Ғылым, 2-т. – 1996. – 384 б.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі Құрастырушылар: 3. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ САРЫНДАРМЕН РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

Мауленов А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д.
Жамбыл атындағы ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі
Алматы, Қазақстан

Ж.Жабаевтың өмірі мен шығармашылығына қатысты кейінгі жаңа талап тұрғысынан зерттеу – жамбылтану ғылымының ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті де келелі мәселесі саналады. 175 жылдық мерейтойы аясында, одан кейін де Жамбыл ақынның мұрасын әр қырынан зерттеп, замана көзқарасы тұрғысынан түсініп, талдаудың, ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың өзектілігі еш уақытта жойылмақ емес және бұл қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де аса маңызды мұра болып қала бермек.

Қазақ халқының сан ғасырлық көкейкесті арманын жалынды жырымен жеткізе білген Жамбыл Жабаевтың ұшан-теңіз әдеби мұрасы – ұлттық болмысымыздың боямасыз бейнесі.

«Жамбыл – менің жай атым,
Халық – менің шын атым»

деп жырлап өткен алып тұлғаның шығармашылығы – ұлттық болмысымыздың айнасы. Әсіресе, ақынның ұлттық құндылықтарымызды танытатын айтыстары мен жыр-толғаулары, эпикалық дастандары – халық дүниетанымы мен өмір салтының, арман-аңсары мен адамгершілік ұстанымдарының үздік үлгісін танытатын мұралары қатарында. Жыр алыбы Жамбыл мен халық ауыз әдебиетінің мол мұрасы арасындағы рухани сабақтастықты бүгінгі күн тұрғысынан терең де мазмұнды зерттеу талабы өзекті мәселе. Осы ретте ақын жырлаған қисса - дастандарының мифопоэтикалық негіздеріне тоқталу аса маңызды.

Жамбыл мұрасын зерттеу мәселесі кезінде «тұрпайы социалистік» тап тауырын идеологиясының қамытында тоғытылып, торығып қалғандығы да белгілі. Сол кезеңдегі әдебиеттің партиялық және таптық ұстанымдарын басшылыққа алып жүргізілген соң, ақын мұрасын ғылыми жағынан зерттеп білуге кедергілердің көп болғаны жасырын емес. Осындай жағдаяттың етек алғандығы туралы жамбылтану саласындағы көптеген ғалымдардың зерттеулерінде айтылып та, жазылып та келеді. Міне сондықтан да ақын мұраларына тәуелсіздік тұғырынан зерделеу, жаңаша көзқарасты талап етері анық.

Бұл мәселе турасында М. Мырзахметұлы: «Ендігі мақсат зерттеліп жазылған көптеген ғылыми еңбектердің идеялық ықпалынан оқырман санасын арылту үшін жаңа дүниетаным тұрғысынан ақын мұрасын жаңаша бағыттағы насихатты күшейту уақыт талабына айналғанын білу қажет» [1, 7] деген пікірі Жамбыл туралы кез келген зерттеудің маңызды екенін аңғартады.

Дегенмен де Жамбыл шығармашылығының зерттелуінің үлкен арнасы ретінде жамбылтанудың қалыптасып, күні бүгін дамудың даңғыл жолына түскен іргелі ғылымға айналғаны белгілі. Осы тұста ақын дастандарының ғылыми айналымға түсіп, зерттелуі мәселесін сөз еткенде, ақынның өмірі мен мұрасын зерттеген іргелі зерттеулерді айналып өтуге болмайды. Соның ішінде жамбылтанудың алғашқы парақтары ретінде М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтің және тағы басқа ғалым-зерттеушілердің еңбектеріндегі ақынның өмірі мен шығармашылығын әр қырынан талдап, жоғары баға бергенін атап өтсек

орынды болар. Есімдері аталған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Жамбыл шығармашылығын зерттеуден бұрын, ақынның телегей-теңіз мұрасын жинақтап, жариялау ісінде көп еңбек сіңіргені де баршаға аян.

Бүгіндері айшықтап, зерделей зерттеп қарайтын болсақ ол заманның солақай саясаты әдеби мұрамызды жариялап, тың мәселелерін көтеруге мүмкіндік бермесе де, ақын мұрасы бізге жетті. Ия, атағы әлемге жайылған дауылпаз ақын, асқан дарын иесі Жамбылдың ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, батырлық пен қаһармандықты насихаттайтын, елін ерлікке шақыратын отты жырлары қазақ халқының тамыры тереңде жатқан тарихымен, бай халық ауыз әдебиетімен біте қайнасып, ұштасып жатқандығы туралы ашық айтыла бермегендігі де ақиқат. Жамбылдың ақындығын баулыған жыр ортасы, ақындық айналасы туралы зерттеулерден Жамбылдың үлгі тұтып, өнеге алған мектебі Сүйінбай ақынмен қатар, қазақ әдебиеті тарихында өздерінің демократтық жыр-толғауларымен өнеге қалдырған ақын-жыраулар поэзиясы екенін айқын аңғарамыз. Бұған дәлелді ақынның өз өлеңдерінен де табамыз:

«Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай» [2, 7]

немесе,

«Майкөт ақын, Құлмамбет,

Орын берді қасынан

Майлықожа, Құлыншақ

Пірім еді бас ұрған.

Айтқандары нұсқа еді,

Жаралған сөзі асылдан», [2, 43]

- деп өзі ағынан жарылып, асыл арнаға барып түйісетінін атап өтеді. М. Әуезов өз зерттеулерінде Ж. Жабаев шығармашылығының арналары мен тарихи тамыры ғасырлар қойнауындағы эпостар мен әңгіме-аңыз, хикаяларда жатқанын дәлелдемелер келтіре отырып саралайды. Оның дәлелі ретінде ақын шығармаларындағы халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне тән белгілі оқиғалар мен тақырыптық желілердің мол екенін тілге тиек етеді.

Ақын мұрасының халық ауыз әдебиетімен байланысының осыншалықты терең әрі бай болып келуінің өзі заңды құбылыс. Себебі Жамбыл ақынның шығармалары халық әдебиетімен тұтастықта байланыса өрбігенін М. Әуезов айтқандай, «ел өнерінің бөлеуінде, алтын бесігінде өскен», бейнелі сөз кестелері келіскен, ақындық поэзияның теңдесі жоқ шебері екенін көрсетеді [3]. Ал, С. Мұқанов ақын шығармашылығын: «Жәкең ақындығының үстіне зор әңгімеші кісі еді. Қазақ елінің, көршілес шығыс елдерінің басынан өткен кейбір қызғылықты оқиғаларды айтқанда, тыңдаушылар көркем повесть, я роман оқығандай құмары қанып отыратын» [4, 15], – деп жоғары бағалайды. Сондай-ақ Сабең ақын шығармашылығына арналған он бестен аса ғылыми мақалаларын баспасөз бетінде жариялап отырғаны да белгілі. Айтар болсақ «Ұлылық сыры», «Жүз жылдың жыршысы», «Жамбылдың өмірі мен поэтикалық өнері», «Патриот ақын. Жамбыл туралы естеліктер», «Ақындар», т.б. көптеген мақалалары куә.

Ғ. Мүсірепов Жамбыл шығармашылығына қатысты «Алып ақын атамыз» және «Феномен – Феникс» деп аталатын зерттеу мақалаларын жазған. Ақынның тоқсан жастан асқан шағында атағының әлемге жайылып, дарынының тасуын ешбір жерде болмаған зор құбылысқа теңейді. Ежелгі аңыздардағы оттан жаралған Феникс құстай қайта туып, қайта жаңаруы бітімі бөлек тұлға екендігін айқындай түседі. Яғни, «Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтанбақ. Өйткені өлең де адамның есінде сақталады. Жамбыл жырлары маған талай ғасырлар бойында бір тұтанып, бір сөніп, халқымыздың есінде қала берген, тоқсанға келген ақынның жүрегінде қайта тірілген, халқымыздың жыры, өзінің сыры сияқты елестейді» [5, 324] деген ойын білдіреді. Осы тұста сөз зергері Ғ. Мүсірепов ақынның есте сақтау жадысының ешбір елде

қайталанбайтын бірнеше мыңдаған жолдарға созылған жыр-дастандарды жатқа айтып, суырыпсалмалық өнерін ерекше құбылыс ретінде бағалайды.

М. Ғабдуллин «Жамбыл творчествосындағы қаһармандық сарындар» зерттеу мақаласында ақын дастандарының фольклорлық қайнар көзден нәр мен қуат алатындығына талдау жасайды. «Өтеген батыр» жырындағы «Жер ұйықты іздеу» Жиделі-Байсын жеріне сапарға аттанған Өтеген батырдың ерлігін Асан қайғы турасындағы аңыз-әңгімелермен сабақтастыра талдайды. Ал дастан сюжетінде кездесетін жетібасты Әбжылан мен Жалғыз көзді Дәуге қарсы күресті суреттейтін фантастикалық оқиғаларды Қобыланды, Қамбар, Керкұла атты Кендебай, Қарабек, Ер Төстік сияқты батырлар жайындағы әңгіме-жырлардың, халықтық проза үлгілерінен бастау алатындығын алға тартады. Зерттеуші Сұраншының ерлік істерін Қамбар батырмен салыстырады, ол кезде Қамбар батыр жырынан басқа батырлық жырларды таптық тұрғыдан қарап, әдебиеттен аластатылған кез болатын. Автор сонда да Жамбылдың батырлық жырларды туғызудағы өзіндік шеберлігін дәстүрмен тұспа-тұс келетіндігін атап өтеді. Осы тұста да фольклорлық сарындарды аңғаруға болады. Сонымен қатар Жамбылдың «Сұраншы батыр» дастанында жыр оқиғасын баяндауда, басты кейіпкерлер образын жасауда қосқан өзіндік жаңалығы ретінде – жыр әңгімесінің таптық, халықтық сырын айқындау ашуынан көрінетінін айтады және соған мысалдар келтіреді [6, 43].

Жамбылтанушы ғалым, профессор С. Садырбаев ақынның ғұмырнамасы мен поэтикалық мұрасы туралы жүзден аса ғылыми мақала жазып, ақын өлеңдеріндегі кеңестік идеология ықпалымен жазылған жолдарға қатысты сын жазған партиялық баспасөзге қарсы қалам алып, даңқты халық ақынының орасан зор беделі мен абыройы үшін күресті. Жамбылдың әдеби мұрасын жоққа шығармақшы болған топқа қарсы үндеу ретінде «Жамбыл мұрасын қастерлей білейік» (1956) атты мақала жазып, халық ақыны ретінде қазақтың тарихы бай айтыс өнері мен эпикалық жыр-дастандарының, қаһармандық, батырлық эпостарының дамуына қосқан үлесін, халық әдебиетін халқына жеткізуші дәнекер ретіндегі ұлылығын атап айтады. Зерттеуші ғалымның «Фольклор және Жамбыл» монографиясында ақын мұраларының фольклорлық негіздеріне талдау жасалып, жыр-дастан нұсқаларын салыстыра зерттеледі. Аталған еңбегінде автор Жамбыл ақынның жырлаған «Көроғлы» дастанының нұсқалары мен ақын жырлаған «Қыз Жібек» жырының қазақша-қырғызша нұсқасына компаративистік талдау жасайды. Сонымен қатар, Ж. Жабаевтың өлеңдері мен толғауларын талдайды [7]. Жамбылдың өмірі мен мұрасын зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша, 1919 жылы Алматы қаласында халық ақындарының басын қосып, олардың шығармаларын қағаз бетіне түсіріп алу мақсатында жиын ұйымдастырылған. Сол жиында Жамбыл ақын Саурық батырдың ерлігін жырлауы керек болған екен. Бірақ бұл жырды ұлттық саясатқа қарсы жыр деп танып, идеологияның салдарынан жырлауға тыйым салған.

«Көроғлы» жыры – түркі халықтарына ортақ жыр. Әр халықта кездесетін жыр нұсқалары туралы әртүрлі зерттеулер мен деректерді көптеп ұшырастыруға болады. Десе де бұл жырдың Ж. Жабаев жырлаған нұсқасы толықтай ғылыми айналымға еніп, арнайы зерттелмеген мұрасының қатарында. Бұл жырдың Жамбыл ақын жырлаған нұсқалары ақын шығармаларының томдықтарына еніп келеді. Дастанның Жамбыл нұсқасы ең алғаш рет 1982 жылғы екі томдық жинағының алғашқысында берілген. Жамбылдың 150 жылдығы қарсаңында шыққан екі томдық таңдамалы шығармалар басылымына да осы нұсқа енген. Жырдың ғылыми түсініктерін фольклортанушы ғалым С. Садырбаев жазған. Жамбылдың айтуы бойынша, бұл жырды айтыстағы қарсыласы болған Құлмамбеттен үйренген. ҚР ҒА Ғылыми кітапхананың қолжазба қорындағы жырдың Жамбыл жырлаған нұсқасының жалпы көлемі мың сегіз жүз жолды құрайды.

«Жамбыл «Көроғлыны» жырлағанда басқа жыршыларды қайталамайды, өзінше жаңа мазмұнда айтқан. Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Көроғлы туралы он бес дастан, үш ертегі нұсқалары бар. Ең көркемі – Жамбыл жырлаған «Көроғлы» дастаны» [8, 261].

Жамбылдың жырлаған «Көроғлы» дастанының араб қаріптерімен хатқа түскен нұсқасы ақынның мемориалдық музейі мен Ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорында сақтаулы тұрғаны туралы деректер де бар. Бұл нұсқаларды мұрағаттан тауып, ақын шығармаларының жинағына енгізгендер – фольклортанушы ғалымдар С. Садырбаев пен М. Ғұмарова.

Жамбыл ақынның айтуынан жазылып алынып, хатқа түскен, десе де ең аз зерттелген дастаны – «Бақ, дәулет, ақыл». Бұл дастан Жамбылдың 1982 жылы жарық көрген шығармаларының екі томдығына енген. Дастанның жанры «аңыз» деп көрсетілген.

Ж. Жабаевтың ғұмырнамалық және шығармаларының әдеби-көркемдік әлемі туралы зерттеу жазған филология ғылымдарының докторы У. Қалижанов «Жамбыл» еңбегінде ақын поэзиясының тарихи негіздерін арнайы зерттеу барысында бірқатар өлеңдерімен қатар, «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр» дастандарының жазылуына арқау болған тарихи оқиғалар мен сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдайды жыр нұсқаларын салыстыра отырып талдайды. Ақынның өзі білген, өзі қатысқан тарихи оқиғаларды жырлап жеткізудегі нақты себептерге байланысты туындағанын ғылыми негізде зерделеп, себеп-салдарын анықтай түскен. Сөзін түйіндей келе зерттеуші: «Жүз жыл өмір сүрген Жамбылдың ғұмынамасы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы бөлігіндегі Ресей империясының, тоталитарлық Кеңес өкіметінің боданындағы қазақ халқының бір ғасырлық тарихы. Осы ұзақ өмірінде ақынның жеке басынан шуақты сәттерге қарағанда тұманды, күңгірт күндер жиі өткен сияқты. Себебі оның Қазан төңкерісіне дейінгі, кейінгі өміріне де, шығармашылығына да өзінен үстем түрлі сатыдағы билік өкілдері араласып отырды. Тіпті, кейде олардың ақынның бүкіл болмыс-бітімін түбегейлі өзгеріске ұшыратқан тұстары да аз болмады. Жамбылдың халық өкілі болғандығынан және қалың бұқара атынан сөйлейтіндігінен оның шығармашылығына болған шектеулер, саяси тапсырыстар – барша қазақ халқының бодандық тұрмыс-тіршілігінің, бағыныштылық хал-ахуалының көрінісі болып табылады. Өмірінің соңғы он жылы алдыңғы тоқсан жаспен теңесіп, шығармашылығы шалқып, есімі әлемге танылды. Алайда коммунистік идеология, шовинистік пиғыл дегенін істетіп, саясат сойылын соқтыруға итермеледі. Бірақ ұлы тұлға аспады, таспады. Туған топырағынан, өскен жұртынан ірге бөлмеді, сонда көз жұмды. Ал мәңгілік өмірі елімен, жерімен бірге жасап келеді, жасай береді» деген тұжырымды ой-пікірді айтады [9, 228].

Әдебиеттанушы-ғалым Р. Әбдіғұлов зерттеу еңбегінде Жамбыл шығармашылығының белгісіз беттері ретінде ақынның жыр-дастандарын зерттеп, оларға ғылыми түсініктер береді. Сүйінбай мен Жамбылдың шығармашылығын және Жетісудың ақындық ортасын, шығармашылық текстологиясын жан-жақты талдап тың пікірлер айтады. Халық поэзиясының көрнекті өкілі ретінде Жамбыл шығармаларының, әсіресе дастандарының кеңестік идеологияның сыңаржақ пікірлеріне шырмалып, негізгі идеясын жеткізе алмағанын басты мәселе етіп көтеріп, дастан нұсқаларын салыстыра талдайды [10, 50-64].

Қазақ халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларының бірі саналатын «Қыз Жібек» жыры да Жамбыл шығармашылығының бір сағасымен қиылысып жатады. Оның себебі Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Кенен, т.б. көптеген қазақ ақындары әр жылдары көршілес қырғыз жерін аралап, жиын-тойлар мен астарда қазақ ауыз әдебиетінің алуан түрлі шығармаларын жырлайтын болған. Бұл туралы деректерді қырғыз әдебиетшілерінің еңбектерінен де кездестіруге болады. Жырдың Жамбыл нұсқасы туралы зерттеулер мен ғылыми пікірлер С. Садырбаев, К. Сұлтанов, т.б. қырғыз зерттеушілерінен Гүлбара Омарова мен Батма Кебекованың еңбектерінен кездестіруге болады.

Жамбыл дастандарының зерттеп-зерделену мәселесі жамбылтанудың қоржынындағы көптеген зерттеулерде кездесіп, жалпы шығармашылығы аясында талданып келгенін аңғаруға болады. Әрине, ақын шығармашылығына тұтастай арналған еңбектер мен зерттеулер де көп. Соның ішінде дастандарын мифологиялық тұрғыдан зерттелу жай-күйін бүгінгі ғылыми бағытта қарастыру қажеттілігі артып отыр.

Халқымыздың көнеден жеткен аса бай рухани жыр мұрасын келешек ұрпақ санасына жеткізу үлкен мұраттарды туғызары шындық. Сондықтан да ел іші-алтын кеніш деп бекер айтпағанын есте сақтау керек. Қажетті ақпараттар мен мәліметтерді ел игілігі үшін елдің керегіне жарату жолында әдебиетшілердің еңбегі ерекше екендігін айшықтап өткім келеді. Өкінішке орай, Ж. Жабаевтың төңкеріске дейінгі таңды таңға ұластыра жырлаған эпикалық мол мұрасының өте көп бөлігі бізге жетпегені белгілі. Десе де ақын мұрасымен танысып, әр қырынан зерттеп, бүгінгі күн тұрғысынан баға беру – әдебиет зерттеушілерінің алдында тұрған үлкен міндет.

Ж. Жабаев дастандарының тақырыптық-идеялық, стильдік, сюжеттік-құрылымдық, көркемдік-эстетикалық қырларын, тарихи негіздерін зерттеп, жамбылтануға үлес қосқан көптеген әдебиет зерттеушілері мен ғалымдардың еңбектеріне қарастыра отырып, болашақта кеткен кемшін тұстарын қайта зерделеп, толықтыра түсу қажеттілігі туындап отыр. Адамзаттың мәдени, рухани мол құндылықтарының қатарында айрықша орын алатын қазақтың фольклорлық және эпикалық саф өнерін асқақтатуға, өрістетуге сүбелі үлес қосып, артына өшпес мұра қалдырған Ж. Жабаевтың асыл сөз мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, әлі де талай ғасырларға жететіні ақиқат болмыс. Ақын мұрасы – халық мұрасы. Қазақ әдебиеттану ғылымының қоржыны да ақын шығармашылығы туралы тың зерттеулермен, жаңа заман көзімен жасалған барлаулармен, пайым-түсініктермен толығып отыруы заңды құбылыс. Таным мен тағылым тұрғысынан таразылай келе ақын шығармаларындағы мифтік, аңыздық, эпсаналық сарындардың кеңінен етек алуы бұрынғы дәстүрмен сабақтас екендігін айқындай түседі. Ақынның тарихи тақырыптарды халықтың фольклорлық мұрасымен ұштастыра жырлайтын «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Саурық батыр», «Көроғлы», шығыстық аңыз негізінде жазылған «Бақ, дәулет, ақыл» дастандары эпикалық жанрды ақындықпен шебер игеруде қайталанбас дүниелерді тудырғанын айқын аңғартады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзахметұлы М. Ұлыларды дәуір туғызады // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 26 ақпан. – 7 б.
2. Жабаев Ж. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1946. – 736 б.
3. Өуезов М. Ардақты Жәке. // [Электронды ресурс, қаралған күні 15.01.2021], <https://zhambyl.kaznu.kz/wp-content/uploads/>
4. Мұқанов С. Жамбылдың өмірі мен ақындық қызметі / Жабаев Ж. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1946. – 787 б.
5. Мүсірепов Ғ. Феномен – Феникс. / Қалижанов У. Жамбыл. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 392 б.
6. Ғабдуллин М. Жамбыл творчествосындағы қаһармандық сарындар (Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына ҚазКСР ҒА сессиясында жасалған баяндама) // ҚазКСР Ғылым академиясының Хабаршысы. – 1972. – №7. – 49-54 б.
7. Садырбаев С. Фольклор және Жамбыл: монография. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 238 б.
8. Әбдіғұлов Р. Көроғлы (Ғылыми түсініктер). / Жабаев Ж. Толық шығармалар жинағы: Т. 2: Жыр, дастандар. – Алматы, 2014. – 336 б.
9. Қалижанов У. Жамбыл. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 392 б.
10. Әбдіғұлов Р. Мезгіл – Сын (зерттеулер, мақалалар, көркем очерктер). – Алматы: Кітап, 2018. – 320 б.

JAMBIL JABAYULI'NIN ŞİİRLERİNDE KAZAK KÜLTÜRÜ VE MİLLÎ KİMLİK
(«ЖАМБЫЛ ЖАБАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН
ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ»)

¹Orhan SÖYLEMEZ, ²Ömer Faruk ATEŞ

¹Prof. Dr., Kastamonu University, Faculty of Arts and Sciences, Department of Modern Turkish
Dialects and Literatures, Kastamonu/Turkey

²Dr., Kastamonu University, Faculty of Arts and Sciences, Department of Modern Turkish
Dialects and Literatures, Kastamonu/Turkey

Özet. Millî kimliği oluşturan unsurlar içerisinde kültürel değerler önemli bir yer tutar. Enternasyonalist bir yaklaşımı benimseyen Sovyet ideolojisi, kendisine sadık nesiller yetiştirmek için millî ve kültürel unsurlara kısıtlama getirerek Türk halklarına sosyalist bir edebiyat dayatır. Kazak şiir geleneğinin önemli isimlerinden olan Jambıl Jabayulı, böyle bir baskı ve sansür döneminde yaşamasına rağmen Kazak kültürüne ve millî kimliğine dair unsurları şiirine dâhil eder. Şair, devrin şartları nedeniyle Sovyet rejimini ve Stalin'i övse de millî ve kültürel unsurları rejimin sansürüne takılmayacak şekilde ustaca şiirlerine yerleştirmeyi başarır.

Jambıl Jabayulı, kimi zaman bu unsurları sosyalist değerlerle uyumlu göstermek durumunda kalsa da Kazakça'nın edebî dil olarak devamlılığını sağlar ve bir Kazak'ı Kazak yapan kımız, dombıra, bata verme geleneği gibi kültürel unsurları Sovyetleştirilmeye çalışılan Kazak halkına şiir yoluyla ulaştırır. Bu çalışmada Jambıl'ın şiirlerindeki kültürel unsurlar gösterilerek şairin sosyalist realizm baskısına rağmen millî kimliğe yaptığı vurgu ortaya konulacaktır.

Anahtar kelimeler: Jambıl Jabayulı, halk şiiri, kültür, millî kimlik, sosyalist realizm.

Abstract

Cultural values have an important place among the elements that make up the national identity. The Soviet ideology, which adopts an internationalist approach, imposes a socialist literature on the Turkic peoples by restricting national and cultural elements in order to raise generations loyal to it. Jambyl Jabayuli, one of the important names of Kazakh poetry tradition, incorporates elements of Kazakh culture and national identity into his poetry, despite living in such a period of pressure and censorship. Although the poet praises the Soviet regime and Stalin due to the conditions of the period, he manages to masterfully incorporate national and cultural elements into his poems in a way not to be swayed by the regime's censorship.

Although Jambyl Jabayuli sometimes has to show these elements in harmony with socialist values, he maintains the continuity of Kazakh as a literary language and conveys cultural elements such as the tradition of giving a kımız, dombıra, and bata (pray) to the Kazakh people, who are trying to be Sovietized, through poetry. In this study, the cultural elements in Jambyl's poems will be shown, and the poet's emphasis on national identity despite the pressure of socialist realism will be revealed.

Key words: Jambıl Jabayulı, folk poetry, culture, national identity, socialist realism.

Giriş

Kimlik hem bireylerin hem de toplumların kendisini tanımlamasını ve başkaları karşısında konumunu belirlemesini sağlayan bir kavramdır. Kimlik sayesinde birey ya da millet sadece kendisini tanımlamakla kalmaz, “öteki” olarak nitelendirdiği kişi ya da toplulukları da konumlandırır.¹ Sosyal bilimciler kimliği farklı kategorilere ayırdığı gibi kimlik türlerine de değişik yaklaşımlarda bulunur. Bir sanat dalı olan edebiyatın kimlik inşa etme -ya da kimilerine göre kurgulama- aracı olarak kullanılmasını incelemek de edebiyat bilimcilerin araştırma konuları içerisinde yer alır. Bir devletin kendi resmî ideolojisine uygun bir kimlik yaratmayı amaçlayarak edebiyata yaptığı doğrudan ya da dolaylı müdahaleler, edebiyat-ideoloji ilişkisi ve kanon oluşturma

¹ Nuri Bilgin. Kimlik İnşası. İstanbul: Aşina Kitaplar, 2007, s. 11.

gibi meseleleri de içine aldığından çok yönlü bir araştırmayı gerektirir. Söz konusu Sovyetler Birliği'ne bağlı Türk halklarının edebiyatları olduğunda, devletin edebiyatı doğrudan denetlemesi ve bir Sovyet kimliği oluşturmak istemesi nedeniyle edebiyat-kimlik ilişkisini dikkate alan araştırmalar yapmak, edebî eserlerde yer alan farklı söylem biçimlerini kimlik ve ideoloji ile ilişkilendirerek çözümlemek bir gereklilik hâlini alır.

Türk dünyası edebiyatlarına kimlik merkezli bir okuma yaparak yaklaşmak, konuyu iki açıdan ele almayı gerektirir. Bunlardan birincisi, edebî metinlerde baskın söylem biçimlerini oluşturan Sovyet kimliği oluşturma çabasının ele alınmasıdır. Sosyalist realizm ile “Homo Sovieticus” arasındaki ilişkiyi ele alan çalışmalar bu konuyu inceler. Bu eserlerde gözden kaçırılmaması gereken ikinci yön ise hâkim Sovyet paradigmasına açıktan karşı çıkamayan fakat dolaylı olarak millî kimliği savunan söylem biçimleri kullanarak Sovyetleştirme çabasına direnen yazar ve şairlerin eserlerinde görülür. Bu tip eserlerde iç içe geçen fakat Sovyetleştirme-millî kimlik çatışmasını içermesine rağmen eserin bütünlüğü içerisinde hâkim paradigmanın lehine sentezlenmiş gibi görünen farklı söylem biçimleri vardır. Sanatçılar millî kimliği savunmak için kimi zaman kendi değerlerini sosyalizmle uzlaştırmış görünür, bazen de metnin anlam katmanları arasında örtük söylemler kullanır. Millî kimliği savunmanın en etkili yollarından birisi de kültürel unsurlara vurgu yapmaktır. Zira kültür, millî bir olgudur ve millî kimliği oluşturan en önemli bileşenlerden birisidir. Kazak edebiyatının büyük ozanı Jambıl Jabayulı'nın şiirlerine bakıldığında şairin Kazak kültürünün unsurlarını konu edinerek ve örtük söylemler kullanarak millî kimliğe yer vermeye çalıştığı görülür. Sovyet döneminde, özellikle de Stalin baskısı altında şiir yazan Jambıl'ın böyle bir yöntemle başvurması dönemin şartları göz önünde bulundurulduğunda anlaşılabilir bir durumdur. Bu çalışmada Jambıl'ın şiirlerinde yer alan Kazak kültürüne ve millî kimliğe dair unsurlar ele alınacaktır.

Kültürel değerler ve millî kimlik açısından Jambıl şiiri

Jambıl Jabayulı'nın şiirlerinde kullandığı imgeler, Kazak kültürünü yansıtıcı niteliktedir. Soner Sağlam'a göre bu durumun sebebi Jambıl'ın imge ve benzetmelerini “Kazak kültürel belleğinin anıştırmalarına dayandırması”dır.² Ekim Devrimi'nden sonra Jambıl'ın Kazak kültürüne dair unsurları şiirine katmaya devam ettiği fakat ideolojik baskı nedeniyle millî kimliğe dolaylı yoldan göndermeler yapmaya çalıştığı görülür. “ҚЫМЫЗ/Кımız” isimli şiir bunlardan birisidir. Şiiri baştan sona okuyan kişi iki temel izlekle karşılaşır. Bunlardan birisi kımızın önemi ve faydaları, diğeri ise Sovyet yönetiminin başarılarıdır. Bir halkın kendi kültüründe yer alan bir içeceğin anlatıldığı, üstelik bu içeceğin şiirin başlığı olarak seçildiği bir şiirde politik bir söylem biçimi ile Sovyet propagandası yapılması başlangıçta tuhaf görünür. Fakat sosyalist realizm ölçütleriyle şiire bakıldığında bu durum bir Sovyet şairi için sıradan bir tutumdur. Zira Sovyet döneminde rejim propagandası dışında bir konu ele almanın yolu, o konuyu bir şekilde sosyalist rejimle ilişkilendirerek esere dâhil etmektir. “Kımız” başlıklı şiirde de bu yaklaşım görülür. Jambıl, Kazak kültüründe çok önemli bir yere sahip olan kımızın niteliklerinden ve faydalarından bahsederek şiire başlar:

Үйірілген қышқыл, тәтті сары қымыз, Ауруға — ем, сауға — қуат, дәрі қымыз, Ыстықта ұрттар сусын таппағанда, Ерте-кеш байлар ішкен кәрі қымыз. ³	Toplanmış ekşi, tatlı sarı kımız, Hastalığa-çare, sağlığa-güç, ilaç kımız, Sıcakta yudumlayacak içecek bulamadığında, Er ya da geç zenginin içkisi eski kımız. ⁴
---	---

Bu dizelerde kımızın tadı ve rengi açısından çeşitleri olduğu ve hastalara şifa, sağlıklı insanlara güç verdiği anlatılır. Fakat hemen ardından kımızın zenginlerin içkisi olduğu, fakirlerin kımız bulamadığı vurgulanarak Sovyet ideolojisi ile uyumlu zengin-fakir/ezen-ezilen karşıtlığına

² Soner Sağlam. “Jambıl'ın Akın Boldım Adlı Şiiri Üzerine Bir İnceleme”. Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, S. 48, 2019, s. 185.

³ <https://www.zharar.com/kz/olen/27101-jambul.html> (16.03.2021)

⁴ Orhan Söylemez-Naz Penah-Ömer Faruk Ateş. Doğumunun 175. Yılında Jambıl Jabayev-Şiirler/Çözümler. Ankara: Bengü Yayınları, 2021, s. 70. Metin boyunca şiirlerin Türkçe tercümelerinden yapılan alıntılar bu baskıya aittir. Bundan sonraki alıntılarda yalnızca sayfa numarası belirtilecektir.

değinilir. Şaire göre devrimden önce fakir insanlar sıcak havada serinlemek için bir damla bile kımız bulamamaktadır.

Şiirin devamında zengin-fakir ayrımı üzerinden Sovyet rejimi övülür. Devrimin gerçekleştirilmesiyle birlikte zenginler ülkeden kovulur ve kımız artık emekçi halkın içeceği hâline gelir. Artık Sovyet rejiminin getirdiği adalet sayesinde zengin-fakir ayrımı ortadan kalkar ve eski sistemde parasızlık nedeniyle kımız içemeyen emekçiler bu millî içkiyi içebilme olanağına sahip olur. Kolektifleştirme faaliyetleri sonucunda kurulan halk çiftliklerinde bizzat emekçi halk tarafından üretilen kımızın tadı daha da güzelleşir:

Еңбекші ел тартып алған табы қымыз, Ен өскен колхоз аулы5 малы қымыз, Әр ферма ортасында күмпілдейді, Өзгеше бүгін тәтті дәмі қымыз.	Emekçi halk tarafından alınan tabudur kımız, En gelişmiş kolektif çiftliğin köyün malı kımız, Her çiftliğin ortasında kabarmaktadır. Başkadır bugün tatlı tadı kımızın. (s. 71)
---	--

Burada Jambıl, sosyalizmle birlikte eski düzenin aksak taraflarının yok edildiğini söylemekle birlikte geleneksel bir kültür ögesi olan kımızı devrim sonrasına taşır ve Sovyet üretim ilişkileri sayesinde kımızın daha da güzelleştiğini savunarak millî bir içeceğin “gerici bir kültür ögesi” olarak görülmesinin önüne geçer. Şiirin devamında Jambıl, daha da ileri giderek kımızın sosyalist düzenle özdeşleşmiş bir içecek olduğunu söyler. Böylece millî bir kültür unsurunun yaşatılması için onu sosyalizmle uzlaştırma yoluna gidilmiş olur:

Үйірілген сары алтындай сары қымыз, Ауруға ем, сауға қуат, дәрі қымыз, Елімнің социалистік асы болдың, Шығаршы, тағы нең бар, кәне, қымыз!	Sarı altın gibi toplanmış, sarı kımız, Hastalığa çare, sağlığa güç, ilaç kımız, Ülkemin Sosyalist yemeği oldun, Hadi göster, daha nelerin var, kımız! (s. 71)
---	--

Jambıl’ın millî kültür unsurlarını sosyalizmle uzlaştırarak aktardığı şiirlerinden birisi de “Бесік жыры/Beşik türküsü” adlı şiirdir. Uyuyan çocuklara ninni söyleme geleneği Türk halklarının eski bir kültürel unsurudur. Ninniler sadece çocukların uyumasını sağlayan basit şiirler değildir. Bilim insanlarına göre ninniler millî kimlik ve toplumsal hafızanın teşekkülünde önemli bir yere sahiptir.⁶ Jambıl bu şiirinde bir Kazak bebeğine seslenerek onu Kazak yapan temel değerleri anlatmaya çalışır fakat devrin şartlarından dolayı bunu Sovyet rejimi ve Stalin’i överek yapar.

Şiirin başlangıcında dombırasını eline alan Jambıl, beşikteki bebek için ninni söylemeye başlar:

Ұйықтасын деп бөбегін, Домбыраның қос шегін Жамбыл бабаң қағады, Қаққан сайын өлеңі Бұлақтайын ағады7	Uyusun diye bebeğini, Dombıranın çift teline Jambıl deden dokunur, Dokundukça şiiri Irmak gibi çağıldar. (s. 104)
---	---

Dombıra, tıpkı kımız gibi Kazak kültürünün temel unsurlarındandır. Kendini Kazak millî kimliğine ait hisseden bireylerin hayatında dombıradan çıkan ezgilerin önemli bir yeri vardır. Burada şair, yeni doğan bir bebeğe dombıra çalarak ninni söyler ve onu daha beşikteyken Kazak kültürü ile tanıştırır.

Şiirin devamında Jambıl, Stalin’i övmeye başlar. Şaire göre Stalin, sadece beşikteki çocuğa değil bütün halkına şefkat gösterip onlara terbiye veren bir liderdir:

⁶ Emine Kırıcı Uğurlu. “Kültürel bellek aktarıcısı olarak ninni.” Milli Folklor Dergisi, S. 102, 2014, s. 42-43.

⁷ <https://www.zharar.com/kz/olen/27230-jambul.html> (16.03.2021)

Мейірімді атаң. Сталин, Терезеден қараған, Көрінеді кезіне Қараса оған бар әлем. Сені де сәулем көріп тұр, Сүйіп, мейірім төгіп тұр; Мәпелеп баулып бар елдің Тәрбиесін беріп тұр!	Nezaketli atan Stalin, Pencereden bakan, Görünüyor devrine Baksa ona var âlem. Seni de ışıklarım görür, Sevip, şefkat gösterir; Severek bağlanır tüm halkına Terbiyesini verir! (s. 105)
---	---

Jambıl, бежіктегі бебегін Pioneer ve Komsomol olarak yetiшмесіні істер. Pioneer, 10-14 yaş arasındaki çocuklardan meydana gelen bir teşkilattır ve amacı komünist çocuklar yetiştirmektir.⁸ Komsomol ise 14-23 yaş aralığındaki gençleri örgütleyen bir Sovyet teşkilatının adıdır.⁹ Burada Jambıl, çocuğun Sovyet sistemi içerisinde sosyalist değerleri benimseyerek büyüyeceğini söyler. Fakat onu Kazak millî kimliğinden tamamen koparmaz. Çocuk ileride Bolşevik olacaksa bile Kazak kimliğini bırakmadan olmalıdır.

Боласың жігіт — большевик Ұйықта бөбек, жас қазақ! Бесігін балғын толған нұр	Delikanlı olasin-Bolşevik Uyu bebek, genç Kazak! Beşiğін nurla dolu, (s. 106)
--	---

Jambıl tarafından yapılan bu hitabın ninni gibi millî bir tür ile ve dombıra gibi millî bir enstrümanın ezgisi eşliğinde yapılması, Kazak kimliğini korumak açısından önemlidir. Fakat Stalin döneminde böyle bir sesleniş yapmanın da bir bedeli vardır. Bu bedel, Stalin ve Sovyet rejiminin övülmesiyle ödenir.

Jambıl'ın "Бата/Dua" adlı şiirinde de millî kültür ve kimlik açısından dikkat çekici unsurlar vardır. Din ve milliyet birbirinden farklı kavramlar olsa da dinî değerler millî kimlikten büsbütün bağımsız değildir. Dinî inanç, kavram ve ibadetler, o dini benimseyen milletin müntesipleri tarafından gelenek ve kültürel değerlerle sentezlenerek benimsenir ve halk hayatında görünür hâle gelir. Bu durum Kazak halkı için de geçerli olup halk şiirinde belirgin bir görünüm sergiler. Jambıl'ın "Dua" şiiri bu açıdan dikkate değerdir. Dua, dinî bir kavramdır. Bata vermek ise duanın Kazak kültüründeki şekli olup dinî ve millî kültür değerlerini bir arada kapsayan bir uygulamadır. Jambıl, okuyucuya ellerini açıp dua etmesi yönünde bir seslenişle şiirine başlar ve öncelikle evrendeki düzenin devam etmesi, sıkıntı ve kasvet yerine açıklık ve ferahlık olması dileğinde bulunur:

«Әумиін» деп қолынды жай, Қабат тусын күн менен ай, Алғаның болсын сайма-сай, Қапалық болмай кезінде, Ылғи болсын мамыражай. ¹⁰	"Amin" diyerek elini aç, Defalarca doğsun güneş ile ay, Ne alırsan al, Kasvet olmadığı zaman, Her zaman olsun açıklık. (s. 8)
--	---

Şair, Kazak kültürünün sağlam bir temel üzerinde varlığını sürdürebilmesi için Kazak halkının çoğalması gerektiğini söyler. Milletin gelecekte var olması için nüfusun artması gerekir. Jambıl, kadın ve erkeğin arasındaki sevginin evlilik yoluyla aile kurumuna dönüşmesini ister, zira kültürel değerlerin gelecek nesillere yozlaşmadan aktarılabilmesi için aile kurumunun korunması gereklidir. Bu nedenle şair, bir aileyi oluşturan iki çiftin aralarında iş bölümü yaptırır ve geleneksel Kazak aile hayatının bir betimlemesini yapar:

⁸ Burcu Özdemir. "Azerbaycan Pioneer Teşkilatı ve Sovyet Toplumunun İnşası Sürecinde Çocuklar." Avrasya İncelemeleri Dergisi, S. VII/I, 2018, s. 91-101.

⁹ Burcu Özdemir. "Rusya'nın Kırsal Kesiminde Komünist Gençler Birliği'nin (Komsomol) Kuruluşu ve Sovyet İktidarının Güçlenmesindeki Rolü: 1918-39." Marmara Türkiyat Araştırmaları Dergisi, C. 3, S. 1, 2016, s. 19-30.

¹⁰ <https://www.zharar.com/kz/olen/27229-jambul.html> (16.01.2021)

<p>Қос-қостан тауып ұл мен қыз, Мінтені болсын жорға¹¹ тай¹², Ертең ерте біреуі Қойға кетсін қудалап, Түйеге кетсін біреуі Екі көзін уқалап. Егін ексін біреуі Су сағасын томалап. Оттың басын шаңдатып, Біреуі жатсын домалап.</p>	<p>Çift çiftini bulup erkek ve kız, Bırak olsun, rahvan tay, Yarın birinden biri Koyunlara gitsin kovalayıp Deveye gitsin biri Her iki gözü ovalayarak. Ekin eksin biri Suyun ağzını kapatıp. Ocağın başını tozlandırıp, Biri yatsın yuvarlanarak. (s. 8)</p>
---	---

Hayvancılık, Kazak halkının temel üretim ve geçim kaynaklarındandır. Jambıl, tay, deve ve koyun gibi hayvanları zikrederek çiftlerden birinin deveyle, diğerinin koyunla ilgilenmesini ister. Şair, tarımı da ihmal etmez ve ekin ekilmesini, sulamalı tarım yapılmasını diler. Şiirin devamında Kazak kültürü için çok önemli olan at bakıcılığına vurgu yapılır. Burada Jambıl'ın at ve at bakıcılığıyla ilgili Kazak dilinde olan sözcüklere yer vermesi, dilin kelime hazinesi ve kültür arasındaki ilişkiyi göstermesi bakımından önemlidir. Pek çok dilde at için kullanılan sınırlı sayıda kelime vardır. Fakat Kazak kültüründe at çok önemli olduğu için Kazakça'da atın türüne ve yaşına göre farklı isimlendirmeler yapılır. Şair bunları kullanarak at yetiştiriciliğinden hareketle Kazak kültürünü yansıtır. Тай (tay) kelimesi iki yaşına kadar olan atlar için kullanılırken жорға (jorga) sözcüğü rahvan yürüyüşlü at için kullanılır. Benzer terimler şiirin devamında da geçer:

<p>Жылқы бақсын біреуі Асауларды¹³ күделеп.¹⁴ Сөз сөйлесін біреуі Көп ішінде сүбелеп.¹⁵ «Жақсы лепес - жарты ырыс», Ескіден қалған мақал-ды. Соға беріп қайтейін, Бата аяғы тақалды</p>	<p>At baksın biri Binilmemiş atı kalın ipe eğitip. Söz söylesin biri Çok kelimenin içinde manalı söz. "İyi bir söz – zenginliğin yarısıdır", Eskiden kalan bir atasözüdür. Sözü daha fazla uzatmam, Duanın sonu yaklaştı. (s. 8)</p>
--	--

Асау (asav) kelimesi binilemeyen hırçın, eğitimsiz atlar için kullanılır. Күде (küde) ise atı tutmak için kullanılan kalın ipe verilen isimdir. Kazaklar, hayvanların göğüs bölgesindeki lezzetli ete сүбе (sübe) der. Atın yürüyüş biçimine, yaşına ve eğitim durumuna göre farklı isimlerle adlandırılması Kazak kültürünün bir özelliğidir ve Jambıl bu sözcükleri kullanarak kendi halkının kültür haritasını şiire yansıtmış olur. Şair daha sonra sözün önemine vurgu yapar ve “İyi bir söz zenginliğin yarısıdır” şeklindeki Kazak atasözünü zikreder. Önemli olan sözün çok olması değil, anlamlı olmasıdır. Jambıl, şiirini Kazak kültüründe önemli bir yeri olan бата verme/dua etme formuna sokarak hem geleneği yaşatır hem de şiirin muhtevası ve kelime kadrosuyla halk kültürünü yansıtmış olur.

Сонuç

Jambıl Jabayulı, bir asra yakın ömrü boyunca Kazak edebiyatına ve kültürüne önemli katkılar yapmış, sanatçı kabiliyeti yüksek bir şairdir. Jambıl'ın Ekim Devrimi sonrasında yazdığı şiirler, Sovyet döneminde resmî edebiyat görüşü olan sosyalist realizm anlayışına uygun şekilde yazılmıştır. Fakat Kazak dilini ustaca kullanan şair, herşeyden önce Rusça'nın çok etkili olduğu bir

¹¹ жорға (jorga) 1. yorga, rahvan (yürüyüş) жорға at yorga, rahvan at. 2. ауыс. Muvaffak, iyi bilen, konuya hâkim. (s. 212) (Kazak Türkçesi–Türkiye Türkçesi Sözlüğü, Kenan Koç, Ayabek Bayniyazov, Vehbi Başkapan. Almatı: 2012, 783+2 s) Bu yazıda Kazakça sözcüklerle ilgili dipnotlarda verilen bütün açıklamalar Doğumunun 175. Yılında Jambyl Jabayev–Şiirler/Çözümlemeler kitabında yer alan ve Orhan Söylemez tarafından yazılan önsözden alınmıştır. Bkz. Age, s. 8.

¹² тай – (tay) (I) iki yaşına kadar olan at yavrusu, tay тайға таңба басқандай арапқ, ашқар, besbelli (K. T. – T. T. S., s. 598)

¹³ Асау/Асауларды - Asav: Eğitilmemiş, binilmemiş at; toy at.

¹⁴ Күде – Küde: Atı tutmak için kullanılan kalın ip; kalın ip.

¹⁵ Сүбелеп / Сүбе – Sübe: Kazakça'da hayvanların göğsündeki et ve en güzel ettir; Sübeli söz bir deyim, manalı, hikmetli söz anlamında kullanılmaktadır.

dönemde Kazakça'nın varlığının tehlikeye girmesini engellemiş, kendi ana dilinin şiir dili olarak devamlılığını sağlamıştır. Kazak kültüründeki akınlık geleneğini sürdüren Jambıl, şiirlerinde bir zorunluluk olarak ortaya çıkan sosyalizm ve Stalin övgüsü gibi konuların arasına Kazak millî ve kültürel değerlerini ustaca yerleştirmeyi bilmiştir. Bu yazıda ele alınan şiirler bu tespitimizin birer örneğidir. Bu nedenle Jambıl'ın şiirleri incelenirken şairin yaşadığı dönemin şartları göz önünde bulundurulmalı, sadece sosyalist unsurlara odaklanarak Kazak kimliği ve kültürüne yapılan katkıyı görmezden gelmek gibi bir hataya düşülmemelidir. Batasıyla, kımızıyla, dombırasıyla, yılıkılarıyla bir Kazak'ı Kazak yapan bütün millî ve kültürel unsurları, Stalin dönemi şartları içerisinde Kazakça'nın veciz bir kullanımıyla ortaya koymak oldukça zor bir iştir. Jambıl'ı büyük yapan temel hususiyet de kanaatimizce budur.

Kaynaklar

1. Bilgin, Nuri (2007). Kimlik İnşası. İstanbul: Aşina Kitaplar.
2. Söylemez, Orhan-Naz Penah-Ömer Faruk Ateş (2021). Doğumunun 175. Yılında Jambıl Jabayev–Şiirler/Çözümlemeler. Ankara: Bengü Yayınları.
3. Uğurlu, Emine Kırcı (2014). “Kültürel Bellek Aktarıcısı Olarak Ninni.” Milli Folklor Dergisi, S. 102, s. 42-43.
4. Özdemir, Burcu (2018). “Azerbaycan Pioner Teşkilatı ve Sovyet Toplumunun İnşası Sürecinde Çocuklar.” Avrasya İncelemeleri Dergisi, S. VII/I, s. 91-101.
5. Özdemir, Burcu (2016). “Rusya'nın Kırsal Kesiminde Komünist Gençler Birliği'nin (Komsomol) Kuruluşu ve Sovyet İktidarının Güçlenmesindeki Rolü: 1918-39.” Marmara Türkiye Araştırmaları Dergisi, C. 3, S. 1, s. 19-30.
6. Sağlam, Soner (2019). “Jambıl'ın Akın Boldım Adlı Şiiri Üzerine Bir İnceleme”. Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, S. 48, s. 181-212.
7. Koç, Kenan-Ayabek Bayniyazov-Vehbi Başkapan (2012). Kazak Türkçesi–Türkiye Türkçesi Sözlüğü, Almatı.
8. **İnternet kaynakları**
9. <https://www.zharar.com/kz/olen/27229-jambul.html> (16.01.2021)
10. <https://www.zharar.com/kz/olen/27101-jambul.html> (16.03.2021)
11. <https://www.zharar.com/kz/olen/27230-jambul.html> (16.03.2021)

ТВОРЧЕСТВА ДЖАМБУЛА ДЖАБАЕВА И ХАСАНА ТУФАНА: ОБЩНОСТЬ ТЕМ И МОТИВОВ

Абдуллина Д.М., Мухарлямова Г.Н.

Институт языка, литературы и искусства им. Г. Ибрагимова Академии наук Республики
г.Казань, Татарстан, Россия

У каждого народа есть свои поэты – звезды, ярко сияющие в небе поэзии. Однако поэтов, творчества которых поистине считаются гордостью своего народа, чьи судьбы из поколения в поколение становятся легендами – таких талантов немного.

Таким был великий казахский поэт Джамбул Джабаев. Являясь простым сыном своего народа, он в то же время был неповторимым акыном, сумевшим передать глубокие чувства народа посредством языка и своего музыкального инструмента – домбыры.

И у татарского народа есть поэты, которых можно поставить рядом с такой великой личностью казахского народа. В духовном отношении к нему больше близок известный татарский поэт Хасан Туфан. В чем состоит их общность? Не следует забывать, что Джамбула Джабаева и Хасана Туфана разделяет полвека, и когда Хасан Туфан только стал писать свои первые стихи Джамбул Джабаев был уже семидесятилетним аксакалом. Тем не менее, не составляет особого труда понять причины, связывающие их творчества воедино.

Обоих поэтов Всевышний наградил долголетием. Поэтому в определенный промежуток исторического времени, в котором их жизни пересеклись, приходятся самые

сложные и противоречивые перемены, происходящие в государствах и в обществе, в целом. Эти два человека в полном смысле слова пережили, прочувствовали их, пропустили через свои сердца.

Прежде всего следует отметить общность чувств, как главных факторов, сближающих творчества этих поэтов. Скорее всего, связано это с тем, что они верные сыны своего народа и им не чужды были и боль его, горести и радости.

Воспоминания о семье Джабаева свидетельствуют о том, что Джамбул родился на склоне горы Жамбул у реки Чу, во время бегства от нашествия баскаков. Поэтому отец называет его именем Джамбулом.

С детства он научился играть на домбре и петь. С 14 лет начал зарабатывать на жизнь любимым занятием. Находясь среди народа, Джамбул Джабаев старается впитать в себя его душу, настроения и переживания, которые в результате обрели свое звучание в его поэзии. В исполняемых им дастанах «Утеген-батыр», «Суранши-батыр», «Сауырых-батыр», в балладах «Жалоба», «Табунщик», «Шабдену», «Тяжёлый приказ» предельно реалистично изображается жизнь казахского народа в то время.

Подростковые годы татарского поэта Хасана Туфана ничем не отличаются от жизни Джамбула Джабаева, несмотря на то, что их отдаляют друг от друга целые пятьдесят лет. Хасан родился десятым ребенком в семье Фахруллы, вынужденного бежать от преследований миссионеров. Их семья, не принявшая христианства, как и многие мусульманские семьи в то время, называлась «отпавшей». Жить им приходилось очень тяжело. Детям в такой семье можно было давать фамилию только по имени матери. Поэтому настоящая фамилия Хасана Туфана – Гульзизин.

Хасан Туфан с юности трудился на уральских заводах, где во всей полноте познал жизнь простого народа, увидел не только его быт, но и проникся его духовной сущностью. Обучая детей в казахских степях, он видел тяготы татарского и казахского народов, признавал безграничное богатство народной души. Таким образом, сама судьба способствует формированию этих двух великих личностей как поэтов, близких к своему народу, и относящихся с уважением к неисчерпаемому наследию, которое прошло сквозь века до их времени.

В творчестве обоих поэтов преобладают такие темы, как уважение к родному народу, почитание человека труда, воспевание красоты родной земли, безграничная радость от каждого ее успеха. С удивительной образностью и в то же время простым языком, с восхищением и удовлетворением пишет каждый из поэтов.

Например, Джамбул Джабаев в стихотворении «Алатау» так воспевае красоту родной земли:

...В садах под плодами ломается сук, В них сочные яблоки, сладкий урюк. В горах созревают пурпурные вишни, Ковры земляники алеют вокруг. На склонах трава от лучей золота, Луга в бирюзовых и жёлтых цветах, А ниже, в напевном журчанье арыков, Столица – красавица Алма-Ата.

И у Хасана Туфана читаем:

Ты всей жизни смысл и существо

И любовь к тебе, земля родная,

Я несу как знамя!

Твоего имени святого не пятная,

Здесь, в Казани, где мой отчий край,

Я тебе поклоны бью земные.

Тот светильник, что зажег Тукай,

Я не уроню, моя Россия.

В стихах Туфана отражается и большая любовь к родине, и священный долг человека перед ней.

В творчестве каждого из этих талантливых поэтов мы наблюдаем чувство любви к родной земле, но у каждого поэта она изображается по-своему. Общность в отношении к

родине у обоих поэтов заключается в их желании жить там, где у тебя родина, делать все возможное для ее обновления и совершенствования, жить, проявляя заботу о сохранении и умножении национальных традиций.

Во время волны революций в начале XX века, следующие друг за другом, когда наступила ими долгожданная свобода, появилась вера в построение новой жизни, основанной на социальном равенстве. Все это и обогащают творчества Джамбула Джабаева и Хасана Туфана теми чувствами, в котором мы и находим еще одну общность.

Преобразования, которые произошли в стране с революцией одинаково волновали обоих поэтов. Об этом свидетельствует духовный подъем в их творчестве. У семидесятилетнего Джабаева появляются новые темы, которые раскрываются в таких произведениях, как «Гимн Октябрю» (1936), «Моя Родина» (1936), «В Мавзолее Ленина» (1936), «Ленин и Сталин» (1936). Произведения Хасана Туфана, такие как «Между двух эпох» (1925), «Уральские эскизы» (1926), «Старая Россия умерла» (1927), «Начало начал» (1927) по тематике очень близки произведениям казахского акына.

В этих стихах отражен исторический революционный путь целого народа, описываются изменения в его жизни. У обоих поэтов мы находим отражение прославления культовых вождей того времени – Ленина, Сталина. Оба поэта с одинаковым оптимизмом воспевают новую жизнь и дружбу народов:

Я ехал при солнце и при луне
На Кара-Айгыре, железном коне,
По самой чудесной на свете стране
И радость пела во мне.
Кострами цветов пылали луга,
В недрах Урала пела руда,
На Волге шумели по берегам
Сияющие города.
На разных наречьях в Москве говорят,
По-разному речи и песни звучат,
Но дружбу грузин с карелом крепят,
И русский казаху брат.

И у Хасана Туфана в стихотворении «Я гордо шагаю по берегу Волги» раскрывается тема единства народов, населяющих нашу большую страну в то историческое время. Восхваляя их, Хасан Туфан прославляет равенство, будь ты русский, мариец, удмурт или еврей.

В творчествах поэтов особое место занимает тема женщины и связанные с ней тема восхищения женской красотой, преклонение перед крепостью ее духа, уважения и почитания по отношению к ней, а также защита ее прав. Джамбул Джабаев считает, что свобода, которую революция дала женщине делает ее еще более красивой, способствует раскрытию в ней талантов и творческих способностей. Стихотворение «Песня о девушке» звучит как гимн свободы казахских женщин:

Прекрасная девушка из Казахстана!
Ты яблони тоньше, нежнее тюльпана.
И знойным румянцем красуешься ты,
Как смуглое яблоко Алма-Аты.
Танцуй, если хочешь, джейрана резвее:
Никто тебя больше обидеть не смеет.
Спокоен, широк и высок небосклон
— Никто не нарушит твой девичий сон.
Страною любима и песней хвалима,
Найдешь жениха по любви, без калыма.
И будет счастливым и ясный твой век
— Тебя миновала судьба Кыз-Жибек!

В очень схожем по тематике стихотворении Хасана Туфана «Девушки полощут белье» прославляется стойкость женщины, сила ее духа, с помощью которых они несут бремя тяжелой жизни.

Характерную для обоих поэтов общность тем и мотивов мы наблюдаем и в произведениях, посвященных великим личностям. Так, оба поэта посвящают свои стихи великому русскому поэту Александру Сергеевичу Пушкину. И Джембул Джабаев, и Хасан Туфан свидетельствуют о бессмертии творчества Пушкина в сердцах людей. Если Джембул акын сравнивает его с алмазом, рубином, и жемчугом, то Туфан называет его золотом. Оба поэта считают поэта соловьем, что присуще традициям тюркской поэзии.

Любовь к Родине, к своему народу получила новое звучание в их поэзии в годы Великой Отечественной войны. Родина уже здесь выступает как единое целое, как большая страна под названием СССР. Поэтому ненависть к врагу в годы войны, стремление во всей полноте отразить весь трагизм событий, прославить советского солдата, защищавшего Родину от фашизма, поднять дух народа, вселить в него веру в победу объединяет двух поэтов в тематике, проблематике, в общности идей и мотивов. В эти годы Джембул Джабаев пишет произведение, которое сделало его известным. Это стихотворение «Ленинградцы, дети мои!»:

Что же слышит Джембул теперь?
К вам в стальную он ломится в дверь,
Словно вечность проголодав,
— Обезумевший от потерь
Многоглавый жадный удав...
Сдохнет он у ваших застав!
Без зубов и без чешуи
Будет в корчах шипеть змея!
Будут снова петь соловьи,
Будет вольной наша семья,
Ленинградцы, дети мои,
Ленинградцы, гордость моя!

Некая резкость в обращении к соотечественникам посредством поэтической речи в стихах Джембула Джабаева противопоставляется тонкому лиризму, ритмическому звучанию в стихах Хасана Туфана. Но у обоих поэтов остаются неизменными чувство ненависти к врагу и великая вера в победу.

Распускаются в поле цветы –
Это в край наш приходит весна.
Потому что уходит война,
Пробуждаются в сердце мечты,
Распускаются в поле цветы.

Потому что уходит война,
Первомайский грохочет салют.
Больше сироты слезы не льют,
И все чаще улыбка видна,
Потому что уходит война.

Подводя итог, можно сказать, что темы и мотивы в творчестве поэтов двух братских народов Джембула Джабаева и Хасана Туфана имеют много общего. Являясь представителями двух народов, они считают себя сыновьями многонациональной страны – большого государства, великой Родины – СССР, одинаково разделяя все ее горести и радости. В творчестве обоих поэтов нашли свое отражение мотивы духовного подъема, связанного со строительством новой жизни после революции, дружбы народов, прославления коллективного труда, веры в счастливое будущее. Оба поэта ставят своей

целью раскрыть в своем творчестве смысл жизни, истину и чистоту помыслов, победу справедливости и чести, раскрытие национальной гордости, священного долга человека перед Родиной.

Общие черты в творчестве великого татарского поэта Хасана Туфана и великого акына казахского народа Джамбула Джабаева свидетельствуют о том, что в душах двух братских народов жили общие чувства, общие желания, общие надежды. Надеемся, мост, который строился в сердцах поэтов будет объединять, укреплять узы между нашими народами и в будущем.

ЖАМБЫЛТАНУ АРНАЛАРЫ

Алдабек Н.Ә.

ф.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Абайтану ғылыми- зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері,
Алматы, Қазақстан

Биылғы жыл – ұлы дала жыршысы, дауылпаз ақын Жамбыл Жабаевтың жылы. Ақынның жүз жетпіс бес жылдық мерейтойы еліміздің барлық аймақтарында, түрлі мекемелерде, білім ордаларында жоғары деңгейде аталынып өткізіліп жатыр. Халықаралық, республикалық деңгейдегі конференциялар, кездесулер, айтыстар өткізілді. Ақынның өлеңдері, дастандары, жыр-толғауларының көп томдықтары шығарылды.

Халықтың ақындық өнерінің даму тарихында өзіндік орны бар Ж.Жабаевтың шығармашылық ғұмырнамасы хақында бүгінге дейін аз айтылған жоқ. Соған қарамастан екі дәуірдің куәгері болған ақын шығармашылығы әлі де болса ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Жамбылдың әр үлгідегі, жанрдағы туындыларын сөз еткенде, әрине алдымен оның шығармашылық әлемінің жаңашылдығына, уақыт үніне қосқан үлесіне баса назар аударамыз. Әсіресе Жамбылдың қазан төңкерісіне дейінгі өмірі мен ақындық жолы зерделеніп бір жүйеге түсе қойған жоқ. Ақынның өскен ортасы, ұстаздары, шәкірттері, алғаш шығарған өлең шумақтары, ақындық позициясы, өнер жолындағы шеберлігінің қыр-сырын жан-жақты тану үшін Жамбыл жайындағы зерттеу еңбектерді, естелік мақалаларды әлі де зерттеп, зерделеу түсу қажет деп санаймыз.

Жамбыл Жабаев шығармаларының әлемдік поэзиямен үндестігі, ғалымдардың зерттеулеріндегі ақын мұрасының бүгінгі мен келешегі, Жамбылтану мен филология пәндерін оқытудың инновациялық әдістемесіне қатысты айтылған тұщымды ойлар Жамбылтану саласының аясын кеңейте түседі деп санаймыз. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының бастамасымен ашылған «Жамбыл институты» туралы айта кеткіміз келеді. Бұл ғылыми-зерттеу институты емес. «Жамбыл институты» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Ж.Дәдебаевтың басшылығымен және тікелей қатысуымен ашылған ғылыми-ақпараттық ресурстар базасы. Ашылған, тіркелген жері – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Аталған ғылыми-ақпараттық ресурстар базасы өз жұмысын университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының құрамында атқарады. Оның жұмысының тиісті талаптар деңгейінде жүруін Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Ж.Дәдебаевтың өзі қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде институтымыздың директоры Ж.Дәдебаевтың бастамасымен және институт қызметкерлерінің ғылыми ізденістерінің арқасында Жамбылтанудың төрт томдығы жарық көрді. Алты томы баспаға ұсынылуға дайын. Алдағы уақытта біздің институт Жамбылтанудың жиырма бес томдығын шығаруды жоспарлап отыр.

Жамбылтану томдығын шығаруда белгілі бір хронологиялық жүйеге, реттілікке негізделу ақын өмірі мен шығармашылық қырларын, азаматтық және ақын ретіндегі ұстанымын жаңа көзқарас тұрғысынан тануға мүмкіндік береді.

Жамбыл Жабаевтың шығармашылық әлемі және ақын мұраларының зерттелінуі жайында аз уақыт ішіне сыйғызып айтып шығу мүмкін еместігі белгілі.

«Жамбыл жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі», — деп толғанған екен кезінде Сәбит Мұқанов.

Еліміз Тәуелсіздік алған тұстан бері Жамбыл туралы жаңа көзқарас қалыптастыру, оны «социализм мен Сталиннің жыршысы» деген ұғымнан арашалап алу шаралары қолға алынды.

Жамбыл сондай-ақ шетел, кеңес ақындарының ішінде ең көп жарияланған ақындардың қатарында болды. Жамбыл мұрасының арнайы академиялық институтта зерттелуіне үлкен үлес қосқан ғалым — академик Тренчени-Вальдапфель Имре. Ғалым ақын шығармаларын зерттеп, гректің антикалық ақындарымен, Гесиод заманындағы ақындармен шендестіріп, ортақ сипаттарын айтады. Тіптен академик Тренчени-Вальдапфель Имре Жамбыл шығармаларын зерттеу үшін қазақ тілін үйреніп, арнайы Алматыға келіп, ақын-жазушылармен, әдеби ортамен етене жақын болғандығы, оқтын-оқтын насихаттап, көптеген шаралар өткізіп тұрғандығы жайында деректерді атап айтқымыз келеді.

Жамбылтану саласындағы тағы бір үлкен белес-ақын шығармаларының өзге тілдерге аударылуы. Мәңгілік тақырыптарды қозғаған ақын, жыршы, жырау Жамбыл Жабаевтың өлеңдері, жыр-дастандары Азия мен Еуропа және басқа да континенттер ұлттарының елу шақты тілдеріне аударылған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізілген Жамбыл апталығында белгілі аудармашы М.Отарбаевтың түрік тілінде тәржімаланған Жамбылдың «Көроғлы» дастаны (Жамбыл нұсқасы), ақынның бірнеше өлеңдері және Жамбыл жайында отандық және түрік ғалымдарының мақалалары енген «Көроғлы» дастаны атауымен жарыққа шыққан еңбегінің тұсаукесер рәсімі болды.

Ендігі кезекте Жамбыл мұрасын жастар арасында насихаттау мақсатында ақынның толғауларын, айтыс, дастандарын мектептер мен жоғары оқу орындарының оқулықтарына енгізу, Жамбылдың ақындық мектеп дәстүріне арналған жинақтар, зерттеулерін жарыққа шығару мен таңдамалы шығармаларын әлем тілдеріне аудару - күн тәртібінде тұруы қажет деп санаймыз.

Сөзіміздің соңын бүгінгі күнге дейін өткізіліп жатқан іс-шаралардың қай-қайсысының болмасын, басты миссиясы- Жамбыл шығармашылығын әлем әдебиеті контекстінде қарастыру мен қазіргі әдебиеттанудың жетістіктері тұрғысынан зерделеу болып табылады деп түйіндейміз.

Ж.ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОРТА МЕКТЕПТЕ ТАЛДАТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫ ШЕШЕНДІК ӨНЕРГЕ БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ

Дәуренбекова Л.Н.

ф.ғ.к., доцент, Еуразия гуманитарлық институты
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Оратордың басты құралы – сөз. Сөзімен өзіне назар аударту, сөзіне тамсандыру, сөзіне сендіре білу, тауып айту ең бастысы тыңдаушының назарын аударту импровизацияны қажет етеді. Белгілі сыншы В.Г.Белинский «Риториканың мазмұны мен міндеттері» деген мақаласында шешеннің тұлғасына тоқталады. «Мықты оратор шаршы топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенеді. Демек, сөзінің оттылығымен, жарқылымен, күшімен, көріктілігімен баурап алады» [1, 25] – деген екен. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтың импровизациялық өнері ертеден-ақ, биік

дәрежеге көтеріліп, от ауызды, орақ тілді би-шешендер, ақындар шығып халықты сөзерімен, жырларымен жігерлендірді деуге болады. Сондай импровизатор ақындардың бірі Ж.Жабаев.

Жамбыл Жабаев шығармаларындағы импровизациялық өнерге тән белгілері:

Тұтқиылдан қойған сұрақтарға сөз табу;

Көріктеу, бейнелі сөздерді қолдану;

Тыңдаушысын өзіне қарату үшін, қаратпа сөздерді қолдану;

Тыңдаушысына рух беру;

Риторикалық сұрақты қолдана отырып, ғибратты ойларды жеткізу.

Осы тәсілдер арқылы ақын өзінің импровизациялық, ораторлық шеберлігін байқатады. Мәселен, Құлмамбетпен айтысында:

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды,
Ақын болса қайда отыр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.
Құдеке кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға?
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен жарар ма екен салдыруға?
Топтан озған о дағы жүйрік болса,
Кешікпей шапшаңырақ шақыр мұнда!

Жамбыл:

...Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон
Асықсаң ажалыңа келші бермен.
Шүу десе жүйрік озар мынау қолдан,
Демей көр, ескі аруақ алып қолдан.
Қарасай дем бере гөр, менің бабам,
Сөйлейін будақтатып оң мен солдан.
Құлмамбет сен жақсы да мен жаман ба?
Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба?
Қарасайлап қосылсам бір бүйірден,
Ақырында кетерсің бас аманға! [2, 56].

Оқушыларға осы айтыстан үзінді көрсете отырып, шартпа-шұртпен басталған айтыста Жамбылдың саспай, қарсыласына екпіндете жауап қатуынан суырыпсалмалық дарынының анық байқалатынын көрсеткен дұрыс.

Осы айтысты бейнелі сөздер қолданылған. Мысалы Құлманбетті Жамбыл қара бүркітке теңейді:

Ұшалмас қара бүркіт қалықтамай,
Құлмамбет сөз сөйлейсің анықтамай...

Бір айтыстың өзінен қарсыласының ғана емес, өзінің де образын ашатын бейнелі сөздерді табуға болады. Сол арқылы ақынның шығармашылық портреті жасалынады.

Қарсыласының назарын аударып, мысын басу үшін «Уа, Құлманбет, сөз тыңда», «А, Құлманбет, Құлманбет!», «Асықпай тыңда, Құлманбет!» т.б. қаратпа, одағай сөздермен өктем сөйлеп, өзінің жеңетініне сенімді екенін көрсету Жамбылдың басты тәсілі. Оқушыларға Жамбылға тән ораторлық ерекшеліктерді айта отырып, жалпы ел назарын аудартуда қолданылатын сөздерді аудиторияға, тыңдаушыларға бейімдеп келтіру қажеттілігі, сондай-ақ, пікір талас, дебат кезінде қарсыласына тойтарыс беру әдебінде айта кеткен орынды.

Жамбылдың шығармаларында импровизациялық тәсілдің бірі – риторикалық сұрақ қою кездеседі. «Риторикалық сұрау (лепті сұрау) – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы

өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өлеңде қойылған сұраудың жауабында екіұштылық, шүбәлану болмайды, оны оқырман іштей біліп отырады» [3, 41].
Мысалы:

Қалың жаудан қаптаған
Қаймығып беті қайтпаған,
Ел тыныштығын сақтаған
Халқы сүйіп мақтаған
Ардагер батыр кім еді? –
деген риторикалық сұрақ қойып, оның батыр Саурық екенін танытады.
Найзасын тасқа түйреткен
Саурыққа ерден кім жеткен?
Ашулы жерді көздеген,
Жігіттің бәрін түзеген.
Саурықтай күшті батырға
Дулат, түгіл қазақта
Кім бар еді шақ келген?!

- деп, сұрақ қоя отырып, оқырманның не тыңдаушысының назарын аудартады да, өзі жауап беріп, батырдың образын аша түседі.

«Импровизация – өнердің ең жоғарғы түрі. Жүйрік ойлау тапқыр сөйлеу – ішкі қуат-серпінге, эмоциялық, экспрессивтік бояуға ие. Бұл сипаттар – шешеннің беделін биіктетіп, тұлғасын асқақтатады, тыңдаушыларды рухтандырады. Импровизация сұраққа жауап беруде, айтыс-тартыста, жарыс сөзге шыққанда аса ұтымды құрал» [4, 36]. Демек, оқушыларға ертеден келе жатқан импровизациялық өнердің даму бағытын айта отырып, қай салада болсын, жұрт алдында сөз сөйлеуге шығар алдында міндетті түрде тақырыбына байланысты жан-жақты дайындалу қажеттілігін айта кету орынды.

Ж.Жабаевтың жасынан өзі халық ауыз әдебиетімен сусындаған. Халық эпостарын жатқа айтқан. Белгілі бір айтысқа шығар кезде, қарсыласы жөнінде мәліметтер біліп отырған. Қарсыластарына тойтарыс беріп, жеңуінің өзі тарихтан хабары бар екендігін, оқып, сауат ашпаса да ел аңыздарына құлағы түрік болғандығын аңғартады. Осы арада, оқушыларға ақынның Құлманбетпен айтысындағы Сұраншы, Саурық туралы айтқан ақпараттарды келтірте отырып, Жамбылдың жеңіске жетудегі себебін анықтатқан дұрыс.

Ақынның даңқын шығарған «Ленинградтық өрендерім» өлеңі де дайындықпен келген. Өлеңнің шығу тарихына тоқтала кетейік.

1941 жылы қыркүйек айы неміс-фашист армиясы Ленинградты қоршап, бомбалай бастайды. Қала қирады. Қазақстан көмек қолын созып, вагон-вагон азық-түлік, қару-жарақ жөнелтті. Қиын сәтте Мәскеуден Алматыға: - Жыр алыбы Ж.Жабаев ленинградтықтарды жігерлендіретін жыр айтып берер ме екен? – деген хабар келді. Республика Орталық комитеті ақын, жазушылармен ақылдасады. М.Әуезов, С.Мұқанов бастан бес-алты жазушы түн ішінде Жамбыл ауылына суыт жүріп кетеді. «Түнде сағат үш шамасында үйіне барсақ, Жәкең әлі ұйықтамаған екен. Кіріп келгенімізде қолын көзіне қойып көлегейлеп бізге қарады. Барғандардың ішінде: Мұхтар, Сәбит, Әбділд, Тарловский, Тайыр және мен бар едім. Алғадай аман ба, жүрістерің суыт екен – деп, тесіле қарады. Әуелі Мұхаң сөйледі.

-Пәлі, біз ондай жаман хабар болса, бірден топырлап, алдыңызға келеміз бе? Алғадай аман, Жәке, деп құлағына аузын тосып айқайлады [2, 2]. Жазушылар жан-жақтан Ленинградқа арнап жалынды, рухты өлең шығару керек екенін түсіндіреді. Осы арада айтпағымыз, импровизациялық өнердің өзі дайындықты қажет ететіндігі. Сөйлейтін сөзің туралы ақпараттарың болмаса, қанша жерден ақындық дарының, сөйлеу шеберлігің мықты болсын тыңдаушыларыңды әсерлендіре алмайсың. «Ойша әзірлену, іштей, дауыстап жүйе-жүйесін тауып сөйлеу – әрі тиімді, әрі өтімді, әрі логикаға қисынды, әрі көздеген мақсатқа жеткізеді, әрі шешенді құдіретті тұлға деңгейіне көтеріп асқақтатады. Шешеннің балдай лебізі тыңдаушының ой-қиялын дүр сілкіндіреді» [4, 15]. - дейді профессор, С.Негимов.

Ж.Жабаев Ленинград атауын білгенімен, ол туралы терең білмейтіні рас. Ал, шынайы өлең шығару үшін нақты мәліметтер керек. Жазушылар отты өлең шығарту үшін Жамбылға Ленинград жөнінде жан-жақтан айта бастайды. Мәселен, С.Мұқанов: «Ленинград қазақ қалқына етене жақын қала, онымен біз ежелден байланыстымыз. Шоқан сонда оқып, қызмет істеген. Қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтары Ленинградта оқып, білім алды. Енді сол қаланы қорғаушы ленинградтықтарға рух беретін толқынды жыр керек...» деп, барынша түсіндіреді. Жамбыл таң ата Алатауды бетке алып, ой үстінде келеді. «Ленинград», «Өрендерім» сөздерін іштей күбірлейді. Яғни, ақын Ленинград турады білді. Не айту керек екенін түсінді. Енді, шабыт үстінде. «Осы кезде Т.Жароков артынан атын ерттей сала Жамбылға қарай шабады... Тезірек домбыраға, қалам, қағазға жетейік» деп екеуі үйге асығыс келеді. Мақсат ауыздан шыққан әр сөзді мұқият қағазға түсіру. Төрт ақын төрт жақтан ақынның әр сөзін қағазға түсіреді. Осылай Ленинградтықтарға қажетті патриоттық өлең дүниеге келеді. Мұғалім өлеңді оқушыларға оқыта отырып, өлеңнің құрылымын: кіріспе (өлеңнің басталуы), негізгі бөлім (басты ой), қорытынды бөлім (аяқталуы) тапқызып, жыр шумақтарының әсерін, өлең не себепті халық көңілінен шыққанын, ақынның даңқын асырғандығын талдату керек. Ең бастысы, оқушы тыңдаушыға ерекше әсер етудің тәсілін түсінгені дұрыс.

«Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл. Кімге сөйлетініңді біл. Қай жерде сөйлейтініңді біл. Қай кезде сөйлейтініңді біл. Қалай сөйлейтініңді біл» [5, 23]. - деген екен, Бөлтірік шешен. Бұл – болашақ ораторға қойылатын талап.

Жалпы, ақын-жыраулардың шығармаларын мазмұндық жағынан талдатып қана қоймай, шығармашылық процесіне, өлеңдерінің құрылымына назар аудартсақ оқушы бойына:

- өзінің сөйлеу шеберлігіне сенімділік қалыптасады;
- қазақ сөзінің стильдік және көркемдік мүмкіндігін сезінуге тәрбиеленеді;
- басқа адамдармен қарым-қатынаста дұрыс дауыс тонын таңдай біледі, сөзге талғаммен қарайтын болады.
- Оратордың басты парызы – тыңдаушыларды ортақ пікірге ұйыту, ортақ келісімге келтіру үлкен дайындықты қажет ететіндігін ұғынады. Әр сөздің тәртібі, реті, дамуы болатындығына көз жеткізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аристотель. Риторика. Об ораторском искусстве». М., 1973.
2. Жабаев Ж. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1998.
3. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Анарыс, 2003.
4. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997.
5. Дәдебаев Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақтың шешендік өнері. – Алматы: ҚазҰУ, 1996.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ СИПАТЫ

Қамарова Н.С.

ф.ғ.к., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Әр дәуір өз ақынын тудырады десек, Жамбыл ақын шығармалары оның өзі өмір сүрген жылдардағы көркем тілмен жазылған шежіре десек те болады. Оның поэзиясы сан қырлы. Қай ұлттың болмасын дүниетанымын, болмысын өзіндік колоритін тану үшін

қашанда алдымен оның рухани қазынасына үңілген дұрыс. Сондықтан әрбір халықтың интеллектуалды ерекшелігін оның өз ақын-жазушыларының шығармашылығынан іздеу керек болады. Бұл ұлттық айшық талай заманғы даму процесінде біртіндеп, ұзақ қалыптасатыны белгілі.

Ақын кім туралы, не туралы жырласа да ақынның дүниетанымы, ұлттық мінезі айқын көрінеді. Ақын интеллектісі неғұрлым кемелденген сайын оның поэзиясындағы образдар әлемі, жалпы бейнелілік күрделілене береді. Ұшқыр интуиция интелектінің тереңдеуіне, толысуына себеп болып, ақынның ой-арманын, көңіл-күйін танытатын образдар мен характерлер жасап шығарады. Өйткені түйсік, қабылдау, түсінік – бәрі бір-бірімен сабақтасып жатқан үдеріс. Өмірлік материал, табиғат көріністері, оқиға-әрекеттер – бәрі адамға, оның қам-қарекет, табиғат-тірлігіне қатысты айтылса ғана оқырманына қымбат. Жамбыл ақынның ұлттық көркем ойлау жүйесі тұтас поэзиясынан аңғарылады.

«Ұлттық көркем ойлау жан-жақты өзгеріп, дамып, жоғары сатыға көтеріледі. Бірақ тарихи даму барысында пайда болған тұрақты дәстүр туралы маңызды дамудың алғы шартында әрқашанда өнер тұрады. Ұлттық көркем ойлау халықтың тарихи, әлеуметтік, психологиялық, көркемдік тәжірибесіне сүйенеді. Көркем ойлау болмыстың дүниетаным мен өмір құбылыстарын қабылдау негізінде жіктеу, таңдау, кейбір тұстарын өзгерту, күшейту арқылы сипаттайды. Әрине, мұның бәрі қабылдаудың, ойдың, сезімнің, талғамның, бағалаудың мұраттарын, дәстүрлі жүйесін сақтаудың негізінде болады», - дейді Д.Магомедов. Қазақ поэзиясының байлығы ұлттық дәстүрінен, ұлттық мінезді бейнелеудегі образдардан айқын танылады. Ұлттық мінез Жамбыл ақын шығармашылығында бірден аңғарылады. Ұлттық ойлаудан туындайтын бейнелер ақындық тұлғаның ерекшелігімен, оның дүниетанымымен байланысты.

Г.Поспеловтың айтуынша «Характер – жазушы шығармасында өз эстетикалық нормаларына сай тарихи жағдайға лайық бейнеленген адамның іс-әрекеттерінің, мінез-құлықтарының жиынтығы».

Жамбыл ақын поэзиясының образдық жүйесі – күрделі эстетикалық құрылым. Қазақ өлеңіндегі ұлттық ойлау, ұлттық мінез, эстетикалық түйсік, таным-түсінік Жамбыл ақын өлеңдерінің өн бойынан табылады.

Ең алғашқы өлеңдерінің бірі «Шағымда» ақын молданы суреттей келе

Ақ сәлдесі басында

Боз інгендей боздаған,

- дейді. «Інгендей боздау» бейнесі арқылы молданың жағымсыз қылығын көрсетеді.

Жамбыл ақынның әдеби мұрасын тану деген сөз – ақын поэзиясының құндылығын арттырып тұрған өзіндік шеберлігінің қыры мен сырын әр әдебиеттанушы өзінше ашу деген сөз. Бұл ретте ақын поэтикасының өзіндік болмысы неден көрінеді деген сұрақтың туындауы заңдылық. Бұл сауалдың жауабын ақын өлеңдеріндегі дүниені тану пайымдарынан іздеуге болады. Осы ойды ғылыми тұрғыда дәйектеу үшін ғалым З.Ахметовтің «Дүниетаным және көркем шығарма» атты мақаласындағы пікірді басшылыққа алуға болады. «Асылында, жазушының дүниетанымы мен творчествосы өте тығыз байланысты болады. Оның саяси, философиялық, эстетикалық көзқарасы, дүниетанымы, әдеби творчествоға негіз, тірек болады. Ал әдеби шығармаларынан өмірлік позициясы, мақсат-мұраттары, эстетикалық идеалы айқын танылады» [4, 82]. Демек, ақындық поэзияның негізі – ұлттық сипатты құрайтын қоғамдық-саяси, тұрмыстық-әлеуметтік көзқарастардың жинақталған дүниетанымдық болмысы болғандығы. Онсыз шығарманың иі қанбайды. Көркем әдебиет шығармаларындағы автор дүниетанымының ата-бабалық көзқарастардан сабақтаса жалғасқан болмысы ғана оқырмандарды, тыңдаушыларды тәрбиелейтіні, өзіндік көркемдік иіріміне тартатыны сондықтан. Міне, осындай ұлттық түсінікпен астасып жатқан жыр жолдарын Ж.Жабаевтың көптеген өлеңдерінен оқи аламыз.

«Ұлттық характер – көркем әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін аңғартатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық характер өмірдің өзі қалыптастырған

– тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады, дамиды не керсінше тоқырайды [5, 211].

Қазақтың дәстүрлі ақындық поэзиясы арқылы бүгінге жеткен ұлттық дүниетаным түсініктер белгілі бір кезеңдерде жанды құбылыс ретінде әлсірегенімен уызынан ұлттық рухқа жарыған ақындар барда біржола жойылып кетпейтіндігіне Жамбыл өлеңдері арқылы көз жеткізуге болады. Жамбыл ақын өлеңдеріндегі негізгі идея, пайым ұлттық болмысымызды таныту болып табылады.

Жамбылдың «Бұрымға» деген өлеңін оқып көрелік:

Сен лашын болғанда, мен – ақсұңқар
Бір көріп дидарыңа болдым іңкәр.
Көркің бар көрген адам таң қалғандай,
Шыққандай жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.
Жасымнан жақсыларды жағаладым,
Алатау, Қаратауды араладым.
Қай тұсқа аттың басын тіресем де,
Өзіңнен басқа сұлу таба алмадым.
Жарқ еткен оқтан ұшқыр бота көзің,
Балқытар қорғасындай айтқан сөзің [3, 28].

Осы жолдарға назар салсақ, ақынның ұлттық болмысын танимыз. Ақын өзін лашынға, қызды ақсұңқарға балау қазақ поэзиясына тән. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққандай» деген теңеу де ат бәйгесін дәстүрге айналдырған ұлтымыздың теңеуі.

Ал «Елімнің қыздарына» деген өлеңінде қазақтың ибалы, сұлу қыздарын сипаттайды:

...Танадай көзі жайнаған,
Талпына қанат талмаған [6, 159].

«Танадай көз» айқындауы – тек ұлтымызға тән образ. Қандай да болмасын күрделі ой мен сезім күйлерін осылайша қарапайым, көзге елестетерліктей бейнелі жеткізе білу Жамбыл ақынға тән.

Немесе «Халық қазынасы» өлеңінде былайша толғайды:

Үйір-үйір жылқыдан
Жүгенін үзе жұлқынған
Арғымақты таңдап ел
Әскерге асыл ат берген,
Маңғазды, маң-маң, маң басқан,
Табанын шірей дәл басқан.
Түйе деген бізде бар;
Өркештері жар тастай,
Күн шалмаған маңдайын,
Дулығасы таудайын
Қызыл бұйра нарлар бар... [6, 179].

Ақынның осы жырдағы үйір-үйір жылқы, маң-маң басқан түйені жырлауы халқымыздың ертеден түйе мен жылқы малын аса қадірлейтіндігінің көрінісіндей. Жылқы түлігіне қатысты образдарды «Жаныс ақынға», «Қуғын», «Мәмбетке» және тағы да басқа өлеңдерінен кездестіреміз.

Мал шаруашылығын кәсіп еткен халқымыздың бейнелі ойлары төрт түлікке байланысты болуы заңды да. Өйткені қазақ халқы туғызған өлең-жыр мал өсірген елдің әлеуметтік психологиясына тән жасалады.

«Мал өсірген аймаққа» деген өлеңінде:

Төрт түлікті өсірген,
Тұнық суды кешірген,
Колхоздағы ерлерім! [6, 164]

- деп толғанып, ары қарай жырды былайша түйдектетеді:

Малды өсірген, өргізген,

Шалғынды шалып жегізген,
Малға жайлау жайнатқан,
Тау бауырын жайлатқан,
Құлындатып биені,
Боталатып түйені,
Мыңғыртқан малды елім бар
Біздің алтын аймақтан!
Төрт түліктің тұяғы
Жерді шарлап із өткен [6, 164].

Көз ашқаннан мал өсірумен ұдайы айналысқан халық табиғатпен сырлас болды. Ақын өлең-жырларында малға қатысты теңеу, салыстырулар молынан ұшырасып отырса, бұл ұлттық танымымызды білдіреді.

Төрт түліктің қадір-қасиетін керемет теңеулермен өреді:

Күңгір-күңгір кісінеген
Алтын жалды арғымақ,
Шапса жерді қуырған,
Ескен желдей ағындап,
Қой қозысы құландай,
Ешкісі бөрте бұландай,
Колхозда өскен түлігім
Жайылған қаптап табындап,
Малым тұрсын жерімнің
Меруерт болды әр тасы! [6, 164]

Ал қазақтың қасиетті домбырасын «Өнердің өсуі» өлеңінде өрнектейді:

Неге шықсын домбыра
Жаңадан шек тақпаса,
Таққанынан не пайда,
Бабыменен қақпаса,
Құр қағудан не пайда,
Ән менен күй таппаса.
Құйқылжыған күс әуез,
Қосылып соған айтпаса.
Көркем өнер жас бөбек
Сүйкімді болмас бақпаса,
Тортасын алған бал қаймақ
Бойына сылау жақпаса.
Үлпілдеген қызыл шоқ
Басына үкі тақпаса [6, 123].

Жамбыл ақын өлеңдерінде ұлттық бояу көп.

Ақынның «Бесік жыры» ұлттық образдық ой жүйесінен туындаған:

Ұйықтасын деп бөбегін,
Домбыраның қос шегін
Жамбыл бабаң қағады,
Қаққан сайын өлеңі
Бұлақтайын ағады.
Қағады Жамбыл қос шегін
Өсуің үшін өсуің.
Ұйықтасын деп бөбегін,
Тербелсін деп бесігің.
Көкте де жұлдыз ұйықтады
Жайлауда жусап малдағы.
Мамық жүнді жас лақан,

Ұйықтап қырда ботақан,
Алтын жалды құлыншақ,
Жұмып көзін бұзауқан,
Сыйда сирақ қошақан
Төлдің бәрі ұйықтады,
Ұйықта сен де, балақан! [6, 81].

Қазақтың қара домбырасын қолына алған дана Жамбыл бөбегіне осылайша жыр арнайды. Көз алдымызға жасыл жайлау, жайлауда ойнақтаған қозы-лақ, құлыншақ пен бұзауған, ботақан келді. Ақынның салыстыруы да жүрекке жылы тиеді. «Төлдің бәрі ұйықтады, Ұйықта сен де, балақан!» деуі – бесіктегі сәбиді еркелетудің тамаша үлгісі.

Тұңғызғы тұнық, ұлттық бояуы қанық Бата ауыз әдебиетінен жақсы таныс. Ел сыйлаған батагөй ақсақал болған Жамбыл атамyzдың да батасы ақ тілеуге құрылған:

«Әумиін» деп қолыңды жай,
Қабат тусын күн мен ай.
Алғаның болсын сайма-сай,
Қапалық болмай кезінде,
Ылғи болсын мамыражай.
Қос-қостан тауып ұл мен қыз,
Мінгені болсын жорға тай... [3, 44].

Адамгершіліктің асыл қасиеттерін үлгі етіп айтқан жырлар Жамбылда жетерлік. Ұрпақ санасына сіңіретін ұлттық тәрбиенің ұлағаты ақын жырларында көп.

Ал енді жайлау, дала бейнелеріне келер болсақ, бұл сөз-бейнелер де қазақ поэзиясында құлашын кеңге жайған. Жалпы жайлау, дала бейнесі – кеңдіктің, дархандықтың белгісі. «Жайлау», «Жаз», «Жаз жыры», «Алатау», «Майтөбе жайлауы» деген өлеңдерінде қазатын кең жазира жайлауын көркем кестелеген. «Дастарқан жырында» ақ самаурыны бұрқыраған кең дастарқан суреттелсе, «Қымыз» өлеңінде қымыздың қасиетін көркем бейнелеген. Ақын қазақтың қонақжайлығын, салт-дәстүрін жырлай отырып, ұлттық мінезін дәл басып, суреттейді. Жамбыл ақынның өлеңдері мектеп бағдарламасына енгендіктен де мектеп оқушыларына жақсы таныс. Сонау бала кезімізден Жамбыл жырларын жаттап өстік. Жамбыл десе, мына жолдар еріксіз ойға оралады:

Өлеңім шарла ауылды
Тыңда, дала, Жамбылды! [6, 59].

Дала, туған жер бейнелері ақын поэзиясында үлкен мәнге ие. Көсіле сөйлеген Жамбыл Далаға үн қатады. Даламен сырласып, Даламен мұңдасады. Ақын өлеңдерінде ұлттық мінез айрықша өрнектеліп қазақ болмысын суреттейді. Жамбыл шығармалары бар қазақты өмірдегі, табиғаттағы сұлулықпен бірге жақсылықты көре біліп, ұлттық тәрбие алуға көмектеседі. Оның өлеңдері адамның мәдениетін өсіреді, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін оятады.

Біз Жамбыл жырларының идеясы арқылы қазақ халқының әр түрлі әдет, нышан, қаделерін, қанға сіңген ұлттық мінезімізді ғана танып қоймаймыз, сонымен бірге ақын дүниетанымын, ұлттық ойлау, ұлттық болмысын да пайымдаймыз.

1-секция
ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚИТУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЖАМБЫЛДЫҢ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Жақыбай Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
1-курс докторанты, Алматы қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор м.а. **Сарбасов Б.С.**
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа. Жамбыл мұрасы еліміздегі білім беру жүйесіндегі өзіндік мәні бар, ағартушылық маңызы зор, рухани құндылықтарға толы, психологиялық ой-пікірлерге бай тәлімгерлік тағылымы баға жепес өміршеңдігімен ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық қазынамыз болары сөзсіз. Жамбыл әлемінің бар құдіреті болмысын, құпиясы мен сырын жете таныту арқылы қазақ халқының мәдени келбетін, қадір-қасиетін, шыққан биігін, рухани жетістіктерін ұрпақ санасына сіңіру. Жамбылды оқыту арқылы жаңа биіктерге көтерілу, рухани өсіп-өркендеген іргелі еліміздің елдік белгісін биік дәрежеге көтеру.

Түйін сөздер: Рухани құндылықтар, тәлімгерлік тағылым, ұлттық қазына, жыраулық өнер, айтыскер ақын.

Жамбыл Жабаев – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Жамбылдың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық – жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. Осындай өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен-ақ таныла бастаған. Ол бозбала шағының өзінде-ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген.

Осы кезде өрттей жалындап, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйімбайға жолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып батасын алған. Мұнан әрі жал – құйрығы сүзілген жүйріктей арындап, сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құлманбет сияқты ақындармен айтысқа түсіп, Жамбыл ұдайы шоқтығын биік асырып отырған. Сонымен қатар Жамбыл қырғыздың Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер өрелестіріп, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алып, ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса «Көрғұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін одан әрі шыңдай түскен.

Жамбыл Жабаев – атақты ақын. Оның даңқы алдымен айтыс өнері арқылы шыққан. Алғашқы айтыстары ойын-тойларда өтеді. Жамбыл жастықтың салтын сақтап, Айкүміс, Бұрым, Сара сияқты қыздармен айтысады [1,126].

Сыртың бір сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр мінезің бар екен,
Сөйлесуге ерінген.
Қамқа камзол киініп,
Қас-қабағың керілген, –

деп қыздарға қытықсыз қалжыңдар арнаған. Бұл тектес айтыстар ақынды ұзақ-сонар айтыстарға апаратын алғашқы баспалдақтар еді. Жамбыл 1985 жылы Сарбас ақынмен, 1897 жылы Құлмамбетпен, 1902 жылы Досмағанбетпен, 1909 жылы Шашубаймен айтысып, барлығын да жеңіп шыққан [1,136].

Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы, бұл Жамбыл ақындығының үлкен бір белеске шыққан тұсы. Жамбылдың ақын атын аспандатқан да осы айтыс болады. Өйткені Құлмамбет Жетісу еліне аты ерте жайылған, айтысқан ақынды беттетпеген, аса ауызды ақын болған. Ел арасыдағы бірнеше ақындармен шайқасып және Сүйімбай айтысы, Бақтыбай айтысы, Қатаған айтысы сияқты үлкен айтыстарды өзіне сабақ еткен, өзінен үлкен деп санаған атақты ақындардың ой-өрісі, сөз мұрасына құмар Жамбыл Құлмамбетпен бір кездесем деп жүреді [2,1546].

Жамбыл Құлмамбетті ертеден білген, онымен бірнеше аста, тойда қатар өлең айтады. Сарыбай асында да бірге болады. Бірақ айтысып өріс көріспейді. Қалай да бір айтысып көрсем деп ізденіп те жүреді. Осы кезде Жетісу облысы бас басқан үлкен бір жиылыс болады. Жиылыс Іле көпірінде өтеді. Осы Іле станциясы тұрған жердің айналасына киіз үйлер тігіледі. Алматы, Қапал уездері келеді. Топқа ақындар жиналып айтыс болады. Құлмамбет бірнеше ақынды сөзбен буып сөйлетпей тастайды. Айтысты тілмаш арқылы түсініп тырған ояз Құлмамбетті көтермелеп, сыйлық береді. Енді мұнымен айтысар кім бар деп іздегенде, «таздан басқа ақын құрып па, Сүйімбайдың інісі Жамбыл бар» дейді.

Жамбыл Құлмамбеттің бетінен, әрі он шақты ақынды жеңіп тастаған екпінімен қорғалап қашқақтап жүреді. Жамбыл сыртта кіре қоймай тұрғанда:

«Қара күннің баласы Ысты бақыр,
Кім өлсе соған туар заман ақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса ол неге қайда жатыр.
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса қайда жүр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.
Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға,
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға, -
Болғанда мен бір сұңқар сен бір тауық,
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық,
Сүйімбайың күркілдеп үйде жатыр,
Басқанды қою керек жылы жауып», –
деп, Құлмамбеттің лепіріп отырған серпінінен жүрексіне береді.

«Осы сөз сүйегімнен өтіп кетті... Домбырамды алып Құлмамбеттің алдынан отыра қалдым», – дейді екен Жамбыл. Бұл естелік Үмбеталының айтуынан келтіріліп отыр. Жамбылдың осы айтысын білетін де, айтатын да кісі жоқ. Үмбеталы Жамбылдың өз айтуынан жаттаған [2,1556].

Айтыс аса қызу болады. Өзімшіл өркөкірек Құдайберген Құлмамбеттің Шапыраштыны азырқана, кеміте сөйлегеніне терісіне сыймай ыза болып отырады. Жамбылға кезек келіп, Шапыраштыны мақтап, әсіресе Сұраншы, Саурықтың батырлығын айтқанда, Құдайберген «Сені тапқан шешеннен айналайын» депті.

Бірнеше рет кезек айтысып, Құлмамбетке кезек келгенде домбырасының ішегі үзіліп кетіп, енді домбыраның ішегін жалғағанша ыза болып отырған тентек Құдайберген үстелде жатқан бәйгені жұлып алып қалтасына салып «сен домбыраның ішегін жалғағанша біздің Жамбыл отыра ма, біздің Жамбыл жеңді» - деп өз кісілерін ертіп тұрып кетіпті. Құлмамбет қалып қояды [2,1566].

Мұны өз аузынан осылай айтады екен. Осы айтыста Жамбыл атағы аспанға ұшқандай болады. Өйткені ол айтыста Сүйімбай тірі, бірақ ауру үйінде. Жиынға бара алмапты. Сүйімбайдың тірі екеніне Құлмамбеттің өз сөзі де дәлел.

Жиын тарап әркім өз үйіне қайтады. Айтыстың артынан Құлмамбет пен Жамбыл бұрынғысынан да жақын танысады. Өзінен жасы да үлкен, әрі атағы да ерте көтерілген

Құлмамбетке Жамбыл інілік дәстүрмен сыйлап, өлең айтып, екеуі бұрынғыдан да достасады. Жамбыл Құлмамбеттің қасында бірнеше күндей болады. Екеуі айрыларда Құлмамбет Жамбылға «сен қырғыз еліне таныс көрінесің сол елге мені бастап апар» дейді. Жамбыл апаруға уәде қылады. Бірақ Құламамбет еліне барып қайта келмек болады. Жамбыл да өз аулына қайтады. Сол жылы күзге жақын Құлмамбет Жамбылдың үйіне келіп, екеуі қырғыз асады [2,1566].

Әдетте Жамбыл айтыстары көбінесе халықтық, бүкіл елдік мәселелермен ұштасып жатады. Ол кейбір ақындар сияқты күнделікті тіршілік күйбеңінің, ру тартысының көлеңкесінде қалмай, халықтық деңгейдің биігінде тұрып сөйлейді [1,136].

Міне, осындай үлкен мұрат, міндеттер Жамбыл жырларының халық алдындағы беделін, бағасын өсіріп отырған.

Жамбыл сөзді бетің бар, жүзің бар демей реті келген жерде тіліп салатын болған. Құдайбергеннің болыс күнінде үйіне Жамбыл келеді. Қысқы уақыт болса керек, Жамбыл сәлем беріп амандасса, Құдайберген Жамбылдың жанына тиіп:

– «Бір жынды Екеймен жарысам деп атым өліп қалды», – депті.

Ескожа елі Екейді кеміте сөйлейтін әдеті болыпты.

«Болысжан жүрген жерін күнде сауық,

Пенденің бойында көп қатер-қауіп,

Екейдің жындысымен жарысам деп

Сенің де кетіпті ғой есің ауып, – [2,1576].

дейді Жамбыл. Құдайберген ешнәрсе айтпапты. Өйткені Құдайберген астында семіз аты бар. Ұзынағаштан келе жатса, Екейдің Таңат деген бір адамы қасынан шауып өте шығыпты. Екейден атым қалса атым Құдайберген болмасан деп, бұл да тұра шауып содан екеуі ерегесіп, ауылға жеткенше Құдайбергеннің тұнып тұрған семіз аты зорығып, өліп қалыпты. Сол есер мінезін бетіне айтып, өзін көзбе-көз жерлеген.

Жамбылдың ерте кезде ел арасында айтқан бір ауыз, екі ауыз өлең өте көп, бірақ жазылып жиналмаған. Жатқа біліп айтқан адамдардың көбісі дүниеден өткен [3].

Алыстан сарқылып келген арман түйіні шешілгендей, елі масайрап еркіндік алғанда, ері ел билеп, күні кеше үні естілгенмен үйірімі кетіп тозғындаған қазақ елі бас қосқанда Жамбыл жыр теңізін ақтарса керек.

«Халықтың енді міне жетілгені,

Құрыштың білінбейді кетілгені.

Аталып Қазақстан ел боп туып,

Үй тігіп ірге қалап бекілгені», – [2,1686].

дейді. Тағы бір үлкен жиналыста Жамбыл:

«Сексен бірге жас келіп,

Әр немеден жасқандық.

Кәрілік деген тақымдап,

Өлім қалды жақындап.

Суылып сөз келді,

Жамбыл сынды қартыңнан.

Мұнша жасқа келгенде,

Не көріп, не білгеннен.

Бір ауыз сөз айта алмай,

Қалса үлкен мін ақынға,

Елестер сан белестер.

Соның бәрін ашқанда,

Қол жеткізген асқарға,

Маркс – Ленин кемеңгер,

Жер мен суды қолға алып,

Жетісіп тұр енді елім», – [2,1696].

деп ұзақ жырлайды.

1934 жылы Алматы қаласына шақырылған жас көркемөнершілер мәжілісіне келіп Жамбыл жыр айтады. Бұл жырда Жамбыл бір кезде азып-тозып кеткен халықтың атамұра асыл қазынасы талапты жастардың қолына тиіп көркейе бастағанына қатты қуанады. Соған арнап:

«Уа, термеден сөзді бастайын,
Жас жігерлер алдында.
Топтан озған тарлан ең,
Шабысыңнан таңдың ба.
Тұяғың тозып, топас боп,
Китіндеумен қалдың ба,
Шаршы топқа түскенде
Шабысы болар шалдың да», – [2,170б].

деп өзін жастар алдында сөзден сүрінбейтін жігермен қайрап жыр ағызады.

Жамбылдың бұл кездегі айтқан әрбір кезеңді жердегі жыры заман бейнесін суреттеуге кеңінен қамтылған жыр болады.

Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді.

Жамбылдың «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы орыс тіліне аударылып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайыла бастайды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақиық қыранындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936-1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыр-толғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады [3].

Жамбыл – айтыскер ақын ғана емес, абыз жырау, жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшбасшысы.

Жамбылдың сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын [4].

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - дейді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Садырбаев С. Жамбыл Жабаев Өлеңдер, айтыстар, дастандар. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1989
2. Жыр алыбы (Жамбыл жайлы естеліктер) Құрастырған: Қ.Жұмаділов. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1971
3. Қауғабай О. Жамбыл туралы естеліктер. – Алматы: «Жазушы», 2013
4. Жолдасбеков М. «Кісілік кітабы». III том Астана: Күлтегін, 2012

ЖАМБЫЛТАНУҒА БАСТАЛҒАН ІЗГІ ҚАДАМ (Ә.Тәжібаевтың естеліктері негізінде)

Аяпова Г.Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты,
Атырау, Қазақстан

Қазақ халқының ауызша поэзиясын дамытудағы орны жоғары Жамбыл Жабаевтың суырып салып айту, ауызша импровизация дәстүріндегі тағылымды туындыларын жинап, жариялау ісі өткен ғасырдың бас кезінде басталғаны белгілі. Ж.Жабаевтың ұлт әдебиетінде салған соны жолы кездейсоқ басталмаса керек еді.

«Ал, енді айта беретін нәрсе жамбылдың 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасына қатысуы. Сол декадада халық ақынын, суырып салма ақынын көрсету туралы талап қойылады. Осыған орай Алматыға он шақты ең белгілі дейтін ақындарды шақырып алып оларға советтік заманды, советтік Қазақстанды жырлау туралы тапсырма береді. Осыған байланысты ақын он шақты өлең айтады. Ол өлеңдер жазылып алынады. Жзылып алынған өлеңдер кәзіргі тілмен айтқанда конкурсқа түседі. Сол конкурста Жамбылдың «Туған еліме» дейтін толғауы жеңіп шыққан» [1,407].

«Сол декадада халық ақынын, суырып салма ақынын көрсету туралы талап қойылады» деген ойға жауапты Ә.Тәжібаевтың «Жылдар, ойлар» [2] естелігінен таба алатын сияқтымыз.

«1936жыл. Мен онда наркомпроста (халық ағарту комиссариаты) істеуші едім. Онда барлық оқу, мәдениет, көркемөнер жұмыстарын түгел наркомпрос басқаратын. Нарком Темірбек Жүргенов болатын.

Парижден Мирзоян телефон соғып Оразға өз ойын айтыпты: азақ ақын халық деуші едік қой, онымыз рас болса декадаға ақын апарайық. Сүлейман Стальский сияқты бір қария табындар, - депті. Бұл өте жауапты міндет, Әбділда, - деді ол тағы да өзінің іспен шұғылданардағы пішінін көшіп, -сен бүгін Жамбылды тауып әкелуге жүріп кет: Есінде ме ол қарт?

Есімде, аға, қайдан іздеу керек екен

Ұзынағаш ауданынан» [2, 135].

Ә.Тәжібаев естелігінің ізімен жүрсек, ақын ақынды іздеу мақсатында Ұзынағаш ауданына, одан әрі Тәжібай тәуіптің шаңырағынан табады. «Шай ішіп отырмын, көзім Жамбылда. Токсанға келіп қалған шалдың кесе ұстағаны қайратты сияқты, қалтырамай ұстайды. Әсіресе маған үні ұнайды. Жүрегі тозған адамның даусы дірілдеп, жарықшақтанып шығады ғой. Жәкең ондай емес. Қаттырақ айтқысы келгенде саңқылдап та сөйлей алады екен» [2, 135]. Алғашқы Жамбылға берген мінзедемеден-ақ ақынның қартайған кезде де «ақындық қуатының сыны кетпеген» мәрт тұлғаны танысыз. Алматыға келген ақын Ә.Тәжібаевтың үйінде өнерге жақындығы бар анасы Айманкүлмен танысып, «сол отбасының өз адамындай» боп кетеді. Алғаш Жамбылмен М.Әуезов пен С.Мұқанов танысады.

«-Жәке! – деді Сәбит, - тоқталмай айта берсеңіз, жырыңыз қанша күнге жетер еді?

Туғалы айтып келем, әлі біткен жоқ қой, енді қанша жасарымды құдайдан сұра.

Мұхаң еңкейіңкіреп Сәбитке сыбырлады:

-Байқаймысың аяқ алысын?

- Байқағанда қандай. Айтыс ақыны екені көрініп-ақ тұр. жауаптасудан шыдататын емес.

- Ойы тың екен. Күйіне түссе, әлі көп сілтейтін болу керек. Жәкең домбырасын шертіп бастап, еді қыза келе әлдеқандай эпикалық сарынға түскендей болды» [2, 143].

Жамбыл жырларын ұлы жазушы М.Әуезов бастап жазып, қазақтың ғасырлар бойы дамып келген, сипаты ерекше халық поэзиясының ерекше бір парағы болып тарихта қалған

еді. Ұлттың ұлы поэзиясы Мәскеуде жырланды, қазақ елінен барған декада сәтті сапар болды.

Көп ұзамай Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, Жамбыл жылағанды жұбатып, халқына рух беретін көсемдік сөздерін жырымен білдірді:

«Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде:
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге.
Қаһар қаулап денемде,
Көз жіібердім мен елге.
Сонда елімнің түрінен –

Қаһармандық аңғардым» [3, 52].

Жамбылдың рухты жырлары өзге тілдерге де аударылып, тарап жатты. Ақынның ұлы – Алғадай да ел қорғауға аттанып, «батырлар рухы қолдасын» деп жырымен ұлын да шығарып салды. 1943 жылы Алғадай ұлынан қара қағаз келгенде де «Алатауды айналсам, Алғадайды табам ба?» деп зарлы жырын да төкті. Халыққа арнаған өмірінің шынайылығы болар, соғыс аяқталған жылы 1945 жылдың 22 маусымы күні Жамбыл Жабаев дүниеден өтті.

Ә.Тәжібаев естелігінде ақын дүниеден өткенде қырғыз елінен келген Оспанқұл мен Әлімқұлдың көңіл айтуын да ерекше бедерлеп жазыпты.

«Сөйлей көр тіл мен көмейім,
Сөйлейін демей не дейін.
Қаралы күні, қазағым,
Қайғымды шертіп желейін.
Оң жақта Жәкем жатқанда,
Жыламай қалай көнейін.
Жәкем жоқ енді дегенге

Жұртым-ау қалай сенейін» [2, 189].

М.Әуезов қайғыны көтеріскен қырғыз ақындарына қазақ бауырлары атынан тоқтау айтып, өлеңмен жауап беруін қалайды. Асау үнді гармонымен Нартай Бекежанов «Қайнаған дерттеі бастатын, Жырменен көмек бердіңдер, Жазылғандай болды ғой, Жанымның қанды жарасы» деп сабырлық білідіріпті. Жамбылдың ақынды күші де қара халықпен бірге болып, бірге өскен болатын. Барлық өлең жырлары қазақ халқының «қара шекпеніндей» бітім күйде болды.

Ә.Тәжібаевтың «Жылдар, ойлар» кітабы Жамбылтанудың алғашқы беттері, ақынды іздеп, барып, алғашқы жыр шумақтарын жазып алуымен ерекшеленеді. Бұл орайда Жамбылтануға қатысты алдымен Жамбылдың өмірбаянының жүйелену жолына қосқан үлесі байқалады. Одан соң ақынның әдеби мұрасының жиналып, хатқа түсуі өзге тілге аударылуына жол салынды.

Қорыта келгенде Ә.Тәжібаевтың естеліктерден тұратын еңбегінің ерекшелігі жүз жыл жасаған жүрек иесі - Жамбыл Жабаевтың әдеби мұрасына алғаш барлау жасалынғандығы дер едік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жамбыл Жабаев. Шығармалар жинағы. 10 томдық. 7-том. Тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулер. Бірінші кітап. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2021.-436.
2. Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар (Естеліктер мен толғаныстар) Алматы: жазушы, 1976.-472.
3. Жамбыл Жабаев. Шығармалар жинағы. 10 томдық. 4-том. Естеліктер Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2021.-400.

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ

Сарбасов Б.С.

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Патриотизмге тәрбиелеу барысында жас ұрпақта патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудың танымдық мәні естен шығарылмау керек. Оқушының білімін жетілдіре отырып, елжандылыққа тәрбиелеуде оқушының санасына халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін меңгерту – жан-жақты жетілген, жаңа ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің заңдылығы.

Түйін сөздер: Халық оқулығы, фольклор жанры, сөз нақышы, нақыл сөз.

XXI ғасыр жас ұрпақтың жан-жақты, терең білімді, саяси, экономикалық сауатты, интеллектуалы биік жеке тұлға болуын талап етеді. Мұндай талапқа сай білім беру жүйесіндегі берілер білім мен тәрбиенің де сапасы биік болуы қажет. Еліміз егемендік алғалы бері қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен жаңғыртып, жаңалап, халықтық болмысты алдыңғы орынға қоюдамыз. Мұндағы көзделетін мақсат – өсіп келе жатқан жастарды халықтық дәстүрмен тәрбиелеп, ұлттық асыл асыл қасиеттерді бойына дарыта отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Қазіргі қазақ жастарын тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Қазақ педагогикасының тарихында «ұлттық тәрбие» ұғымын тұңғыш енгізген ұлы ағартушы, педагог Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі, әр ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деп ұстаздар мен тәрбиешілерге биік талап қойған [1].

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесіне сол ұлттық рухани құндылықтарды ендіріп, бүкіл қазақ халқының, әсіресе жас ұрпақ пен жастардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру қажет. Өйткені, ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни-наным сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жинағы.

Сондықтан ұлттық тәрбиенің қажеттігі - ұлтжанды азамат тәрбиелеу және қазақ қоғамында орын алып отырған қайғылы қасіреттер мен құбылыстар: ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және дінін білмейтін жастарды ұлттық тәрбиенің қайнар көздерімен тәрбиелеу арқылы санасына сіңіруді қажет етеді.

Жастарға ұлттық тәрбие беруде Жамбыл шығармашылығының да маңызы өте зор. Жамбыл – айтыскер ақын ғана емес, абыз жырау, жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшбасшысы.

Жамбылдың сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын.

Ұлы Отан соғысының тақырыбына арнап Жамбыл Жабаев үш мың жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда ақын жырларының тарихи маңызы зор.

Мысалға «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жамбыл Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта, сүйікті Ленинград қаласы жаудың қоршауында қалған кезде шығарды. Осы кезде Жамбыл жырының күші қандай болғандығы туралы орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай дейді:

«Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинград қаласының аса бір ауыр шағы еді. Осындай ауыр кезде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздеріне жастары сорғалаған талай адамды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, адамдар тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім» – деп жазады [2, 29-30бб.].

Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын жоғарыда айтылған естеліктерден айқын аңғаруға болады. «Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен кеңес жауынгерлеріне жігер берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермеңдер деген ақын жырларында өршілдік рух басым болды. Жауынгерлердің қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!..
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран, өренім! [3,109б.].

Жамбылдың соғыс тұсындағы әрбір жыры, майдан өмірінің әрбір асуына, соғыстың кәрлі қабағы қатты түйілген әрбір кезеңдерде байланысты туды. Сталинград қаласына қауіп-қатер төнгенде, Жамбыл атақты «Алынбас қамал» деген жырын шығарды. Сталинградты қорғаушылардың ішінде Жамбылдың ең жақсы көретін ұлы Алғадай бар еді. Жетінші гвардия Қызыл Ту дивизиясының хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметінен сексен фашисті өлтірген. Жамбыл жырлаған сұраншы, Саурық батырлардың ұрпағы сияқты Жамбылдың ұлы Алғадайда соғыста ерекше ерлікпен қаза тапқан.

Баласының ерлігіне сүйсінген Жамбыл «Алынбас қамалында», Алғадай туралы былай дейді:

Жапырған жауды шалғындай,
Жібердім сонда баламды,
Сталинград қалаңда!
Қорғас деп жүрек жанындай!
– Алғадай, – дедім – аянба!
Әкеден тудың Жамбылдай,
Жырымды жеткіз ерлерге.
Майданға қаққан дабылдай,
Толқыны жойқын Еділге,
Қосылсын үнім дауылдай! [2,476.].

Жамбылдың «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы орыс тіліне аударылып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайыла бастайды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақиық қыранындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936-1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыр-толғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады [3].

Жамбыл – айтыскер ақын ғана емес, абыз жырау, жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшбасшысы.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - дейді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі.

Патриотизмге тәрбиелеу барысында жас ұрпақта патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудың танымдық мәні естен шығарылмау керек. Оқушының білімін жетілдіре отырып, елжандылыққа тәрбиелеуде оқушының санасына халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін меңгерту – жан-жақты жетілген, жаңа ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің заңдылығы.

Ұлттық тәлім – тәрбие беруде болашақ ұрпақтың бойына қазақ халқының өткен тарихы, сол тарихтағы ұлы тұлғалар, елім деп еңіреген ерлер, халықтың болашағын ойлаған ақын-жазушылар жайлы білімді жастарға тереңірек сіңіру керек.

Өз ұлтының мақтанышы болған, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы: «Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүйуге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс», - дейді.

Бұл айтылған ойдың астарында өз ұлтыңды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүйуге үйрен деген ой жатыр. Ұлт болу үшін, елдігінді сақтау үшін, елінің тарихы мен әдебиетін, мәдениетін, елінің тілін, ділін жас ұрпақтың бойына жан-жақты ұлттық тәрбиенің қайнар көздері арқылы тәрбиелеу баршамыздың парызымыз деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбесі. – Алматы, 1995
2. Жыр алыбы (Жамбыл жайлы естеліктер) Құрастырған: Қ.Жұмаділов. – Алматы: Жазушы, 1971
3. Жамбыл Жабаев Өлеңдер, айтыстар, дастандар. Құрастырған: Садырбаев С. – Алматы: Мектеп, 1989.

ЖЫРЛАЙДЫ ЖАМБЫЛ ЖҮРЕГІ (Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына)

Токсанбаева Т.Ж.

ф.ғ.к, доцент

Кулбатыр А.М.

1-курс студенті,

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Жамбыл Жабаев өзінің ғасырға жуық ғұмырында қазақтың дархан даласын, достық пен ерлікті шығармашылығына арқау ете отырып, поэзия әлеміндегі туған халқының мақтанышына, әлемдік деңгейдегі жыр алыбына айналғандығы, сондай-ақ, оның ақыл-ойға, парасатқа, терең тарихқа, нәзік сезімге, бай образға толы поэзиясы хақында айтылады.

Түйінді сөздер: поэзия, шығармашылық, стиль, құндылық, шеберлік.

Қазақтың кара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Жамбыл Жабаев 175 жасқа толып отыр.

Жамбыл — ғасырлық ғұмырымызда арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын.

Жамбыл Жабаев өзінің ғасырға жуық ғұмырында тау мен даланы жырлады. Поэзия әлеміндегі туған халқының мақтанышы, әлемдік деңгейдегі жыр алыбына айналды. Жамбыл бабамыз - есімі қазақ әдебиетінде алтын әріптермен қалған ғажайып құбылыс! Алып та биік, айдынды да айбынды жыр жампозы!

Ақиық ақынның жыры да, сыры да мәңгілік тақырыпты қозғайды. Яғни, тіршілік және адамтану жөнінде! Жыр дүлділі Жамбыл Жабаев есімінің бүкіл жер шарын шарлаған кезі - жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарының ортасы. Оның өлеңдері Азия мен Еуропа және басқа да континенттер ұлттарының елу шақты тілдеріне аударылған.

Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбылдың есімі дүние жүзі халықтарына кеңінен мәлім. Жамбыл - медресе, мектептің есігін ашып, қолына қалам ұстап, жазу-сызуды білмесе де, жастайынан домбыра тартып, жыр жаттады, қазақ халқының сөз өнерін үйренді, кейін ақындығымен елге әйгілі жыршы атанды. Ол «Көрұғлы», «Мұңлық- Зарлық», «Шаһнама», «Қыз Жібек» сияқты үлкен дастандарды бірнеше апта бойы жырлаған.

«Жамбыл-ақыл ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау. Оның бір өзі әрі эпик, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны» [1] - деп, жазушы Мұхтар Әуезов Жамбылға баға береді.

Екі ғасырдың куәсі, жыршы - жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын, «Халық поэзиясының алыбы», «XX-шы ғасырдың Гомері», «Жамбыл – менің жай атым, халық - менің шын атым» деген ұлы тұлға. Жастайынан өлеңді қолма-қол шығарып айтатын болған. Қаршадай баланың өнеріне сүйінген атақты Сүйінбай ақын оған ақ батасын берген.

Жетісу өңіріне ғана емес, бүкіл қазаққа аты мәшһүр жыр жампозы Жамбыл Жабаев 1846 жылы 28 ақпанда қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы Жамбыл тауының баурайында, Ұлы жүздің ішіндегі Шапыраштының Екей руынан шыққан Жапа Ыстыбайұлының отбасында дүниеге келген.

Әкесінің аты Жапа болғанымен, ел Жабтай деп атап кеткен. Жапаның Ұлданай атты әйелінен Тәйті, Жамбыл, Коман туады. Арғы аталары дәулетті кісілер болғанымен, Жамбылдың әкесі Жапа «шоқпыт шапанды көшпелі кедей болған».

Тумысынан өнерге жақын Жамбыл молдадан дәріс алуды қаламаған. «Батанды маған бер, әке» деген өлеңінде:

Батанды маған бер, әке,

Тіліме менің ер, әке,
Жапаның ұлы ақын боп,
Жаксы істепті дер, әке!
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке,
Ұрлық түбі – қорлық деп,
Болармыз құр келеке,
- деп өлеңнің соңында ақындық жолға түсуге бата сұрайды.

Жүрегіне өлең ұялаған дарынды жігіт жастайынан біржолата ақындық жолына түседі.

Оған ақынның мына жыр жолдары куә:

...Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып.
Райыттап тана мініп, қозы бақтым,
Еңбекті иемденгенде шама келіп.
Қойшымен кеңес құрдым қыр басында,
Өлеңмен ермек болдым жолдасыма.
Сол еңбек қалытқыдай кетті алып,
Байлардың жақындатпай мырзасына.
Өленді өркендеттім, өршіп, өстім,
Көргенде жақсы жырды құстай үштым.
«Жас ақын», «жап-жақсы ақын», «Жамбыл ақын»
Дегенде, дара болып көзге түстім.
Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға.
Он алты желі ұзатты, өрістетті,
Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға.
Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп, жалтылдадым.
Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа.
Бір жағы қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы атқа мінген бай мен датқа [2].

Жастайынан ақындық өнерге құмартқан Жамбыл 14 жасында жырдың пірі Сүйінбай ақыннан бата алып, сөз өнерінің даңғыл жолына түседі. Сүйінбай Аронұлы – шашасына шаң жұқпаған айтыс ақыны, от тілді, орақ ауызды шешен, қазақ шежіресінің сұңғыла білгірі, өлеңнің қызыл желі. Жамбыл өзінің ұлы ұстазынан осы қасиеттердің бәрін алды.

Қазақ халқының ұлы ақындары Сүйінбай мен Жамбыл — егіз құбылыс. Екеуін бірінен-бірін бөліп қарауға болмайды. Алып бәйтерек тамырдан өседі десек, Жамбылға нәр берген тамыр – Сүйінбай. Содан да шығар Жамбыл:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы, сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай!

- деп өмір бойы аузынан тастамай кеткен [3]. Жамбыл 35 жасында, яғни 1881 жылдың күзінде, Іле бойында өткен бір үлкен жәрмеңкеде сол кезде орта жастардағы ақын

Құлмамбетпен айтысып, жеңіске жетеді. Содан бастап Жетісудың ең үздік ақынына айналады.

1913-ші жылы Алматыда Романовтар династиясының 300 жылдық тойына арналған көрме ашылады. Алматының губернаторы патшаны мақтату үшін Жетісу ақындарын жинайды. Осы жиында айтқан «Өстепкеде» деген өлеңінде Жамбыл патшаны мақтауға бармай, керісінше, көрмеге келген ел әкімдерінің жағымсыз мінездерін сынайды.

Тарихтан мәлім, 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталып, ұзаққа созылған соғыс зардабынан патшалы Ресей империясы құрамындағы халықтар қатты күйзеліске түсті. 1916 жылы қазақ халқынан Ресей императоры он тоғыз бен отыз бір жас аралығындағы тепсе, темір үзетін атпал азаматтарды соғыстың қара жұмысына алу туралы Жарлық шығарды. Бұл жастағы жігіттер аграрлы қазақ қауымында негізгі асыраушы күш болғандықтан, еркек кіндік атаулыны жаппай майданға әкету қазақ ұлтының әлеуметтік-демографиялық күйреуіне әкеліп соғар еді. Осыны түсінген халық Қазақстанның түкпір-түкпірінде патша өкіметіне қарсы көтеріліске шықты. Көтерілістің негізгі үлкен-үлкен ошақтары Торғайдағы Амангелді Иманов, Жетісудағы Бекболат Әшекеев бастаған ереуілшілер болды. Осы Жетісудағы көтеріліс кезеңінде жетпіс жастағы Жамбыл Жабаев «Патша әмірі таралды (1916 жылғы оқиға)» атты өлеңінде:

...Патша әмірі таралды,
Оған қылар бар ма ылаж?
Ішке толған зарымды,
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып берерміз?!
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?!
Көкіректе зар қылып,
Қорлықпен қайтып өтерміз?!

- деп халық көтерілісінің түпкі мәнін ашып көрсетіп, көтерілістің басты ұраншысына айналады.

Жамбыл патша жандармы бұйрығымен тұтқындалып, жетпіске қараған шағында түрмеге отырғызылады. Халқының ақынына деген сүйіспеншілігінің арқасында ақын абақтыдан босап, бостандыққа шығады.

Кеңестік дәуір кезеңі ақын шығармашылығының жаңа бір дәуірде өзгеше түрленуі болып көрінеді. 1916 жылғы дүрбелеңдер 1917 жылғы атақты төңкеріске ұласып, бұл тарихи оқиғалардың соңы әлем картасында КСРО атты жаңа алып империяның пайда болуымен аяқталды. Ұлттық құндылықтармен қаруланған Жамбыл рухы бұл кезеңде де жыр жорғасынан жаңылған жоқ.

Ақын жаңа қоғамды үкімет оң қабақ танытпай тұрып-ақ, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында жырға қосты. Жырау 1924 жылы өзінің «Қазақстан тойына» атты жырында:

Халықтың енді міне жетілгені,
Құрыштың білінбейді кетілгені.
Аталып Қазақстан ел боп туып,
Үй тігіп, ірге қалап бекінгені.
Елімді сансыз жылдар қоршап тұман
Өмірінде азап шегіп өкінгені.
Елімнің үкіметі көп жасасын!
Намысты жауымызға кетірмеді.
Ағытқан бар арынын арғымақтай,
Қиырдан қия шауып лепіргені.

Сенімен туған елім біте қайнап,
Жан емен әңгіменің шетіндегі.
Сондықтан, бабаң Жамбыл әнге шырқап
Қырандай қос қанаттың серпілгені,

- деп толғынысқа түседі. Қорғасындай құйылған осы жыр жолдарының бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған заманмен ғажап үндестігін көреміз. Сонау өткен ғасыр басында Жамбыл ата Қазақстанның тәуелсіз ел болып түлейтінін, үй болып ірге қалайтынын болжап отырғандай сияқты.

Жамбылдың шығармашылық өрлеу жылдары – XX ғасырдың 30-жылдар іші. Ақын 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып, орден алды. Дәл осы жылы Жамбылдың Кеңес елі тұсындағы «Туған елім» атты атақты толғауы жарық көрді. Жырдың негізгі лейтмотиві — жаңа заманнан мүмкіндігінше өз үлесін алған, жасарып жаңарған қазақ елінің бейнесі. Ақын былай жырлайды:

Содан бастап қазаққа,
Қимылдарлық әл кірді,
Кеудесіне жан кірді.
Жан кіріп қана қоймайды —
Ел боларлық сән кірді.
Сәнді қазақ елінде —
Қартайғанда ән салған,
Өлеңін қойдай тоғытқан,
Тыңдаушысын ұйытқан —
Көретін болдың Жамбылды [4] .

Бұл жолдардан 20-30 жылдардағы қазақ халқының басынан өткен тауқыметіне қарамай, халықтың еңсесін көтеретін асқақ рух екпінін көреміз.

1938 жылы Жамбылдың шығармашылық қызметінің 75 жылдығы мерекеленгенде, дүние жүзінің ұлы ақын-жазушылары Мартин Андерсен Нексе, Ромен Роллан, Анри Барбюс, Рабиндранат Тагор, Катерина Сусанна Ричард, тағы басқалары ақынды құттықтап хат, жеделхаттар жолдаған. Кезінде ол «XX-шы ғасырдың Гомері», «Халық поэзиясының алыбы» атанды. 1941 жылы «Әлемге аян жырлары үшін» делініп, оған Одақтық дәрежедегі Сталиндік сыйлық берілді [5].

Ұлы Отан соғысы кезінде Жамбыл өлеңдері майдан даласын шарлап, жауынгерлерді ерлікке, ел қорғауға шақырды. «Ленинградтық өренім» өлеңі Ленинградты қорғаудың нағыз бір ауыр күндерінде шығарылып, ұранға айналды:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін.
Өркеш-өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған,
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!
Жасағам жоқ өмірді,
Жау сойқанын көргелі.
Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.

Жасалған жоқ салтанат –
Жаудың болуға ермегі.
Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!
Жасағамын өмірді –
Жау біткенді жеңгелі.
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.
Қазақстан жерінен,
Тұтағандай ел кегі,
Жолды кернеп қол кетті,
Сендерге дем бергелі.
Нева алабын қорындар,
Ленинградтың ерлері.
Ұрпаққа үлгі болындар,
Заманымның өрнегі!...

Бұл өлең плакатқа басылып Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург қаласы) көшелерінде ілінген жыр жолдары халықты рухтандырды. Ел еңсесін тіктеді. Солдаттар соңғы күшін жиып, жауға тойтарыс берді.

Жамбылдың ақырғы жыры 1945 жылы 9 мамырда айтылды. Ол жырда неміс басқыншыларын халқымыздың қаһармандықпен жеңгендігі дәріптелді.

Жыр алыбы жүз жасқа қадам басқан шағында, яғни 1945 жылы 22 маусымда, дүниеден өтті. Ақынның денесі өз қолымен өсірген бағына жерленіп, ол жер кейіннен Әдеби-мемориалдық мұражайға айналды.

Қорыта келе айтарымыз, жыраудың «Ақын болдым» атты керемет толғауында:

Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.
Алтынына біреудің,
Жолда жатса тимедім.
Жыртық киім кигенім,
Арық, жауыр мінгенім.
Думан топты қақ жарып,
Жастық шақта жүргенім.
Ақ бөкендей желгенім,
Ақынның көріп мергенім.
Өмірменен жанасып,
Жарлыменен санасып,
Ақиқатты сөйледім.
Ақ домбыра ермегім,
Сөздің оғын кезесем,
Алыстан атып жеткіздім.
Дұшпанға арнап кезесем,
Өңменінен өткіздім.
Мерген болдым, атқышпын,
Көздедім көрсең қылаңды.
Шешен болдым, тапқышпын,
Төте жолмен төтелеп,
Елдің сырын жетелеп,
Арқадан арқа қыр асып,
Егескенге шыдасып,
Жамбылдан кім бар шыдамды?!
Он жеті мен он сегіз,

Тал шыбықтай бұралған.
Жас ақын Жамбыл атақты,
Он үштен бастап сыналған.
Жүйесін тапқан жел сөзді
Үйсін, Найман құп алған.
Көрғұлы Сұлтан, Өтеген,
Шежіресін тыңдаса,
Шығушы еді құмардан.
Өлеңді жастан дарытқан.
Малға қашан жарытқан.
Жамбыл ақын нәсібі
Өзімді сүйген халықтан.
Қазынасы кең дүние,
Жамбыл қашан тарытқан...

- деген сөздері оның азаматтық та, ақындық та анкетасы сияқты.

Жамбыл жырларының халықтар жүрегінен өшпес, өлмес орын алуы — оның ұлылығының белгісі. Сондықтан да армян ақыны А. Геворк:

Сенің жырың — миллионның, өз жыры,
Сенің тілің — миллионның өз тілі,
Сенің жырың жатталады
Бүкіл совет елінде.
Мәңгі-мәңгі сақталады
Бақытты Отан төрінде», [6]

- деп жазды.

«Жамбыл жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі», - деп толғанған екен кезінде даңқты жазушы Сәбит Мұқанов.

Бұл сөздер — ақын өмірі мен шығармашылығына, оның ғасыр жасаған, ерлікке толы поэзиясына берілген әділ баға, біздер үшін мән-мағынасын ешқашан жоймайтын құнды деректер. Бұл мәліметтер Жамбыл бабамыздың кейінгі ұрпақ үшін тек танымдық дүние, аңсап, сусап оқитын, тәлімдік, тәрбиелік мәні зор өнегесі, біздерге қалдырған өлшеусіз ғибраты. Ұрпақтары барда ұлы ақын жыры ғасырдан ғасырға жасай береді!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қирабаев С. Жамбыл Ленинградқа келіп, оны қорғаушылардың қатарында тұрды... // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Жыр алыбы Жамбыл Жабаев (1846-1945). - 2001.- № 8(20).- 52 б.
2. Негимов С. Суырыпсалма саңлағы // Егемен Қазақстан. - 2016. -13 ақпан,- 8 б.
3. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016, 1-т. -270 б.
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы; 17-том. –Алматы: Жазушы, 1985. –350 б.
5. Жолдасбеков М. Асыл арналар. –Алматы: Жазушы, 1986. –328 б. 5. Әзірбаев К. Аңыздар сыры /Құраст. Кененқызы Т/. –Астана: Елорда, 2000. –348 б.
6. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/23266>

ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ПАТРИОТИЗМ

Дәулетова А.Н.

аға оқытушы, филология магистрі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Жамбыл Жабаев өлеңдеріндегі патриотизм, отансүйгіштік, елін қорғау мәселелері қарастырылады. Ақын өлеңдеріндегі патриотизмнің еңбек адамдары мен солдаттар бойынан көрініс табуы болашақ ұрпаққа насихатталады.

Түйін сөздер: патриотизм, отансүйгіштік, халықтар достығы, азаматтық пафос, ақын-импровизатор т.б.

Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы Жамбыл феномені оның шығармашылығының халық поэзиясынан бастау алып, халықтың өмірімен, тарихымен тығыз байланысты болуымен маңызды. Ақынның қайталанбас суырып салмалық дарыны, оның шығармашылық бастауы әр елдің ғалымдары мен жазушыларын жаңаша ойландырады. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Сейіт Қасқабасов Жамбыл Жабаевты айтыстың теңдесі жоқ шебері деп бағалаған болатын. Айтыс жанрында ақын өзін көркем ойы мен шырынды тілді бойна сіңірген сөз зергері ретінде таныта білді. Ақын айтысқа жаңа тақырыптар ала келді. Осы арқылы ол жанрды айтарлықтай байытып, жаңартқаны белгілі. Оған Жамбыл ақынның айтыстары куә. Жамбыл Жабаевтың асқан ақындық дарыны осы айтыстарында көрінген болатын.

Жамбыл Жабаев ақындығын алғаш зерттеушілердің бірі Е.Ысмайылов: «Жамбылдың халықтық даналықпен жырлаған поэзиясы қазақ әдебиетінде көлемді ғана емес, бүкіл дүние жүзі әдебиетінде айрықша маңызды орын алады» [1,55] деген болатын. Расында, ХХІ ғасырда қазақтың ұлы ақын-импровизаторының есімі, шығармашылық мұрасы Қазақстанның тысқары жерлеріне де белгілі болды. Ақын шығармаларындағы әлеуметтік-азаматтық пафос, Отанға деген сүйіспеншілік, халықтар достығы, шығармаларының эпикалық ауқымы мен тереңдігі оның тұлғасы мен шығармашылығына деген тұрақты қызығушылықты алдын ала айқындап берді. Бұған ақынның поэтикалық шығармаларының болгар, ағылшын, венгр, испан, қытай, корей, поляк, неміс, француз, чех сынды елуден астам тілге аударылуы дәлел.

Өнердің басты міндеттерінің бірі – қоғам мүшелерін шынайы патриоттық, интернационализм рухында тәрбиелеу.

Жамбыл Жабаев туындыларындағы басты тақырыптық бірі ұлтжандылық, патриоттық тәрбие. Ақын соғыс жылдары жазылған патриоттық өлеңдерінде өлім мен өмір арпалысындағы совет жауынгерлеріне жігер беруге тырысты. Солардың бірі «Майданға хат», «Ленинградтық өренім» тағы басқа шығармалары.

Неміс басқыншылары 1941 жылы елге басып кірген сәтінде Жамбыл ақын «Ата жаумен айқастық» атты толғауын арнайды:

«Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме,
Шапты фашист, дегенде
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге
Қаһар қаулап денемді!
Көз жібердім мен елге:
Сонда елімнің түрінен
Тастай болып түйілген
Қаһармандық аңғардым

Жау сазайын берерге» [2,258]

деп елге қауіп төнген кезде барша жұртты өз Отанын қорғауға, бірлікке, жауды талқандауда малды да, жанды да аямау керектігін насихаттайды. Ақын Ұлы Отан соғысы жылдарында патриотизмге, жігерге толы өлең, жыр, дастандарды көптеп жазды. Ақын жаумен шайқасқан, Отанды қорғаған, ерекше ерлік көрсеткен жауынгерлерге, қалаларға, әскери бөлімшелерге жеке арнаулар ғана емес, Бүкіл Кеңес Армиясына жыр шығарған болатын.

Мәселен, «Кеңес гвардеецтеріне», «Москваға», «Ленинградтық өрендерім», «Воронеж батырларына», «Қамал бұзған қаһарман», «Жау ажалы жақын» т.б. Мысалы:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзені сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.

Жасағам жоқ өмірді,
Жау сойқанын көргелі
Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.

Нева алабын қорындар,
Ленинградтың ерлері!
Ұрпаққа үлгі болындар,
Заманымның өрнегі! [2,270]

Жамбыл Жабаев бұл туындысы Ленинградтың қоршауда қалған қаланың қиын сәтін суреттеді. Яғни азығы аз, суы тоқтаған, отыны жоқ, жарығы жоқ, үздіксіз оқ жауған қала бейнесі сомдалады. Бұл жыр қоршауда қалған ленинград солдаттарын рухтандыру мақсатында жазылған. Жыр тек солдаттарға ғана емес халқының да жігерленуіне үлкен қызмет атқарды. Бұл жырдың ленинград солдаттарына күш беріп, әсер еткендігіне Ленинградты қорғауда болған жазушы Всеволод Вишневский пікірі дәлел.

Осындай жігерлі, жалынды, патриоттық рухтағы туындысымен халықты, армияны, майдан мен тыл ерлерін, батырлыққа, ерлікке, қаһармандыққа, шыдамдылыққа, Отан үшін жанын біруге үгіттеп, рух береді. Ақын жастарды Отанды сүйуге, бойында отансүйгіштік қасиетін тәрбиелеуге, әр адам тағдырын өз елінің тағдырымен сабақтастыруға үндеген. Осындай патриоттық туындылары арқылы кез келген сәтте елге қауіп төнгенде елін жаудан қорғауға дайын болуға белсенді ұстанымды оятады.

Ақын Ленинград қаласын Отан ұғымымен бірлікте береді. Ақынның «Біздің дәуір батырлары» атты өлеңінде де «Отан үшін құйылған, Жамбылдың да жыры бар» [3,172] деп Отанды қорғау міндет екендігі айтылады. «Отанды сүй» жырында да ел достығы, ел бірлігі, халықты, сол заманғы бақытты заманды, Отанды сүйуге шақырады.

Ақын ойынша патриотизм мен еңбек ету ұғымдары өзара байланысты. Кез келген адам еңбек етуі шарт. Ал еңбекпен қуаныш, азаттық сезімдері қатар келері сөзсіз. Мысалы:

Жер жырттық, қайнады еңбек, егіс салдық,
Жарыспен еңбек жазын бір қарсы алдық.
Қыртысын қара жердің қарыс айырып,
Қажымай жер қазынасы қабын жардық [2,178]

Жамбыл Жабаев жырларында болашақ ұрпақ пен өмір, еңбек арасында сабақтастық бар. Ақынның түсінігінше адамның еңбегін жырға қосу - олардың ерлігіне тәнті болу, еліктеу. Ақынның «Өнер туралы жыр», «Жеңіс жыры», «Халқыма жыр тарту», «Мал шаруашылығы мамандарына» т.б. өлеңдері Отансүйгіштік пен ақ адал еңбекті насихаттайды.

Ақын өлеңдерінде болашақ ұрпақты ұлтжандылыққа, елін, туған жерін қадірлеуге, Отанын сүйуге, батырлыққа насихаттайды. Жас ұрпақ бойында осы сезімдерді тәрбиелеуге

тырысады. Яғни әр ахзаматтың жүрегінің елім деп соғуын қалайды. Жастардың бойында халқының ұлттық және рухани азаматтық сезімдерін қалыптастыруға тырысады. Өз туындылары арқылы жастарды осы жолда тәрбиелеу керектігін үгіттейді. Жамбыл Жабаевтың патриоттық туындылары жауынгерлерге немістерге қарсы рух беретін, идеялық қару болып табылды.

Қорыта келе айтарымыз, ақын поэзиясының патриоттық бағдары даусыз. Жамбыл ақын өзі үшін дала батырларының ерлігін жырлаған, туған жерін мақтан еткен өз дәуіріндегі теңдесі жоқ ақын. Ақын шығармаларының басты мақсаты қоғам азаматтарын патриоттық рухта тәрбиелеу. Жамбыл ақынның пайымы бойынша патриотизм дегеніміз өз Отанының шексіз, қайталанбас сұлулығы. Жамбыл ақын шығармалары арқылы бүгінгі ұрпақ сол заманда өз Отаны үшін аянбай еңбек еткен, өз Отаны үшін жанын қиған патриот ерлерді тани алады және солардай болуға тырысады. Ақын өлеңдерінде патриоттыққа бағыттайтын басты сөздер: Отан, халық, ерлік, ұрпақ.

Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы қарапайым халықтың ауыр езгісіне қарсы стихиялық наразылықтың көрінісі болды. Ақын қоғамдық өмірдегі келеңсіздіктерді батыл айыптап, халық мүддесін батыл қорғап, оның ауыр халін жеңілдетуге тырысты. Ақын әр адамның қоғамның бір бөлшегі, оның физикалық және рухани жағынан барынша іске асуы, оның ойынша, ел, Отан, халық игілігі үшін еңбек ету арқылы ғана мүмкін болады деген идеяны оятады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исмаилов Е. Ақындар. Монография.- Алматы: «Жазушы», 1956
2. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. II том- Алматы: «Жазушы», 1982, 438б
3. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. II том- Алматы: «Ғылым», 1996, 384б

**БІЛІМ БЕРУ МЕН ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ЖАҢА
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ

Байназарова Г.А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, № 4 жалпы білім беретін мектеп,
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада фольклор туралы айтылып келіп, мектеп балаларын фольклорлық туындылар арқылы тәрбиелеу жолдары айтылады.

Түйін сөздер: фольклор, балалар фольклоры, эстетикалық тәрбие, А.Байтұрсынов, Т.Кәкішев, М.Қаратев зерттеулері.

Фольклор дегеніміз – тарихи оқиғалар ізімен қиялдау, образдау тәсілі арқылы жасалған көркем сөз байлығының басты бір саласы. Қазақ халқының мәдени және рухани байлығын игеруде фольклор жанрларының орны ерекше. Қазіргі заман талабынан туындайтын мәселелердің бірі – жас ұрпақты жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты дамыған парасатты адам ретінде қалыптастыру, оның бойында ұлттық психология, ұлттық сананы орнықтыру, әлеуметтік ортадағы, өзін қоршаған дүниедегі табиғат, адам өміріндегі, әдебиет пен өнердегі тұрмыстағы, салт-дәстүрдегі сұлулықты, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу. Олай болса, ата- бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет- ғұрпын, әдеби, мәдени бай қазынасын баланың зердесіне орнықтырып, парасатты, эстетикалық талғамы жоғары азамат етіп тәрбиелеп өсіру баршаның міндеті. Ал эстетиканың ғылым ретінде жеке философиялық пәнге айналу кезеңі XVIII ғасырдан басталғаны белгілі. Яғни эстетикалық тәрбие- қоғамдық дамудың әрқилы кезеңдерін бастан өткізіп келе жатқан тарихи құбылыс.

Жалпы фольклордың негізі ертеде қалыптасқаны белгілі. Сонау замандағы ұлы ғұламалар (Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Махмұт Қашқари), атақты ақын- ағартушылар (Шоқан, Ыбырай, Абай) сынды ғұламаларымыз адам бойында адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалаған. Ал сол сара жол деп таныған фольклорды одан әрі дамытқан, елеулі еңбек еткен аға буын өкілдерімізді де айтқанымыз жөн. Айтар болсақ, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева сынды ғалымдарымыздың есімдерін ерекше деп айтуымызға негіз бар. Негізінде ғылымда халық ауыз әдебиет туындыларын «фольклор», ал оны зерттейтін ғылымды фольклористика деп атайды. Жалпы фольклор ұғымын басында халықтың рухани, кейде материалдық мәдениеті деп түсінгенімен, уақыт өте келе оның ауқымы кеңейіп, ел арасындағы аңыздар, ертегілер, өлең жырлар жатқызылды. Қазақ фольклоршылары М.Әуезовтың, М.Ғабдуллиннің еңбектерінде фольклорға «ауыз әдебиет» ұғымы берілгені, қазақ фольклоршыларының көбі фольклорды «әдебиет» деп танығаны белгілі. Демек, ғалымдардың «фольклор» ұғымдарына байланысты айтылған пікірлерін саралай келіп атадан балаға мирас болып жеткен, көркем сөз, сахна өнері: ән, күй, би, қолданбалы өнер, халық ойындары, тұрмыс-салт жырлары олардың ерекшеліктерін фольклор ұғымына жатқызамыз. Сондықтан да «ауыз әдебиет» деген ұғымнан гөрі ауқымы кең «фольклор» терминін қолдану ғылымда нақтырақ секілді.

Балалар фольклоры дегеніміз – ол мектеп жасына дейінгі және бастауыш сыныпта оқитын балалардың жас ерекшелігіне сәйкес, балалардың өзіндік қиял-армандарын, талаптарын, ой- пікірлерін, айналадағы құбылысты эстетикалық тұрғыдан қабылдау, сезіну мүмкіндіктерін қалыптастыратын халқымыздың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы болып табылады. Демек, балалар фольклоры балалардың қызыға да сүйсіне тыңдайтын, шығармашылық қасиеттерін арттыратын, логикалық ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытатын құнды жанр екені анық. Бүгінгі таңда кейбір ғалымдар балалар фольклоры өздері

ойлап құрастырған шығарма десе, ал кейбіреулері балаларды тәрбиелеуге арналған шығарма деп жазады. Яғни балалардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беретін, дамытатын мазмұнды шығармаларды балалар фольклоры деп айтуымызға болады. Атақты ғалым А.Байтұрсынов мәдени мұрамыздың құнды қазыналарын бір жүйеге келтіріп ғылыми тұрғыда негіздеген. Оның ертегілері, мақал- мәтелдері, өсиет сөздері, қисса- дастандары бүгінгі жас өспірімдерді педагогика негізінде тәрбиелеуде аса құнды. А.Байтұрсынов өз еңбектерінде «өтірік өлең», «жұмбақ», «жаңылтпаш», «тақпақ», «бесік жыры» тәрізді жанрларының мәнін түсіндіріп, эстетикалық тәрбие саласына да ерекше тоқталды. Сол сияқты атақты ғалымдардың біразы атап айтсақ (С.Сейфуллин, Ш.Ахметов, Қ.Матыжанов т.б.) сынды ғалымдар қазақ балалар фольклорын арнайы зерттеу объектісіне айналдырып жан-жақты қарастырып зерттеген. Сол қазақ балалар фольклоры зерттеулеріне ғылыми тұрғыда зерттеп талдау жасаған, өзіндік табиғатын тұтас құбылыс ретінде саралаған тұңғыш тәжірбие жасаған Қ.Матыжанов. Ғалым өз еңбегінде: «Ең алдымен балаларға арналған халық шығармалары- балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, музыкалық сазымен, өнегелі мазмұнымен, жеңіл формасымен, балалардың рухани азығына айналған бағалы тәрбие құралы», -деп фольклордың жас жеткіншектер тәрбиесіндегі құндылығын анық көрсетеді.

«Халық ертегілері әрқашанда жастарды тәрбиелеудің тамаша құралы болып, әділдік жолына бас байлатып, зұлымдықтан жирентеді» [1, 14], -деп жазушы Т.Кәкішов өзінің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты еңбегінде ауыз әдебиетінің болашақ ұрпаққа эстетикалық тәрбие берудегі маңызына тоқталса, М.Қаратаев «Әдебиет және эстетика» деген еңбегінде: «Адамның эстетикалық мәдениеті оның жалпы мәдениеттілігінің жарқын бір көрсеткіші. Бұл деген өскен ортаға, айналадағы ортаға, білімге, тәрбиеге, қызметке сол сияқты басқа да факторларға әсер ететін қасиет. Адамның асыл, нәзік қасиеттерінің бірі – эстетикалық сезімді оятып өсіретін, эстетикалық талғам мен көзқарасты қалыптастырып, кісінің эстетикалық мәдениетін дамытатын, жетілдіретін факторлардың ішінде ең үлкен орын алатын, шешуші роль атқаратын әдебиет пен өнер екенінде дау жоқ» [2, 98], - деп әдебиеттің эстетикалық тәрбиелік мәнін ашып береді. Нақтылай келгенде балаларды фольклор жанрларымен таныстыру, тыңдағанын қайта әңгімелеп беруге, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды мәнерлеп айтуға үйрету мен сөздік шығармашылықтың бастапқы формаларын дамытуға эстетикалық тәрбие мүмкіндіктерін шешуге көмектеседі. Демек, қазақ балалар фольклоры – ұлттық мәдениеттің ұдайы дамуы мен жаңаруының негізі. Ол – өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын, болмысын, дүниетанымын айқындайтын өшпес мұра. Бұл орайда, «Аяз би ертегісіндегі» ақылы мол Аяз биді, «Ер Төстік» ертегісіндегі өзінің ақылды, білгірлік ісімен айнымас дос, Кенжекейді мысалға келтіруге болады. Яғни халық ауыз әдебиеті жанрларын тәрбие құралы ретінде пайдаланып балаларды ақылдылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке баулап жауыздық пен күресіп жеңе білуді уағыздаған, әділдікті үйреткен. Тіліне, дініне берік болып, ұлттық мәдениетті көтеруге жетелеген. «Фольклордың қай туындысын алсақта ғибрат айтарлық, жөн-жоба мен үлгі-өнеге көрсетерлік қасиеті мол. Мұның бәрі де халық пікірі, келешек ұрпақты тәрбиелеудің эстетикалық құралы деп тануды қажет етеді. Өйткені, көркемдіктен ләззат алу, әсемдік пен сұлулықты ардақтау, озық мәдениетке бастап, жамандықтан жирендіріп отыру- халықтың талап-талғамының жемісі, сыншылдық көзқарасының нышандары» [1, 14], - деп жазушы Т.Кәкішов фольклор жанрларының жастар тәрбиесіндегі маңызын ашып көрсетеді.

Іс-әрекет, ойыннан, түрлі көне түсініктерден, ырым мен салттан, қарапайым әуендерден, жан-жануарлардың даусы мен қимылына еліктеуден қарасын үзіп толығымен ажырап кетпегендігін байқаймыз. Бұл, сөз жоқ, балалар поэзиясының көп қырлы, ертеректегі синкретті белгісін айғақтайт. Осы тұрғыдан келгенде балалар фольклоры да о баста кім шығарғанына, қалай пайда болғанына қарамастан балалар коллективінің өзіндік сүзгісінен өтеді. Өз ұғымдарына, түсініктеріне, тіл оралымына, іс-әрекеттеріне сәйкес емес туындылар

көпшілік тарапынан қабылданбайды. Ал қабылданған жағдайда балалар творчествосының дәстүріне лайықты іс жүзінде өзгеріп, өңделеді. Оралымсыз тіркестер, ұғымға ауыр шумақтар ұмытылады. Осы тұста бір ескеретін жағдай — балалар фольклорының кейбір үлгілерінде мазмұнға жеткілікті мән беріле бермейді. Ұйқасы оңай, ойнақы болса, әсіресе, түрлі іс-әрекеттерге айтылуы сәйкес келсе, ондай өлеңдер көбірек қолдау табады. Осындай өзгешелікті біз әсіресе ойын өлеңдерінен анық көреміз.

Қазақ фольклорының өзіне тән ерекшелігі-балаға айналасындағы бай мұраның әсемдігі мен әсерлілігін түсінікті етіп жеткізе отырып, ұлттық еңбектің нәтижесін сезінуге, қоршаған дүниеге, салт-дәстүрге, ой-қиялын дамытуға әсер ететіндей негізгі тәрбие құралы болуында. Яғни фольклор баланың танымын кеңейтеді, оны өмірді сәулеттендіретін бейнелердің бай дүниесіне ендіреді, танымдық іс-әрекетін, өмірге деген бейімділігін дамытады, ата-баба мұрасын қастерлеуге тәрбиелейді. Саралап келгенде қазақ фольклоры жанрларындағы табиғат, қоғам, өнер, өмір жайлы ұғымдар мен түсініктер мазмұны жағынан өрістей келе халықтық асыл қазынаға айналып, ұлттық санаға тереңдей енді. Ата-бабаларымыз күнделікті тұрмысқа қажетті қарапайым нәрседен бастап, күрделі әлемдік құбылысқа дейінгілерді шығармашылық пен ертегіге, аңыз әңгімеге, эпостық жырларға, мақал-мәтел мен жұмбақтарға және ауыз әдебиеті жанр түрлеріне қосып, өз ұрпағын адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелеу мен қатар тылсым дүниенің әсемдік сырын бейімдеген. Сонымен, балалар фольклоры – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан тәрбиелік маңыздылығымен бағалы.

Қорыта айтқанда, ананың әлдіімен, әженің ертегісімен, отбасында айтылған мақал-мәтелдер бала бойына дарытады. Әрбір адамның туған анасынан басқа төрт анасы, туған тілі, туған жері, туған дәстүрі, туған тарихы болуы керек, өз елінің тілін, дінін, рухани мәдениетін білген адам, біртіндеп әлемдік мәдениетті үйренеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кәкішов Т. Қазақ әдебиетінің сынының тарихы. Алматы, 1994. - 448 б.

2 Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. Алматы, 1970. - 352 б.

РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Елеуова А.С.

ф.ғ.к.

Аяулым Арыстанғалиқызы А.,

«Қазақ филологиясы» ББ 4-курс студенті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Рахымжан Отарбаев өзімен бірге қазақ әдебиетіне шығармаларының жаңашылдығымен келген қаламгер. Оның қалам тербеп жазған әр туындысында жаңа леп еседі. Мақалада Р.Отарбаев шығарамаларындағы тіл көркемдігі, ой ұшқырлығы, нәзіктік пен қатандық қатар үндесіп келіп, үйлесім тапқан композициялық иірімдер шағын көлемді прозалары негізінде талданып беріледі.

Түйін сөздер: Проза, Р.Отарбаев әңгімелері, жаңаша көзқарас, «Американың ұлттық байлығы» әңгімесі, «Тәркі дүние» әңгімесі, «Аспандағы ақ көбелектер» әңгімесі.

А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі - аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі - меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі- түйю, талғау. Тілдің міндеті - ақылдың аңдауын

андағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», — деп жазады. Бұл аталған негіздердің түгелдей халқының дарабоз жазушысына айналып үлгерген Рахымжан Отарбаевтың бойынан табылуы қаламгер қолынан өмірге жаңаша қырлы, өзекті һәм әсерлі кесек туындыларды әкеледі. Автор шығармашылығының ерекшелігі — жаңашылдығында. Қазақ әдебиетіне жаңа заманмен бірге жаңа лепте, жаңа идеямен жұлдызы жарық жазушы келді. Р.Отарбаев ана тілін шебер ширата білген: әр оралымын орып, биіктігіне көтеріліп, сай-саласын толтырып, нақышын келтіре суреттейді. Оның қай туындысын алып қарасақ та, тақырып мазмұны кең ашылып, оқырман түйсігіне жетеді. Артықшылығы сол көңілді баурап алар жеңіл ирония да, зілді кекесінмен әжуалау да табылады. Жазушының шығармашылық шеберлігін көрсету үшін оның барлық туындыларын жіпке тізіп, талдап- таразылау шарт емес. Мейіріңді қандыратын бұлақ суының қасиетін білу үшін дәмін татып көру де жеткілікті. Сондықтан да біз бүгінгі баяндауымызда жазушының шығармашылығындағы бірнеше туындысына ғана тоқталып, Отарбаев әлемінің тереңіне бойлап, ой таразылауға ниет етіп отырмыз.

Рахымжан Отарбаев проза, драма жанрларында қалам тербегені белгілі. Әсіресе оның әңгімелерінің орны бөлек, новеллаларын оқи отырып бұған көзіміз жете түседі. Себебі көлеміне қарап, әңгіме жазуды оңай іс деп бағалау дұрыс емес. Шағын оқиға барысында әр кейіпкердің психологиялық келбетін ашып, мінез-құлқын бере білу; аз сөзбен-ақ қоғамдық мәселені қозғап, тағылым аларлықтай ой тастау-әңгіме жазған күннің өзінде көлденең жүрген көк аттыға іліне бермейтін дүние. Ал Р.Отарбаев болса қисынын тауып, шығармаға жан бітіре бейнелейді. Сондай әңгімелерінің бірі «Американың ұлттық байлығы». Аты аталған астары алты батпан әңгімесінде негізгі нысан етіп аңшыны алады. Аңға шығайын деп отырған кезінде бір досы келеді. «Америкада өндіріс орындары, зауыттар қаптап, жер жетпегендіктен шибөрілерді Африка мен Азияға, соның ішінде Қазақстанға да әкеліп тастаған», — деп соғады. Осы кезде аңшының далада кетіп бара жатып бір тайыншаны екі шибөрі талап жатқанын көріп, оның үстіне «малымызды ит-құс қырып жатыр» деген арыз-армандарын есіткенде, екеуін атып, тайыншаны арашалап алғаны ойына сап ете қалады. Африкадағы зәңгілер шибөрілерді қуып жүріп өлтіріп, артынан Америка оларды жазалағанын мысалға келтіреді. «Ендігі кезек бізге де келуі мүмкін» деген кезде, аңғал қазақ қатты сасып қалады. Бұдан ары қарай әңгіме желісі күрделене түседі. Атып алған шибөрінің біреуінің терісін илеп, құндыздай жарқыратып, қаладағы балдызына жіберткен. Балдызы пальтосының жағасына жарқыратып тағып алып, елдің көзіне көрсетіп, жай жүріп қоймай, айналасындағыларға мақтанышпен айтып, тапсырыс та алып алады. Сол екі арада әйелі қалада интернатта жатқан екі баласына кеткенде, екінші шибөрінің терісін алып кетіп, жаға тіктіріп алғаны есіне түсіп, абдырап, ойы одан сайын сан-саққа кетеді. Диалог кезінде әлгі досы бұны одан әрі үрейлендіріп, аспанда ұшып жүрген ғарыш кемелері арқылы «сенің шибөріні атып жүргенінді көріп қалса, арты үлкен халықаралық жанжалға ұласуы мүмкін», — дейді. Кейіпкеріміздің қорқынышы ұлғаяды, психологиялық тұрғыдан үлкен күйзеліске түседі. Қылмыс жасаған адамдай қиналады. Барар жер, басар тау таппайды. Қатты күйзелген аңшы ақыр сонында ашынады. «шәуілдеген жаман шибөрі Американың ұлттық байлығы болсын. Мен сонда Қазақстанның кімімін? Өкпесіне тебер өгейімін бе? Бұ дүниеде жиғаным, о дүниеде иманым бұйырмай кететіндей сұрауым жоқ па? Оң қол қиянатқа жүгірсе, сол қол арашаға ұмтылмас па?.. Бұл ел ме әлде ашық-тесік жатқан малқора ма?..» Осылайша аяқталған әңгімеде өмір сүріп отырған ортамыздың, заманымыздың, бүгінгі күніміздің үлкен мәселелерін жазушы астарлап, сарказммен, юмормен жеткізеді. Қоғамның болмысына сырт көзбен, кең көңілмен, жайдары қалыппен қарап, өз кемшілігіңді өзіңіз көріп отырғандай миықтан бір күліп қарайсыз. Оның артынан үлкен ой қозғалады.

«Тәркі дүние» атты туындысында да «Американың ұлттық байлығы» дегендегі сияқты ұлттық жайттарды сөз етеді, тіпті қазақтың халықаралық кеңістіктегі орнына

қатысты мәселелерді айтады. Шағын әңгіме болса да дүниетанымдағы, идеологиядағы догмаларды бұзған жаңашыл, төңкерісшіл тұлғалардың трагедиясы жатқан сияқты бұл жерде.

«Аспандағы ақ көбелектер» әңгімесі бойында тазалықты, пәктікті, аңғалдықты сақтай білген Дидардың өмірінен көрініс табады. Ешкімге қол жаймай, өз күнін өзі көруге ұмтылып жүрген Дидар күнде напақасын табу үшін базарға қарай жол тартатын. Қайнап жатқан тіршілігі жалғасқан қаланың беткеұстар базарында шалбар саудалаушы еді. Жанталасы басым алқын-жұлқын беймаза өмір иіні түскен, жүдеу бас ауыл баласын қақпақылдап үйіріп әкеткен. Десе де, қалтаға құйылған тиынның сыңғыры жиылып кеп бұйра бас, ақсары өңді, ашаң жігіттің пәтер жалдауына да, назқоңыр нәпақасына да, Жарбай ауылындағы жалғыз шешесіне де жетіп-артылатын. Шалының қарашаңырағын жықпаймын деп төрттағандап отырған кейуананы айына бір барып сүйсіндіріп, ас-суын қамдап кететін... Арлы-берлі кезген жұрты көп сыңсыған базардағы оймақтай орнынан айырылып қалмауды ойлап, зәре-құты ұшатын Дәуреннің базар қожасының қармағына ілінуі бар тіршілігін бұзып кетті. Дүниеге арбала бастаған кейіпкер қақпанға қалай түсіп қалғанын өзі де байқамай қалады. Әңгіме базардың кіреберісіндегі су сататын, екі қасының ортасында тарыдай мені бар Әлима қызбен арасындағы қарым-қатынас арқылы қыза түседі. Соны көруге қалың нөпірдің арасынан асығып жетуші еді ғой. Жүзіне сәбилік пәктік ұялап, сыңғыр етіп күліп жіберетін. Су ішкісі келмесе де сол сыңғыр етіп, құлағын қуантар кәусар дыбысты іздейтін. Күзгесалым той жасап, Жарбайдағы жалғыз шешені қолға көшіріп алуға ниеттеніп жүрген. Кейін не болды? Базар қожайыны мен оның қызылшырайлы еркекшора қызы екеуі жаңа гүлдеген алма ағашын бұршақ ұрғандай болғаны-ай! Байлық пен барлық не істетпейді?! Мамыражай дүниені тып-типыл еткен қара дауылдай көк көз қожайын мен еркекшора қыз дегеніне жетті. Әлиманы о дүниеге аттандырып, Дәуренді тырп еткізбей бұйдаалап алды. Сөйтіп, қаламгер қазіргі өмірімізде, қоғамда орын алып отырған осындай келеңсіз жайтты әшкерелейді. «Дәл неке қияр сәтте аспанға көтеріліп кеткен ақ нұр Дәурен басқа жан баласына көрінбей, судағы бейнедей сырғанап кеп Сырғалы екеуінің ортасына түсе берген. Бұл жолы мұңайып та, кінәлап та қарамады. Тұнжыр тартқан жанарында баяғы үміт оты өшіп, үрей мен мазасыздық шүпілдеп тұрды», – дейді автор. Ақ нұр боп аспанға көтерілген бейкүнә Әлиманың ақ періштесі ғой. Дүниені уысында ұстап, байлыққа мастанғандар үшін адалдық, жан тазалығы, кіршіксіз махаббат, пәктік деген қасиетті ұғымдардың құны көк тиын екен. Тып-типыл ғып, таптап жүре берді. Жазушы тағы да: «... бір шөкім ақ көбелек... қалт-құлт, қалт-құлт ұшып байыз табар емес. Көз алды бұлдырап, ақ гүлдер жауып кетті... Ес-түзсіз талып құлаған... Содан бері түсінде ақ көбелектердің соңынан қуып діңкелеп, аңқасы кеуіп оянады» дейді. Басқа амалы бар ма?! Сағымға айналған аппақ армандар-ай деп жаның жаншыла сен де күрсінесің. Қолына келгенін қонышынан басатын қу заманға налисың...

Рахымжан Отарбаевтың кез келген туындысын алып, зер салып қарар болсақ, қазақтың болмысы, мінезі, әлемдік мәселелерге қазақы көзқарас үндесіп келіп шешімін табатындай. Жаңашылдығының бір сарыны да осында жатыр. Бейбіт заманда өмір сүріп жатсақ та, іштен құртатын кесапат көп. Қоғамды дүрбелеңге салып, ойнақтатып қойған мәселелерге жауабымыз дайын: «заманы бұзылды» не «адамы бұзылған». Қалай айтсақ та, кімге кінә артсақ та, одан мәселе шешіліп кетпесі анық. Десе де, сол маңызды мәселелердің бірсыпырасы «қазіргі адам» дүниетанымына, құндылығына келіп тіреледі. Р.Отарбаев әңгімелерінде де басты қозғалатын тақырыптар легі осымен байланысты. Оның тақырыптарды аша білген шеберлігінің бір қыры өз болмысында жатыр десем, қате болмас. Рахымжан Отарбаев дара жолын салып, қолтаңбасын қалдырып кеткен. Адамгершілікті, рухани құндылықты басқасынан жоғары қойған, адамдықтың биік сатысы сол деп білген. Өзі түсіне білгендіктен де, туындыларындағы идеяны көркем аша білген. Оның көксегені де сол бола-тұғын. Автор ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықты тақырыбына өзек етеді.

Қорыта келгенде жоғарыда келтіргеніміз бірер мысал ғана. Ал оның шығармашылығына толық үңілер болсақ... тұңғышына батып, шыға алмай қалардаймыз және ол туралы айтып, тауысып біте алмаспыз. Туындыларының даралығы да осында.

Әдебиет сыншыларынан оң баға алған, «прозаның Мақатаевы» атанған Отарбаев «Қазақ әдебиетінің бүгінгі әңгімелері қандай болмақ?» деген сұрақтың жауабын өз шығармалары арқылы көрсетіп бергені хақ.

Рахымжан Отарбаевтың суреткерлік әлемі өз алдына бөлек тұрған мұнара сияқты. Қараған сайын көзің алысты көреді, талмайды, келешекті көрсем деген үмітке жетелейді. Оның көркем шығармаларының басты мақсаты – адам мен қоғам, болашақ. Осы үш өзеке оның әр туындысын оқыған жанның санасына рухтың дәнін себеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Отарбаев Р. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы : Өлке, 2006 . 1- том.

2. Отарбаев, Р. Қ. Американың ұлттық байлығы: әңгімелер жинағы / Р. Қ. Отарбаев // Періштелер ұйықтамайды = Ангелы не спят . –Алматы, 2014.

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Балтоғаета Ж.Е., Бауыржанова Ә.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ еліміздің дамыған өркениетті елдер қатарына, әсіресе, халықаралық деңгейде көтерілуі қазіргі ұрпақтың келбетіне, олардың білім деңгейіне тікелей байланысты. Оқу-тәрбие үрдісінде көркем әдебиет арқылы эстетикалық тәрбие беру жалпы білім берудің құрамдас бөлігі екені белгілі. Өйткені эстетикалық тәрбие ережелері мен адами қарым-қатынас, этика, әдет-ғұрып, шеберлік көркем әдебиеттің өзегі болып табылады. Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарастары махаббат сезімі, адамдар арасындағы қарым-қатынас, табиғат сұлулығы, адамға қатысты адамгершілік категориясы, намыс, ұят, кулық, алдау, достық, жолдастық, т.б. қамтиды. Сондықтан эстетикалық тәрбиеге келгенде, оны бүгінгі күн талабымен ұштастыруды ойластыру керек. Әдебиетіміздегі ең жарқын тұлғалардың бірі Абай Құнанбаев өнер шебері ғана емес, сонымен қатар ойшыл, көшбасшы. Абайдың жалғыз мұңы - қазақтың дүниетанымының кеңдігі. Ол үшін қоғамға еңбекқор және жауапкершілігі мол, білімді жастар қажет. Абай жастардың халық болашағын сақтап қалатын жалғыз қоғам екенін білді. Абай өз қара сөздерінде және өлеңдерінде жауапкершілікті өз мойнына алған жастарды қоғамда тәрбиелеу қажеттілігінің себептері туралы айтады.

Ұлы ақынның өшпес мұрасы болған қара сөздері Абайды зерттеген бірнеше ғалымдар мен зерттеушілердің негізгі объектісі болды. Мақалада қазақ халқының аты өшпес ұлы ақыны, дана ойшылы Абай Құнанбаевтың қара сөздерінің зерттелуі мәселелер жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: ұлттық мұра, ойшыл, қара сөздер, ұлы ақын, даналық, зерттеу, ұлттық болмыс.

Абай Құнанбаев қазақ халқының өнері мен әдебиетінің, ділі мен мәдениетінің бір дәуірдегі биік шыңын таныта отырып, өз халқының шын мәніндегі жаңа әдебиетінің негізін қалады. Ұлы ақын азақ жазба әдебиетінің негізін салушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың алдыңғы шебіне шығара білген ақын-ойшыл өз дәуірінің шындығын дәл көрсетіп, дұрыс тұжырымдар жасаған. Абай қазақ халқының болашағына қызмет етіп, мәдениет нұрына шақырды. Бұл қазақ халқының дара алыбының ақыл-ойы мен мәдениетінің шыңын танытатын ұлы құбылыс екені даусыз.

Абай Құнанбаев (1845-1904) – қазақтың ұлы ақыны, жазушысы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, композитор, қазақ, орыс және еуропалық

мәдениеттердің жақындасу рухындағы мәдени реформаторы, оның ағартуында орасан зор рөл атқарған тұлға.

Абай туған жерін рухани жұтандықтан біржола арылтқысы келді, отандастарының әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылуын қамтамасыз етуге күш салды. Бұл үшін Абай көп еңбек сіңірді. Ақын өзінің шығармашылығына байыпты, қатал болды. Абайдың лирикалық-философиялық өлеңдері терең мағыналы, көркемдік жағынан кемел, халық поэзиясымен сабақтас. Ол қазақ әдебиетіне өлеңнің көптеген жаңа түрлерін енгізді.

Қазақ халқының ойшылы Абай Құнанбайұлының ең жарқын еңбектері мен шығармаларының бірі – «Қара сөздері». Абайдың соңғы жылдарында жазылған «қара сөздері» көлемі мен жазылуы әртүрлі 45 сөзден тұрады. Абай өмірінің барлық жылдарында халқының кемшілігін түсініп, оны ешбір жолмен шеше алмай қаламын ба деп қорқып, өзінің үйреншікті стилімен жазуды жөн санайды.

Тақырыпты талдау барысында талдау. Жүйелі-сипаттамалық, баяндау, жинақтау, салыстыру әдістері қолданылды.

Абай жаңа өмірдің жолын ағартушылықтан, еңбекті өзгертуден, адамның рухани бостандығынан көріп, тәрбиеде әдебиетке, ең алдымен поэзияға ерекше орын берді. Сондықтан да ол ақынның шын мақсаты – жастарды ағарту деп есептейді. Абай өзінің әдеби шығармаларында сөзсіз көрнекті тұлға бола отырып, әңгімеде, әңгімеде оқығанын кең пейілмен бөлісіп, ойға түйген ақылшы, әңгімеші, көзге ілмейтін тәлімгер, ұстаз қызметін атқарады.

Абай жастарды надандардың, азғындықтардың, арам пиғылдардың зиянды әсерінен сақтауға тырысады. Ол балалардың дүниетанымы мен мінез-құлқының қалыптасуында отбасының ықпалына үлкен мән берді, ата-анадан олардың өздері тәрбиелі болуын, әйтпесе бала өсіре алмайтынын талап етті.

Ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы, демократ Абай туралы көптеген зерттеулер жазды. Мысалы: М.Әуезов, Қ.Бейсембиев, Е.Бекмаханов, О.Сегізбаев, Б.Ғабдуллин, С.Зимнов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, М.Съченко, Н.Смирнов және т.б. Абайдың поэзиясы оның педагогикалық көзқарастары ажырамас құнды мұра.

М.Әуезов Абай шығармаларын тәрбиелік мәні жағынан зерделеу қажеттігін алғаш айтқан болатын. Абайдың қара сөздеріндегі ақынның қазаққа деген көзқарасы, қазақ халқының ұлттық мінезі мен болмысы, әдет-ғұрпы, салт-саначы, бүгінгі таңда этнолог-зерттеушілер тарапынан жоғары бағаланады. Абай қазақ халқын, оның халін жақсы білгенін, осы қара сөздері мен өлеңдерінде қазақ халқын, оның мақтауға тұрарлық, назар аударуға тұрарлық қырларын ашып көрсеткенін білеміз. Қазақ халқының классигі Абайдың қара сөздері әлі терең зерттелген жоқ. Халқымызды тануға Абайдың қара сөздері көп көмегін тигізеді. Абайдың қара сөздерін оқи отырып, халқымыздың аңғалдығын аңғарамыз, басқа саяси мүдделерге бей-жай қарамайтын ауыр дерттен айырыламыз[1,96]. Бұл ретте Абайдың қара сөздерінің қазақ әдебиеті тарихында теңдесі жоқ екенін байқаймыз. Абайтану ғылымының негізін салушы, жазушы, этнограф, халқымыздың тумасы, жазушы-этнограф Мұхтар Әуезов «Абай жайын зерттеушілерге» атты мақаласында Абай қарасөздерінің зерттелеуіне кеңірек тоқталған. Ғалымдарымыз қазақ халқының мінез ерекшеліктерін қазақ халқының сөзінен іздейді. М.Әуезов, Х.Сүйіншалиев, Ғ.Есім сынды ғалымдарымыз қара сөздерге қосымша анықтамалар берген. Жалпы, Абай қара сөзінде өз елінің мінезін ашып, оны саралап, әрбір іс-әрекетіне баға беріп, осы қара сөздерді, нақыл сөздерді сынап, ақ қағазға түсіріп, ұлт болашағын ескеріп отырды. Осы ескертулерді, Абай мұрасынан жазылған нақыл сөздерді, насихаттарды кейінгі ұрпақ оқып, халқымыз біраз дертінен айырылса, кейбіреулері небір дерттен, арқадағы жабысқақ аурудан, жалқаулық пен салғырттықтан әлі де арыла алмай келеді. Халқымыздың көптеген атақты ғалымдары Абайдың қара сөздерін түсіндіріп, көптеген еңбектер жазды.

Әуелі аға буын ақсақалы болған Ахмет Байтұрсынұлынан бастаған ағалар М.Дулатов, М.Хуезов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, А.Нұрғатов,

Р Бердібаев, У.Мырзақбаев Абай мұрасын, ғақлияларын жан-жақты зерттеп жазды. Абайдың қара сөзінің зерттелуі туралы мәліметтер жазылып та жүр. Ғалым Мекемтас Мырзахметов: «Ұзақ жылғы үздіксіз еңбектің нәтижесінде ақын мұрасы туралы жазылған, жарияланып зерттелген сан алуан деректердің көздері мыңға жетіп отыр», - дейді. Сондай-ақ шығарма Абайтанудың негізін салушы М.Әуезовтің Абайдың қара сөздері туралы тұжырымдарына сүйене отырып, бүгінгі күн тұрғысынан талданады. Абайдың қара сөздерін зерттеуге, кейінге қалдыруға тым жас еді. Өйткені түсініксіз сөздерде логикалық, философиялық, этнопсихологиялық позициялар жиі қолданылды. Кеңес дәуірінде саналы ғұмырын Абайтану ғылымына арнаған халқымыздың дарынды жазушыларының бірі Мұхтар Әуезов Абайдың қара сөздері туралы сан алуан пікірлер айтады. Мұхтар Әуезов шығармалары Абайтанушылар шығармашылығындағы басты бағдаршам болып табылады. Абайды зерттей отырып, Әуезов оның өмір тарихына, табиғатты қорғау саясатына ерекше мән берді. Себебі, Абайдың қара сөздерін зерттеуде тарих философиясы мен хронологиялық еңбектер ерекше орын алған. Абай дәуірі – патшаның орыстандыру саясаты жүргізіліп, биліктің патшаға көшкен уақыты. Бұл туралы М.Әуезов былай дейді: «Патша үкіметі қазақ сахарасын басқару үшін түрлі өзгерістерді пайдаланды. Абай өмір сүре бастағанда Қазақстан әкімшілік жағынан ішкі Ресейге бөлінді. Ол алты облысқа (Семей, Жетісу, Торғай, Сырдария, Орал, Ақмола облысы) бөлінді .

Т.Әлімқұлов Абай салған портреттердің барлығы ұлттық екенін алға тарта отырып, Абайдың нағыз халық ақыны екенін дәлелдей отырып, «Шын мәнінде ұлттық дәстүрден тыс туған кемеңгер болмаса керек» деген тұжырым жасайды. Жазушы творчествосының ең бір көзге түсетін тұсы – Абай шығармашылығын талдау. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін салыстырады, талдайды [2,125]. Абайдың рухани мұрасын, логикасын, шығармашылығын зерттеу еліміздің әр кезеңде өзгеріп отыратын саяси жағдайына байланысты 4 кезеңге бөлінеді. Абай дүниеден өткен күннен бастап жиырма жылға жуық уақытқа созылды. Бұл данышпанның атын ел танып, данышпанның даналығын, сөзін білуге құлшыныспен ұмтылған ең жарқын кезең болды. Ұлы ойшылдың шығармашылық мұрасы туралы бүкіл Ресей жұртшылығы емес, Абай дүниеден өткеннен кейін халқымыздың ұлы тұлғаларының бірі Әлихан Бөкейханов тарихта тұңғыш рет жан-жақты сөз етті. Демек, Ә.Бөкейханов ұлы ойшылдың тұңғыш шежірешісі, зерделі зерттеушісі болды. Сонда қазақ зиялыларының бірі, ғұлама ойшыл, журналист Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінің үшінші санында «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақала жариялап, Абайдың ұлы көсемдігі, даналығы, шешендігі туралы байыпты пікірін білдіреді. Ахмет Байтұрсынов өз сөзінде Абайды толық тану керектігін еске салды.

Халық ақындарының бірі Міржақып Дулатов Абай шығармашылығын жоғары бағалады. Расында да, Міржақып Дулатов айтқандай, Абай әлі күнге дейін қазақ ақын-жазушыларының, қазақ ойшылдарының, философтарының көш басында келеді. Оның орнын басатын ақын да, жазушы-ойшыл да жоқ. Бұл Абайдың қара сөздерінің даналық жылдамдығынан, өлеңдерінің халық мінезімен ұштасқандығынан болса керек. Абайдың ой-өрісін шын мәніндегі рухани тұрғыдан зерттеу жалғасуда. Осы орайда «Абайдың дүниетанымын білу қазақ философиясын танудың кілті» деген тезисін дәлелдеген философ Ғ.Есімовтің бірқатар еңбектерінің маңызы зор. Ғалым Ғарифолла Есім: «Мен Абайды тануда басқаша әдісті қолдандым. Оның атауы еуропалық «герменевтика». Бұл ұғым немесе ұғымды түсіну тәсілі туралы ғылым». Бүгінде көптеген ақын-жазушыларымыз Абайдың даналық сөздерін, даналық сөздерін зерттеп, оның шығармаларына арқа сүйеуде [3,155]. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен еліміз Абай жылын атап өтті. «Абай – қазақтың рухы!».

Ахмет Байтұрсынұлының тапсырмасы бойынша Абай мұрасын қалың жұртшылық арасында кеңінен насихаттау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Көп жерде, ірі жоғары оқу орындарында, оқу орындарында президент Абай туралы жан-жақты пікір білдірсе, ғалымдар арасында Абайдың қара сөздерін талдау, түсіндіру деңгейі жоғары. Абайдың пікірін түсіну үшін оқушылар арасында жалпы пікірсайыстар ұйымдастырылады. Міне, Абай мұрасын

зерделеудің бірнеше жолы, оның бүгінге дейін қалай жүріп жатқаны, бұл жағы көп жоспарда бар[4,28 б.]. Құдай қолдап, ғалымдарымыз Абай сөзін, мұрасын зерттеуде жаңа табыстарға қол жеткізе береді деп сенеміз. Атақты жазушы, әдебиет тарихын зерттеуші, абайтанушы Бейсембай Кенжебаев 1955 жылы Абайдың қара сөздерін тақырыптық, теориялық тұрғыдан негіздеуде бірнеше тақырыптық мәселелерге назар аударды. Ғалымның қара сөз жанрлары туралы ой-пікірлерінде қисынды ой, дұрыс бағыт, дұрыс тұжырымдар мол. Алайда Абайтану ғылымын одан әрі дамытуда, қара сөздерді одан әрі зерттеуде мұның көп бөлігі ескерілмеді. Б.Кенжебаев Абайдың қара сөздерін «ғақлия» деп атайтынын, ал Абайдың қара сөздерін тек «ғақлия» деп атау қате екенін алға тартады. «Өйткені ғақлия – дін мен мінез туралы ғибрат, насихат сияқты. Абайдың қара сөздерінің бәрі де ондай үлгі емес, олардың барлығы дінге, мінез-құлыққа қатысты емес. Аз ғана сөзде (1,15,25,28,32,34) дін, мінез, үлгі туралы нұсқаулар бар. Бұл сөздерді алғаш Абайдың өзі «ғақлия» деп атағанын естідік. Ғалым Абай қара сөздерін трактат дегенге де қосылмайды.

Абайтанушы Ханғали Сүйіншалиевтің Абайдың қара сөздері туралы еңбегі өте құнды. Абай қара сөздерін жан-жақты талдап, жан-жақты түсіндірді. 1958 жылы Ғалым Ханғали Сүйіншалиевтің «Абайдың қара сөздері» монографиясы жарық көрді. 1997 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» оқулығында ғалым Абайдың қазақ әдебиеттану ғылымы, Абайтану саласындағы зерттеулерін қайта өңдегені белгілі болды. Х.Сүйіншалиевтің ғылымда әлі жанры мен түрлері анықталмаған қара сөздер туралы тың ойлары бар: Осы орайда Абай бұл шығарманы оқып, сырттай да, стильдік жағынан да үлгі алғанын айтуға болады. Жанрлық ізденіс барысында ол Шығыстың шағын үлгілерін ғылыми трактат, таштих, Жәмидің қара сөздері мен ақыл-ойы ретінде еске алғаны сөзсіз»[5,99].

Ғалым А.Жақсылықовтың Абай туралы пікірі Абай туралы сөз қозғайтын кез келген зерттеуді жалпылау ғана емес. Жүзеге асыру жолдарындағы Абай ақынның шын зерделеуі, зерттеу логикасы. Абайды іштей түсіну. Ғылыми негізделген сөз. Абайды танудың кемелденген кезеңінің мәнді сөздері. Абайдың қара сөздері – ойшылдың өлеңінен жалғасатын дүниетанымы. Түсіну, Абай айтқандай, біреудің ой-өрісін меңгеру деген сөз.

«Әдебиеттанушының» «Кіріспе» бөліміндегі Ахмет Байтұрсынұлының теориялық дәлелдері, әрине, Абайдың қара сөздерінде өте өзекті. Бұл жерде ғалымның өз сөзінде Абайдың қара сөзіне негізделгенін көреміз. А.Байтұрсынұлының бұл пікірлеріне назар аударсаңыз, Абайдың қара сөздерінің теориялық негізін растайтын тұжырымдар бар екені даусыз. «Бір нәрсе туралы дұрыс айту үшін ол туралы ойлану керек. Адам танымының шектеулілігіне қатысты, ғылымға, әлеумет жайын қозғаған көсемдік ұғымдарға, басқаға тапқан білімді үйретуге жұмсағанда үгіт-қара сөздеріндегі ұғымы, басқаның ісін таразылап, ұнамды, ұнамсызын тексергенде сын ұғымы жүйесі пайда болады дейді.

Қара сөздердің, ең әуелі, баса қозғаған мәселесі А. Жақсылықовтың Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне ұқсайды деп атап көрсеткеніндей, Алланы тану – теологиялық таным.

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың қара сөздерінде өмір философиясы, қазақ әдебиетінде ежелден келе жатқан сарын – не жақсы, не жаманның жайы түйінделген. Халық ұстанған өмір сүру қағидасы, Абайдың өмір қағидасы құрғақ ақыл – жалаң дидактика емес [6,97]. Адамның дүние жаратылыстың еріктен тыс заңдылықтарымен үйлесім тауып ғұмыр кешудің қисындары. Тарихшы-ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қойшығар Салғараұлының Абайдың «Қазақтың шығу тегі туралы бірер сөз» деген бір қарасөзіне ғана ғылыми еңбек жазып, диссертация қорғауы үлкен еңбектің басы. Ұлы ақынның тарихи танымының қалыптасуына, ой-өрісін кеңейтіп, тереңдете түсуіне негіз болған, бұрын белгілі болған және өзі айтқан әдеби дерек көздерінен Абай өмір сүрген кезеңге ой жүгіртіп, тұжырымдар жасайды. Бұл Абайдың өз заманы үшін өте бай кітапханасы болғанын көрсетеді. Қойшығара Салғараұлы өз тақырыбына негіз еткен ақынның өмірінің соңында жазылған, рет санымен “Қырық алтыншы сөз” деп есептеліп жүрген, “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” деп аталатын осы мақаласының жазылуы төңірегінде былай дейді: «Себепсіз салдарлар болмайды. Бұл ретте «Ақын неге тарихи тақырыпта қазақтан

шыққанын іздеп, осы мәселеге қатысты өз ойын білдірді деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабы, меніңше, Абайтану ғылымына елеулі үлес қосқан ең белсенді ғалым Мырзахметовтың өз зерттеулерінде нақты жауабы бар сияқты. Мұның себебі, ғалымның айтуынша, Абайдың осы тарихи тақырыптағы мақаласына дейін «Түркістан уәлаяты» және «Дала уәлаяты» газеттерінде қазақтың шығу тегі туралы бірнеше мақалалар жарияланған [7,25]. Зерттеуші Абайдың қазақ көркем әдебиетін жасау мен дамытуда шешуші рөл атқарғанын алға тартып қана қоймай, оның шығармашылығының эстетикалық жаңалығының мазмұнын ашуға тырысады.

Ғалым З.Ахметовтың сөзімен айтқанда: «Ақынның поэзиядағы өз тұлға-бейнесі арқылы біз оның өзі өмір сүрген заманды қалай танитынын, халықтың мүддесін, арман-тілегін қалай түсінетінін көреміз» [8, 29]. Абайтануды танудың бір арнасы саналатын шәкәрімтану саласында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, құнды монографиялық еңбектер жариялаған түрлі ғылым өкілдерінің еңбектері осы салаға қосылған құнды үлес деп санауға болады [9,103]. Абай сөзінің құдіреті ең алдымен оның отандық әдебиеттегі жаңашылдығынан көрінді [10,91].

19 ғасырдың екінші жартысында-ақ Абай ауылы қазақ халқының бай өнері мен поэзиясының орталығына, ұлттық мәдениетті дамыту мен насихаттаудың рухани мектебіне айналды. Абайдың творчестволық нұсқауларын игеріп, жырларының тамырын сезінген шәкірттері арқылы Абайдың қазақ поэзиясындағы қолданыс аясы кеңейіп, тұтас дәстүрлі әдеби мектепке айналды. «Бұл дәстүр қазақ әдебиетінің даму тарихында заңды жалғасын тауып, күннен-күнге байып келеді», - дейді [11,25] көрнекті Абайтанушы М.Мырзахметов. Осы кезде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында әдемі өрілген «Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге» [12,22] деген жолдарының астарында аса үлкен бір мағына жатқанын атап айтуға болады. Әлемдік өркениет қазынасының бірі ретінде ұлы ақынның шығармашылық мұрасын ашып көрсету арқылы ұлы ойшылдың есімін «Адамзаттың Абайы» дәрежесіне көтеру идеясы осында айқын аңғарылады. Бұл – кезінде ұлы Мұхтар Әуезов негізін қалаған Абайтану ғылымының алдында заман талабына сай үлкен міндеттер тұр деген сөз.

Ұлттық өнердің стильдік ізі айқын Абай сияқты ұлы тұлғалар қазақ әдеби тілінің дамуын, халықтың психологиясын, ой-өрісі мен тәжірибесін көрсетеді. Бір стильді басшылыққа алсақ, «жақсы жазасың» деп жай ғана айта алмайтынымызды да есте сақтайды, бұл стиль ерекшелігі. Классикалық қазақ әдебиетінде Абайдың стилі бар, бұл жағдайда ол қазақ әдебиетінде бастаудың басы болып қала бермек. Абай шығармашылығы қазақ әдебиеті дамуының ұзақ кезеңінің аяқталуын, жаңа кезеңнің қалыптасуын білдіреді, сондықтан ол Абай шығармашылығында классикалық стиль концепциясын пайдалануды орынды деп есептейді. Абай - қазақы құдірет . Құдіретпен тілдесу адамдарға ойын емес. Абаймен тілдесу – құдірет күшпен тілдесумен пара-пар. Ұлы ақын қара сөздері тіпті жан дүниенің асыл құндылығы іспеттес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы, 1967. – 391 б.
2. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан, Алматы, 1993, 221 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы, 1987. – 295 б.
4. Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы, 1995. – 183 б.
5. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997. – 928 б.
6. Жақсылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы, 2000. – С. 254.
7. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 464 б.

- 8.Ахметов З. Кемел ақын, кемеңгер ойшыл//Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы,-Алматы; Жазушы.-Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. -1995. - Б.8-29.
9. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда: Ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2008. - 184 б.
10. Ысмағұлов Ж. Абай. Даналық дәрістері//Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXVI том.-Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 318 б.
11. Мырзахметов М. Абай және Шығыс//Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXX том.-Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 294 б.
12. Қ.Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан.//Егемен Қазақстан газеті, №5, 9 қаңтар 2020 ж.

АҚТАН КЕРЕЙҰЛЫ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР

Отарова А.Н.

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Таджимұратова Ж.

КЯЛ-18 тобының 4 курс студенті

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті

Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстау өлкесінің көрнекті ақпа ақыны Ақтан Керейұлы толғау жанрларының ерекшеліктеріне тоқталған. Дидактикалық -философиялық сипатын айқындап, аз сөзбен көп мағына беретін толғауларының жас ұрпаққа тәлімдік-тәрбиелік мәні, ерекшелігін танытатын көркемдік амал-тәсілдер сараланып көрсетіледі.

Ақын – жыраулардың дүниетанымы, философиялық ойлары төл философиямыздың қалыптасуына бірден бір рухани негіз бола алады. Олардың айтқан жыр-толғауларында тарих шындығы, адам, қоғам, табиғат мәселері негізгі өзекті орын алады.

Түйін сөздер: ақын-жыраулар, толғау, дидактикалық үлгілер, метафора, теңеу, көркемдік ерекшеліктер

ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде ғұмыр кешкен сөз зергері - Ақтан Керейұлы тамырын қалың Адай қонысы Маңғыстау түбегінен алатын саңлақ, мырза халқының ырза көңілінен туған «жүйрік» деген атқа лайықты бесеудің бірі. От ауызды, орақ тілді ақынның алдында, бұл өңірде батыс аймағындағы кейінгі буынның бәрі дерлік үлгі қылған Абыл, Нұрым болған. Ақтан сондай дүлдүлдердің біразымен: Нұрым, Қашаған, Қоспақ, Құлманбет, Жаскілең сияқты тұмсасынан тежеу бермес өңшең өрісті таланттармен қатар жүріп Түркіменстан, Бесқала жеріне дейін аралай өнер өрбітіп, халық құрметіне бөленген.

Ақынның өз сөзімен айтсақ, «тұяғы тайпақ сүргіндер» болатын. Тұтас жатқан бір мектеп. Осылардың бірсыпырасымен, мысалы, Қоспақ, Нұрпейістермен сөз қағыстырған.

Ақтан ақын, біріншіден, көл көсір көне мұралардың басым көпшілігін жаттап алып, ұғымды қолданса, екіншіден солардың мәнді дегенін ғана кәдеге жаратып, өзгесін өз жанынан қосып, әрлеп, дамытып, жырлайды. Бұл тек Ақтанға ғана емес, сол тұстағы импровизация дәстүрін ұстанған ақындардың бәріне тән ерекшелік болатын. Ақтанға Шалкиіз, Абыл, Махамбет, Шернияз жырларындағы өршілдік, Бұқар толғауларындағы сыршылдық пен ойшылдық та тән. Бірақ бұл өзара ұқсастықтар айтылар ойдың орамына сәйкес әр ақында әр түрлі сипат алып отырады. Кей жерлерде стилі Әбубәкір Кердерімен ұштасса, көзқарасы Балқы Базармен тоқайласып жатады. Мысалы, Ақтанның «Жайық деген жанды су» деп басталатұғын өлеңі Базар жыраудың «Саз керек атқа шаппаққа» деген толғауының екінші бөлігін түгелдей дерлік қайталайды. Тек кейбір сөздерде ғана аз ғана өзгерістер бар: Ақтандағы «Алқалы жерге шапқандай» деген тіркес Базарда «Арқалы жерде шапқандай», Ақтанда «Шықпай отыр домбырам, Сырылдап мұның қақпағы» десе, Базарда

«Сұңқылдап отыр домбырам, сартылдап мұның қақпағы» деп келеді. Мұның өзін суырып алып айту дәстүрінде туып қалыптасқан поэзиямыздың өзіндік сипаттарын белгілейтін жанрлық бір ерекшелігі дер едік.

Мақаланың зерттеу материалы ретінде аймақтық әдебиеттану, өлкедегі ақын-жыраулар шығармашылығы, оның ішінде Ақтан Керейұлының толғау, жырлары алынды. Мақалада жыраудың толғау, жырларын тарихи көзқарас ұрғысынан талдау, типологиялық, көркемдік құралдардың қолданысы, поэтикалық талдау т.б. әдістер қолданылды.

Ақтан өзіне дейінгі басқа ақын –жыраулар тәрізді ел-жұртты әдептілік пен адалдыққа, өршіл талап пен қанағатшылдыққа шақырады. «Адал жүріп, шын сөйле» деген өлеңінде:

Адал жүріп, шын сөйле-

Асығың түсер алшыдан

Мақтанғанмен аса алмас,

Өзіммін деген жігіттер,

Кем болса, қатар шарқынан,

немесе, «Әдептен құр қалмассың, Үлкенге сәлем бергенің»-деп сәлем беруді мәні терең әдептілікке балаған.

Ақтан ойға берік, сөзге жүйрік талғампаз да суреткер ақын. Ол көркем сөз –тілдің күш құдіреті мен өмірлік мәнін терең түсініп, оны адам санасын өзгертіп, тәрбиелеуде таптырмас құрал деп білген:

«Халық әдеті болғасын,

Сөйлейін әуез созбалап.

Дидар болып сөзіме,

Әлеумет тұрсын, омбалап,

Сөз асылын табармын,

Жалқаулық етпей қорғалап.

Екпіндесем кетермін,

Ақбөкендей ормалап»

Ақын шығармаларының тақырыбы сан қырлы. Тойбастар, жоқтау, риторикалық сұрау, философиялық ойға құрылған, ақыл- нақылдық мәнерімен сомдалған толғаулар, баһадүр батырлардың ерлік істерін дәріптеген жырлар. Осының бәрі кестелі сөз, көркем теңеу, шымыр шумақпен тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді.(8). Ақынның адам өмірінің мән-жайын ашып баяндайтын мына бір жырының өзінен –ақ оның ой-түсінік, ақыл-парасаты мен кемелдігін көру қиын емес.

Бұл мәжіліс белгісі-

Жиналып басың құралмақ.

Батырлықтың белгісі-

Жауға шаппақ ұрандап.

Палуандықтың белгісі-

Алқаға түсіп сыбанбақ...

Өзіне дейінгі ақын-жыраулар тәрізді өз жырларында адамгершілік пен әділдікті, ерлікті тілге тиек етті. Осы реттегі ойы «Ерлік жыры», «Реті», «Көрінер», «Не жаман», «Белгісі», «Адал жүріп шын сөйле» т.б. жырларынан анық көрінеді. Бұларда ол адам тұрмысының мән-маңызын, сыр-сипатын бейнелейтін көріністерді бере отырып, өзіндік ой-тұжырымын ұсынады.

Ақын жырларының көркемдік құрал-тәсілдеріне зер сала қарасақ, мұндағы образ құрайтын теңеулер мен метафоралардың не бір үлгісін көреміз. Мәселен метафоралық салыстырулардың бір алуаны:

«Мен сүргінің сойымын», «Мен- ақ бауыр, кер жорға Әдемі басқан аяғын», «Барасың күнім қапы көл шайқаған», «Жымиып жатқан даламын», «Жоғарыдан аққан Жайықпын», «Абыл менен Нұрымнан дәнiккен жұртым шекер жеп», «Хош аман, енді сау тұр, боз қаңбағым» іспеттес келсе, теңеулердің поэтикалық қызмет мәні былайша құрылып, шоқтанып тұрады: «Алысқа шапқан жүйріктей», «Сұрағаның сөз болса, қатты жауған

жаңбырдай, Алдарыңда қаптайын», «Бұлдыраған таудаймын», «Шапқан аттай саулаймын, Жанған оттай лаулаймын» десе, оның «Қаражан қызға» деп аталатын өлеңі тұнып тұрған теңеу: «Мөрлеген ақ қағаздай мәнеріңіз, қиғаш қас, оймақ ауыз, нәркес көзді», «Жылқыдай кеттің достым, желдей өріп», «Сұңқылдап бір жан едің ұшқан құстай», «Айдында көл шайқаған дауылпаздай», «Көп жүріп ақбөкендей жер сойқаған» т.б.

Ақтан өзіне дейінгі ақындарға қарағанда алған тақырыбын мейлінше терең, әрі жан-жақты қамтуға талпынады. Айталық ол батыр жігіт пен адал жар, қыран құс пен жүйрік ат бейнесін атүсті айта салмай, жеткізе суреттеп, жеке дара кейіптеу дәрежесіне дейін көтереді. Ақын сипаттаған ел қорғаны батыр жігіттің асқақ тұлғасы мынадай:

«Азамат ердің баласы, басын пәмді ете алмас, Шетке кетсе халқынан», «Ер жігіт шауып шеп бұзбас, Айқайлап ұран шаппаса, Аламаны шауып артынан», «Жігіттіктің белгісі-бедеу мініп астына, жиынға түскен бұландап», «Батырлықтың белгісі- Жауға шаппақ ұрандап», «Палуандықтың белгісі-алқаға түсіп сыбанбақ» деп бір айтса «Ерлік жырында» он екі ата Байұлынан шыққан батырларды жіпке тізгендей етіп, көз алдымызға елестетіп қояды. Кең даланы көсіле шапқан, ел үшін от кешкен ерлерін «кеудемде жел сөз тұрғанда жырламағанда, бұл өнерден не көремін» деп екпіндете, еркін көсіледі.

Ақтанның «Жайық деген жанды су», «Айт десеңіз жарандар», «Тойбастар» деген өлеңдерін жарлай арнауға жатқызуға болады. Бүкіл халыққа, әлеуметке жар сала арнап тұр:

Тұсыңа келдім, жарандар,
Тұрмайын енді бойбайлап
Халық әдеті болғасын
Сөйлейін әуез созбалап
Дидар болып сөзіме
Әлеумет тұрсын омбалап....немесе
«Айт, десеңіз, жарандар,
Азырақ жауап бастайын
Айт дегенде іркіліп,
Бойымды балап тұрмайын»

- деп сұрағандары сөз болса, «қатты жауған жаңбырдай», «атасы арзан жел сөздіт несіне бұлдап сатайын» дейді.

Ақтан өлеңдерінде сондай-ақ эпитеттің сан алуанын кездестіруге болады: «майда нәзік сөздерің», «жанды су», «Көзі қара қанды су», т.б.

Жансызға жан бітіре суреттеу де Ақтаннан қағыс қалмайды:

Домбыраны суреттегені керемет!
«Он екі перне екі ішек
Бауырына тығылып,
Қоянға қосқан тазыдай,
Бүктетіліп тазыдай»
деп, теңеуді де араластырып жібереді.

Ақтан өлеңдері көбінесе көп тармақты, екі бунақты, жеті, сегіз буынды болып келеді. «Қаражан қызға» өлеңі он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылған.

Ақын туындыларына салдыр-салақ қарамайды. Кесек сөз, көрікті теңеулерін келісті ұйқаспен шебер жымдастырады.

Қалағандарың сөз болса,
Мен жырлауға құмармын,
Шұбалаң құйрық шұбармын,
Шапқан аттай саулаймын,
Жанған оттай қаулаймын.
Не қылғанмен дер күнім,
Бұлдыраған таудаймын.

Ұйқастың ұтымды орын алуымен қатар толғауларында келісті эпитет, метафора, градация да орынды қолданылған. Аллитерация да, ассонанс та бар. Бұндай көркем

шумақтар белгілі ақындардан да кездеседі, бірақ, жал-құйрығы төгілген шұбар, (қазақ жүйрікті шұбар, мәстекті торы, сәйгүлікті ақбоз деген ғой) саулаған жүйрік, қаулаған от, басына бұлт қонып, бұлдыраған тау... тек Ақтанда ғана.

Академик З.Ахметов өзінің «Өлең сөздің теориясы» атты оқу құралында, Ақтан ақыннан мысал келтіре отырып: «Кейде теңеуге метафора түрінде қолданылған бейнелеу де ілесе туады. Мысалы Ақтан (Керейұлы) ақынның:

Қатты жауған жаңбырдай

Алдарында қаптайын, –

деген жолдарында бейнелеу теңеуден басталып ары қарай метафораға ауысқан. Ақын өзін алдымен жаңбырмен жай ғана салыстырса, одан әрі сөзді төгілтіп, саулатайын деген ойын қалың жаңбырдай, қаптайын деп астарлап айтады» – дейді [8,235бет]

Ақтан Керейұлының шын жүйрік, шынайы талант екеніне күмән жоқ. Азулы ақын, айтулы жыршы екеніне дау жоқ. Шабыттанса айдындай шалқып, шамырқанса, найзағайдай шатырлап, нөсердей төгілген ақпа төк ақынды замандастары Қалнияз, Қашаған, Аралбайлар биігіне көтеріп қастерлеп өтсе, кейінгі Сәттіғұл, Сүгір, Ұзақбайлар ұстаз тұтып, атын жырларына қосып дәріптеген.

Ақтан жинақтау, қорытынды түрінде келетін қысқа мәнді шендестіру, салыстыруларға да шебер. Оның бұл топтағы жырлары тәжірибесі мол дана кісінің өмірден түйген философиялық ой болжам, пікір-талғамдарын танытады:

«Сұлулықтың белгісі - жұрт жиналған алқада, Көрініске шыққан сылаңдап.

Кәріліктің белгісі-көңілдің хошы келмеген. Жарлылықтың белгісі-Жанын қинап өлмеген, жалғыздықтың белгісі - Өзіне-өзі сенбеген, Батырлықтың белгісі- жасқантып жауын дендеген...Сахилықтың белгісі-Дерексіз нәрсе бермеген». Ақтан өлеңдерінде табиғат құбылыстары мен адамның көңіл-күйін салыстыра суреттейтін психологиялық параллелизмдер де жетіп артылады:

«Көрінер» өлеңіндегі «Аққулар көркем көрінер, айдын шалқар көлдегі, Құралайдың балдары, Бұ да көркем көрінер, орғып қашқан шөлдегі. Қатарланған қалың көш, Бұ да көркем көрінер, сағым шалғай белдегі. Қыз-жігіт көркем көрінер, Қалың қара елдегі. Аруанадан туған кез өркеш, Бұ да көркем көрінер, айт- айт деген жердегі. Қыз бала көркем көрінер, беттегі нұрлы қанменен. Еділ мен Жайық екі өзен, Бұлар да көркем көрінер, Жағалай біткен талменен», деп табиғаттың әсем көрінісін адамзаттың әсемдігімен салыстыра суреттеген. Сондай-ақ қазақ өлеңдерінде көптеп кездесетін қайталауларды да (жеке сөз және тұтас жолдан тұратын) тиімді қолдана білген. Мысалы, «Көрінер», «не жаман?», «Белгісі» деген өлеңдерінде кезекті қайталауларды (эпифора) өз орнымен қолданады.

Ақын шығармаларының тақырыбы сан қырлы. Мұндай сан қырлылық ірі ақындарға ғана тән. Тойбастар, жоқтау, келешегін тап басып айтқан болжау өлең, риторикалық сұрақ-жауап түріндегі термелер, философиялық толғаулар, баһадүр батырлардың ерлік істерін дәріптеген жырлар... Осының бәрі кестелі сөз, көркем теңеу, шымыр шумақпен «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді».

Бұрынғы жыраулар мұрасына мол қанығып, кең даланың қадір-қасиетін бойына сіңірген, көшпелі жұрттың көреген ұлының, тау бұлағындай тасқындаған жырлары ойнақы, ойлы да отты, бейнелі сөздерге бай болып келеді. Онда пессимизм байқалмайды, күрес, бабадан қалған өр рух басым. Халық арасындағы келеңсіздіктер мен тірлік тауқыметі, заман жайлы тапқыр ой, татымды сөздерін жымдастырып өткір де серпінді толғаулар төгеді. Талантты өнер адамдарының көбісінің қыр соңынан қалмай, желкесіне мініп келген қу жоқшылық та қазақтың қайсар перзентінің рухын сындыра алмайды. Мұңаю, зарланып түңілу байқалмайды.

Мен – ақбауыр кер жорға,

Әдемі басқан аяғын.

Қарасаң көзің жеткісіз,

Жылмиып жатқан даламын.

... Жоғарыдан аққан Жайықпын,

Теңізге құйған аяғын.
Күн шығыстың күшті желімен,
Ылайлатып ағамын.

Еркін шалқыған жырларында сарнаған жел сөз, сырдаң теңеу жоқ. Ойының кеңдігі, қиялының өрлігі көрінеді. Ақын тым асқақ. Тасыған тау өзенінің суындай екпінді жыр оқып отырған адамын өзімен бірге еріксіз үйіріп, тереңіне алып кетеді.

Мәнді де нәрлі толғауларымен қатарынан оза шапқан сөз зергерінің тілге тиек қылғаны көбіне – өмір өрнегі, замана қайшылықтары, философиялық ойлар, ақыл-нақылдық сөздерге толы жүйелі жырлар. Тірлікте адам басында кездесетін әртүрлі жайларды өлеңмен өріп, шымыр жеткізе біледі.

Кәріліктің белгісі,
Көңілдің хошы келмеген.
Жарлылықтың белгісі,
Жанын қинап өлмеген.

Кәрілік, жарлылық, жалғыздық, сақилық, батырлық, жүйріктік ұғымына орай өмірден түйген тұжырымдар, тіршіліктің сан қилы мәселелері жайынан мағыналы пікірлер шертеді.

Ақын туындыларына салдыр-салақ қарамайды. Кесек сөз, көрікті теңеулерін келісті ұйқаспен керемет жымдастырады.

Ақтан шығармаларының тілі өте бай, көркем. Сан қилы теңеулер, сөз айшықтары ақын поэзиясына тән. Ақтан өлеңдері ойлы, терең мағыналы болып келеді. Ақынның тіл ерекшелігі бар. Ол табиғи құбылыстарды, жаратылыс сыңайын шебер пайдаланып, айтайын деген ой-пікіріне шұрайлы сымбат береді. Мысалы, өзінің ақындық бейнесін басқа ақындар қолданатын дәстүрлі балама, теңеулер арқылы емес, өз тіл байлығының, дүниетаным біліктілігінің қуатымен жаңаша түрде суреттейді:

«Мен жырлауға құмармын, Шұбалаң құйрық шұбармын. Шапқан аттай саулаймын, Жанған оттай қаулаймын. Не қылғанмен дер күнім, Бұлдыраған таудаймын».

«Мен ақбауыр кер жорға,
Әдемі басқан аяғын».
«Тұяғым тайпақ сүргінмін,
Түгескен топты жорғалап».

Осында ақын өзінің жүйріктігін «шұбарға», тілінің жайлы-тәттілігін «сүргінге», «кер жорғаға» баласа, ал ақындық қарқынын «шапқан атқа», сөзінің қуатын «жанған отқа», өзінің тұлғасын «бұлдыраған тауға» деген теңеуі де өзге ақындар қолданбаған сұлу үйлесімдер. Десек те, өзін-өзі түрлі сұлу нәрселерге теңеп жырлау әдебиетте бар тәсіл. Осы орайда, Ақтан поэзиясының Махамбет өлеңдерімен үндестігін пайымдауға болады.

Оның өлеңдерінің көбі шұбыртпалы ұйқаспен жазылған. Мысалы, «Бұл мәжіліс белгісі» деп басталатын 12 шумақтан құралған толғауының алдыңғы 4 шумағы бір ұйқасқа құралса, («құралмақ», «ұрандап», т.б.) қалған шумақтары «келмеген», «өлмеген» т.с.с. ұйқастармен өріліп, толғауға ерекше шырай береді. Соңғы кезде А.Керейұлының бұрын белгісіз болып келген бірнеше шығармалары табылып отыр. Соның ішінде «Қазақтың салты» (бұрынғы нұсқасы 36 жолдан, қазіргі нұсқасы 241 жолдан тұрады), «Болжау сөзі» - екі шығармасын сөз етпекпіз. «Қазақтың салты» - қазақтың өткенін аңсау, қазіргісінен (ақын өмір сүрген кезең) торығу болса, «Болжау сөз» - қазақтың болашағын (XIX ғасыр үшін болашақ келесі дәуір, яғни XX-XXI ғасыр деп түсінеміз) болжау деп қабылдауға болады.

Ақтан Керейұлының «Қазақтың салты», «Болжау сөз» толғауларының когнитивтік құрылымындағы «идеалды қазақ» концептісі кеше, бүгін, ертең мезгілдік контекстінде жаман және жақсы оппозициялық танымдық бірлігінде айқындалады. «Идеалды қазақ» концептісінің негізгі өзегі ұлттық рухани құндылықтары болып саналады, ұлттық эталоны болып есептелетін идеялық белгілері құнсызданған жағдайда қазақ ұлты сақтаудың бір-ақ жолы – имандылық, адамгершілік идеологиясы – хаққа сену, ата-бабалар рухын әспеттеу, қазақы салт-дәстүрді жаңғырту.

Қорыта келгенде, Ақтан поэзиясының көркемдік кестесінде мұндай терең мағыналы сөздер молынан кездеседі. Көркемдік- өнер шығармаларының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы, дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суреттілік, бейнелілік, өрнектілік. Көркемдік - поэзиялық туындының сапалық көрсеткіші. Ақын поэзиясының көптеген тұстары суреттегіш бейнелік құралдар жүйесінің іштей жарасым үйлесімінен, мазмұны мен пішінінің тұтастық бірлігінен көрінеді. Ақтан поэзиясының көркемдік жүйесінде теңеулердің эстетикалық мәні ерекше. Әлеумет жайының ұдайы алға ұсталып айтылуы, оның ақиқаттың алмас қылышындай өткір, айқын айтылуы ақын шығармаларының мейлінше дара өзгешелігі, асқан бұқарашылдығы. Сондықтан да Ақтан шығармалары өз кезіндегі тарихи маңызы зор, халқының мұңын көтере алған, тәлім - тәрбиелік қызмет атқарған туындылар.

Біз ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы әр кезеңдерде жарық көрген зерттеу еңбектермен, ой-пікірлермен таныса келіп Ақтан ақынды танып білудің әлі де маңызды жақтарының бар екенін байқадық. Ақын шығармалары кезінде хатқа түспей ауызша тарағандықтан көбісі бізге жетпей қалған деген пікірдеміз. Замандас ақындары сөз жүйрігі, айтулы ақын деп бағалаған ақынның шығармалары бұл қазіргі қолдағы бар мұраларынан әлдеқайда көп болуы әбден мүмкін. Жарық көрген шығармаларын оқып, талдай отырып

Ақтан Керейұлының халықтың салт-дәстүрі мен өз заманының шындығын тани біліп, оны шығармаларында бейнелей білген, жырына адамгершілік асыл қасиеттерді арқау еткен көрнекті ақын екендігін көреміз. Ежелден келе жатқан әдеби дәстүрді терең игергендігі оның салт өлеңдері үлгісіндегі шығармаларынан, арнау, толғауларын, сыншыл туындыларынан айқын аңғарылады.

Сөз өнерінің мәні мен мақсатын терең түсіне білген ақын ақындық өнер арқылы тәлім-тәрбие беруді басты мақсат етті. Күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарды, адамдар бойындағы әр түрлі мінез-құлық, қасиеттерді өмір шындығымен, халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста бейнелей білді.

Адамның ғана емес, табиғаттың да әдемілігін жырлаған ақын өлеңдері эстетикалық категориялардың поэзиядағы көрінісіне айналған. Ол өз жырларында көркемдікті жырлады, жамандық пен жақсылықтың мәңгі күресін көрсетті. Эстетикалық тәрбие үшін әсіресе оның «Аққулар көркем көрінер» өлеңінің мәні ерекше. Ақтан ақынның шығармаларында жырланған көркемдік, үйлесім мәселесі эстетикалық тәрбие беруде маңызды орын алатыны сөзсіз. Ақтан өзіне дейінгі ақындарға қарағанда алған тақырыбын мейлінше терең, әрі жан-жақты қамтуға талпынады. Айталық ол батыр жігіт пен адал жар, қыран құс пен жүйрік ат бейнесін атүсті айта салмай, жеткізе суреттеп, жеке дара кейіптеу дәрежесіне дейін көтереді.

«Жыраулық шығарманың ақындық поэзиядан ерекшелігі жырау атанған автордың тек үлкен эпостарды жырлайтындығымен ғана емес, елдің іргелілігі үшін күресетін ақылгөйлік, көрегендік, даналық сөздер сөйлейтін көсемдік табиғатымен тікелей байланыста қарастырылады», - [11.106]. - деп белгілі әдебиетші ғалым Ж.Тілепов пайымдағандай, халықтың мұңы мен арманын, асыл қасиеттерін жыр ете толғаған ежелден келе жатқан жыраулық дәстүрдің де ақын шығармашылығында біршама көрініс тапқаны оның толғаулары мен термелерінен байқалып отыратынына көз жеткіздік. Сондай-ақ әдебиетіміздегі халықтың рухын көтеріп, жан әлемін сусындатып, сана-сезімін тербетіп отыратын эпостық, батырлық жырларды жатқа айтып отырған үлкен жыршы да болғанына деректер негізінде көзіміз жеткендей болды. Ақтан ақынның шығармаларының көркемдік сипатына келетін болсақ ақынның халықтың әстүрлі ауыз әдебиетін жан-жақты біліп, терең игергеніне оның дәстүрлі халық әдебиеті үлгісімен көптеген жанрларда туындылар жасағаны да дәлел болады.

Ақтан ақынның сөз қолданудағы шеберлігі оның образ жасауынан да айқын көрініс тапқан. Ақын айшықты сөздерді молынан қолданады. Дінін илам деп танып, мұсылмандық жолын берік ұстанған ақынның шығармаларында дінге қатысты сөздердің көрініс тауып отыруы заңды құбылыс деп түсінуге болады.

Қорыта айтқанда Ақтан ақынның шығармалары ақынның өз заманындағы айтулы сөз шеберлерінің бірі болғандығын көрсетумен қатар XIX ғасырдағы әдебиетіміздің даму деңгейінен де мәліметтер беретін құнды рухани мұра болып саналады.

Сандаған жылдар бойы халық арасында шығармаларының ауызша сақталып жетуі ақын шығармаларының өміршеңдігіне дәлел болады.

Иә, «Әдебиет - ардың ісі» [27.196].-деп көрнекті ғалым З. Қабдолов айтқандай шығармаларына адамгершілік асыл қасиеттерді, ар-ұят, иманды, өмір, заман шындығын арқау етіп көркем бейнелеп, сөз маржанын өрнектей білген ақынның әдеби мұрасы әдебиетіміздің тарихында өзіндік орнын алып, ұрпақ тәрбиелеудегі өз қызметін атқара береді деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Р.Бердібай. Жұлдыздар жарығы. Алматы: «Білім», 2000. 432-бет
2. Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті: Жыраулар поэзиясы. Ақтөбе: «А- Полиграфия» ЖШС, 2004,385-бет. 2
3. Сыдықов Қ. Алғысөз // Қазағым – Алматы: Жазушы.1993ж.
4. Бес ғасыр жырлайды. -Алматы: Жазушы,1989.-382б.
- 5.Ақтан Керейұлы және аймақтық әдебиеттану мәселелері. РҒТК материалдары,- Ақтөбе, 2010ж, 446-бет.
- 6.«Үш қиян» газеті 1сәуір 2010.
- 7.Қ.Сыдықов.Ақберен. –Алматы.Нұрлы әлем, 2007 ж.576-б.
- 8.Қ.Сыдықов. Ақын-жыраулар -Алматы. Ғылым, 1974 ж.146-б.
- 9.Ахметов З. Өлең сөздің теориясы.- Алматы: Мектеп, 1973.-212 б.
- 10.«Алтын Орда» газеті, №43, 27 қазан 2011 жыл
11. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет.-Алматы: Ғылым, 2001.-375б.
12. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: «Қазақ университеті», 1992.

ДҮНИЕ ДИДАРЫН ДӨП БАСҚАН ЖАЗУШЫ

Балтоғаева Ж.Е.

аға оқытушысы, ф.ғ.к

Жасұланқызы Э.

2 курс магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Рахымжан Отарбаевтың шығармашылық ғұмырындағы кітапсүйер қауымның сүйіктісіне айналған әңгімелерінің ерекшеліктері, идеясы, әлеуметтік мәні кеңінен қозғалады. Ол ғұмырын қазақ әдебиетіне арнады. Әдебиеттің алтын қорын өзінің баға жетпес туындыларымен толықтырды. Жазушы Рахымжан Қазақстанның жаңа бақыты, тәуелсіздік бақыты туралы жазған үлкен қаламгер. Осынау аласапыран заманда автордың сол заман шындығын бұлжытпай суреттеуі-ойлы оқырманды ойландыратыны сөзсіз. Рахымжан Отарбаев – прозаның не екенін білетін, соны меңгерген бірегей суреткер. Шығармашылығын, стилін, өзін-өзі танытуын құрметтейтін оқырманы бар жазушы бола білді. Ол ұлы Құрманғазы мен оның ұлы бабаларының жоқтаушысы ретінде белгілі Проза саласында да заманның өзекті мәселелерін көтерген әңгімелер жазды. Рахымжан Отарбаев – әңгімесінде көп нәрсені айта алған кемеңгер қаламгер.

Түйін сөздер: қаламгер; әңгіме; сарын; проза; ұлттық мұра; дәстүр.

Қоғам өмірі мен адам тағдыры – әдебиет әлеміндегі көптеген жазушының басты тақырыбы. Қоғамда орын алып жатқан үлкенді-кішілі оқиғаларды жүрек көзінен өткізе отырып, көркем шындықтың бойына қан жүгірту - жазушының негізгі міндеті. Осы бір

жауапкершілігі мол міндетті әр жазушы әрқилы түсінетін секілді, әрқилы түсіндіретін секілді. Ал Рақымжан Отарбаев «әдебиетті – ардың ісі» деп бағалайтын өресі биік жазушылардың бірі. Оныңшығармаларында қоғам құбылыстарының еш боямасыз, анық та қанық берілуі, қаламгердің қоғамдағы қордаланып қалған бірқатар мәселелерге сын көзбен қарауы – шығарманы одан әрі жандандыра түскені мәлім. Рақымжан Отарбаев өзінің шығармашылық ғұмырында көптеген жанрларға қалам тербеді, драматургияда да өзін сынап көрді.

Алайда, оның еркін қалам сілтеген жанры – әңгіме болды. Әңгімелерінің арқалаған әлеуметтік-қоғамдық мәні орасан зор. Көзі қырағы жазушы тек ұлттың аясында ғана шектеліп қалмай, адамзаттық ойларды да алға тартты. Содан болса керек, қазақ әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісов: «Мен, өз басым Рақымжанды бүгінгі, яки ХХІ ғасырдағы қазақтың Чеховы дер едім. Рақымжан өте шебер, өте ойлы және жаны сұлу жазушы. Ол ең алдымен әрі ұшқыр, әрі асқан шеберлікті, парасатты суреткерлікті талап ететін әңгіме жанрының асқан ұстасы» [1,32]–деген еді. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің бұл сүбелі сөзінен біздің жоғарыда айтқан пікіріміздің анықтығын байқаймыз.

Рақымжан Отарбаевтың 2009 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Аспандағы ақ көбелектер» кітабы әдеби ортада үлкен пікірталас туғызды. Себебі, кітапмұқабасына атау болған әңгімеде қоғамдық жағдайдағы ащы шындық пен азапты өмірдің айнасы көрінеді. Аталмыш әңгімеде ауылдың қоңыр төбел тіршілігін тәрк етіп, заман талабына сәйкес қалаға келіп, нәпақа таппақ болған арманшыл да аңғал Дәурен мен Әлиманьң тағдыры баяндалады.

Басында бәрі де өзінің арнасымен жүріп жатқан. «Дәу қаланың бетке ұстар базарында шалбар саудалаушы жігіт» Дәурен де, су сатушы қыз Әлима да өздерінің атқарып жүрген тірліктеріне риза болатын. Қалаға келіп, аз-маз болса да, ақша тауып жатқан қос кейіпкердің көңілдері көлдей еді. Жазушы өзінің шығармасында: «...қалтаға құйылған тиынның сыңғыры жиылып кеп, бұйра бас, ақсары өңді, ашаң, әдемі жігіттің пәтер жалдауына да, назқоңыр нәпақасына да, Жарбай ауылындағы жалғыз шешесіне де жетіп артылатын. Шалының қара шаңырағын жықпаймын деп төрттағандап отырған кейуананы айына бір барып сүйсіндіріп, ас-суын қамдап кететін. Қайтарда «Құлыным-ау!» деп қасқа жолдың бойына дейін шығарып салғанда, көлбеңдеген кең көйлегінің етегіне алтын шуақ үйіріліп, өзімен бірге жан тыныштығын, қанағат пен иманды қоса-қабат алып қалғандай болатын» [2, 53]–деп Дәуреннің ауылда қалған жалғыз шешесінің алаң көңілі мен баласының арманшыл қасиетін баяндап өтеді. Шығармадағы осы бір жолдар қазіргі қазақ қоғамында көптеп кездесетін жағдай. Әсіресе қарапайым, қазақы танымда өскен баланың қалаға арман қуып кетіп, үміт пен күдік аралас дүдәмал күйде жүруі – қазіргі социумның негізгі мәселесі. Кейбіреуі алып шаһарға тез сіңісіп кетіп, үлкен мақсаттар мен жоспардың иесі атанса, ал кейбіреуі басар тау, барар жері болмай, тауы шағылып жүреді. Міне, Рақымжан Отарбаев әңгіме жанрының ауанын сезініп, аз сөзбен көптеген мәселелерді ортаға салады.

Шығармада Дәуреннің жанының тазалығы, аңғал екендігі көрінеді. Дәурен де қалаға келгенде сол базардың қайнаған тіршілігінде өз нәпақасын тауып жүрген. Сол бір уақыттарда базарда шалбар сатушы болып жұмыс істеп жүреді. Қарбаласы мен қақпақылы көп мына өмірдің ағыны ауылдан енді келген, аңқау, көп іске икемі жоқ Дәуренді де өз жетегіне алып кеткен. Дәурен алғашқы кезде өте қатты қиналады. Сонда да, тапқан ақшасының басы жиылып кеп «ақсары өңді, ашаң жігіттің» пәтер ақысына да, Жарбай ауылында қалған жалғыз шешесіне де жететін. Шалының қара-шаңырағының отын сөндірмеймін деп жалғыздан-жалғыз отырған кейуананы айына бір рет барып қуандырып, бар жағдайын жасап кететін...

Осылайша адал еңбектің жемісін көріп жүрген шағында бір бәлеге тап болады. Жазушы қай дәуірде болмасын өзекті болған ақша, байлық мәселесін көрсеткісі келген. Зер салып қарасақ, осыған дейінгі дәуірлерде аңыз-әңгіме, ертегілерден қалған байлықты теріс ұғымда көрсетудің сарқыншағы қалып қойған еді. Ал «Аспандағы ақ көбелектерде олай емес». Байлықты дәріптемейді де, қолдың кірі ретінде де көрсетпейді. Кәдуілгі қоғамдағы

болып жатқан, барша оқырманға таныс жағдай суреттеледі. Себебі, автордың мақсаты материалдық байлық туралы ойын жеткізу емес, адамның ішкі, рухани байлығының деңгейінің маңыздылығын көрсету. Әңгіме өз кейіпкерлерін дәл тапқан. Қоғамның бүгінгі тоғышар пенделерін сипаттаған. Кейде дүние байлығы еркіндік пен жайлы өмірге жетелесе, кейде адамдардың түбіне жетіп жатады. Басты кейіпкер Дәуреннің базар бастығына алдануы өзіне де, әйеліне де қасірет боп келеді.

Сөйтіп, қаламгер қазіргі өмірімізде, қоғамда болып жатқан дәл осындай келеңсіз жағдайды әшкерелейді.

Осындай келеңсіздіктерден кейін қоғамда байлықтың буы біраз адамды есіртіп жіберуге дейін апарып жатыр. Нәтижесінде, қазақ социумында Дәурен секілді аңғал да ақкөңіл жандардың өмірі тас-талқан болды.

Жазушы жігіттің іс әрекеті арқылы жақсы тұрмыс пен жетістікте өмір сүруге еңбексіз жеңіл жолмен қол жеткізудің қайыры да, берекесі де болмайтынын, ал махаббат әр пендеге бұйыра бермейтін киелі сезім екенін, соңында Дәуреннің санасын тілгілеген сезімдерінің күші арқылы оқырман талқылауына ұсынады. Иә, бұл сіз бен біз өмір сүріп жатқан қоғам қалтарысындағы орта деңгейлі әлеуметтің тіршілік тынысының бейнеленуі еді.

Міне, Дәуреннің өмірінде үлкен өзгерістер орын алып, өзінің ғашығы Әлимадан да айырылып қалады. «Дәл неке қияр сәтте аспанға көтеріліп кеткен ақ нұр Дәурен басқа жан баласына көрінбей, судағы бейнедей сырғанап кеп Сырғалы екеуінің ортасына түсе берген. Бұл жолы мұнайып та, кінәлап та қарамады. Тұнжыр тартқан жанарында баяғы үміт оты өшіп, үрей мен мазасыздық шүпілдеп тұрды», – дейді осы әңгімесінде жазушы Рақымжан Отарбаев.

Бұл жерде қаламгер ақ нұр боп аспанға көтерілген нәрсені күнәдан таза, жүрегі пәк Әлиманың ақ періштесі ретінде көрсетеді. Дүниені бар құшағына сыйдырып, байлықтың буына еліккендер үшін адамгершілік, адалдық, кірпияздық, тазалық, махаббат деген қасиетті құндылықтардың құны көк тиын екен. Олар үшін бәріне де ашкөздікпен, тойымсыздықпен қарау керек.

Әңгіменің арасында жазушы тағы да: «... бір шөкім ақ көбелек... қалт-құлт, қалт-құлт ұшып байыз табар емес. Көз алды бұлдырап, ақ гүлдер жауып кетті... Ес-түзсіз талып құлаған... Содан бері түсінде ақ көбелектердің соңынан қуып діңкелеп, аңқасы кеуіп оянады» –дейді.

Құрдымға кеткен арманның ақ көбелегі көз алдыңнан ұшып өткендей болады. Әңгіменің соңы мистикалық сарынмен аяқталса да, екі ұшты ойға қалдыратыны жасырын емес. Реалистік шығарманың соңы қалайша мистикамен аяқталады деп ойлап отқан шығарсыз? (Мистика - бұл жерде табиғаттан тыс тылсым құбылыс, ғажайып оқиғалар.)Әңгіме соңындағы мистикалық сарынның астарында реализм жатыр. Мен оны әңгіменің көркемдігін аша түсу үшін қолданды деп ойлаймын. Ақ көбелектердің қалт-құлт ұшып кетуі байлық пен бақтың кеткенін тамаша суреттеп тұр.Шығарманы оқып, басты кейіпкерге қарап ішің ашиды...

Жазушы шығармашылығындағы тағы бір ерекшелік – атауқоюшеберлігі. Автор әңгімелерінің атауы оқырмандарды елітіп қана қоймай, оқуға, білуге ынтықтырып тұрады.

Жазушы өзінің кезекті әңгімесін «SOR» деп атайды. Атауы құпияға толы, нақты нені айтып тұрғаны белгісіз көрінеді. Мүмкін, қазақ тілінде «Сор» сөзі тауқымет, қиянат мағынасында қолданылады, сол тақырып аясын меңзеген шығар. Бірақ ол қандай сор, кімнің, ненің сору?Әңгімені оқыған оқырманың бейсаналы түрде осы сұраққа жауап іздейтіні анық.

Әңгіменің басталуы да тосындау. «Саин көшесінің төбесінен жұлдыз аққан. Жіп сәулесін соз-зып...» дегені автордың бірнәрсені ескертпек, сақтандырмақ ниетте айтқанындай көрінеді.Қаламгербұл әңгімесінде ел етегін енді жинап жатқан кезеңде қазақ қоғамында қаулап жатқан жезөкшелік туралы айтады.Жаһандану мен нарық заманының бізге әкелген үлкен кесепатының басы да осы болған.Қоғамды ілгерілету туралы тақырып қанша уақыттан бері өзектілігін жоймай келе жатса да,оның себебін іздемейміз, түп-тамырын тани алмай жатамыз.

Жазушының «SOR» атты әңгімесінің басты кейіпкері- Айсара да бір аяулыотбасының әлпештеп өсіріп отырған қызы. Әжесі мен сырқат шешесінің бар қуанышы да, бар бақыты да, інісінің арқа сүйері де осы Айсара еді. Шығарма желісі бойынша Айсарамектеп бітірер жылы көршіауылдың келбетті жігітіне ықыласы ауады. Жігіттің де көңілінде кір болмаған, мінезі жарқын, ниеті таза жан еді...

«Күзге салым ойды-қырды кезіп, бауырымен жорғалап өсек жеткен. Көрші ауылдың көркем жігіті колледж бітірген мұғалім қызға сөз салыпты».

Содан Айсараны ғашықтық дерті меңдеп, опасыз махаббаттың соққысы жүрегіне қатты батады. Күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ. Кісікіік болып, жан баласымен араласуды қойды. Сөйтіп, сәтсіз махаббатын ұмыту үшін Айсара оқуға түсу мақсатында Алматыға аттанады.Алайда, ол оқуға түсеалмай, алып шаһардағы бір мейрамханаға даяшы боп жұмысқа орналасады. Сол жерде жүргенде олбір бизнесмен жігітпен танысып, көңіл жарастырады.Ақырында сол «бизнесмен жігіттен» жүкті боп қалады.Сүйген жігіті нағызалайық, аяр адамның өзі болып шығады.Алып шаһарға үлкен арманмен барып, жауыз қолдардың арбауына түсіп қалған талай арудың тағдырын авторосы бір әңгімесінде былайша сипаттайды: «...Іштей қатайған.Ашаң жүзі сылынып,арықтап,қыр мұрыны қусырылып,тілден қалған.Көкірегінде ұят пен ыза беріш боп қатып тұрып алды... Иә,иә,әжесі... Мұның мына халін көрсе не дер еді? Тәтті үмітті талғажау ғып жүрген қолтоқпақтай бейшара бір уыс боп бүрісіп қалар.Табанаяқ боп табалдырықтан аттауы мұң болар.

– Біліп едік.Айтқанымыз айнымай келді.Қырық үйден тыйым көрмеген қыз осылай ойнақтап от басатын, – деп көрші-көлем шешесін жерлеп бітер...

– Кешір, – деді сондай арпалысты шақта жатырын сипап.

– Дүниеге тағы бір алаяқ, алдампазды әкелмеу үшін, мен сенен құтыламын.Кешіре гөр мені... Араға алты ай салып,Саин көшесінде тұрды...».

Шығармадағы бұл жолдарды оқу оқырман үшін қандай ауыр болса, шығармагер үшін осы бір сөздерді жазу одан да ауыр болғанын іштей сеземіз. Қоғамның басты дертін тап басу және оны шығармаға негіз етіп алу – жазушының азабы. Егер біз осы тұрғыдан пайымдайтын болсақ, жазушы Рақымжан Отарбаевтың бұл тақырыпқа қалам сілтеуін үлкен ерлікке бағалауға болады.

Айсараның алаяқпен жолықпай тұрғандағы жаны неткен таза еді!? Арманы да асқақ, үміті де көп еді. Бауырына деген махаббаты, әжесі мен шешесінің мерейін үстем етпек болған ниеті айрықша болатын. Адамдарға деген сүйіспеншілігі де ерекше еді.Ол өзін қалай жақсы көрсе, адамдарды да солай жақсы көретін. Алайда, оның бұл махаббаты өзіне кесепат болып тиді. Міне, Айсараның басты «кемшілігі» осы еді.

Осы шығарманы оқыған сәтте менің есіме Мопассанның «Томпыш» әңгімесі есіме түсті. Мопассан тағдырының тәлкегіне ұшыраған талай әйел жанының жан жарасын, өз қоғамындағы ең бір намыс тапталған, құқы қорғалмаған әлеуеттің өкілін өз шығармасына басты қаһарман етіп алады.

Алайда, оның бойындағы ізгі қасиеттердің алауы сөнбеген. Жазушы осы әңгімесінде басты кейіпкерді өзге әкім-қара, бай-бағландардан биік қояды. Себебі, мансап қуған алаяқтарға қарағанда (қоғамның «жезөкше» деп күстаналайтын, ары кірленген саналатын(жеңіл жүрісті) әйелдің адамгершілік қасиетінің туы әлі де құламаған болатын...Әңгіме желісі бойынша Айсара бір күні теледидардан үнемі көріп жүрген, кейін радиодан тыңдап,газеттен бейнесі таныс депутаттың «елім, жерім, ұлтым» деген сөзін ұнатып,өзін жақсы көріп қалады. «Елімізде дәл осындай халықтың қамын ойлайтын беделі биік кісілер әлі күнге дейін бар екен», – деп жағымды ойларға ерік береді.

Қайраткер азамат деп депутат ағасын біраз уақыт бойы сырттай жақсы көріп жүреді...Сөйтсе, бұлар «жұмыс істейтін» сауна сол депутаттың меншігіндеекен.«Бұл қалай болғаны? Бұл кісі халықтың қамқоры емес пе еді?!». Бірден жүрегіне қанжардай болып қадалған бұл жаңалық Айсараны есеңгіретіп жіберді. Қанша рет алданса да, талай адамның арбауына түссе де, сенімі жоғалмаған Айсараға бұл үлкен соққы болып тиді.Осы уақытқа

дейін аярлықтан, алдаудан жапа шексе де, адамдарға деген сүйіспеншілік туының құламай келген еді. Осы жолы оның аңғал жүрегіндегі «сенім» атты ұлы құдіреттің оты өшті.

Әңгіме Айсараның өлімімен аяқталады. Оның өліміне де сол бір жауыз қолдар себепші болды. Шығарма: «Сол күні Саин көшесінің төбесінен тағы бір жұлдыз аққан. Жіп сәулесін соз-зып...» деп аяқталады...

Автор өлім мотивін, тіршіліктің мәнін, өмір болмысын, экзистенциализмді керемет аша білген. Экзистенциализм (лат. *eksistentia* – өмір сүру) – адам өмірінің мәні, оның тұлғалық болмысы жайлы батыс философиясындағы иррационалистік бағыт.

Рақымжан Отарбаевтың «Атырау – Алматы пойызы» әңгімесінің де арқалаған жүгі ауыр. Бір қарағанда жазушының «Атырау – Алматы пойызы» әңгімесінде үлкен шығармаға арқау болар оқиға да, сан қырлы сюжет те жоқ. Бірақ бүгінгі өмірдің шынайы көрінісі жан-жақты көрсетіліп, шебер сипатталған көлемі шағындау ғана әңгімеде еліктіріп әкететін, көңілінді дөп басатын сәттер өте көп. Сондай-ақ, әңгімеде қоғамның қордаланған мәселелері көрініс табады. Шығарма осындай бір ерекшелігімен көңіл мекеніндегі нәзік сезімдерінді, жүрегінніңпернесін шымшылайды.

Рақымжан Отарбаевтың «Атырау – Алматы пойызы» әңгімесі еліміздің табалдырығынан нарық заманы қадам басып жатқан тоқсаныншы жылдардағы оқиғалар символдық мәнде баяндалады. Құндылықтар ауысып жатқан кезеңде адамның санасында да екі ұшты ойлар мен екі жақты пікірлердің айқасы жүріп жатады. Міне, осы бір жайт шығармада көрініс табады.

Әңгіменің желісі бойынша басты кейіпкер Атыраудан Алматыға пойызбен жолға шығады. Сонда ол қарапайым пойыздың ішінде неше түрлі тағдырлардың бар екеніне және сол тағдырлардың әрқилылығына таң қалады, кейде налиды. Басты кейіпкер пойызда аузы-аузына жұқпас әйелдерді де, жасы егде тартқан қарияны да, өзін талант есептейтін композиторды да кездестіреді. Осы бір жандардың тағдыр-талайына үңіліп қараса, тазалығы лайланған, тереңі таязданған тіршіліктің бейнесін көреді. Адами құндылықтардың дәрежесі төмендеп, адамдардың ізгі жолдан адасуының көрінісі шығарма желісінде көптеп кездеседі. Сонымен қатар, «Атырау – Алматы пойызы» әңгімесіндегі қарияның сөзі өте нанымды шыққан. Шығарманың соңында баяндалатын осы бір диалог қоғамда үлкен мәселеге айналған Арал теңізінің шындығын көрсетеді: «Пойыз Арал қаласына аз-кем аяқ суытып аттанды.

Вагонға әлгінде мінген қария:

– Қайран теңіз, балығың кетіп бақаң қалды. Бошалаған түйедей біз де бездік. Кеше гөр, – деп терезеге жармасады.

– Аралды айтып тұрсыз ба?

– Сол ғой, балам. Ырысы алысқа шашыраған аймақ еді. Қайықты ерттеп мініп, ауды жайып сап... Несін айтасың... Ақ балық, сазаны мен қазын қайырып. Енді кеп теңіз табаны сорға айналған. Жел лүп етсе ақ тұзды аспанға атып жатыр.

Қария кемсең қағып сырт айнала берді».

Ал Рақымжан Отарбаевтың «Актриса» әңгімесі өнер адамдарының арасындағы кереғарлық туралы шығарма. Әңгімеде көп қолданылған көркемдік әдіс – сарказм. Қаламгер әңгіменің негізгі тінін мысқылдау мен сарказмге арнап құрған.

Жазушы-драматург өзі талай жыл театрмен тығыз байланыста жұмыс істеген. Демек, оны театрдың ішкі атмосферасын сезіне алады деуге толық негіз бар. Сондықтан, ол «Актриса» әңгімесін өнер адамдары арасындағы атаққұмарлық пен ашкөздікке арнаған. Еш пайдасы жоқ атақ-дәреже үшін жанын беруге дайын актерлердің шынайы келбетін ашып, олардың қоғамда әлі күнге дейін бар екенін ескерткендей болады. Бұл тұрғыдан келгенде, Рақымжан Отарбаев өзінің «Актриса» әңгімесінде қоғамның негізгі дерттерінің бірін көрсете білді.

Өзінің ішкі жан дүниесіне кір жұқтырмай, адамдықтың ақ туын жерге түсіргісі келмейтін адамға үнемі қиын болары сөзсіз. Бұл туралы Рақымжан Отарбаевтан бұрын да қаншама қаламгер айтып кеткен еді. Алайда, мәселе бұл жерде дәл осы нәрсе туралы айту да

ғана емес, оны қалай жеткізуде болып тұр. Рақымжан Отарбаев өзінің алғашқы әңгімесінде-ақ Кеңес одағының солақай саясатын қолдамағаны, оны мүлдем мойындамайтынын ашық жазды. Ал өзінің «Сатқын» әңгімесінде біздің көңілімізде жүрген түйіткілді мәселелерді қозғайды. Кез-келген ата-ана баласы әжетке жарап, есейе бастаған шағында оның санасына адамгершілік пен адалдықтың, иман мен мейрімділіктің, ізгілік пен даналықтың нәрін күйғысы келеді. Алайда, баласының болашағын ойлаған ата-ана көп жағдайда өзінің беріп жатқан тәрбиесі мен қоғамдық шындықтың ара жігін ажырата алмай, дел-сал күйде жүреді. Ал қоғам мен адам арасындағы келіспеушілік әділетсіздіктен туындайтыны белгілі. Міне, Рақымжан Отарбаевтың «Сатқын» әңгімесі осы мәселе төңірегінде сөз қозғайды.

Әңгіменің бас кейіпкері Асылбек жастайынан арманшыл әрі аңғал болып өседі. Бала кезінде киноны көп көріп, үнемі қиял мен арманның жетегінде жүретін. Кішкентайынан тек жақсы нәрселерге үйір болған баладан әке-шешесі зор үміт күтеді. Міне, осы Асылбек есейіп, ел қатарлы әскерге барған кезінде ант беруге үзілді-кесілді қарсы болады. Себебі, ол байдың, бастықтың балалары әскерге бармай, тек өзі секілді қарапайым отбасыдан шыққан балалардың әскер қатарында жүруін әділетсіздік санайды. Міне, жоғарыда атап өткеніміздей, қаламгер бұл шығармасында әділетсіздік ащы тұсын көрсетеді. Адамның ішкі жанына тереңдеп еніп қоймай, оның жүрегіне де бойлау – Рақымжан Отарбаев шығармашылығының басты міндеті.

Адам бойындағы бұлтарыс-қалтарыстардың шешімін тауып, сезім пернелерінің қалай шертілгенін сезуді қаламгерлік борышы санайды. Сол себепті, Рақымжан Отарбаев адамдардың ішкі жан дүниесіне үңілу арқылы қоғамның ащы дертіне көз салады. Егер оның шығармашылығының өн бойына үңілетін болсақ, оның астарында ұлттың уайымы мен қайғысы жатады. Жүрегіне жара боп қатқан сол дертті тек жазу арқылы емдейтін қаламгер өмірінің соңына шейін тек ұлтқа керекті дүниелерді жазды. «Шыңғысханның көз жасы», «Соңғы спектакль», «Аяқталмаған хикая» сынды әңгімелері оқырман және әдеби қауым тарапынан үлкен беделге, қошеметке ие болды. Ол ұлтқа қажет, халыққа керек дүниелерді тізбектеді. Сондықтан да, оның қазақ әдеби айдынындағы жүзі жарқын.

Рақымжан Отарбаевтың шығармашылығы – үлкен әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді қозғайтын арнасы кең әлем. Оның туындылары туралы сөз қозғау – қоғам бейнесі мен адам өмірінің сырын ашу деген сөз. Жоғарыда біз талдаған әңгімелері қаламгердің мол шығармашылық мұрасының бір парасы ғана. Алайда, осы бір әңгімелерінің өзі оқырманға үлкен ой салып, алда болатын келеңсіздіктерден сақтандыру мақсатында жазылғандай. Бұл тұрғыдан пайымдайтын болсақ, Рақымжан Отарбаев тек ұлттың аясында ғана шектеліп қалмай, адамзаттық ойларды да алға тартқан көрнекті жазушы екенін байқаймыз. Сол себепті, оның шығармалары – қазақ әдебиетінің басты қазыналарының бірі [5,29].

Рақымжан Отарбаев қазақ ұлттық әдебиеті мен мәдениетіне үлкен еңбек сіңірген азамат еді. Негізінен ол екі салада жанталасып қызмет етті. Бірінші – шығармашылық салада драматург, проза жазатын қаламгер ретінде ең өзекті тақырыптарды көтерді. Екінші – мәдениет саласында Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың директоры болды [6,15]. Қай салада да, өзінің абыройлы қызметімен көзге көрінді. Мұстафа Шоқайдан бастап Темірбек Жүргеновке дейінгі біздің ұлы адамдарымыз туралы батыл жазып, зерттеп, оны шынайы көркемдік дәрежеге көтерді. Проза саласында да бүгінгі заманның ең өзекті мәселелерін көтерген әңгіме, повестер жазды. Театрда директор да, көркемдік жетекші де болу арқылы өзінің ұйымдастырушылық қабілет-қарымын көрсетті.

Өмірдің сан алуан құбылыстарын сүзгіден өткізіп, көркем бейнені сомдай отырып, өмір шындығын көркем бейнелей алатын нағыз суреткер ғана. Рақымжан Отарбаевтың шығармаларын оқи отырып, осындай риясыз тұжырымға келесіз. Өнер әлемінің сұлулығына, нәзіктігіне, әсемдігіне таң қаласың.

Рақымжан Отарбаев – жай суретші, жай көсемсөз иесі емес, туған халқының ішкі үнін, күрсінісі мен мұңын, осы қоғамға деген бар разылығы мен наразылығын үнемі тыңдап отыратын қырандай сезімтал тамыр. Жан-жақтан жат жұрттың кеудесін тесіп өткен туған даласының ыңырсыған үнін естиді [7,3]. Соның нәтижесінде оның шығармалары бүгінгі қазақ

халқының, қазақ даласының дәл жүрегінде сәби кезінде дүниеге келді. Бұл әңгімесінде, әсіресе, Рақымжан осы бір мәңгілік шындықты оқырманның көзінше көлденең тартып, оқырманды сендіреді. Осыдан жүз жыл бұрын қазақ даласына көз тіккен шетелдік алпауыттардың оңай жолмен ақша тапқысы келетіні сияқты, Қазақстанды басып алған бүгінгі шетелдік байлардың да көзқарасы мен мақсаты да солай. Қазақты қиыншылықтан шығарыңдар! Олар қазақты ешқашан жарылқамайды! Қазақты қиыншылықтан алып шыққан да қазақтар еді. Басқа ешкім емес! Әңгімеде тазалық көп. Жаһандану, тіпті жалғыздық идеологиясына сіңген кейінгі ұрпақ Отарбаевтың қазақтық қарым-қатынасқа тән осы мінез-күлкіні көріп, тандайтын шығар. Отарбаевтың әңгімелері мен үшін постмодернизммен араласқан мұндылығымен, оның драматургиясының адам психикасына терең енгендігімен, романдары орасан зор ізденістің жемісі болғандықтан маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Отарбаев Р. Аспандағы ақ көбелектер. – Астана: Фолиант. – 2009. – 344 б.
2. Отарбаев Р. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Өлке. – 2006. – 256 б.
3. Отарбаев Р. Біздің ауылдың амазонкалары. – Алматы: Фолиант. – 2012. – 424 б.
4. Сыбанбай С. Қаламынан сөз саулаған жан еді. Ұлт болмысы. – 2019. – № 3. – наурыз. – 44-45 б;
5. Кеңшілікұлы А. Шеберлік пен шындық. Қаламгер. – 2018. – 17 ақпан.
6. Құлкенов М. Теңіздей терең, даладай кең. – Орал: – 2016. – 24 қараша.
7. Кенжеғалиева М. О. Жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың шығармаларындағы өмірлік проблемалар көрінісі. – Орал. – 2016.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Тәжіғұлова Ж.С.

Форт-Шевченко мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
Форт-Шевченко қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу тілі мен жазбаша тіл мәдениетін дамыту жолдары, лингвоэкология аспектісіне жататын мәселелер саралаланып, оқушы оқу әрекеттерінің нақты түрлері (таныстыру, баяндама, аңдатпа, абстракт, түйіндеме) сипатталады.

Түйін сөздер: тіл мәдениеті, сөйлеу әдебі, норма, әдеби тіл, орфоэпия қағидалары, сауаттылық, тіл тазалығы, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер, рөлдік ойындар, пікірталас.

Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), сауатты жазу (орфографиялық), дыбыстарды сауатты дыбыстау (орфоэпия) тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру [1, 24]. «Тіл мәдениеті» негізінен «сөз мәдениеті», «сөзді орынды қолдану» деген ұғымды білдіреді, өйткені тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін нысаны – сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екіұштылықтың, күңгірттіктің болмауы. Соған орай тіл мәдениеті ғылымын ауызша сөйлеу мәдениеті және жазбаша тіл мәдениеті деген үлкен екі салаға бөлуге болады. Сондықтан сөйлеу мәдениетіне байланысты өтілетін практикалық сабақтарда ауызша сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне көп көңіл бөлініп, қателерді тіл деректері негізінде талдап, сырын ашып көрсетудің пайдасы зор. Әсерлі сөйлеу, ойлау, тыңдау мәдениетімен бірге, жазу мәдениетін меңгеру – негізгі шарттың бірі. Ол стильдік элементтерді ажыратып қолдану керектігін, сөздердің, сөйлем мүшелерінің орналасу

зандылығын сақтауды, орфографиялық, синтаксистік норманы білуді, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтап, үндестік заңы бойынша жазуды т.б. заңдылықтарды тиянақты меңгеруді талап етеді.

Оқушыларды ауызша сөйлеуге дағдыландыру, соған орай тіліміздің бағзы заманнан бері қалыптасқан сөйлеу нормасынан мағлұмат беру, одан ауытқулардың сырын ашу, себебін түсіндіру; оқушылардан сауатты жазуды талап ету, емле ережелеріндегі өзгерістер мен толықтыруларға тоқталу, екіұдайы жазуға жол бермеу; ауызша және жазбаша жұмыстарды орындау үстінде оқушылардың тіл тазалығын, анықтығын, дәлдігін сақтап, әр сөз, сөйлемді өз орнымен жұмсап, тіл мәдениетін дамыту; сөйлеу, тіл мәдениеті машықтарын меңгерген, коммуникативтік біліктілігі артқан, логикалық ойлауы өз деңгейіне сәйкес дамыған, мәдениетті сөйлеуге бейімделген оқушыны тәрбиелеу және олардың ақпараттық, қарым-қатынас құзыретін дамытып, тіл мәдениетін сапалы меңгерген тұлға қалыптастыру мұғалім міндеттерінің бірі болып табылады. Өз ойын дұрыс жеткізе білу тек сөйлем құрай салу ғана емес, онда айтайын деген ойдың екінші адамға түсінікті, әсерлі, дәлелді болуына мән беріледі. Ондай нәтижеге жету үшін, біріншіден, тілдің қалыптасқан жүйесін, соған негізделген өзіне тән заңдылықтарын, яғни әдеби тілдің мәдениетін сақтауға тура келсе, екіншіден, сөйлеушінің айтайын деген ойының қарым-қатынасының мақсатына сай тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді орынды, талғап қолдану мәдениеті болуы, жетілуі керек. Бұдан тіл мәдениеті ғылымы әдеби тілдің мәдениеті мен тілдік тұлғаның сөз қолдану мәдениетін бірлікте қарастыруы тиіс деген тұжырым жасалады. Үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастарымыздың бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда, әңгімелескенінде қалай болса, солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Әркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егер ондай сөз таба алмаса, ол ой иесіне де шала, түсініксіз болып қалады, яғни ойыңды жеткізе білу сөз байлығымен өте тығыз байланысты.

Тіл мәдениеті міндеттерінің ішінде кезек күттірмес маңызды шаруа орфоэпияға, яғни сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс дыбыстай білуге қатысты. Бұл күнде орфоэпия нормаларының жазудың құлдығына ұшырау қаупі бар. Дәлірек айтқанда, бір жағынан, орфоэпия ережелерінің нормалану үдерісінің әлсіздігінен, екінші жағынан, жазу дәстүрінің күшті дамуы салдарынан сөздер қалай жазылса, солай оқу салты етек алып бара жатқаны да, сөз басындағы о, е дыбыстарын айтуда орыс тілінің әсері байқалатындығы да тіл мәдениетіне назар аударушыларды алаңдатады. Ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеген кезде орфоэпия қағидаларын сақтап мәнерлеп сөйлеумен тығыз байланысты, яғни сөздер қалай дыбысталса, сөйлеген кезде де әрбір сөздің дұрыс айтылуына мән берілуі керек. Осы ретте сабақ барысында өлең жаттатудың маңызы зор, себебі жаттаған өлеңін мәнерлеп оқу барысында оқушыларды сөздерді орфоэпиялық нормамен айтуға үйрете аламыз. Сөздерді жазылуынша айту, әсіресе, жастардың тілінде үйреншікті машыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Мұны тіліміздің табиғи дамуының нәтижесі деп қарауға болмайды. Бұл – күнделікті өмір сүріп жүрген ортаның тілге мән бермеуінен және мектептегі оқытуда жіберіліп жатқан кемшіліктер. Соның салдарынан адам баласының бір-біріне деген қарым-қатынасы, түсініспеушілігі басталады, бір-бірінің ойын, ішкі жан-дүниесін түсінбейді немесе әр сөзін селқос, енжарлықпен тыңдап, босандық танытады. Кейде ауызекі сөйлеу стилінде сөйлем мүшелерін қысқартып айту, сөйлемді аяқтамай бітіру, сөйлем мүшелерінің орын тәртібін өзгертіп айту, сөзді талғамай қолдану жиі кездеседі. Бұл кезде сөз немесе сөйлем ажарсыз, әсерсіз болмас үшін әр сөзді дұрыс қолданып, өз орнымен келтіріп отырса, сөйлем түсініксіз болмайды. ХІ ғасырдағы әйгілі шығарма «Қабуснамада»: «Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен, сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың», – деген өсиет айтылған. Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Тіл адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу т.б. әрекетіне тікелей қатысты құбылыс. Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның,

қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды [2, 17]. Адамның мәдени тұлға ретіндегі табиғатын зерттеуші ғалымдар адамның мәдениеттілігі мен адамның қасиетін түсіндіру үшін сол адамның өскен, өнген, тәрбиеленген ортасында алған тәлімтәрбиесі негіз болатындығын айтады. Адам – қоғам өкілі, белгілі бір ортаның саналы тұлғасы. Қоғамдық қарым-қатынастың ішінде адамның түрлі субъекті не объектімен қарым-қатынасында тілдің орны әрдайым басты рөлде болады. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайылық, кішіпейілділік пен адамгершілік қасиеттер тіл арқылы көрініс табады. Сөйлеуші жақтың тыңдаушыға деген құрмет-қадірінің қаншалықты дәрежеде екені де сөз жұмсалым арқылы беріледі [3, 7]. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегеніміз – айтайын деген ойымызды еркін жеткізу, сөйлегенде бөгде тілдік элементтерді – диалектілерді, варваризмдерді араластырмай сөйлеу халқымыздың асыл сөз қазыналарын тиімді пайдаланып, жатық, анық сөйлеу, әдеби тілде сөйлеу.

Өзге тілден еніп, «заңды түрде» орныққан «остановкаға барамын», «екі морожрый ала келерсің», «ужас», «звонит ету керек» немесе «звондау керек», «лестницадан көтерілгенде», «кой, завтрак жасайық», «переживайттама» т.б. сөздер оқушының да, үлкеннің де тілдік дағдысына кеңінен енген. Дағдының да дағдысы бар. Жұртшылық қабылдаған, тілде орныққан, дағдыға енген шетелдік сөздің орны бөлек. Ал ондаймен санаспай, бөгде «элементтерді» оңды-солды жұмсау сөйлеушінің сөзге ұқыпсыздығын көрсетеді. Бұл – мәдениеттілік емес, қайта ана тілімізді шұбарлау, туған тілімізге қинаят жасау деген сөз. Тіл тазалығы дегеніміздің айтайын деген ойымызды еркін жеткізу, сөйлегенде бөгде тілдік элементтерді – диалектілерді, варваризмдерді, жаргондарды араластырмай сөйлеп, халқымыздың асыл сөз қазыналарын тиімді пайдаланып, жатық, анық, әдеби тілде сөйлеу екендігін оқушы жастарымызға ұғындыру керекпіз. Сөз құрамы – ғасырлар бойы жасалып, қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан бай қазына, қасиетті мұра. Әр ұрпақ оны қадірлеуге, ілгері дамытуға міндетті. Қазіргі уақытта қазақ тілінің экологиясына жаргон сөздер мен сленгтер жағымсыз әсер етіп отыр. Жастардың тілдік нормадан ауытқып сөйлеуі кеңінен орын алып бара жатыр. Жастарымыздың жаргон сөздерге құмар болуына өздерін ғана кінәлау дұрыс емес, оған араласатын отбасының, қоршаған ортасының да кінәсі бар. Мектептерде ұстаздары жақсылыққа баулып, қанша тәлім-тәрбие берді деп есептегенімен, былай шыға бере араласатын достары бөгде сөздерге үйір болса, оған отбасынан тыйым болмаса, бала осы сөзді қолданғаны дұрыс екен деген оймен жүре береді. Екіншіден, жастардың кітап оқуға деген құлықтарының төмендеуі, өйткені кітаптың орнын, әлемді жаулаған компьютер толықтырып отыр. Қазақтың мол мұрасының бірі әдебиет әлемінен алшақтап, арзанқол сөздермен көмкерілген ғаламтор ішіне еніп кеткен. Соның салдарынан кейбіреулері айтар ойын жеткізе алмай «ия, жоқ» деген сөздермен шектелетін болды. Қазіргі оқушылардың арасында өздерінің қолданатын арнайы жаргон сөздері бар. Айталық, оқушы мектепте оқушы жаргонына тән сөздерді қолданады. Мысалы, «Кеше маяк тастап едім, неге звондамадың?» – қоңырау соғып едім, қайта телефон шалмадың; «Тормозы ұстап қалды, зависать етіп қалды» – бір жағдайдан шығатын шешім таба алмай қалды; «Типаж болу, блатной болу» – менменсу; «Жылауық» – қызғаншақтық; «Ауру» – басқа адамдардың мазасын алу; «Қуғынбай» – бос сөзді көп сөйлеу; «Қрышасы бар» – тірегі бар; «Миды шіріту» – бос сөзді көп айту, «Жынды киініп алыпсың» – әдемі киініп алыпсың, т.б. Осы мәселеде оқушылар тілдерін дұрыстауға, түзетуге тырыспайды, сондықтан мектептегі күнделікті қарым-қатынаста осы жаргон сөздермен сөйлейді. Әрине, бұл жаңа жаргон сөздердің кең таралуына әкеп соғады. Бұның өзі біздің еліміздегі тіл мәдениетінің төмендігін білдіреді. Көптеген жастар өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, басы артық, бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді. Кейбірі орысша, ағылшынша сөздерді қосып, араластыра сөйлесе, бірі жаргонмен, сленгтермен сөйлегенді сән көреді. Сөйлеу әдеби қарым-қатынаста, қоғамдық орындарда, жалпы өз елімізде сирек сақталады.

Кейде оқушылар мен мұғалімдердің тілінде ешбір қажетсіз қыстырма сөздер (жаңағы, сонымен, сөйтіп, ал, иә, қалай, нетіп, не қылып, анау, не, әлгі т.б.) көп кездеседі. Көптеген

оқушылар ойын жеткізе алмай қысылғанда «аузыма сөз түспей тұр, тілімнің ұшында тұр, көкірегімде бәрі сайрап тұр, айтуға тілім жетпей тұр» деп мүсәпірлікке ұрынады. Сондықтан да сөйлеу әдебін қалыптастыратын сөйлеу сапаларын әрдайым ескеру қажет. Сөйлеудің сапаларына кіретіндер: мінсіздігі, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындылығы, мәнерлілігі, бейнелілігі, әсерлілігі, орындылығы, түсініктілігі. Оқушы тілінде болатын кемшіліктердің себептері: 1. Ортаның әсері: а) оқушының сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді; ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл). 2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (мектептің тіл дамытуға немқұрайлы қарауы). 3. Жекелеген оқушы тіліндегі кемшілік (кекештік, сақаулық т.б.). Сөйлей білу – өнер. Бұл өнерді қажымай-талмай, үздіксіз, жан-жақты ізденіп, өзін-өзі баптап, машықтану арқылы игеруге болады. Сонымен тіл мәдениеті дегенде, ең алдымен, әдеби тілді қалай меңгергеніне көңіл бөлеміз. Сөйлеуші өзіне тән тілдік ерекшеліктерімен қатар жалпыға ортақ әдеби тілдің нормасынан хабардар болуға міндетті. Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін көтеру күнделікті дайындықты талап етеді. Дұрыс, анық, дәл, түсінікті, таза және бейнелі, эмоционалды сөйлеуге жаттығу қажет.

Қорыта айтқанда, тіл мәдениетіне қатысты бүгінгі күнгі көкейтесті мәселенің не екені баршамызға аян, сондықтан жастардың тіл мәдениетін, сөз әдебін қалыптастыру үшін жұмыла еңбек ету керек. Ана тілін жақсы біліп, өз орнымен сөйлеу – әркімнің азаматтық борышы. Әрбір тұлға сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болуына тырысуы қажет. Осы жолда бәріміз аянбай еңбектенуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. –Астана: Елорда, 2001. - 230 б.
- 2 Ашимбетова Р.Д. Журналистің тіл мәдениеті. Оқу құралы. –Павлодар, 2010. -96 б.
- 3 Уәлиұлы Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғылымдар. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. авторефераты. –Алматы, 2007. - 58 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекжанова Н.Д.

№ 2 жалпы білім беретін мектеп, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада бастауыш мектептің білім беру мәселелері, бастауыш сыныпта оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіру арқылы қоғамда өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін тұлға қалыптастыру жолдары айтылады.

Түйін сөздер: мектеп, бастауыш мектеп, бастауыш сынып, кіші оқушы мәселелері, оқу үлгерімі.

Әлем тәжірибесі көрсеткеніндей, кез келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болып табылады. Ол үшін отандық білім жүйесін халықаралық білім кеңістігінде және еңбек нарығы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білім сапасының дәрежесіне жеткізу шарт. Оқушының білім сапасы білім саласындағы мемлекеттік саясат негізінде нормативті – құқықтық актілерде негізделген. Әсіресе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1], Жалпы орта білім мазмұны және жүйесі Тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білімді дамыту Тұжырымдамасында нақтыланған. Қазақстан Республикасы азаматтарының халықаралық білім кеңістігіндегі және еңбек нарығындағы

бәсекелестігін қамтамасыз ететін білімнің сапасына «білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі – білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдары, нысандары мен әдістерінің жиынтығы», -деп сипаттама берген [1].

Білім беру сапасы – Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, Т.И.Шамова, В.К.Кальней, Б.Әбдікаримов, т.б. ғалымдардың еңбектерінің өзегі. Оқыту сапасының өлшемдері Ж.А.Қараев, М.Ж.Жадрина, Т.Т.Галиев, Г.О.Искакова сияқты қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан талданған.

Педагогикалық әдебиеттерде білім сапасы (білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде жалпы білім беретін оқу орындарының жетістігі), оқыту сапасы (мұғалім білім берудің әртүрлі оқыту технологиясын, әдістемесін, құралдарын қолдану арқылы жетеді), оқушының білім сапасы және т.б. ұғымдар кездеседі. Біздің қарастыратынымыз оқушының білім сапасы, яғни орта, негізгі, бастауыш білім беру мазмұнының міндетті минимумын игерген жетістігін бағалаумен анықталатын (күнделікті, тақырыптық, тоқсандық, жарты жылдық, жылдық, қорытынды) нәтижесі. Бұл анықтама ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы білім беру сапасы күтілетін нәтижеге қол жетуімен анықталады деген көзқарасқа сай келеді.

Кез келген дамыған елде білім сапасы мемлекет пен қоғамның қатаң бақылауында тұрады. Қазақстанда білім сапасын бағалаудың бірыңғай ұлттық жүйесі құрылды. Білім беру мониторингі білім сапасын сырттай және ішкі бағалау әдістері арқылы өткізіледі. Тәуелсіз сыртқы бағалау лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу, рейтинг, ұлттық бірыңғай тестілеу, мемлекеттік аралық бақылау, талапкерлерді кешенді тестілеу және т.б. элементтерін қамтиды.

Ел үкіметі 2011 жылы шілдеде ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық органдарын құру жөнінде қаулы қабылдады. Сөйтіп, барлық облыстар мен Астана, Алматы қалаларында білім саласындағы бақылау департаменті дүниеге келді. Көптеген міндеттерінің ішінен білім сапасын арттыруға әсер ететіндерін атап өтейік – білім беру мониторингін жасау, ұлттық тестілеу барысын және оқу жетістіктерін сырттай бағалау рәсімдерінің жүргізілуін қадағалау.

Ұлтымыздың кемелді келешегінің ең басты кепілі-сапалы, жаңа заман талаптарына сай білім беру жүйесін қалыптастыру жүйелі жолға қойылды.

«Бастауыш – білім негізі» деген пікір орынды айтылған, сондықтан білім берудің басты міндеті сапаға зейін аудару, ұғымдар, ережелер, амалдар-педагогикалық іс-әрекеттер арқылы қалыптастырылып, жүзеге асырылуы тиісті. Бастауыш мектеп-баланың дамуының іргетасы қаланатын ерекше кезеңі болғандықтан, олардың алғашқы ұғымдары да осы уақытта қалыптасады.

Бастауыш мектептің жас ұрпақты тәрбиелеуде алға қойып отырған негізгі мақсаттарының бірі – қоғамға өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, мемлекетіміздің болашақтары-жан-жақты жетілген, дамыған, табанды жеке тұлғаны қалыптастырды.

Бастауыш сатыға білім мазмұнын жаңарту және оқу үрдісінің жаңаша ұйымдастыру сапалы білім беру, оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіруді қамтамасыз ету, анық философиялық, педагогикалық, психологиялық негіздердің терең, жүйелі зерделеу, салыстыруды қажет етеді.

Бастауыштан оқушылардың оқу тәртібін, жалпы әдептілігін, мәдениеттілігін қалыптастыру, оқу процесін ереже, талаптарға, жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік бағдарламамен, сабақ кестесі, уақыт кестесімен, оқыту үдерісінде оқудың, іс-әрекеттің уақыттың пайдалы әсер коэффициенттің жоғарлатып, сапалы білім берумен бірге, әрқашанда жас ұрпаққа жан жылуын беру ерекше маңызды. Білім бастауы бастауышта, олай болса сабақ үлгерімін алғашқы күннен күн тәртібінде болуы шарт.

«Бастауыш мектеп жасындағы оқушы» деген термин тың ұғым болғандықтан біз осының орнына «кіші оқушы» деген сөз қолданамыз. Осыған орай біз кіші оқушының психикалық тұрғыдан өзіндік сипатына тоқталық. Бұрын балалар оқымаған кезінде «Бастауыш мектеп жасы «Кіші жас» деген жас кезеңдер кездеспейтінін біз ескергенбіз. Бұл жастың \7-11 жастың\ өзінде жас кезеңіне бөлінуі оқудың \әсіресе орта оқу мектебінің\ көп елдерде жаппай оқу үстем алып дамып келуінен, осы жас кезеңнің өзінше бөліп алып қараудың себебі-бұларда өтетін оқу материалдары ұқсас келуінен. Осы жастағылардың оқу әрекетінің ұқсастығы, көпшілігіне тең ұқсас психикалық қасиеттер тудырады. Міне, бастауыш мектеп жасын бөлек кезеңге бөлудің себебі осыдан.

Үш түрлі қиыншылықтардың кездесетінін 1 кластың бас кезінен бастап еске алу қажет. Ал алдағы \2-3\ сыныптарға келсек, мұндағы оқушылардың жағдайы бірінші класта қалай оқығанына байланысты. Әдетте, баланың бәлендей объектіге қызығуы мен оның ықыласының барлығын ажырату керек. Қызығу деп бәлендей объектінің бір жағы сырттай біреуге ұнайтынын айтады. Қызығу көбінесе аз уақытта кездеседі де, кейін сөніп кетуі ықтимал. Ал ықылас балада іштей ұмытылып іске берілуінен пайда болады. Әрине, қызығу кейде ықыласты, не бәлендей нәрсеге құмар болуға апарып соғуы мүмкін. Бірақ бұл сирек кездеседі. Сондықтан, осы мәселеге 1-сыныптан мән беру қажет. Жалпы алғанда 2-3 сыныптағы балалардың көпшілігі ойдағыдай оқып кетеді. Оның себебі, біріншіден, кіші оқушының ниеті таза, ішіндегісі тілінің ұшында болып тұрады. Екіншіден бұлар үшін мұғалім үлкен абырой және бедел. Сондықтан оның сөзін мүдіртпей орындайтын болады. Сондықтан жаңа ұлттық пайымдау ұсынылады: қазір Қазақстан – білімді мемлекет, ақылмен құрылған экономика және біліктілігі жоғары жұмыс күші.

Кіші оқушылардың оқу әрекетіне келелік. Оқуда өзінше әрекеттің бір түрі дегенде бәлендей мазмұнды сөз, не нақты бейне арқылы белсенділікпен ұғынуды айтады. Оқу әрекеті тек білім алуымен шектелмейді. Осыған ептілік пен дағдылану керек.

Бастауыш мектептегі оқу жұмысының әр салаларына бейімделу балада бірден қалыптаспайды. Осыған біраз мерзім үйрену керек. Сонымен қатар балалардың оқуға белсенділігі сабақтарда әртүрлі.

Жеке пәндерден сабақтарды ойдағыдай үлгеру үшін алдымен баланың осыған ықыласы болуы шарт. Оқу ойынға қарағанда қиын болғандықтан балалардың кейбіреулерінің оқуға ықыласы болып жарымайды.

Оларды оқуға үгіттеу арқылы тарту қиын. Сондықтан оқуға деген ықыласты тудыру үшін тапсырмаларды орындата отырып осыдан нәтиже шыққанда мадақтау керек. Орындалған тапсырма үшін қуану кейін алдағы тапсырманы орындауға түрткі болады. Әдетте, ықыластың тікелей және жанама түрі бар. Тікелей ықылас оқушының бәлендей нәрсеге қызығуынан болады. Ал жанама ықылас сәл нәрсе қызық болмаса да жалпы сабақ үлгерімін жақсартқысы келгендіктен болады. Ықыластың соңғы түрі кіші оқушылардың өмірінде негізгі роль атқаруы тиіс.

Кіші оқушылар көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Мысалы, бұлар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Солай болуы осылардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі.

Бастауыш мектепте тапсырма балаларға мынадай екі түрлі жолмен беріледі: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі. Мысалы, тапқықты жаттау үшін соның тексі беріледі. Осы текске өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді. Сол мәтінге сүйене отырып бала оны жаттап алады.

Ал тапсырманың соңғы түрі өте сирек кездеседі. Баланың оқу әрекеті деп тапсырманы орындаудың бірінші түрін және проблемалық мәселелерді орындай білуді айтады. Осыған әр түрлі пәннен айталық грамматикалық, географиялық, математикалық т.б. есептер шығару жұмысы жатады.

Әдетте, оқу өзінше бала үшін әрекеттену, яғни проблемалық мәселені шешу дегенде осының мынадай үш сатыдан тұратынын айтады: біріншіден берілген тапсырманың шартымен танысудан, екіншіден, соны орындаудан, үшіншіден, осының қалай \дұрыс, я, бұрыс\ орындалғанын тексеруінен. Пәндер неше түрлі болғандықтан, осы сатыларды орындау түрліше кездеседі. В.В.Давыдовтың айтуынша, оқу әрекеті мынадай бөлшектерден құрастырылады: 1\ тапсырмадан яғни оқу ситуациясынан. 2\ тапсырманы орындаудан. 3\ орындалған тапсырманы тексеру кезеңінен. 4\ баға қоюдан. Мысалы, біздің әуелгі схемамыздағы тапсырманың шартымен танысу дегенді мұнда оқу жағдайы деп атайды. Себебі бала үшін тапсырма өзінше проблемалық ситуация болатыны екендігі жөнінде айтылып отыр [2].

Ал соңғы саты-баға бұл өзінше баланың тапсырманы қалай орындаған дәрежесін оған білдіру. Бұл мектептің күнделікті өмірінде кездеседі.

Тапсырма яғни оқу жағдайы деп отырғаны сол тапсырмаға кіріспей тұрып, соны орындауға арналған ережелерді білу, не сол жөнінде тиісті мәліметтерге ие болу, мысалы, диктовка жазу үшін соған кіріспей тұрып, бірнеше сабақтарда жеке сөздердің құрамын, солардың қандай буындардан тұратынын біліп және сөз бен сөйлемдерді құрудағы ережелерді \емлені\ білу қажет. Егер осыларды білмесе, оқушы диктовканы дұрыс жаза алмайды. Сол сияқты тиісті есепті шығару үшін, әуелі мағлұматтардың \сандардың\ өзара байланысын, байланысты қалай табу тәсілдерін бір операциядан екінші-операцияға көшуді т.б. білу қажет. Осыларды білудің қажет екені мынадан: баланың әрекеті ілгеріде айтқандай, үш кезеңнен тұратыны рас болғанымен, пәлендей мәселені шешу \диктовка жазу, есеп шығару т.б.\ сол кездегі әрекеттесудің жемісі емес. Мұны орындау үшін оқушы алдын-ала дайындық жұмысынан өтуі тиіс. Егер бала тиісті дайындық кезеңдерінен өтпей, оның немесе бірнеше тізбегін орындауға үйренбей тастап кетсе, тапсырманы орындай алуы мүмкін емес. Бұл жерде оқу ситуациясы деп отырғаны бәлендей жұмбақ мәселелерді шешу үшін осыған орай жағдайды \ережелерді т.б\ еске алу керек деген мағынаны білдіреді. Себебі тиісті тапсырманы орындаттыру үшін, соған қатысты мағлұматтармен жақсы танысып, соларды тиісті ситуацияға қолдана білу қажет.

Ал оқу әрекетінің ендігі бөлшегіне келсек, осының өзі тиісті мағлұматтарды пайдалана отырып, сол тапсырманы орындаудан тұрады. Осыны оқу әрекеті дейді. Тапсырманы қалай орындауда және пәндер сабағына тәуелділігі түрліше келеді. Айталық, кіші оқушылар сөздің құрамы және осындағы морфемалардың ролін білу үшін мынадай бірнеше әрекет жасауы қажет:

1\ берілген сөздің шығу тегін \этимологиясын\ біліп, осыны тап сондай, не ұқсас вариттармен салыстыру қажет;

2\ әуелі сөздің мағынасын одан шыққан сөздің мағынасымен салыстыру керек;

3\ әуелі сөздің формасын \жазылуын,не дыбысын\ одан пайда болған сөзбен теңдестіру қажет;

4\ тапсырма ретінде берілген сөздегі морфемалардың қандай қызмет атқаратынын тексере білу керек. Осылардың бәрі жеке оқу әрекеті болып

саналады. Осы ережелер, яғни нұсқаулар қазірге дейін кейбір қазірге дейін болып келген алгоритмаларға сүйеніп баланы оқыту қажет дейтін кейбір психологтардың \Н.Ф.Талызина т.б./ талабына ұқсас сияқты. Бірақ бұл бөлек операцияларды орындауға кіріспей тұрып, осыған байланысты ситуацияларды еске алуы керек. Тек сонда ғана тапсырманы бала дұрыс орындайтын болады.

Осы сияқты жеке әрекеттер орындалған соң, солардың қалай орындалғанын баланың өзі тексере білуі шарт. Егер орындағаны дұрыс болып келсе, бала келесі тапсырманы орындауға көшеді, қате болса, соны қайтадан орындауға көшеді. \Мұны «қайта оралу хабары» деп атайды\.

Бұл келтірілген оқу әрекетінің құрамына қарағанда тапсырманы баланың өзі орындайды және қалай орындағанын өзі тексереді. Мұғалім тек баға қояды. Оқу әрекетінің осы құрамы бастауыш мектеп балаларының жұмысында кездеседі. Бірақ тапсырманы

орындауға кіріспей тұрып, әдейі осыған орай ситуация жұмысын жасауға дайындық болғандықтан, балалардың тапсырманы орындауға арналған мәліметтерінде үзілді-кесінділер кездесіп тұратынан бұл жаңа талапты жүзеге асыру үшін осыған біраз дайындықтың болуы қажет. Ал осындай үлгі арқылы тиісті пәннің мазмұнын "пішіп" оқытуға баланы қалайша баулу қажет? Оқытудың бұл түрін қазіргі дәстүр болып келген тәсілдерге сүйене отырып қалыптастыру қиын. Дегенмен осы жаңа талапқа байланысты өнерлерге баланы талпындыру қажет. Бұл үшін балаға тапсырма берерде, сол тапсырмаға орай не біледі, нені есіне түсіруді қажет екенін тексеру керек. Егер, тиісті мәліметтерді және не істеуді бала түгел білсе, тапсырманы орындауда қиналмайтын болады.

Ал оқу әрекетінің тексеру кезеңіне келсек, осыған мән берудің үлкен маңызы бар. Күнделікте, кейбір балалардың нашар оқуының себебі тапсырманы орындап біттім деген соң, соның нәтижесін тексермей, сабаққа бірден келуінен мұндай сәтсіздік оқушының кішкентай жасынан бастап осыған мән бермеуінен \оқушының жалқаулығынан\ кездеседі. Ал мұнымен күресті тапсырманы орындаған соң, соның қиыншылықты дұрыс екенін оны тексере білуге үйретсе, балалардың бәрі қатесіз оқитын болар еді. Себебі бала тапсырманы қате орындағанын үйде отырып білсе, уақытын бос өткізбей, сол қатені жоюға әрекет жасаған болар еді.

Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіру арқылы қоғамда өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, еліміздің болашағы үшін жан-жаққа жамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға негіз қаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>

2 Давыдов В.В. Психологическая теория учебной деятельности и методов начального обучения, основанных на содержательном обобщении. Томск: Пеленг, 1992. – 240 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТЕРМИН ЖАСАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Копбаева С.М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, № 2 жалпы білім беретін мектеп,
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада филологиялық терминдер, олардың қалыптасуы, қазақ ғалымдарының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлі, қазақ тілінде термин жасаудың кейбір мәселелері айтылады.

Түйін сөздер: тіл білімі, қазақ терминологиясы, филологиялық терминдер, термин жасау мәселелері.

Филологиялық терминдерге тіл білімі, немесе лингвистика және әдебиеттану ғылымдарының терминдері жатады. Тіл білімі терминдері, лингвистикалық терминология – тіл білімі саласындағы арнайы ұғымдар мен өзіне ғана тән объектілерді білдіру үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтық атауы. Тіл білімі терминдері – лингвистикадан кейінгі екінші қатардағы тіл, басқаша айтқанда метатілдің құрамдас бір белігі. Оны зерттеуде едәуір қиындықтар да кездеседі. Өйткені, сырттай қарағанда, объект – тіл мен метатіл (екінші тіл) бір-бірімен сәйкес келіп жатады. Яғни тіл тұтастығын байқатады, яғни тіл тұтастығын байқатады.

Филологиялық терминдердің қалыптасуы ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ тілінде шығып тұрған екі газеттен басталады. Олар – ұлттық баспасөздің алғашқылары саналатын «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1883, Ташкент) мен «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902, Омбы) болатын. «Дала уәлаятының газеті» беттерінде тіл, әдебиет

мәселелеріне арналған арнайы ғылыми айтыс ұйымдастырылып отырған. Мұнда сол кездегі қазақ әдебиеті мен тілінің жай-күйі әңгіме болып, олардың дамуы туралы пікірлер сарапқа түскен. Газет редакциясы әдейі мақалалар жазып, ол айтыстарды қорытындылап отырған. Бұл мақалалардың теориялық дәрежесі дәл қазіргідей болмағанымен, онда жеке ғылым салаларына байланысты мәселелер сөз болады. Бұларда қазақ тілі категорияларының атаулары, көбінесе, араб-парсы тілдерінде қалыптасқан терминдермен берілген. Мәселен, лұғат (орыстағы наречие, қазіргі тіл деген мағынада берілді. Мәселен, нау (грамматика), нау тарихлары (орфография, транскрипция), тажуид (орфоэпия), әліфби (алфавит) т. б. Сонымен қатар қазақтың өз сөздері де лингвистикалық термин дәрежесіне көтерілген: әуез – дыбыс, жұмсақ әуез – дауысты дыбыс, қатты әуез – дауыссыз дыбыс, сөз – сөз, тіл, тиянақ – ереже, нәзік жұмсақ әуез – жіңішке дауысты дыбыс.

А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлін ахметтануға ерекше ат салысып жүрген ғалым-терминолог Ө.Айтбаев жан-жақты көрсетеді: «А.Байтұрсынов жасаған тіл білімі терминологиялық лексикасы мен әдебиеттану ғылымының терминдері күні бүгінге дейін рухани мұхтаждығымызды өтеп отыр. Бүгінгі үздіксіз өрістеп отырған терминологиялық процесте бұл әлі күнге тендесі жоқ үлгі болып есептеледі». «Біздің ендігі мақсатымыз - дейді ғалым - А.Байтұрсыновтың көрсетіп кеткен үлгісін жаңа заман талабын ескере отырып, саналы түрде тиімді пайдалану» [1, 40].

Жалпыға ортақ сөздер мен терминжасам процесін салыстырып қарасақ, өзара едәуір айырмашылық бар екенін байқамау мүмкін емес. Терминдердің негізгі жасалу жолынан басқа атаулық мазмұны да анықталуы тиіс. Онысыз термин толық термин бола алмайды.

Ғылым мен техника тілін жасау, қалыптастыру кезеңінде жарыспалы сөздер қатары молынан кездеседі. Сонда бұл жарыспалы сөздердің қайсысын терминденуге лайықты деп тауып, тани білуге әмбебап ереже ұсыну мүмкін емес. Әрбір ғылым саласының терминжасау практикасы нақты жағдайға орай өзіндік жолды нұсқап отыруға тиіс. Аталған нұсқалардың қайсысының семантикалық өрісі қазіргі терминдену үдерісіне дәл келе алады дегенді айыруға әбден болады. Ол үшін айрықша тілтанымдық, лингвистикалық түйсік керек. Мәселен, бір кезде вокализм, дауысты дыбыстар; консонантизм, дауыссыз дыбыстар; лингвистика, тіл білімі; аффикс, жалғау, жұрнақ; парадигма, жіктеу; интонация, дауыс ырғағы; пунктуация, тыныс белгісі; орфография, емле ережесі; үтір, кіші тыныстық, кіші тыныс; нүкте, ұлы тыныс, нокат; қос нүкте, екі нүкте, қос нокат, екі нокат; тұйық рай, тұйық етістік, инфинитив, тұйықша; кент, қала, шәрі, шаһар; ел, халық, жұрт, жәмиғат, әлеумет, қалайық, бұхара т.т. ғылым мен техника саласында әр қилы алынып, қабаттаса қолданылып, ақырында мұның бірінің ғана терминдік сипатқа көшкенмысалдарын көптеп келтіруге болады [2, 174].

Қазіргі уақытта өркениетті елдердің біразы пайдаланып жүрген халықаралық кең ауқымда қолданылатын терминдердің көбі өз тілімізге аударылып беріліп жүр. Ондай терминдерді филология терминологиясынан да көптеп кездестіруге болады. Өйткені тіліміздегі филологиялық терминдер өз бастауын латын, грек т.б. тілдерден алатыны белгілі. Мысалы: норма (қалып), этимология (шығу төркіні), экзотизм (бөтен, жат жерлік), фразеология (сөйлеу оралымдары), формант (жасаушы), универсалия (жалпыға бірдей), транскрипция (көшіріп жазу), адстрат – бірігу, кірігу, акцент – екпін, автор (қаламгер), архетип (алғашқы образ), градация (дамыту), драма (грекше – қимыл-әрекет), комедия (грекше – көңілді топ, өлең), метафора (грекше – ауыстырып қою), ода (грекше – жыр), плагиат (латынша – ұрлау), портрет (французша – бейнеленген), прототип (түп, төркін бейне), реализм (латынша – заттылық, шындық), эпопея (кең көлемді эпикалық шығарма) т.б.

Тіліміздегі өзге тілдік филология терминдерінің көпшілігі орыс тілі арқылы қабылданған грек, латын т.б. тілдердің сөздері де, қалған бөлігі араб, парсы және орыс сөздері болып табылады. Мысалы, латын тілінен: стиль – жазу өзегі, пассив – әрекетсіз, контекст – мәтін бөлігі, компонент – құраушы, инфинитив – белгісіз, инверсия – орын ауыстыру, ассонанс – үйлесім (дыбыстардың үндесе қайталануы), интермедия – (лат. –

ортадағы) күлкілі пьеса немесе көрініс, романс – роман тілдерінде айтылатын лирикалық өлең, т.т.; сатира – сықақ, т.т.; грек тілінен: синтагма – біріктірілген, парадигма – жіктеу, идиома – ерекше сөйлемше, иероглиф – «киелі жазбалар», диалект – сөз, говор, псевдоним – (гр. жалған есім) шығарма иесінің қосалқы, лақап есімі, диалогия – (гр. екі және сөз, әңгіме, баян) екі шығармадан тұтасып келетін кесек көркем туынды, ирония – кекесін, миф – (гр. баян, аңыз, мысал) халық шығармашылығының көне жанры, т.т.; ағылшын тілінен: клише – дайын сөйлем орамы, жаргон – сөйлеудің әлеуметтік түрі, дистрибуция – бөлу, демиинутив – кішірейтілген, т.т.; неміс тілінен: аблаут – алмасу, абзац – азат жол, памфлет – (ағ. парақ) әдеби-публицистикалық жанр, фольклортану – (ағ. халық және даналық) халық даналығын зерттейтін ғылым, т.т.; француз тілінен: дискурс – сөйлеу, парцелляция – бөлшек, бөлім, калька – көшірме, каламбур – сөздің құбылуы, инвариант – өзгермейтін, дублет – екі еселенген, баллада – би әні, гротеск – (фр. таңғажайып, өзгеше келбеті) көркемдік бейнелеу тәсілі, ремарка – ескертпе, пейзаж – (фр. ел, жер) әдеби шығармадағы табиғаттың көрінісі, көркем бейнесі, роман – (орта ғасырларда латын тілінде емес, роман тілдерінде жазылған шығарма) сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, ұзақ уақытты қамтитын көлемді эпикалық шығарма, сюжет – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі, сентиментализм – (фр. сезім, сезімталдық) 18-19 ғғ. көркем әдебиеттегі ағым, т.т.; араб-парсы тілдерінен: изафет – қосылу, әдебиет – (ар. сөз, үлгілі сөз) өнердің негізгі түрлерінің бірі, кисса – (ар. әңгіме, ертегі, мысал) кітаби ақындарының өлеңмен жазылған ертегі-хикаялары, нәзира – (ар. жауап, ұқсату) шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс, тәрізді сөздер енген.

Терминқорымыздағы микро-, макро-, ультра-, гидро-, нео-, контр-, моно, анти-, архи-, транс-, супер-, гипер- сияқты грек, латын негізді терминдік элементтер де соның көрінісі. Кейіннен ұлт тілінде термин жасау ісі де біршама жандана бастауына байланысты терминжасамның ұлттық үлгілерін (модельдерін) қалыптастырудың қажеттілігі де айқын аңғарылып отыр. Тіліміздегі кейбір қосымшалардың арнаулы салалардың терминдерін жасау барысында өнімді пайдаланыла бастағандығын көруге болады [3, 22].

Мерзімді баспасөз материалдарын қарап отырсақ, көптеген қосымшалардың терминжасамдық қабілеті ашыла, айқындала түскен. Мысалы: қолжазба, аударма (туынды), әдеби байланыс, айтыс, тартыс, шиеленіс, шешіліс, аңдатпа, ескертпе, басылым т.с.с.

Соңғы кезде зерттеушілер өнімділігі жоғары қосымшалар қатарына кейінгі кезеңдерде терминжасам процесінде белсенділік таныта бастаған -ма -ме, -ым -ім -м, -ыс -іс -с, -қы -кі -к жалғауларын да қосып жүр. Соңғы үш онжылдық деңгейінде Мемтерминком тарапынан бекітіліп, қолданысқа енген термин сөздерді сүзсек, осы аталып отырған қосымшалардың әсіресе терминжасамдық қабілеті ашыла, айқындала түскен. Мысалы: кірме (сөз), байырғы сөз, жазба (тіл), қаратпа, қыстырма, айтылым, тілдесім, жазылым, оқылым, тыңдалым, аңдатпа, т.с.с.

Әдебиеттану терминдерінің көбі –у қосымшасы арқылы жасалған: сыңсу, жоқтау, жырлау, жұмбақтау, теңеу, толғау, тұспалдау, шенеу, арнау, әсірелеу, әсерлеу, бейнелеу, суреттеу, меңзеу, т.т.

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған филологиялық терминдер тілімізде көптеп кездеседі. Мысалы: ата тіл, өлі тіл, актив сөз, пассив сөз, төл сөз, қос сөз, тілдік қатынас, ауыс мағына, т.б. Ұлы терминолог Ахмет Байтұрсынұлының қаламынан туындаған дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, азат жол, ақ өлең, арнау сөз, арнау өлең, арбау өлең, ауыз әдебиеті, әдеби сын, әдеби тіл, әдеби мұра, әдеби шығарма, әдебиет теориясы, көркем өнер, көсем сөз, қара сөз, қара өлең, нақыл сөз, тарихи жыр, табиғат лирикасы, Эзоп тілі сынды терминдер тобы да синтаксистік тәсілмен жасалған [4, 97].

Төл түбір мен кірме сөздердің бірігуінен жасалған модель де осы қатарда қарастырылуға тиіс. Бұл ретте кейін күрделі термин жасауға септігі тиген байырғы қос

сөздер қатары есте болуға тиіс. Мәселен, қиял-ғажайып (ертегілер), лиро-эпос (жанры), өлең-жыр, тұрмыс-салт (жырлары), сын-пікір, жазу-сызу тәрізділер осы ретпен келіп қосылған терминдер [5, 8]. Яғни тілдің термин жасаудағы бұл мүмкіншілігін де сарқа пайдалануға болады деген сөз. Осы тектес күрделі сөздер қатары қазіргі тіл қолданысымызда жиірек кездеседі.

Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданған кезінде көптеген жаңа терминдер жасалып қалыптаса бастады. Бұл құбылысты филологиялық терминдер қатарынан да байқауға болады. Ендеше, бұл қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, ана тілінің мүмкіндіктерін пайдалану дегеніміз түбірге жұрнақ жалғау, сөздерді ауыспалы мағынада қолдану, сөздерді біріктіру, сөздерді тіркестіру, сөздерді қосарлау сияқты термин тудырудағы өнімді тәсілдерді қолдану арқылы термин жасау болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
2. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986.
3. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. (Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары). – Астана, 2002.
4. Тіл білімі сөздігі / Жалпы ред.басқарған проф. Э.Д.Сүлейменова. –Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
5. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

3-секция
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ

**ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ
ИДЕЯСЫ**

Туралы И.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты
Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**, ф.ғ.к.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ф. Оңғарсынова публицистикасына арқау болған өзекті мәселелердің бірі – азаттық идеясы, тәуелсіздік тақырыбы сөз болады. Ф. Оңғарсынованың әр жылдары жарық көрген мақалаларына талдаулар жасалады.

Түйін сөздер: қазақ публицистикасы, Ф. Оңғарсынова, өзекті тақырыптар, азаттық идеясы, тәуелсіздік тақырыбы

Ф. Оңғарсынова публицистикасына арқау болған өзекті мәселелердің бірі – азаттық идеясы, тәуелсіздік тақырыбы. Фаризаның еліміз тәуелсіздігін алғанға дейінгі проблемалық мақалаларының барлығында да Кеңестер Одағының ықпалынан шыға алмай, өзіміздің ұлттық салт-дәстүрімізге, тіліміз бен дінімізге, тіпті ұлттық мектептеріміз бен кадрларымызға мән берілмей отырғандағы ашық айтылады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін 1989 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Үміт пен сенім ұясы» мақаласында Орталыққа жалтақтап, сол кездегі психологиямен таза қазақ мектептерін ашудан гөрі аралас мектептерді ашуды үрдіске айналдырушыларды мақалада қатты сынады. «Қазір көпшіліктің аузында жүрген аралас мектептер жүйесі – жас ұрпақты интернационалистендірудің барып тұрған тұрпайы әдісі дер едім. Қазақ пен орыс, яки басқа ұлт балаларын бір шаңырақтың астында оқыту оларды тіпті де бір шаңырақтың ұл-қыздары етіп өсіру деген ұғым емес» [1,3]. Сөйтіп, автор аталған мақалада азаттық идеясын ұлттық идеямен астастыра отырып жұртшылыққа әдемі жеткізе білген. Оның: «Ұлт мектептерінің жай-күйі ұлттық ұятымыздың көрінісі болсын» [1, 3 б], – деген пікірі қоғамға ой саларлықтай салмақ көтеріп тұр.

Ф. Оңғарсынова 1989 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Санаға сілкініс керек» мақаласында сол кездегі ұлттық кадр мәселесіне тоқталады. Мақалада әр облыстағы билік басындағы сол жердің халқының адамдарын қызметінен түсіріп, олардың орындарына тәкәппар, сауатсыз, таныстықпен, туысқандықпен келгендер туралы айтылады. Автордың көрсетпек болғаны, бұл жерде айтар ойы – сол кездегі республикадағы кадр мәселесі партияда да, комсомолда да жүйелі болмай кеңестік құрылымның ыдырап келе жатқандығы, оның заңды құбылысқа айналып отырғандығы. Атап айтқанда, басшы қызметкерлердің өз жерінен болмай, кадрлардың жан-жақтан әкелініп қойылатындығы, басшының жергілікті жерлерді біле бермей, қателіктер жасауы проблема ретінде көтеріледі. Мақалада автор Алматы облысы, Жамбыл облысы, Маңғыстау облысы, Шымкент облысы, Торғай түкпіріндегі кадр проблемасын ашып айтады. «Азаматтарымызды қорғай алмаймыз. Халық үндемейді. Әрине, мұның екінші жағы да бар: халықтың мәніс біледі деген ойлылардың пікіріне құлақ салып жатқан басшылар жоқ. Дегенмен, босқа күйіп кетіп жатқан азаматтар туралы өз ойларын айтып, арашалау деген біздің халық арасында бұл күнде ұмытылып барады. «Ойбай өзімізге бір пәлесі тиіп кетер» деп жан сауғалауға жаппай бой үйретіп бара жатқандаймыз» [2, 3].

Бұдан әрі халықтың жағдайы сауатсыз басшының кесірінен нашарлай түсетіндігі, басшылардың орындарында ұзаққа дейін болмаулары айтылады. «Басқа жақтан келген кадрлардың тоқсан бес процентінің көңілінде «бұл жерде уақытша жүрмін» деген пиғыл

тұрады. Жағдайын түзеп, номенклатураға еніп алғасын, «Москва қайдасың» деп тартып отырады. Басшылар кетеді, халық сол жерінде қалады. Барлық тауқыметті, бүлінген ел, бұзылған шаруашылықтың бейнетті зардабын тартатын да – тұрғылықты халық» [2, 3].

Сөйтіп, автор Мәскеуге кетіп қалатын емес, елге, жерге, халқымызға жаны ашитын ұлттық кадрларымызды дайындаудың, оларға қамқорлық жасаудың қажеттігін баса айтады. Ертеңгі күнді бүгін ойлауымыз керектігін жазып, көпшілікке ой салады. «30-40 жылдары пәленше пәлен қылмыс істеген деп, бүгін даурығамыз. Әбден болары болып, бояуы сіңгеннен кейін, халық әбден зардабын тартып болғаннан кейін, бүгінгі күні батырсынып, айғайласқаннан не пайда? Ертеңгі ұрпақ біздің қатемізді түзетпеуі үшін бүгіннен түзу жұмыс істеп, таза саясат жүргізуіміз қажет» [2, 3].

«Наурыз – тазару күні» мақаласында автор бұл мейрамның елімізде тойлану тарихына шолу жасай отырып, салт-дәстүрімізді өз кезінде сөз ете алмағанымызға қатты қынжылады. Еліміз тәуелсіздігін алып, азаттықтың ақ таңы атқаннан кейін ғана Наурыз мерекесі елімізде жаппай тойланып отырғандығын, бұл мейрамның халыққа әкелер ізгілігі мен жақсылығын айтады. «Күні кешеге дейін Наурыз – қазақтың ұлттық мейрамы деп айтуға қорқып келдік. Бүгінгі күннің күнкөріс қиыншылықтарын айтып, шетімізден жылап жүрміз. Бірақ шүкіршілікті ұмытпауымыз керек. Бүгінгі ұлыстың ұлы күні – бір жағынан тазару күні. Адамның денесі ғана емес, жан дүниесі де таза болса, дүние жаңарады, жаңғырады» [3, 221].

Ф. Оңғарсынова жолжазба очерктерінде де ұлттық таным, тіліміз бен дініміз мәселесін, тәуелсіздік тақырыбын көтеріп отырған. Автордың жолжазба дүниелерінде еліміздің ішіндегі және басқа да мемлекеттерге жасалған сапарлары жайындағы ой түйіндері қағаз бетіне мүлтіксіз түскен. «Жолжазба – сапар мен саяхат нәтижесінде көзбен көрген нақты оқиғаларды суреттеуге арналған әдеби жанр. Заметка күнделік, очерк, мемуар, тағы басқа түрінде жазылады, жолжазбада танымдық мәліметтермен қатар саяси, философиялық, эстетикалық, публицистикалық мәселелер баяндалады» [4, 182], – деп журналистика теориясы мен практикасы барысында келелі зерттеулер жүргізген ғалым М.С. Черепанов айтқандай, Ф. Оңғарсынованың жолжазба очерктері көптеген мәселелері қамтыған.

«Өз топырағындағы өгей бала...» жолсапар очеркінде Америка Құрама Штаттарына барған кездегі өз қандастарымыздың бойындағы бодандық саясаттың сарқыншағынан сақталып қалған құлдық психологияға қарны ашқанын ашына жазады. Сол сапарда еліміз делегациясының құрамында болған қостанайлық қазақ жігітінің қылығына қатты күйінеді. Өлгі жігіт орыстың «Катюша», «Подмосковные вечера» әндерін айтып, өз өнерін көрсетіп жатады. Ф. Оңғарсынованың «Қазақ әуенін естісек?» деген сұрауына қара көз қазақстандық жігіт бұрқан-талқан ашуланып, ол кісінің «ескі көзқарастағы» адам екенін, ештеңе түсінбейтіндігін орысшалап айтып салады. Автор өз жеріндегі өгей баладан жиреніп, мұндай жастарға көңілі қалғанын былайша білдіреді: «Біз осындай ұрпақпен қай шамаға жете аламыз деген ой мені ылғи мазалайды. Біздің ата-бабамыздан қалған қасиетті ұстап жүрген біреу болса, ол – ауылдағы халық. Халықтың қасиеті мен дәстүрі, тілі мен өнері қаперіне кіріп шықпайтын, оның есесіне орысша жақсы сөйлейтін жастарға қарап қарным ашады» [5, 98]. Автор өз ойын осылайша халыққа жеткізіп, мұңын шағады.

«Қытайдағы қимас кездесулер» жолсапар очеркінде саяси астарлар жайында ойтолғаулар бар. Еліміз толықтай тәуелсіздікке қол жеткізбесе де, Қытайдағы жергілікті үкімет басшылары қазақстандықтарды ресми қабылдағандарына іші жылып қалады. «Сол күні кешкісін Қытай Коммунистік партиясы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданының хатшысы Жәнәбіл жолдас бастаған жергілікті үкімет басшылары бізді ресми қабылдады. Қабылдауда Әшірбек Сығаев, Бибігүл Төлегенова, Жәнібек Кәрменов, Құрманғазы оркестрінің директоры Еркебұлан Мүсірепов және мен болдым» [6, 271], – деп келтіреді автор очеркінде.

Осындай кезде жазылған Ф. Оңғарсынованың «Жүрекке жазылған жүздесулер» атты Түркияға жолсапар очеркін де айтып өту қажет. Мұнда еліміз дербес мемлекет болмай, Кеңестер Одағы құрамында болған тұста шет елдердегі қандастарымыздың проблемалары көтеріледі. Автор сөзінің астарында тұрған «Қашанғы Орталыққа телміреміз, өзіміздің

тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, жеке мемлекет болатын кезіміз жеткен жоқ па?» деген ойды анық байқауға болады. «Қазақ тілін құртып алмас үшін олар қалада болсын, далада болсын бір жерде орналасуды мақсат еткен. Той, садақа секілді жиындарды бірге атқарысатын көрінеді. Біз туған топырағымызда отырып-ақ, әдет-ғұрып, дәстүрімізге дақ түсіріп жүрміз, ал шетте жүрген қазақтар соның бәрінің тінін үзіп алмауға ұмтылысады. Қазақтар көп тұратын шетелдерде Дипломатия орталығы немесе консулдық мекемеде Қазақстан өкіметінің өкілі жоқ болғандықтан, елге, тым болмаса, келіп-кету үшін, кімге жолығып, қайдан шешімін табудың мүмкіндіктері жоқ» [7, 4], – деп қынжылады автор.

Ал, «Оңтүстік туралы ойлар» жолсапар очеркінде еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзгерістерге кеңінен тоқталады. «Қазақ үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азияның мұсылмандары үшін қасиетті болып есептелетін Түркістан баяғы, бұдан бірнеше жыл бұрын көргенімдегідей емес, шамдары жарқырап, үйлері сәнденіп, Еуропаның қаласына ұқсап қалыпты» [8, 4], – деп, автор өзінің ризашылығын ашық білдіреді. Сөйте тұра бұл аймақта етек алған кемшіліктерді де сынайды. Оңтүстік өңірінің шұрайлы жерлерімен қоса мұнда билік басындағылардың рушылдық дертіне шалдыққандары айтылады. «Ақжарқын, еңбек десе бала-шағасына дейін бас тартуды білмейтін осындай халқы бар, байлығы тұнған жері бар елде ру-руға, ата-атаға бөліну аузын ашқан арыстандай мемлекеттердің қоршауында отырған қазақ секілді халықтың тұтастығын, бауырмалдығын мүжиді» [8, 4], – деген келелі пікір айта отырып, елдің тәуелсіздігін, халықтың тұтастығын сақтау үшін ынтымақ, бірлік керек екендігін еске салады. Ата-бабаларымыз сан ғасырлар армандаған азаттықтың, халықтың тұтастығын тілеген тәуелсіздіктің туын бұдан да биікке көтере түсу үшін ел азаматтарын намысты, абыройлы болуға шақырады. Сонымен қатар Фариза: «Бабаларымыз егемендік пен тұтастықтың қазақ тарихындағы алғашқы туын тіккен аймақтың абыройы – бәріміздің ортақ абыройымыз» [8, 4] екенін айтып, халықты бірауыздылыққа үндейді.

Ф. Оңғарсынованың «Тәуелсіздік толғауы» атты көлемді мақаласында еліміздің 1994 жылғы тарихының толық бейнесі хронологиялық тәртіппен беріледі. Тәуелсіздікке жаңа ғана қол жеткізіп, тәй-тәй басқан мемлекетіміздің өміріндегі айтулы оқиғалар желісі көркем тілмен шебер суреттелген. Кездескен қиыншылықтар мен проблемалар да, оларға қазақ халқының аса бір шыдамдылықпен төтеп беріп, қиын-қыстау сәттерді жеңе білгені де шынайы қалпында, шұрайлы тілмен шебер берілген. Бұл мақаланың осы бөлімінің басында әр бөліміне жеке-жеке тоқталып, оны талдап өткендіктен қайталап айтуды артық көріп отырмыз.

Ф. Оңғарсынова «Тәуелсіздік – асқақ сөз, асқар ұғым» мақаласында 1996 жылғы тәуелсіз еліміздің жеткен жетістіктерін, 5 жыл ішіндегі атқарылған игі істер туралы сыр шертеді. Ел ішінде «Тәуелсіздіктің тәтті дәмін тата алмай жатырмыз» дейтін адамдардың да бар екенін, өйткені, социализм шеңберінен шыққан соң, халықтың «өз күніңді өзің көр» деген саясаттан түршігіп, рухани, азаматтықтың дәмін сезіне алмай жүргенін айтады.

Дегенмен, осы бір қысқа уақыт аралығында шынайы тәуелсіздігіміздің арқасында қол жеткен жақсылықтардың (әрине, біздің халқымыз үшін) баршылық екенін жасырмайтынын білдіре келіп, бірқатар атқарылған игі істерді тізбелеп өткен.

«– Ешкімге жалтақтамай, ойымызға келгенін өзіміз жасайтын болдық;

– қазақша кез келген жерде қысылмай сөйлеуге қолымыз жетті;

– бүкіл ұрпақ аттарын білмей өтуге шақ қалған рухан көсемдеріміз бен батырларымыздың атын шығардық;

– тарихымызды тылсымдардан аршып жатырмыз.

Міне, осының бәрі тәй-тәй басқан тәуелсіздігіміздің арқасы. Бұған шүкіршілік деуге болмас» [9, 1] деп ойын сабақтайды.

Дегенмен де, әрине, көзді ашып-жұмғанша барлық жағдайдың оңалып кете қоймайтыны рас. Мақаланың басында еліміздің жетістіктерін айтып өткен публицист одан әрі халық арасында орын алып отырған біраз қиыншылықтарға да тоқталған. Алайда, бұл қиындықтардың тек Қазақстанға ғана емес, Кеңестер Одағы құрсауынан босаған барлық

республикалардың басына да түсіп отырғанын, жалпы ел басына қандай күн туса да, елдің азып-тозбауы мекеменің, ауылдың, ауданның және облыстың басшыларына – әкімдерге тікелей байланысты екенін шегелейді. Ойының растығын дәлелдеу үшін Атырау облысындағы қатар отырған екі ауылдың өмірін суреттеп берген. Бірі – көмірі түсірулі, пішені алулы, киім-тамағы жеткілікті Жамбыл атындағы ұжымдық шаруашылық та, екіншісі – жағдайы азып-тозған, жастары арақ ішіп, кәрілері тентіреп, ішетін ауыз суы жоқ, жылу жүйесі істен шығып, малы әркімнің қолында кетіп отырған «Қызыл балық» шаруашылығы.

Публицист осы екі ауылдың өмірін салыстыра отырып, бірінші ауылдың дағдарыс кезінде де осынша гүлденуі, сонымен бірге, екінші айтылған ауылдың азып-тозып отырғаны ең бірінші әкімдеріне байланысты екенін айтады. Өйткені, кейбір әкімдер өздерінің жақын-жуық, туыс-бауырларын ауданның әкімі етуде немесе халықтық қазынадан молырақ қарпып қалу мүмкіндігі бар жылы орындарға жанталаса орналастыратынын әшкерелейді. Ол мейлі мектеп директоры ма, жоқ, балабақша меңгерушісі не министр ме – әркім өз ісіне өзі жауап беру міндеті болмағандықтан, ел ішінде наразылық, көңіл толмаушылық, тәуелсіздік құнын түсірер ахуалдар етек алды деген ойын білдіреді. Бұдан Ф. Оңғарсынованың еліміздің сол кездегі тұрмыс-жағдайымен жете таныс, жанашыр халық қалаулысы екенін анық байқауға болады. Өз ойын қорытындылай келе: «Ұясынан талпынған балапандай пәк те дәрменсіз Тәуелсіздігімізді қапылыста қолымыздан түсіріп не ұшырып алмай, бұғанасын бекітуге атсалысу – жастың да, жасамыстың да киелі борышы» [9, 1] деп замандастарына үн тастайды.

«Азаттық жолы – азапты, тәуелсіздік жолы – тәуекел» дегенді ұмытпайық. Тәуелсіздіктің ендігі тағдыры негізінен тоталитарлық қоғамның қайшылықтарын бойына сіңіріп үлгермеген жас ұрпақтың жауапкершілігіне байланысты» [10, 4], – деп айтқанын жадымызда ұстасақ, бәріміз де тәуелсіздігіміздің тұрлаулы болуына жауапты екенімізді ұмытпағанымыз абзал. Бұл жерде, әсіресе, әдебиеттің, публицистиканың алар орны, көтерер жүгі мен салмағы орасан зор. Ф. Оңғарсынованың публицистикалық туындылары да осы міндетке өзіндік үлесін қосты деп ғылыми тұжырым жасай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оңғарсынова Ф. Үміт пен сенім ұясы // Социалистік Қазақстан. – 1990 – 14 қаңтар.
- 2 Оңғарсынова Ф. Санаға сілкініс керек // Лениншіл жас. – 1989. – 17 тамыз.
- 3 Оңғарсынова Ф. Наурыз – тазару күні // Қыз – ғұмыр. – Алматы: Шартарап, 1996. – 441б.
- 4 Черепанов М.С. Проблемы теории публицистики. – М.: Мысль, 1973. – С. 270.
- 5 Оңғарсынова Ф. Өз топырағындағы өгей бала // Қыз – ғұмыр. – Алматы: Шартарап, 1996. – 441б.
- 6 Оңғарсынова Ф. Қытайдағы қимас кездесулер // Қыз – ғұмыр. – Алматы: Шартарап, 1996. – 441б.
- 7 Оңғарсынова Ф. Жүрекке жазылған жүздесулер // Социалистік Қазақстан. – 1990 – 4 ақпан.
- 8 Оңғарсынова Ф. Оңтүстік туралы ойлар // Егемен Қазақстан. – 2002 – 31 мамыр.
- 9 Оңғарсынова Ф. Тәуелсіздік – асқақ сөз, асқар ұғым // Егемен Қазақстан. – 1996 – 25 қазан.
- 10 Оңғарсынова Ф. Тәуелсіздік толғауы: 1994 // Егемен Қазақстан. – 2001 – 27 маусым.

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАҒАН ОЙЛАР

Құлшағазиева Ұ.Ж.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жыраулар поэзиясының көрнекті өкілдері Асан Қайғы, Қабан жырау, Шал ақын, Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармаларындағы тәрбие құндылықтары, рухани құндылықтар туралы ойлары талданады.

Түйін сөздер: жыраулар поэзиясы, Асан Қайғы, Қабан жырау, Шал ақын, Бұқар жырау Қалқаманұлы, ұлттық құндылықтар, тәлім-тәрбие құндылықтары, имандылық құндылықтары

Әрбір халықтың өмірінде ұлттық әдеби мұраларының алар орны ерекше. Қазақ әдебиетіндегі асыл қазыналардың қатарына ұлтымыздың ақын-жырауларының өлең-жырлары да жатады. Әдебиеттанушы ғалым Қабиболла Сыдиықұлы қазақ ақын-жырауларының шығармашылығына былай деп баға береді: «XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындар поэзиясы негізінен, қазақтың таза өз тілінде туған қуатты да құнарлы, өмірді танытушылық, философиялық-дидактикалық мағынасы мол мұра еді» [1, 48]. Расында осынау мол мұраның арасында дін феномені де көрініс тапты. Ақын-жыраулар қоғамдағы рухани мәселелерді шешу үшін ислам дінінің құндылықтарына да жүгіне білді. Олар өз ізденістерінде ұлттық құндылықтарды сақтауға, халықтың имандылығын нығайтуға барынша күш салды. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы дін тақырыбы – қазақ жеріндегі ислам мәдениетінің маңызды жәдігерлерінің қатарына кіреді.

Қазақтың әдебиеті ауызша дәстүрде таралуына орай, әуел бастан-ақ халық ақын-жыраулардың жалынды жырларына, ой-толғауларына үнемі құлақ түрді, оларды жадында ұстады. Діни қиссалар, ақын-жыраулардың шығармаларындағы діни мотивтегі өлең-жырлар халықты ислам дінінің рухында тәрбиелеуге, имандылық құндылықтарын нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Бұл туындылар халыққа рухани бағыт-бағдар беріп, дәстүрлі дінмен үйлескен ұлттық тәлім-тәрбиенің жандануына себепкер болды.

Қазақ халқының ақын-жырауларының поэзиялық мұрасында ислам діні құндылықтарының әсері ерекше білінеді. Халқымыздың сөз майталмандары діннің парыздарынан, үкімдерінен тереңінен хабардар болған. Ақын-жыраулар шығармашылығында дін исламның шарттары, моральдық-адамгершілік құндылықтар поэзиялық туынды үлгісінде жеткізілді.

Олардың шығармашылығындағы діни сарындардың мән-мазмұнын аша түсу үшін солардың кейбіріне тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Атап айтқанда, ислам дініндегі ғибадат-құлшылықтың мән-маңызын, құндылықтарын ақын-жырауларымыз өз жырларына арқау еткен. Сол арқылы халықты исламның тірегі болған намаздың қадір-қасиетін ұғынуға шақырған.

Мәселен, Абылай ханның ақылшы биі Бұқар жырау Қалқаманұлы «Тілек» атты жырында былай дейді:

«Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Өзәзіл, пасық, залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз

Біреуі қаза қалмасқа» [2, 87].

Ал Жетісу жерінен шыққан атақты Қабан жырау «Ай, мұсылман, жарандар» атты өлеңінде:

«Хақ бұйрығын тұтыңыз,
Құдайдың кешпес парызы,
Бес уақыт намазды,
Баққан қойдай күтіңіз», –

дей отырып, Жаратушы бұйырған бес парызды орындауға және діннің діңгегі – бес уақыт намазды қаза қылмауға шақырған.

Сонымен қатар, шығармашылығында дінге қатысты мәселелерді көп қозғаған Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) өз жырында халықты құлшылық-ғибадат принциптеріне мән беруге шақыра отырып, дүниедегі тіршіліктің өткінші екендігін жеткізе білген:

«Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, Алланы ойыңа алсаң,
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі, өлмей қалсаң».

Ал Қабан жыраудың «Бақыт, қайда барасың?» атты жыры ислами тәлім мен өнегеге толы туынды.

«Бақыт, қайда барасың?
Шариғат сөзін тыңдаған,
О дүниені ойлаған,
Аллалы үйге барамын.
Бақыт, қайда барасың?
Сыйлай білген молланы,
Діннің жолы қорғаны,
Бісмілләлі үйге барамын.
Бақыт, қайда барасың?
Үйінде тұрған Құраны,
Расул Алла ұраны,
Тәртіпті үйге барамын».

Қабан жыраудың бұл жырында әрбір мұсылман үшін ислам дінін өмірлік бағыт-бағдар етудің мән-маңызы толыққанды түрде жеткізіліп отыр.

Ислам дінінде мұсылман адам өз-өзін тәрбиелеуге, көркем мінезді болуға тиіс екендігі белгілі. Бұл орайда мұсылман адам өз нәпсісін ауыздықтай білгені міндетті. Қазақтың ақын-жыраулары адам тәнін билеп алатын нәпсінің бейнесін әдеби теңеулермен сипаттай отырып, халықты теріс қылықтардан сақтандырған.

Айталық, көшпенділер философы атанған абыз тұлға Асан Қайғының нәпсі туралы пікірі келесідей болып өрбиді:

«Нәпсі – алдаушы дұспанның,
Насихатын алмағыл».

Асан Қайғы осы жыры арқылы халықты нәпсінің қалауына ермеуге, одан сақтануға шақырып отыр. Себебі, нәпсі адам баласына тән құмарлық ұғымын білдіреді. Ислам дінінде саналы тіршілік иесі ретінде әрбір адам өз нәпсісінің қалауын жеңе білуі қажет.

Сондай-ақ Шал ақынның да нәпсіге қатысты теңеулері ұтқырлығымен, мәселенің мәнісін халыққа терең мағынада жеткізе алуымен ерекшеленеді:

«Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері,
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле шайтан-пері».
Оның тағы бір жырында:
«Нәпсің бір көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай,

Егер тыю салмасаң,
Иманыңды жеп кетер».

Шал ақын алғашқы жыр жумағында иманды – қойға, ақылды – қойшыға, нәпсіні – бөріге теңеген. Нәпсі иманды әлсіретіп, өз дегенін жасауына жол бермес үшін адам ақылы дұрыс шешім қабылдай білуі, нәпсінің дегеніне ермеуі міндетті екені осы жырда жеткізілген.

Сондай-ақ Шал ақынның келесі жыр шумағында адамның иманын бағлан қозыға, ал нәпсісін азулы бөріге теңей отырып, нәпсі иманды кез келген уақытта өзіне бағындырып алу қаупі бар екендігін жеткізген. Ол осы жыр шумақтары арқылы нәпсі қалауына алданбаудың мән-маңызын халыққа ұқтырған.

Шал ақынның мына бір өлеңі тіршілік заңдылықтарына көз жүгіртіп, өмір ағысының мәніне үңілуге жол бастайды:

«Дүния деген шолақ депті,
Жан кеудеге қонақ депті,
Ахирет деген бір киім
Алып қайтар сол-ақ депті.
Дүние деген осы,
Ешкімнің емес досы,
Болар еді досы,
Аумаса егер қосы.
Дүниеге қызығамыз несін біліп,
Аз күнгі қызығына есерленіп,
Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз ғой,
Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп».

Шал ақын осы жыр жолдары арқылы жұмыр басты пендеге өткінші тіршіліктің қызылды-жасылды қызығына елітпеудің жөн екендігін ұқтырған.

Қазақ халқының мәдениеті мен тарихы, рухани қазынаға толы әдебиеті еліміздегі дін исламның сан ғасырлық тарихын айғақтайды. Қазақ ақын-жырауларының мұраларында имандылық, отансүйгіштік, кісілік, қайырымдылық, ізгілік, мейірімділік, т.б. құндылықтар ұлықталды. Көсемсөз иелері халықтың ақылшысы әрі жол көрсетушісі болды.

Бағдат Бейсеновтің ақын-жыраулар мұрасына берген мына бір бағасымен аяқтағым келеді: «Ақын-жыраулар – ислам құндылықтарын ұлттық діл мен дүниетаным ерекшеліктеріне сай насихаттаған имани әдебиеттің және ғибратты тәлімнің жарқын үлгісі. Ақын-жыраулардың мұрасын бүгінгі заман талабына сай тиімді қолдана білсек, исламның адамзатқа ортақ құндылықтарын тереңнен игеріп, ұлттық әдептегі діни ахлақтық ұстанымдарды түсінуге жол ашылады. Ұлттық тұтастық пен рухани биіктікті жырлаған ақын-жыраулардың ұстанымдары – елдік мұратымызға қызмет ететін асыл мұра» [3, 112].

Ақын-жыраулар діннен де терең хабардар бола отырып, бұқара халықты өнеге мен тәлімге толы жырларымен сусындатты. Бұл рухани қазыналар болашақта да халық игілігі үшін қызмет ете бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыдықов Қ. Ақын-жыраулар. – Алматы: Ғылым. 1974. - 244 б.
2. Бес ғасыр жырлайды. 1-3 томд. – Алматы: Жазушы, 1984-1985. - 495 б.
3. Бейсенов Б. Қазақ ақын-жыраулары және ислам құндылықтары. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Стамбул, 2008. – 346 б. – 247-250-бб.

Аңыз әңгімелердегі ғажайып туу мотиві

Нұрлан А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс магистранты,

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор м.а. **Сарбасов Б.С.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мотивтердің шығу тегі халықтың ертедегі дүниетанымымен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланысты қарастырылады. Мақалада Оғыз, Шыңғыс хан, Қорқыт кейіпкерлердің дүниеге келуі туралы мифтер мен аңыздарға талдау жасалынады. Аңыз әңгіме, шежіредегі ғажайып туу мотивін зерттеу үшін нысанаға оғыз, түркі-монғол тайпаларының шыққан тегі туралы шежірелер және Оғыз, Қорқыт, Шыңғыс хан туралы аңыздардағы ғажайып туу сарындары алынып отыр.

Түйін сөздер: Түс көру мотиві, ғажайып туу мотиві, Тәңірлік дін.

Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді. Халықтың ертеңгі болашаққа деген ұмтылысы, даналық ой – тұжырымдары, қоршаған дүниеге көзқарасы әртүрлі формада көрініс табуы орынды. Фольклорлық шығармалардың таралу аясы тек жеке халықтың территориясымен шектеліп қоймай, көршілес шет елдерге ауысып отырған. Қазақ халқының эпикалық мұраларындағы ғажайып тууға байланысты эпизодтардың көпшілігі берісі түркі, арысы әлем халықтары фольклорлық туындыларында да кездеседі. Бұл ата-бабаларымыздың әлемдік өркениеттің ілгері басу процесіне белсене араласуының, дүниежүзілік мәдениеттің өркен жаюына өзіндік қомақты үлес қосқанының нәтижесінде болып отыр. Сонымен қатар әлем фольклорындағы тығыз қарым-қатынастардың айқын айғағы.

Қырғыз халқының атақты «Манас» эпосының бір нұсқасында батырдың шешесі түсінде жаратушы иесінің қолынан алма жеп, Манасқа жүкті болады. Ә.Марғұлан: «Бұл дала эпосында өте сирек кездесетін бейне. Тегінде алмаға жеріту – Манас шыққан ортаның жемісі көп оңтүстік алқаптар – Талас, Ферғана, Қашқармен тығыз байланысты болғанын белгілеп, оның Қарахан дәуіріндегі мәдени тұрмысты еске түсіретіндігін көрсетеді» [1,82], – деп тұжырымдайды. Негізінен сиқырлы алма жеу мотиві бүкіл дүниежүзі халықтарының фольклорында кейіпкердің ерекше жағдайда тууына орай пайдаланылады.

«Манас» жырында бас қаһарманның Манастың дүниеге келуіне қатысты оқиғаларынан бастап, соңғы сәтіне дейінгі өмірі суреттеледі. Оның ішінде кейіпкердің жорықтарын кеңінен суреттеуге зор мән беріледі. Әрине, эпостағы мұндай күрделі сюжеттік құрылымның аз ғана уақыт ішінде құрыла қалмағаны анық. «Манас» эпопеясы ұзақ даму процесінің нәтижесінде осындай көлемді жырға айналған. Ол іштей эпос қаһармандарының өмірбаянына тән дәстүрлі мотивтермен толықтырылып, кеңейтіліп отырған. Сол мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууы.

Ғалымдар Манастың жалпы эпикалық өмірбаянын бірнеше негізгі эпизодтарға бөліп қарастырады. Оның ішінде бас кейіпкердің жеке басына қатысты өмірбаяндық мотивтер тобында қаһарманның ғажайып туу эпизодтары да бар.

Ғалым А.Н.Веселовский бұл мотивтің татар мен қазақ халық ауыз әдебиетіне тән екенін анықтап, аталған халықтар фольклорында кейіпкердің күн нұрынан тууына байланысты көптеген аңыздарды, мифтерді келтіреді. Кейбір татар тайпаларының тегін Аланкуадан таратындығына тоқталады [2,535]. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Ғажайып туу мотивінің қыр-сырын толық тану дүниежүзі фольклорына ортақ үлгілерін типологиялық аспектіде тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу қажет. Себебі, Батыс Европа мен Орта Азия фольклорлық шығармаларында көптеген ұқсастықтар бар. Ол

көбінесе жеке мотивтердің, сюжеттердің ұқсас түрде қайталануына байланысты. Фольклорда осындай құбылыстардың орын алуы адамзат тарихының біркелкі дәуірлерді басынан өткізуінің нәтижесі болып табылады. Мәселен, түркі халықтарының феодалдық дәуірде пайда болған эпикалық шығармаларындағы типологиялық сипатын В.М.Жирмунский «Тюркский героический эпос» атты еңбегінде қарастырған.

Аңыз әңгімелердегі кейіпкерлердің дүниеге келу мотивін мынадай бағыттарда зерттеуді жөн көрдік. Біріншіден, түркі халықтарының фольклорлық мұраларындағы ортақ сарындарға типологиялық салыстыру жасалады.

Екіншіден, мотивтердің қазақ фольклорының эпикалық жанрларындағы даму ерекшеліктерін анықтауға күш салынады. Зерттеу осы мәселелерді зерттеген ғалымдардың түрлі халықтар фольклорындағы тарихи ұқсас құбылыстарға жасаған салыстырмалы талдауларына сүйене отырып жүргізіледі. (А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп, В.М.Жирмунский)

Ғажайып туу мотивінің мифтен бастап, кейінгі дәуірде туған фольклорлық жанрларға дейінгі даму жолы біркелкі емес. Осы мақсатта оның ертегі, эпос сюжеттерінен орын алуына орай иеленген ерекшеліктерін анықтаймыз. Зерттеу барысында шежіредегі немесе жеке қаһармандардың пайда болуы туралы аңыз-әңгімелердегі ғажайып туу туралы мотивтің поэтикасы, оның сюжеттік құрылымы ашып көрсетіледі.

В.Я.Пропп «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырды. Бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді [3, 205-239].

Жыршы қаһарманды керемет етіп көрсету мақсатында ғажайып туу мотивін түрлі көркемдік тәсілдермен өрнектейді. Мәселен, болашақ батырдың қасиеттерін ерекше айқындайтын мотивтің бірі – анасының жүкті кезінде ең күшті жыртқыш аңдардың етіне жерік болуы. Сондықтан, бұл мотив әлі дүниеге келмеген кейіпкердің мінез-құлқын алдын ала таныту үшін өте маңызды рөл атқарады.

Батырлық эпоста кейіпкердің ғажайып туу мотивінің кеңінен тараған түрі – ата-бабалар аруағының жәрдемімен және әулие-әнбиелердің түсте аян беруі арқылы болашақ батырдың дүниеге келуі. Бұл мотивтер, әсіресе, шамандық және мұсылмандық культтердің үстемдігі тұсында қалыптасып, дамыған.

Бұл жөнінде С.А.Қасқабасов былай дейді: «Ислам діні енгеннен бастап Қазақстанда ескі шамандық пен ислам діні қатар өмір сүрді. Бұл жағдай көп уақытқа созылғаны белгілі. Бірақ жай созылған жоқ, екі идеология арасында үнемі күрес болып келді. Сөйтіп, бұрынғы шаманизмді исламның «қасиетті» күштері ығыстыра бастады, ал, кейбір шамандық кейіпкерлер мен әдет-рәсімдер исламдық сипат алады. Соның нәтижесінде ежелгі тотемге және ата-баба аруағына табынумен қатар, мұсылман дінінің әулие-әнбиелерін қасиеттеп, оларға сыйыну кең етек алды. Міне, бұл процесс қазақ фольклорында көрініс тапты. Мысалы, аңыз, ертегі, жырларда болашақ қаһарманның ата-анасы бала тілеп, Аллаға сыйынады, мұсылманның қасиетті орындарына зиярат етеді [4,252]. Осындай таным-түсініктердің өзгеруіне байланысты жырдағы кейіпкердің дүниеге келу жөніндегі сюжеттерінде әулие-әнбиенің жәрдемімен туу сарыны пайда болады. Әрине, бұл сюжет өзінің негізгі баяндалу тәртібін, қалпын сақтап қалады.

Батырдың ғайыптан дүниеге келуіне болашақ қаһарманның шешесінің тотемнің етін жеу де себепші болатыны белгісі, әулие-әнбиелердің шапағатымен жүкті болған. Болашақ кейіпкердің шешесі әр түрлі жыртқыш аңдардың етіне жерік болуынан аңғарылады. Осындай құбылысты «Оғыз-наменің» кейбір нұсқаларында әсіре мұсылманшылдығы танытылған Оғыздың сыртқы кейпінің тотемдік жануарларға ұқсауынан байқаймыз.

Түркі халықтарының батырлық эпосында жиі кездесетін тотемдер – қасқыр, жолбарыс, аю, арыстан сияқты айбарлы да күшті хайуандар кейпінде. Аталған хайуандарға балау немесе теңеу батырларымыздың ерлік тұлғасын сипаттауда қолданылып

ержүректіліктің, батырлықтың, күштіліктің символына айналғандығына толық көз жеткізуге болады.

Оғыз қаған келбеті: «Осы ұлдың өңі-шырайы көк еді, көздері қызғылт, шаштары, қастары қара еді. Нұрлы періштелерден көріктірек еді.... Аяғы өгіздің аяғындай, белі бөрінің беліндей, жауырыны бұлғынның жауырындай, кеудесі аюдың кеудесіндей еді. Тұла бойын қалың түк басқан еді», - деп сипатталады [5, 30].

Дүниежүзі фольклорының эпикалық жанрларында елдің дүниетанымын, ежелден қалыптасып келе жатқан тарихын көрсететін әр түрлі көркем тәсілдерді кездестіруге болады. Қай халықтың эпикалық мұрасы болмасын, ол сол жерді мекендейтін адамдардың тіршілігінен, салт-дәстүрінен хабар береді. Соның ішінде бүкіл дүниежүзі халықтарын эпосында кеңінен тараған мотив – кейіпкердің ғажайып дүниеге келуі.

Ғажайып туу мотивін аналық ру заманында пайда болған түсініктермен байланысты қарастырған ғалым А.Н.Веселовский өзінің «Историческая поэтика» атты еңбегінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген [2,538-539]. Бұл мотив – осы көрсетілген кезеңдегі адамдардың дүниеге келуі тотемнің әйел бойына қонуына байланысты жүзеге асатын құбылыс қарабайыр дүниетанымның жемісі деп білген. Бірақ кейбір халықтар өздерінің генеалогиялық мифтерінде өздерінің шығу тегін, әйелмен емес, керісінше ер адаммен байланыстырады. Кейіпкер белгілі бір қасиетті тотеммен некеге отырып, сол арқылы ұрпақ таратуға иеленеді.

«Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткішінде де ғажайып туу сарыны кездеседі. Солардың бірі – «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарау. Кейіпкердің ғажайып туу мотивінің бір түрі – болашақ кейіпкердің күннің нұрынан пайда болуы. Бұл мотив бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар. Бұл мотивтің түркі-монғол халықтарының фольклорында пайда болу себептерде, оған әсер еткен, діни-наным сенімдер де анықталған. Кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің пайда болуына ерте замандағы шаман дінінің мол әсері болған. Шаман дінінің ең негізгі ұстанымдары күнге, айға, көк аспанға табыну болып табылады. Кейіннен Құдайдың есімі болып табылатын – «Көк Тәңірі» деген сөз пайда болған [5].

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы дүние жүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «Күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған [3, 207-208].

Қазақ аңыздарында бұл мотив Шыңғыс ханның дүниеге келуімен байланысты айтылады. Қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры Есім ханның атасы Шыңғыс ханның күннің нұрынан дүниеге келгенін әңгімелеуден басталады. Ал, біз қарастырып отырған «Оғыз-намеде» да Оғыз қағанның анасы Ай қаған күн нұрынан жүкті болады. Бұл мотив екі туындыда ұқсас сарында баяндалады [5].

Осы аңыздың қазақ, монғол арасында тараған нұсқаларын салыстырып зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері бір арнаға саяды. Олар кейіпкердің күн нұрынан туу мотиві түркі тектес және монғол халықтарының фольклорына тән сарын екендігін дәлелдеп көрсетеді. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Бұл мотив халқымыздың ежелгі таным-түсінігінің негізінде қалыптасқан түркі, монғол тайпаларының таралуы туралы шежірелерде және жыр аңыздарда, соның ішінде Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның, Манас жөніндегі шығармаларда ұшырасады. Осы қаһармандар туралы шығармалардың нұсқаларын Әбілғазының, Қадырғали Жалайырдың шежірелерінен, Г.Н.Потанин жинақтарынан кездестірсек, оларды зерттеуге Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, С.Қасқабасов т.б. ғалымдар зор үлес қосты.

Оғыз, Қорқыт туралы аңыздарда немесе ру тайпалардың шығу тегі туралы шежірелерде қаһармандардың ерекше жаратылуына үлкен мән беріледі. Бұл жерде ол алғашқы ру-тайпаларды жаратушы ілкі бабалардың, атышулы әулие-перілердің, жасампаз қаһармандардың ғажайып тууын баяндайтын мифтер циклін құрайды. Әрбір халық өздері табынатын объектілерді уағыздау мақсатында осындай мазмұндағы аңыздарды таратқан. Оның халыққа әсерлі болуы үшін қаһармандарды ерекше жаратылысын суреттеу тәсілі қолданылады. Батырлар жырында қаһарманның ерекше бітімі, құдіреттілігі аңыз кейіпкеріне қарағанда басқаша түсіндіріледі. Қаһарман тайпалық тотем мен аталар аруағының ғажайып түрде желеп-жебеуінің нәтижесінде туылған болады. Батырлар жырында ғажайып туу мотивтері кейіпкердің кереметтігін дәріптейтін көркем тәсілге айналған. Кейінірек бұл мотив батырлардың, ру-тайпа көсемдерінің ерекше жаратылысын бейнелеуге, яғни, басқа қарапайым адамдардан дәрежесін көтеру мақсатына қызмет еткен.

Мәселен, жоғарыда сөз болған Оғыз қаған, Шыңғыс хан, Қорқыт т.б. кейіпкерлердің барлығы да түркілердің мифологиялық дүниетанымына сәйкес суреттеледі. Осы келтірілген материалдардың зерттелу нәтижесіне қарап, ғажайып туу мотивтері дами келе эпикалық туындылардың экспозициясын құрайтын негізгі бөлшектердің қызметін атқарғандығын көреміз. Мұндай мотивтің ертедегі алғашқы адамдардың пайда болуы туралы антропогониялық мифтерге негіз болып, өз алдына дербес жанр ретінде таралғандығын фольклортанушы ғалымдар анықтаған.

Қорыта айтқанда, дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбінде күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады. Ол – тек түркі халықтарында ғана айтылмайды, көптеген халықтарға тән құбылыс. Текті нұрдан жаратылған етіп көрсету ежелдегі адамдар үшін өте маңызды болған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
2. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л.: 1940. – 646с.
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – М.: Наука, 1976. – 325с.
4. Қасқабасов.С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. –584 б.
5. Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. Алматы: Ғылым, 1988. – 448б.

АҚЫН АҚШАГҮЛ РАМАЗАНОВАНЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ДАРАЛЫҒЫ

Каджанова А.М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты
Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**, ф.ғ.к.

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ақын Ақшагүл Рамазанованың поэзиясы ғылыми тұрғыда талданады. Ақын өлеңдеріндегі ұлттық идеяны таныту мақсаты арқылы ақынның Маңғыстау тақырыбында жазған өлеңдері мен адам мен табиғат үндестігін және Дала, Теңіз және тағы басқа да тақырыптарды жырлаған өлеңдері қарастырылады. Ақын поэзиясына объективті тұрғыда баға беріледі. Ақынның өзіне тән дара қолтаңбасын пайымдау ақындық шығармашылық болмысын саралаудың бір арнасы болып табылады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, поэзия, лирика, Ақшагүл Рамазанова, Дала образы, Маңғыстау жырлары.

«Менің өлеңге деген құмарлығым хат танып, сөз түсіне бастаған шақтан-ақ жанымды жегідей жеп ерте басталды. Екінші біріне бұйыра бермейтін, құдайдың өзі таңдау жасап қалаған құлына ғана нәсіп қылатын, біреу үйретпей-ақ о бастан адамның санасына берілетін,

осы өлең деген өнердің есігін тұлымшағым желбіреген қызыл орамалды қыз дәуренімде-ақ еркін айқара ашқанмын. Сөздің небір жауһарларын майын тамыза айтып, ындының кеуіп қаталап келгенде ішкен бұлақ суындай жаныңды жай таптыратын ауыл ділмәрларының дариядай арналы әңгімесі, ел ақындарының тот баспайтын саф алтындай жырлары мені осы өлең патшалығына өрімдей балауса күнімде алып келді» [1], - дейді бір естелігінде Ақшагүл ақын.

Былай қысыр сөзге үйір болғанымен менімен қарайлас құрбыларымның көбі тек ақын болуды армандап қағаз шимайлаумен ғана шектелді, ақын бола алған жоқ. Оларға өлең тағдырдан шақыру болмады. Ал менің өлеңге құмарлығым әншейін құмарлық емес еді, арғы дүниедегі қатты бір болмыстың дүмпуі еді.

Маңғыстау қасиетім асыл далам,
Қарт Каспий жанарың ба? жасыл ғалам
Шашбаулы таңдарыңды шашыратып
Құпияң көп, кеудеңде ашылмаған
Бала кез, бабам ғашық құба белім
Памирден құлап аққан бұлақ едім
Жарылып жанар таудай жанталасып,
Каспийдің жанырына құлап едім [2, 205],

- деп жырлап өткен Ақшагүл Рамазанова – өр ақын қоғам қайраткері, қарапайымдықты қағида тұтқан сыйлы жан, сыршыл өнерпаз. Сонау қанды жол қахарлы жылдарда, Кеңес үкіметінің құрылу кезінде асқан зорлық пен қорлықтың құрбаны болған басқын боздақтардың ұрпағы.

Рамазанова Ақшагүл Сейдуллақызы – 1953 жылы сәір айының 16 жұлдызы күні Тәжікстан Республикасы Қорған-төбе облысы «Колхоз-Абад» ұжымшарында шаруа отбасында дүниеге келген. 1959-1960 жылдарда ата-анасы бұрынғы Қазақстан жері, қазіргі Өзбекстан Республикасының Мырзашөл аймағына қарайтын Мақтаарал ауданына көшіп келді. 1970 жылы Жетісайдағы Әлия Молдағұлова атындағы орта мектепті бітірді. Өмір жолын Жетісай аудандық газетінде тілші болып бастады. Кейін Ташкенттегі Низами атындағы педагогикалық институттың филология факультетін бітірді. 1970 жылдан бастап шығармашылық жұмыстармен айналысып келеді. Өлеңдері «Социалистік Қазақстан», «Нұрлы жол», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс», «Лениншіл жас», «Маңғыстау», «Үш қиян» газеттерінде, «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында жарық көрді. «Теңіздің дәмі - тамшыдан» атты ұжымдық жинақтың екі кітабында шықты. 1983 жылғы Қазақстан Республикасы «Жігер» фестивалының лауреаты болды.

Ұзақ жылдар Мырзашөл ауданы Абай атындағы кеңшардың Ш.Уалиханов атындағы №3 орта мектебінде ұстаздық етті. Көп жылдар бойы Абай атындағы кеңшардың мәдени істері жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Ақшагүл Сейдуллақызы тарихи Отаны Маңғыстауға қоныс аударғаннан бергі жерде облысымыздың қоғамдық-саяси жұмыстарына белсенді қатынасып келеді. 1989 жылдан бері «Парасат» қоғамдық-саяси демократиялық қозғалыстың мүшесі. «Парасат» мәдени орталығының мүшесі. «Парасат» қоғамдық ұйымы ұйымдастырған шараларға белсене қатысып, оның идеясының Қазақстан мен Өзбекстан халқының арасына тарауына белсене атсалысты. 2006 – 2007 жылдары «Руханият» республикалық саяси партиясының Маңғыстау облысы бойынша төрайымы болды. «Асыл мұра» қазақтың ұлттық салт-дәстүрін насихаттау және жинақтау қоғамдық қорының басшысы. Ақшагүл Сейдуллақызы ұл, қыз тәрбиелеп өсірген көп балалы ана. Қазір Ақтау қаласында тұрады.

Ақшагүл ақынның Далаға деген ғашықтығы туған жерге деген сүйіспеншілігі, таусылмас сағынышы екені белгілі. Дала – қазақтың жаны. Бұл жердегі дала образы да қазақ образы деуге болады. Қазақтың поэтикалық образы – Дала. Қазақ поэзиясындағы мәңгілік тақырыптардың бірі – Дала.

«Дүл-дүл құм» өлеңінде:
Бұйра-бұйра дүлдүл құм,

Шеруден сыр шертеді.
Болмайды екен бұлбұлдың
Ұрғашысы, еркегі.
Бұйра құмда бір үн бар,
Сыңсуы да бөлекше.
Шұркырайды құлындар,
Болмайды онда өлексе... [2, 79].

Ақынның даладағы құмды дүл-дүлге балауы, бұйра құмның үні, сыңсуы, құлындардың шұркырасуы бәрі-бәрі шынайы, бейнелі ойлар.

Ақшагүл ақын Маңғыстауды ерекше жақсы көреді. Оның әр тасы, әр құбылысы ақын поэзиясына арқау болды. Ақын Маңғыстауға, әулиенлерге, әр тасына, адамдарына басын иіп өтуде.

«Каспий - жыр», «Қарт каспиймен сырласу», «Каспиймен сырласу», «Шайырға жауған аппақ қар» сияқты өлеңдерінде Маңғыстау табиғаты, әр тасы, теңіз жырланады. Ақын жырларының бейнелеулері де ешкімге ұқсамайды.

Маңғыстаудың қара шаңырағы – Форт-Шевченко туралы белгілі ақындар жыр арнады. Белгілі ақын Ф.Оңғарсынованың «Ақкетік» өлеңі үздік өлеңдердің қатарына жатады. Сол өлеңнің қайырмасында:

Маңғыстауға барасың ба ?
Ақкетікті сұрап қара :
Хазар теңіз жағасында,
Бар осындай,
Дәл осындай,
Бар осындай,
Дәл осындай
Жұмақ қала [3, 4], -

деп ақын қарапайым сөздерді ойната отырып, қаланың қадір-қасиетін жеткізген. Ақкетікті жұмақ қалаға балауы да ақынның қасиетті жерге деген құрметі, шын көңілімен бас июін көрсетеді.

Қыз жүгіндей нұр қаланы
Тербеп жұпар таң самалы.
Қонақ келсе, мұнда бәрі
Туғанындай қарсы алады [3, 4].

Адам жанын тербететін жұпар таң самалы ескен қаланың тазалығы мен жинақылығын қыз жүгіне теңесе, қала тұрғындарының қонақжайлылығын да тебірене жырға қосады. Ақын өлеңі кейіптеуден басталған. Өлеңнен әсем қала көз алдыға келеді. Ақ балтыры жалтыраған сұлу қыз көз алдыға елестейді. «Ақ балтырын теңіз сүйген» деген жолға қаланың әсемдігі мен сұлулығы сыйып-ақ тұр.

Фарица ақын өлеңімен үндесіп жатқан Ақшагүл ақын өлеңі де көп сырды аңғартқандай:

Ақкетік арман, жыр қала!
Саз көшкен Жанарыңнан,
сағым көшкен,
Астасып ару арман,
ару кешпен, Ақкетік!
Бұлтты аспанға,
Бұрылып таңдай қағып,
Талай-талай басыңнан дәуір көшкен!...
Ақкетік арман, жыр қала!
Сыбызғы сыңсып,
Тарихы терең бұл қала,
Талайға таңдай қақтырған,

Апайтөс жігіт,
Ақбөбек қыз боп бір қара! [4, 4].

Ақшагүл ақын Ақкетікке арнаған жолдарында қала халқының дархандығын, қонақжайлылығын, ұлттық өнер, салтымызды сыйлайтын ел екендігін шынайы бейнелеген. Ақкетік халқының өнерді аса бағалайтынын, ұлт мұраты жолында аянбай еңбек ететіндігін жырына арқау еткен.

Ақкетік! Айбарлы,
айдарың бүгін жыр ескен!..
Желкенді жылдар,
Иіріп сонда жіп ескен,
Тәуелсіз күнді,
Талпынып күткен әуелден,
Ақкетік сенсің,
Тәуелсіздік үшін күрескен!!!
Жүз жетпіс жыл...
Тойлаған тойын бұл қала,
Ақкетік арман жыр қала,
Тойларың тойға ұлассын!..
Келер күндерге,
Нар жігіттермен намысты,
Айкүміс қыз боп бір қара!.. [4, 4].

Өлеңде өр айбат бар. қаласында тұратын қоғам қайраткері, ұзақ жылдар Түпқараған ауданының әкімшілігінде қызмет еткен осы аудан басшыларының бірі, депутат болған Айкүміс Досанова апайды кез келген Маңғыстаулық қоғам қайраткері, ер тұлғалы қыз екені жақсы біледі. Ақшагүл ақынның «Нар жігіттермен намысты, Айкүміс қыз боп бір қара!...» деуі де тегін емес.

Маңғыстау өлкесіндегі әрбір жаңалықтар мен алға жетелер өзгерістер ақын қаламынан тысқары қалған емес.

«Өлең маған не берді? Ол маған мәңгілікті, шексіздікті жоралғы жасады. Шамалыны жағасына жаңқадай лақтырып тастайтын екпіні қатты ағыны бар өмір-өзенде ағысқа қарсы жүзуді үйретті. Адамды орынсыз қидалап тастайтын заманның қаһарлы қайқы қылышынан қаймықпауды, оның жүзін қалай қайырып мұқалтуды үйретті. Осындай алпауыт қасиеттерді менің бойыма еріксіз сіңіріп, жер бетіндегі сан мыңдаған өлең әскерінің жасағы етті. Мен оған ақылым толықсын осы шақтың өзінде секундтың титімдей бір өлшеміндей өкінбеймін. Патша болып таққа отырмай-ақ, елге патшадан бетер жарлығын жүргізе алатын, әміршіге қасқая қарап тұрып «Дат» айтатын ақындардың ұлы болса атқосшысы болып, қызы болса жанында жүріп бұрымын өрдім» [1], - дейді Ақшагүл ақын өлең туралы.

А.Рамазанова жырларында жан-дүние сырлары шынайы ақтарылған. «Поэзия жаппай сауаттандыруға арналған версификатор немесе бір жүйеге түсірілген, уағыздардың бәріне көнетін бірсарын науқанды іс тағы емес - ті. Поэзия- құбылыс. Айсберг секілді. Поэзияны жалпылама «массаның» деңгейімен өлшейтін фактор мығым болған соң ба, кім білсін - әйтеуір қазақ поэзиясы онша тез қарқынмен дами алмай келген жайы бар. Поэзияны көпшілік қалың бұқараның бәрі бірдей түсінбеуі дұрыс. Түсіндірем деп құқай көрсетіп, қайран кеудені үшкір таспен ұрғыласақ һәм науқаншыласақ опық жейміз. Себебі, адам рухани өмірі бір үлгіге сыйған емес. Поэзия да солай» [5], - деп С.Рахметұлы жазғандай ақын поэзиясы – кәдімгі жұмыр басты пенденің күнделікті тұрмыс-күйінен туындап жататын жан тебіреністері. Әрине, ақынжанды адамның, ақын жүректің бұлқыныстары.

Қазақ поэзиясындағы ешкімге ұқсамайтын өзінше бір құбылыс екенін Ақшагүл Рамазова өлеңдерін оқи отырып, таныдық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рамазанова Ақшагүл. Ұлылықпен ұшырасқан мезеттер... 28 желтоқсан, 2016 жыл. https://tumba.kz/tinis/47-%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D1%81/22401-ulylykpen_ushyraskan_mezetter.html
- 2 Рамазанова А. Қыз көктемнің жүрегі. Алматы: Үш Қиян, 2018. – 272 б.
- 3 Оңғарсынова Ф. Ақкетікке арнау. Өлең. Форт-Шевченко: «Ақкетік арайы» газеті, № 85. –
- 4 Рамазанова А. Ақкетік. Өлең. Форт-Шевченко: «Ақкетік арайы» газеті, № 85. - 2016, 15 қараша, 4-б.
- 5 С.Рахметұлы. Поэзия туралы түсінік. <http://mail.ult.kz/post/suragan-rakhmetuly-poeziya-turaly-tusinik1>

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МОДЕЛЬДЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бақтығали Г.Е.

2 курс магистранты.

Ғылыми жетекші: **Даулетбекова Ж.,**

Phd доктор, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда оқушыларға білім беру қиынға соғуда, өйткені берілетін білім көлемі жылдан-жылға артып келеді, ал оқытудың шарттары мен әдістері өзгеріссіз қалуда. Осыған байланысты мұғалімдердің көбісі оқыту әдістерін жетілдіру қажеттілігіне көз аударуда. Бұл мәселені шешуде, мұғалімдердің тәжірибесіне сүйенсек, модельдеу ең тиімді әдіс болып саналады. Мақалада модельдеуді қазақ тілі сабақтарында қолдану мүмкіндігін қарастырамыз. Бірақ, ең алдымен, оқыту кезінде модельдеу әдістерін қолдану мәселесінің өзектілігін атап өткен жөн.

Түйін сөздер: модельдеу, схема, қазақ тілі, жаттығу, модельдеу дағдылары.

Зерттелетін объектінің модельдерін құру мен зерттеуден тұратын ғылыми зерттеу әдісі модельдеу деп аталады. Модельдеу оқыту әдісі ретінде модельдерді құру процесін және оларды қасиеттер, объектілер байланысы туралы білімді қалыптастыру үшін қолдануды білдіреді. Оқытудың әдісі ретінде модельдеудің ерекшелігі – бұл мазмұнды тұжырымдамаларға жақындайтын фактілерді түсіну үшін маңызды болып табылатын байланыстың тікелей қабылдануынан, объектілердің қарым-қатынасынан көрнекі етеді.


Модельдеу шындықты бейнелеу формасы ретінде ежелгі дәуірде ғылыми білімнің пайда болуымен қатар пайда болды. Бейнелі-таңбалы модель біздің дәуірімізге дейінгі Х ғасырда пайда болды.

Модельдеу алмастыру принципіне негізделген: балалардың іс-әрекетінде нақты затты басқа затпен, кескінмен, белгімен алмастыруға болады. Зерттеулер көрсеткендей, бала ойын барысында, сөйлеуді игеру процесінде, бейнелеу іс-әрекетінде объектілерді ауыстыруды ерте игереді [1]. Бұл мұғалімдердің назарын оқыту процесінде модельдерді әзірлеуге және қолдануға аударды.

Білімді игеру процесінің басты ерекшелігі оның іс-әрекетінде: оқушы білімді қандайда бір әрекеттерді жасаған кезде ғана игереді. Сондықтан кез-келген білімді игеруді жоспарлау кезінде оқушылар оларды қандай іс-әрекетте қолдануы керек екенін алдын-ала анықтау керек, яғни қандай мақсатта игеріледі. Білімді игеру мақсатын конструктивті түрде белгілеу бұл білімнің жұмыс істейтін дағдыларын көрсетуді білдіреді. Барлық осы әрекеттерді модельдеу әдісін қолдана отырып жүзеге асыруға болады.

Көптеген мұғалімдер мен психологтардың зерттеулері модельдерді (схемалар, суреттер, символдар) қолдану балалардың ойлауын қалыптастырудың маңызды құралы екенін көрсетті. Оларды қолдану салыстыру, талдау, негізгі нәрсені бөліп көрсету, абстракциялау, жалпылау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл балалардың ойлау формаларынан концептуалды, логикалық формаларға ауысуына ықпал ететін модельдер.

Л.М. Фридман ғылымда, техникада, күнделікті өмірде және оқытуда қолданылатын модельдердің жіктелуін ұсынады [2] (сурет 1).



Сурет 1 - Модельдердің жіктелуі

Жіктеуде ұсынылған модельдердің ішінен негізінен бейнелі және таңбалы модельдерді қолдануға болады, өйткені олар пайдалану кезінде аз шығындарды қажет етеді және жас оқушыларға түсінікті болады.

Дайын модельмен жұмыс жасаудан айырмашылығы, модельдеу мұғалім мен оқушылардың зерттелетін объектінің немесе құбылыстың моделін құру және зерттеу бойынша бірлескен әрекеттерін қамтиды. Танымдық іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде модельдеу дегеніміз-мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың зерттелетін объектінің бейнесін, оның маңызды сипаттамаларын, маңызды емес және екінші деңгейлерден алшақтату процесі.

Модельдеу практикалық оқыту әдістері тобына жатады. Мұғалімнің міндеті-оқушыларды модельдеу арқылы модельдер құруға, объектілер мен құбылыстарды зерттеуге үйрету. Модельдеу оқушылардың тұрақты жүйелі білім алу процесін едәуір жеңілдететін және тездететін тәуелсіз оқыту құралы ретінде ерекшеленеді. Теория мен практикада модельдеу оқу процесін белсендіретін, күрделі материалды түсінуді едәуір жеңілдететін және жаңа материалды есте сақтауды жеңілдететін арнайы мақсатты әрекет ретінде әрекет етеді [3].

Модельдеудің бір түрі - қазақ тілі сабақтарында жиі қолданылатын схемалар. Схемалар мектеп оқушыларында объектіні (оның белгілі бір бейнесін) зерттеуге көрнекі негіз жасайды, бұл объектіні ассимиляциялауға логикалық ғана емес, сонымен бірге дамыған

бейнелі ойлауды да қосуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе оң жарты шарда дамыған балалар үшін өте маңызды, олар материалды негізінен осындай суреттерді жасау арқылы сіңіреді.

Оқу процесінде тірек сызбаларын қолдану ұғымдардың негізгі сипаттамаларын көрнекі түрде көрсетуге және оларды игеруге мүмкіндік береді. Қолдау схемалары оқушылардың іс-әрекет әдістерінің дамуына ықпал етеді, өйткені схемаларға сүйене отырып ұғымдарды зерттеу олардың әрқайсысымен бірқатар іс-әрекеттерді жүргізу қажеттілігін тудырады.

Сабақта сауаттылықты оқыту кезінде біз сөйлемдерді таңдап, оларды сөздерге бөлеміз. Әдетте мұндай талдау үшін 2-3 сөзден тұратын сөйлемдер қолданылады. Осылайша, балалар сөйлеудің құрамын талдауға үйренеді, бұл одан әрі жұмыс үшін үлкен маңызға ие. Сабақтарда сөйлемдегі сөздерді санап қана қоймай, олардың әрқайсысының мағынасы, мазмұны туралы, жеке сөздерді талдаудан тұтас сөйлемдер мен бүкіл мәтінді талдауға көшеді. Әр оқушыны белсенді әрекетке қосу, зерттелген тақырып бойынша материалды толық түсіну үшін схемаларды қолданған тиімді.

Схемалармен жұмыс ұялу мен жауап беруден қорқуды жеңілдетеді. Схема оның пайымдаулары мен дәлелдерінің көрнекі алгоритміне, оның ойының, практикалық іс-әрекетінің тірегіне, ол мен мұғалімнің арасындағы байланысқа айналады [4]. Алған білімді бекіту, қайталау үшін қосымша жаттығуларды қосуға болады.

Тақырып бойынша схемалар бірнеше қайталауды орындауға мүмкіндік береді, дербес тапсырмаларды орындауды жеңілдетеді.

Бірінші кезеңде балаларға дайын тірек схемалары ұсынылады, бірақ болашақта оқушыларға тұжырымдаманы өз бетінше модельдеуге, ұсынылған схемаларға түзетулер енгізуге мүмкіндік беру керек.

Қолдау схемасын құру оқытудағы жеке және белсенді тәсіл мәселесін шешеді, оқу процесін едәуір белсендіреді. Алдымен оқушыларға тапсырма беріледі, бақылау және талдау үшін тілдік материал ұсынылады, содан кейін балаларға таныс символдар арқылы емле моделін құру ұсынылады. Модельдің өз нұсқасын ұсына отырып, бала мұндай қорытындыға қалай келгенін түсіндіреді және бұл үйлесімді сөйлеуді дамыту жолдарының бірі.

Схемамен жұмыс істеудің үш кезеңін бөлуге болады:

Бірінші кезең - перспективалы дайындық: жаңа ұғымдармен баяу дәйекті танысу, тақырыпты ашу, схема жасау.

Екінші кезең - тұжырымдамаларды тереңдету және материалды жалпылау. Оқушыларды схемада саналы түрде бағдарлау, схемаларды қолдана отырып дәлелдерге ие болу, схеманы толықтыру, схемадағы қателерді түзету, сызбалармен әр түрлі жұмыс түрлері, мектеп пен үйде тақырып бойынша тапсырмаларды өз бетінше орындау.

Үшінші кезең-алынған білім мен дағдыларға негізделген жұмыс. Схемалар артта қалады, еркін әрекет ету дағдысы қалыптасады [5].

Объектіні зерттеу кезінде алынған модель элементтері оқушылардың логикалық ойлау процесінде біртіндеп және кезең-кезеңмен құрылады. Мұндай жұмыс зерттеу сипатқа ие. Дайын интегралды схемамен жұмыс жасауда іздеу қызметін ұйымдастырудың мүмкіндіктері әлдеқайда аз. Көбінесе бұл репродуктивті сипатқа ие: объектінің тұтас бейнесін қарастыра отырып, оқушылар мұғалімнің әңгімесін немесе түсіндірмесін тыңдайды, көрген нәрселеріне сүйене отырып сұрақтарға жауап береді.

Қысқа схемадан ереженің тұжырымдамасын оқу арқылы бала есте сақтау, қиял, сөйлеу, ойлауды дамытады. Емлені модельдеу қабілетін игере отырып, оқушылар алгоритм-схемаларды құру қабілетін игереді.

Модельдеуді оқытуды көрсетуге немесе фронтальды жұмыс істеуге арналған дайын модельдерден бастаған жөн.

Схеманы (модельді) құру оқуға тұлғалық-белсенді көзқарас мәселесін шешеді, оқу-тәрбие процесін айтарлықтай белсендіреді. Модельдеу кезінде есте сақтауды қоспағанда, қолдану (тәжірибе) процесінде ұғымдар мен ережелерді меңгеруге ерекше көңіл бөлінеді.

Кіші мектеп жасы-бұл балалардағы оқу іс-әрекеттерін қалыптастырудың бастауы. Сонымен қатар, модельдеу-бұл бастауыш мектеп жасынан тыс адамның әрі қарайғы іс-әрекетіне апаратын және оның дамуының жаңа деңгейіне шығатын әрекет. Модельдеу әдісі күрделі зерттеуді қарапайымға, бейтаныс затты - танысқа дейін онтайландырады, яғни объектіні мұқият зерттеуге қол жетімді етуге мүмкіндік береді. Сондықтан ол қазіргі педагогикалық практикада кеңінен қолданылады, оқытудың негізгі әдістерінің біріне айналады.

Оқытудағы модельдеу бірқатар себептер бойынша қажет:

- оқушылардың таным әдістері мен оқу іс-әрекетінің тәсілдерін толық және берік игеруіне мүмкіндік жасау;

- оқушылардың толыққанды ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру үшін;

- ойлаудың ғылыми-теориялық стилін қалыптастыру үшін;

- білім алушылардың рефлексиялық қызметін дамыту үшін [6].

Тәжірибелер көрсеткендей, оқыту мазмұнына модель және модельдеу ұғымдарын енгізу оқушылардың оқу пәніне қатынасын өзгертеді, олардың оқу әрекетін мағыналы және нәтижелі етеді.

Сонымен қатар, модельдеу әдісін мақсатты және жүйелі оқыту жас оқушыларды ғылыми таным әдістеріне жақындатады, олардың интеллектуалды дамуын қамтамасыз етеді. Модельдеу баланы белсенді, сәтті болуға, қиындықтардан қорықпауға мүмкіндік беретін әдістермен қамтамасыз етуге көмектеседі. Модельдеу әдісі балаға шешім қабылдауда тәуелсіз болуға, пікір таңдауда еркін болуға мүмкіндік береді. Балалар өз қателіктерін табуға, оларды түзетуге, іс-әрекеттерін бағалауға мүмкіндік алады. Сондықтан модельдеу бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту тәжірибесінде кеңінен қолданылуы керек деген қорытындыға келуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айткенова Д.Н. Емлені меңгеру психологиясы. - 2016. - 307 б.
2. Фридман Л.М. Оқытудағы көрнекілік және модельдеу. - 1984. – 80 б.
3. Кустарева В.А. Оқушылардың оқу іс-әрекетін жандандыру және олардың сөйлеу мәдениеті // Бастауыш мектеп. - 2013. - 73 б.
4. Мусалиев М.Р. Бастауыш сыныптардағы емле. - 2010. - 160 б.
5. Леонтьев А.Н. Бала психологиясының даму теориясы. - 2014. - 239 б.
6. Смагулова Н.С. Бастауыш мектепте орфографияны оқыту. - 2010. - 173 б.

ҒАБДОЛЛА ТОҚАЙДЫҢ ӨЛМЕС МҰРАСЫ

Ибрагимова М.Б.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің
профессоры, ф.ғ.к.
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада татар әдебиетіндегі Ғабдолла Тоқайдың орны сөз болып, Ғабдолла Тоқай үшін қазақ даласы мен халқы бала жасынан етене болғандығы, жастайынан жетімдік пен жоқшылықтың, аурудың ащы зардабын тартқан Ғабдолла Тоқай ғұмырының жартысына жуығы қазақ жерінде өткендігі, жырларының қуаттылығы, аз ғұмыр жасаса да артына өлмес мұра қалдырғаны айтылады.

Түйін сөздер: татар әдебиеті, Ғабдолла Тоқай, әдеби байланыстар, өлмес мұра.

Әр халықтың әдебиеті мен мәдениеті дамуына айрықша ықпал еткен тұлғалар болады және сол халықтың ақыл-ой биігі, әдебиеті сондай талантты жандардың есімімен байланысты болатыны бар. Мысалы, қазақ әдебиетіндегі Абайдың, орыс әдебиетіндегі Пушкиннің, венгер әдебиетінде Петефидің орны қандай болса, татар әдебиетіндегі Ғабдолла Тоқайдың орны да дәл сондай. Осы ойды қатысты академик Рақманқұл Бердібайдың мынадай пікірімен дәйектеп өту ләзім: «Әрбір халықтың көркемдік даналығын, рухын неғұрлым толық таныта алатын ақындар болады. Мәселен, өзбектер Науаи, түрікмендер Мақтымқұлы, қазақтар Абай, қарақалпақтар Бердақ, қырғыздар Токтағұл есімі мен еңбегін ерекше қастерлеп, ардақ тұтатыны белгілі. Ал туысқан татар халқы өзінің сан ғасырлық әдебиет тарихындағы әйгілі ақын-жазушыларының ішінен біріншілік тәжін Ғабдолла Тоқайға береді. Өмірден қиыншылық қыспағын көріп, небәрі жиырма жеті-ақ жыл жасаған ақынның мұншама биік мәртебеге ие болуы – сирек құбылыс» [1, 35]

Расымен де сан ғасырлық ауызша, жазбаша бай тарихы бар, еуропа, орыс әдебиеті дәстүрлерінен де молынан хабардар татар әдеби қауымы арасында оқ бойы озып шығып, анық бас ақын деңгейінде талассыз мойындалу бақыты – Ғабдолла Тоқайға тиесілі болуы ғажап. Мойындалып қана қоймай, өзге түркі халықтарынан туып шығып келе жатқан таланттар үшін үлгі-өнеге аларлық ұстаз деңгейіне көтеріледі. Татар әдебиетін мазмұндық және формалық тұрғыда тың сатыға көтеру арқылы Ғабдолла Тоқайдың жазу мәнері, барша түркі халықтары қаламгерлеріне, соның ішінде осы тұста қолына қалам ұстап талаптанып жүрген қазақ ақын-жазушыларына үлкен әсер еткені сондай, «Тоқайша жазу», «Тоқайша жырлау» деген үлгі, еліктеу сол дәуірдің ақындары арасында дәстүр болады. Олардың алдыңғы сапында Сәбит Дөнентаев, Әкрам Ғалымов, Бернияз Күлеев, Тайыр Жомартбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров қатарлы қазақ ақындары болады. Тоқайдың ақындық мектебінен үлгі алған жастардың бірі болған, кейіннен қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгері атанған академик жазушы Сәбит Мұқанов былай деп жазады: «Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ибраһимов, Мәжит Ғафури, Ғалиасқар Камал, Фатиз Әмірхан, Ғафур Құлахметов сияқты үлкен жазушылар идея және көркемдік шеберлік жағынан қазақ ақын-жазушыларының бүкіл бір буынына әсерін тигізді.» Жоғарыда есімдері аталған қаламгерлердің қай-қайсысы да татар әдебиетінің көрнекті өкілдері қатарынан берік орын алған тұлғалар. Бірақ Ғабдолла Тоқайдың бәрінен де десі басым.

Ғабдолла Тоқайды қазақ оқырмандары ерте таныды. Оның да өзіндік себебі бар еді. Жастайынан жетімдік пен жоқшылықтың, аурудың ащы зардабын тартқан Ғабдолла Тоқай ғұмырының жартысына жуығы қазақ жерінде өтті. Осыған қатысты ақынның өмір жолынан аздаған дерек бере кетелік. Ғабдолла Тоқай 1886 жылы 26 сәуірде Ресей патшалығы Қазан губерниясы, Қазан уезі, Ұлы Меңгер болыстығының Құшлауыш аулында, ауыл имамы Мұхаммедғариф Мүтәлимов пен пен Мәмуда Зинетуллақызының отбасында дүниеге келеді. Бес айлығында әкесі Мұхамедғариф өмірден өткен соң анасы тұрмысқа шығып, әжесінің тәрбиесінде қалдырады. Кейіннен өз қолына алады. Төрт жасында анасынан айрылған Ғабдолланың бұдан кейінгі балалық шағының біраз бөлігі нағашы атасы Зинетулланың қолында өтеді. Көп балалы отбасында жадау-жүдеу өскен Ғабдолла ақыры тоғыз жасында әкесінің Оралда тұратын қарындасы Ғазизаның қолына келеді. Қазақ даласының батысында жатқан бұл қалада татар қауымы көптеп мекендейтін еді. Осындағы «Мүтиғия» медресесіне оқуға түседі. Медресе жанындағы орыс мектебінде дүниауи пәндер негізін оқып, орыс және әлем әдебиеті жауһарларымен сусындауы арқасында ақындық таланты таныла бастайды.

Сондықтан да Ғабдолла Тоқай үшін қазақ даласы мен халқы бала жасынан етене болды. Қазіргі Батыс Қазақстан облысының орталығы, тарихы бай Орал қаласында өмір сүрген Ғабдолла Тоқайдың азамат ретіндегі, ақын ретіндегі қалыптасуы туралы өзінің «Ғабдолла Тоқай» атты мақаласында әдебиеттанушы ғалым Қайым Мұхаметханов былай деп атап көрсетеді: «Ғабдолла Тоқай тоғыз жасынан бастап, 22 жасқа аяқ басқанша Қазақстанда өмір сүрді. Оның азаматтық саналы өмірінің жартысынан көбі Қазақстанда өтті. Ұлы ақын тұңғыш ақындық қадамын да қазақ даласында бастады. Тоқай қазақ елін, қазақ жерін жан-тәнімен шексіз сүйген ақын. Ол қазақтың ұшан-теңіз бай ауыз әдебиетін жоғары бағалады.

Қазақстан – Тоқайдың екінші Отаны» [2,]. Осы себептен де Жайық бойы, Орал қаласы – Ғабдолла Тоқайдың екінші отаны аталуы заңдылық. Қазақ даласында балалық шағының базарлы жылдарын, бозбалалық дәуірін өткізіп, барша татар жұртының кіндік қаласы, туып өскен Қазанға оралған Ғабдолла Тоқай мұндағы әдебиет майданының қайнаған өміріне бірден араласып кетеді.

Ғылым бағын аралайық, қыр көрсетіп мындарға,
Мына бізге қарап қалсын, періште де, жындар да!
Татар даңқы көтерілсін алты қабат аспанға,
Құдай өзі бақыт берсін ол ілгері басқанда!
Қалғудай-ақ қалғыдық біз қарап кейін, керіге,
Енді бізге шығу керек өркениет өріне! [2, 143] -

деп туған халқын оятуға үндеген Ғабдолла Тоқайдың бұл сарыны осы дәуірдегі қазақ ақындарында да жиі ұшырасады. Әсіресе, Міржақып Дулаттың «Оян, қазағы», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың елдік сарындағы өлеңдерінен Ғабдолла Тоқай жырларындағы елшілдік сарын анық аңғарылады. Бұл – қазақ ақындары Ғабдолла Тоқай үлгісі бойынша жазды дегендік емес. Дегенмен, сол дәуірдегі көптеген қаламгерлер өздерінің Тоқайға еліктегенін анық жазады.

Ғабдолла Тоқай өлеңдерін қазақ тіліне аудару да тым ерте басталғанын көреміз. Олардың алғашқы легінде Міржақып Дулатұлы, Жақан Сыздықұлы, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқановтар тұр. Бұдан соң Төкен Әбдірахманов, Сырбай Мәуленов, Қадыр Мырза Әлі т.б. көптеген қазақ қаламгерлері әр дәуірде Ғабдолла Тоқайды қазақша сөйлеткен екен. Барлығы де туыстас тілдің өкілі Ғабдолла Тоқай өлеңдерін өз талант талғамы деңгейінде тамаша аударғанын көреміз. Дегенмен, осы бір шоғыр арасынан Жақан Сыздықұлы аудармалары біршама сәтті екенін атап өткен жөн.

Сұлтанмахмұт Торайғыров Ғабдолла Тоқай шығармашылығына ден қоя отырып, «Тоқайша жазуды» өзінің ақындық белесінде мақсұт тұтты және Тоқайдың «Екі тышқан» т.б. туындыларын қазақ тіліне тәржімалады. Мазмұн мен формадағы, идеядағы мұндай ұқсастықтарды Сұлтанмахмұт Торайғыровтан өзге де көптеген қазақ ақындары шығармашылығынан табуға болады. Мұның барлығы да Ғабдолла Тоқай шығармашылығының туыстас халық әдебиетіне жасаған игі ықпалы болып саналады. Ғабдолла Тоқай орнықтырған туған ұлтына деген шексіз сүйіспеншілік, оның тағдырына деген алаңдаушылық сарыны қазақтың көзі ашық, оқыған азаматтарына зор әсер еткені анық.

Жасынан жетімдіктің тауқыметін талай тартқан Ғабдолла Батыс Қазақстанның Орал қаласындағы әпке-жездесіне келіп паналағанда оның жасы небәрі тоғызда болыпты. Оралда жүріп біліммен сусындап, медресе көріп, шығыс пен батыс әдебиетін таниды, қазақ жырларын да жаттап өседі. Ол Оралдағы Мүтиғолла Тухватуллиннің «Мүтиғия» медресесінде оқиды. Осында жүріп орыс мектебінен дүниәуи ғылымдарды, орыс тілін үйренеді. Тоқайтанушылар осы және басқа да дерек пен дәйекті келтіре отырып, ақынның поэтикалық отаны Орал еді деп айтады. Өйткені Ғабдолла осы қалада ашылған алғашқы баспаханада еңбек етіпті, газет-журнал, кітаптар басып шығару әліппесімен ең алғаш рет осы жерде танысыпты. Шығармашылық талантымен қоса саяси сауат көзін ашып, ерте кезден-ақ ұлт ісіне араласа бастапты. Медреседе шығатын «Әл Ғасыр әл жәдид» («Жаңа ғасыр») қолжазба журналында Ғабдолланың тырнақалды дүниелері жарияланады. Баспасөзде жүріп қалам ұштап, қоғам ісіне белсене ден қоя бастайды.

Ғабдолла Тоқай жиырма жасынан асқанда туған өлкесі – Қазан қаласына қайта оралады. Отанына оралғаннан бастап тұлғаның ақындығы мен күрескерлігі шарықтап, даңқы елге жайылады. Ақынның шығармашылығымен қоса ұлт жолындағы үлкен күрескерлік қасиеті де өзінің өсіп-жетілген қазақ халқының арасындағы оқымыстыларына да ықпалын тигізеді. Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров Тоқай шығармасын өздері танысып қана қоймай, қазақша қотаруға да ат салысады.

Тоқай өлеңдерін қазақ тіліне алғаш М.Дулатов, С. Торайғыров, Е.Бүйрин, Ж.Сыздықов, Т.Әбдірахманов және тағы басқалары аударды. Ғабдолла Тоқай

шығармашылығын М.Әуезов, С.Мұқанов, Т.Нұртазин, С.Талжанов, Ж.Сыздықов, Б. Ысқақов және өзгелер зерттеп, мақалалар жазды. Соның ішінде Мұхтар Әуезов Тоқай шығармашылығын жоғары бағалай келіп, оның Абай поэзиясымен рухани жақындығын атап көрсеткен екен. Ғабдолла Тоқай небәрі 27 жасында біразға созылған ауыр дерттің салдарынан 1913 жылы сәуір айында дүниеден өтті. Оның соңынан қалдырған рухани-әдеби мол мұрасы тек татар халқының ғана емес, түгел түркі жұртының қазынасы болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Берібаев Р. Достық кемесінде. Алматы, 1976. -232 б.
2. Тоқай Ғабдулла. Таңдамалы / Ғ. Тоқай ; Аударған Қадыр Мырзалиев. – Астана : Аударма, 2007. – 320 б.

АҚЫН ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫНЫҢ БЕЙНЕЛІ ӨЛЕҢДЕРІ

Латипова И.К.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**, ф.ғ.к.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақтың талантты ақын қыздарының бірі Жанат Әскербекқызы поэзиясы ғылыми тұрғыда талданады. Ақынның сөз өнеріне қосқан үлесі, дара қолтаңбасы сипатталады. Сондай-ақ аударма саласына қосқан үлесі де сөз болады.

Түйін сөздер: поэзия, лирика, метафора, Жанат Әскербекқызы, образ, аударма.

Қазақ поэзиясында Жанат Әскербекқызының орны бөлек. Жанат өлеңді тұлымшағы желбіріген оқушы кезінен-ақ жаза бастаған. Ақын болам деп арман қуып сексенінші жылдары сол кездегі астана Алматыдағы С.М.Киров атындағы университеттің филология факультетіне оқуға түседі. Он алты жасында студент атанған қаршадай қыз сөз өнеріне деген құштарлығы мен өлеңге деген іңкарлығының арқасында аталған оқу орнын жақсы аяқтайды. Сол студент кезінің өзінде-ақ Жанат жастар арасында танымал ақындардың қатарында болады. Үлкен зиялы орта мен білікті ұстаздардан білім ала жүріп жас ақын өз өнерін шыңдай түседі. Сол кездегі дәстүр бойынша жатақханадағы Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова, Мұхтар Шаханов, Жарасқан Әбдрашев т.б. ақындармен болған кездесулерде көпшіліктің сұрауымен ортаға шығып өз өлеңдерін оқып, үлкен ақындардың талай рет батасын да алады. Бұл кездесулер жас таланттың шабытын шыңдап, қаламының ұштала түсуіне ықпалын тигізеді. Үлкен ақындармен арадағы адами қарым-қатынастар кейін шығармашылық байланыстарға ұласып, Жанаттың ақындық өнерде өз жолын табуына септігін тигізеді. Ақынның «Ғарыш билер ғұмырымды» (өлеңдер жинағы, 1999); «Қаракөз бұлақ» (өлеңдер жинағы, 2001); «Қаңтардағы қызыл гүл» (өлеңдер жинағы, 2001); «Көктүріктер әуені» (өлеңдер жинағы, 2002), «Қаз қанатындағы ғұмыр» (өлеңдер жинағы, 2007); «Сакура гүлдегенде» (Жапон поэзиясының аудармасы, 2011), «Ай-тамғы» (өлеңдер жинағы, 2014) атты жыр жинақтары жарық көрді.

Кеңестік жүйеде тәрбие алған барлық жасөспірімдер сияқты Ж.Әскербекқызы да алғашқы өлеңдерін анаға, туған жерге арнайды. Бірақ сол балаң кезіндегі өлеңдерінің өзінен-ақ ақынның сөз саптасының өзгеше екенін, өзгелерге ұқсағысы келмейтін жаңа ырғақ, соны форма іздейтінінің куәсі боламыз. Мысалы он тоғыз жасында жазған мына бір шумақтардан Жанаттың туған жер, өскен орта туралы таптаурын түсініктерден тыс өзіндік ойының бар екенін анық аңғарамыз.

Кеудемнен шырқыратып жанымды үзіп,
Ақ сағымда барады ауыл жүзіп.
Жүрегімді шеңгелдеп қысып алып,
Тамырымда ойнайды қаным қызып [1, 14],

- деген жолдарды сонау он сегіз жасында жазған. Туған үй, ата-ана мен бауырларыңа, өскен жеріңе деген сағыныштың «кеудеңнен шырқыратып жаныңды үзетін», бәрімізге таныс қимас сезімді әсем де әдемі суретпен шебер жеткізе білген. Бәріміз де ауылдан шықтық, бәріміз де ауылымызды қимай сағынышымызды баса алмай, кеудемізге толған өксікті елемеген боп аттанып кете бардық. Бірақ сол жүрегімізді сыздатқан сағыныштың мұңын Жанаттай айта алған ақын сирек. Қош айтысып көлікке мінгенде көз алдында қалып бара жатқан ауылдың қимас кейпін «Ақ сағымда барады ауыл жүзіп» деп беруі расында да Жанаттың өз ойын бейнелеп жеткізуге машықтана бастаған ақын екенін аңғартады.

Тәкаппарсың.
Сұп-суықсың.
Әппақсың...
Әппақ болып аяқ асты жатпақсың.
Жерде жатып,
Көктен түскен қалпыңмен
Асқақ, әппақ болмысыңды сақтапсың...
Қаңтар – тәнің, аяз – жаның, әппағым...
Сені іздеп жүр күміс тоғай бақта кім?!
Күміс күйме сыңғырына елітіп,
Мен де іздегем әлдекімді... таппадым.
Ақ бораны сенделеді Арқаның...
Өзіңе де, өзіме де бар таңым.
Қаңтар бізді тастап кетер жұртына,
Сонда оны сүйемісің,
Қар-Ханым?! [2].

Жанат Әскербекқызының "Қаңтардағы қармен әңгіме" атты өлеңінде қысқы қардың табиғатын ерекше бейнелеу үшін көркемдегіш құралдар көп қолданылған. Мысалы: "тәкаппарсың", "сұп-суықсың", "әппақсың" сынды кейіптеулерді қолдана отырып, жансызға жан бітіріп, қардың әсемдігін сипаттайды. "Қаңтар – тәнің", "аяз – жаның" сынды метафораларды қолдану арқылы қардың толық бітімін қалыптастырып тұр. "Күміс күйме", "ақ бора" сынды эпитеттерді қолдану арқылы қыс табиғатының әсемдігін бейнелеп тұр. Сонымен қатар, өлең "арнау" түрінде жазылған.

Ж.Әскербекқызы поэзиясының лейтмотивінде қарға өскен гүл символы бар. Ол осынау заман өзгерген сайын қазақ баласы алыстап бара жатқан ұлттық рухты аңсаумен де екшеледі, ұлтсыздану ұранына қарсылық болып та естіледі. Нәзік лирика мен биік патриоттық сезімді қатар өруге ақын шебер.

Жанат өлеңдерінің тілдік қоры мол. Қисынсыз, олақ, артық тұрған сөйлем немесе сөз, әсіресе, поэзия жанрында болмауы тиіс. Өйткені ол биік жанрдың табиғатын бұзады. Бұл тұрғыдан ақынның өзіне тән қолтаңбасы әр жыр кітабында сайрап жатыр. Мұның сыры Жанат Әскербекқызының ұлттың тілдік қазынасын терең меңгеруінде. Сондықтан оның шығармашылық жады мен түпсанасында ұлттық образдардың тұнып тұруы заңды құбылыс.

Жанат ақын өлеңдерін ешкімге ұқсамайтын тосын образдармен жазады. «Қара гүл» атты тосын бейнелі өлеңі – соның айғағы.

Ақ гүл де көрдім,
Қызыл гүл тердім. Ал, мұны.
Көргенім осы...қозғалып кетті-ау
жан мұны,
Қара гүл тұрды, қауызы тұнып тамшыға,
Гүлдің де, сірә, болады екен ғой тағдыры...

Нәп-нәзік болмыс неліктен ғана қаралы,
Жалғыз бұл емес, гүл біткен ертең солады.
Жаудырап тұрып қараған сәтте, көзіме
Елестеп кетті қаракөз қыздың жанары.
Тұңғиықтанып, түнеріп тұрды қара гүл,
Төбенің төсін қақ жарып шыққан жара бұл!
Бұрылып кеттім... Құйындай ұйытқып көңіліме
Беймазаланып, тап бола кетті нала бір.
Мына гүл менің мұңымды жаяр жаршы ма,
Сығылар мұңың,
қансыра, жүрек, қансыра!
...Көз орнында көз емес... кейде қарасаң
Қара гүл тұрар, қауызы толып тамшыға.... [3, 8].

Ақын баламалы поэтикалық тұрғыдан өте нәзік қолданған және лирикалық кейіпкердің күллі болмысы гүл қауызына тұнған шық тамшысына ма, әлде жаңбыр суына ма, ол енді көз жасының аллегориясы; өмірдің құса-қайғысын нышан білдірген белгіге байланып қалған ілкі бір мезеттің биік трагедиялық табиғатын көркем аша білген. Ақынның өзі айтқандай,

Таңырқама, бауырым, мына өмірге
Менде де бар наза, өкпе-нала.

Жанат Әскербекқызының өлеңдерінде қыздың жанын гүлге жиі теңеу кездеседі. «Іздеме мені» атты өлеңінде [3, 15]: «Нәп-нәзік жанды бөлісіп кеттім шоқ гүлмен»; «Қызыл қырқадан сен жаққа мен де көз тіктім. Көктем желімен ырғала тұрып гүл-тұлғам» және «Ауылымның сыртында жалғыз бұлақ» деп басталатын өлеңде «Түн құшағын ашқанда жылайтын ол Нәзік жанын ауыртып гүл ғұмыры» делінген [3, 21]. «Бұлдырап көз ұшында жоғалады Қылт еткен қызғалдақтай қыз-ғұмырым»; [3, 45].

«Өртеңге өскен гүл едім»;

«Сортаңға біттің сорлы гүл».

Іңкәрім – гүл, көктемім – пәк сұлуым,

Жүрекке махаббаттың тақшы гүлін.

Кеудемнен қоңыр мұңды жұлып алып,

Әлемнің әкеп орнат жақсылығын [3, 27].

Қыз бейне ақын үшін үлбіреген гүлмен тең, сондықтан оның жанын мұң ториды.

Жүруші ең, құрбым, көктемгі гүлдей жай

наңдап,

...Нәзік гүліңнің сары желегі бүрілді-ау.

Гүл өсу үшін тіршілік көзі – су керек.

Гүлмен қоса ақын бұлақты да жиі суреттеуге құштар.

Шөлдесе жаның – бұлақпын,

Шөліңді қандыр.

Сенделе іздеген сен бе едің, сенімді жан бір,

гүл болып жұпар себейін нұр жүрегіңе

қауызымды иіске, өзіме сөлімді қалдыр! [3, 27].

Бұл ұғымға параллель, күн мен түндей егіз айналатын ұғым – көз жасы. «Жапырақ қайың-қыздың көз жасы боп, Үзілген тірлік мұңын ұқтырады...» немесе «Бұлт басқанда көңіліңнің мөлдір көгін, Тамшы болып жаныңа тамдым ба мен?»; «Аспанның жаңбыр – жасымен Қара тасқа да гүл ектір»; «Бұлақ та көзін бұлады, Кім айтар оны мұңсыз деп».

Жанат ақын ақ гүлмен бірге қара гүл образын да, қара түсті де таңдайды. Қазақы танымда қара түстің мағынасы жүз құбылады. Кейде қорқыныш, кейде мұң, кейде қайғы, кейде қасірет, ал кейде қасиет. «Қара тұту», «қара жүрек», «қара жамылу», «қаралы көш», «қара қазан», «қара шаңырақ», «қара жер» сияқты ұғымдар соның айғағы. Сондықтан да қара түстен кейде қорықсақ, кейде жұбаныш табамыз. «Ақ гүлді көрдім, қызыл гүл тердім, ал

мұны, // Көргенім осы, жабырқап кетті жан мұны. // Қара гүл тұрар қауызы тұнып тамшыға,
// Гүлдің де сірә, болады екен ғой тағдыры...».

Сазгер, әнші, ақын Табылды Досымов осы өлеңге ән жазып, сонау 90-жылдары хит әнге айналды.

Бұл өлең туралы автор: «Қара гүл» өлеңі енді бойжеткен 16-17 жасымда жазылған. Қандай жағдайда жазылғаны есімде қалмапты. Десе де қазақ танымындағы қара түс үнемі тұспалдап жеткізіледі. Қыздың бойжеткен тұсы – қауыз жарған гүлдің өміріндей ғана сәт. Өсіп шығады, қауыз жарады, солады. Сол аралықта бойжеткеннің басынан небір тағдыр өтуі мүмкін, қалтарыс-бұлтарысқа толы болады ғой. Ал әннің шығу тарихына келер болсақ, қандай жағдайдан туғанынан өзім хабарсыздау екенмін. Табылды менен кейін оқуға түсті ғой. Бұл мәтін қолына қалай түскенінен бейхабармын. Алғаш Табылды өзі гитарасымен орындап берген еді. Алайда жас болғандықтан әнге көп мән бере қоймадым. Тіпті бұл әнді қалың жұртшылыққа танымал болады деп еш ойламадым. Кейінірек мәдениеттанушы Әуезхан Қодар осы әнді орысшаға аудартықызып жүргенін естідім, кейінгі тағдыры қалай болғанынан хабарым жоқ екен. Өмірде Табылдымен етжақын араластық деп айта алмаймын, шығармашылық сыйластықта болдық» [4], - дейді.

Ж.Әскербекқызы – аударма саласында да жемісті еңбек етіп жүрген майталман аудармашы. Ол қырғыз, орыс ақындарымен қатар өлеңдерінің өлшемі мен мазмұны бөлек ертеректе өмір сүрген жапон ақындарының да біраз шығармалдарын қазақша сөйлетті. «Сакура гүлдегенде» деген атпен қазақ тілінде жарық көрген шағын жинаққа жапондардың он екі ақынының өлеңдері топтастырылған. Біздің халықтан тұрмысы мен салт-дәстүрі, дүниетанымы бөлек халықтың жан дүниесіндегі нәзік сезімді өлең тілімен қайта туғызудың қаншалықты ауыр екенін әрине шығармашылықпен айналысқан адам ғана біледі. Мысалы, сегізінші ғасырда өмір сүрген Отомо-Но Якамотидің махаббат поэзиясын былайша тәржімалайды.

Қараша қаздай... аспандай ұшып,
Қаңқылы бұлттан әрі асқан,
Сен алыс кеттің...
Кездескім келіп өзіңмен
Жеткенше ұзақ адасқам...[5, 5]

Жанат Әскербекқызының «Сакура гүлдегенде» атты аудармасы – нағыз еңбектің жемісі. өзіндік пішінімен, дәстүрімен ерекшеленетін жапон поэзиясының асыл қазынасына айналған Аривара-но Нарихираның лирикалық өлеңдері, ежелгі және жапон жырларының жинағы «Кокинсю» антологиясын құрастырушы ақындар: Ки-но Цураюки, Ки-но Томоно-ри, Осикоти-но Мицунэ, Мибу-но Тадаминэ, орта ғасырдағы жапон ақындары ұстаз тұтқан атақты Сайгё, үш жолдан ғана тұратын хокку жанрының көрнекті өкілдері: Фудзивара Садайдэ, Мацуо Басё, Еса Бусон, Кобояси Исса, Масаока Сики жырлары аталмыш жинаққа енгізіліпті. Әрине, тәржіма барысында поэзиялық туындының өзіндік өлшемдерін сақтай отырып, бес, үш жолға сыйғызылған жапон поэзиясына тән образдылықты сақтау қиын-ақ. Десек те, аудармашы көркемдік әсер қалыптастыруға, ырғақ пен өлең өлшемдерін барынша сақтауға тырысқандығы байқалады.

Ханамиде,
Сакура гүлдегенде,
Шие ағашын мадақта,
Күнде кел де,
Жүрегіңе жеткендей бейіш лебі,
Фудзи жақтан жел демі үрлегенде.
Әппақ гүлі ағаштың – ерекше гүл,
Күлкі сыйлар аралға бөлекше бір,
Сайгё танқа арнаған,
Басё– хайку,
«Сакураны саялап, – деп, – өтсе өмір...»

Фудзи тауын бөктерлеп жүрер тірлік,
 Ұмытарсың мұныңды бірер күндік.
 Қырғауылдар қиырдан сәлем жолдап,
 Беріледі тылсымнан бір еркіндік!!!
 Көктем келді –
 Жыл келді, гүлденді аймақ,
 Жадырайды жабырқап жүрген бейбақ.
 Сарқырама биіктен түседі ыршып,
 Ақ күлтемен қауышар күндерді ойлап...
 Күншығыста – сакура гүл жарғанда,
 Қол жеткендей болады күллі арманға.
 Сакэ ішеді самурай шөлін басып,
 Асқақ қарап,
 Өткінші бұл жалғанға... [6]

«Ж.Әскербекқызы өлеңді тәржімалау барысында әр жолды сөзбе-сөз аударып сірестіріп қоймай, көркемдік ерекшелігін, поэтикалық құрылымын бұлжытпай беретін сөздердің баламасын, ұғымдарды нұсқаға сай береді. Аударма сапасын бағамдау үшін, бірнеше мысалдар келтіре кетейік. Ки-но Томоно-ридің: Жылдар өтеді, махаббат өшпейді Жүректі сыздатқан. Түндерде жасымды төгілтіп жаттым-ау! Төгілген көз жасы – Секілді шөп басын көмкерген ақ қырау, – деген өлең жолдары байқап отырғанымыздай, орыс тіліндегі нұсқаға сай баламалы поэтикалық тіркестермен әсем үйлестірілген» [7], - дейді ғалым Л.Дәуренбекова.

«Сакура гүлдегенде» өлеңінде жапондықтар тұрмыс-салты көрініс тапқан. Бұл өлеңде жапондардың "ханами" дәстүрі, жапонның "Фудзи" биік тауы, танка өлеңін жазған Сайгё, Басё-хайку сынды ақындардың есімдері, жапон елінің ұлттық сусыны "сакэ" есімдері аталған. Сондай-ақ бұл өлең көркемдегіш құралдарға лық толы. Мысалы: "Фудзи тауын бөктерлеп жүрер тірлік" деген тармақта "кейіптеу" қолданылған. Бұл тармақтың мағынасы – Фудзи тауының етегінде мекен ететін адамдардың тірлігі өте көп. Автор кейіптеуді қолдану арқылы қарапайым халық тірлігін елестете суреттейді. "Жыл келді, гүлденді аймақ, Жадырайды жабырқап жүрген бейбақ", – деген жолдарда аллитерация қолданылған. "Сарқырама биіктен түседі ыршып, Ақ күлтемен қауышар күндерді ойлап", – деген өлең жолдарында "кейіптеу" қолданылған. Сарқыраманың ағысын ерекше бейнелеп, суреттейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әскербекқызы Ж. Қаза қанатындағы ғұмыр. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2007. – 240 б.
2. Жанат Әскербекқызы. Қаңтардағы қармен әңгіме. <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=38&id=8901>
3. Әскербекқызы Ж. Қаракөз – бұлақ. – Астана: Елорда, 2001. – 184 б.
4. «Қара гүл тұрар қауызы тұнып тамшыға...» <https://kerekinfo.kz/2015/07/18/ara-gl-trar-ayyzy-tnyp-tamshya.html>
5. Сакура гүлдегенде (жапон поэзиясы). Орыс тілінен аударған Ж.Әскербекқызы.. – Астана: аударма, 2010. -192 б.
6. Жанат Әскербекқызы. Сакура гүлдегенде. <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=24020>
7. Дәуренбекова Л. Қазақ тілінде сөйлеген сакура. <https://egemen.kz/article/14403-qazaq-tilinde-soylegen-sakura>

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДИАЛЕКТ СӨЗДЕР

Жандалиева Н.Д.

2-курс магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Батыс Қазақстан өңіріндегі Каспий теңізі, Жайық өзенінің балық шаруашылығына қатысты диалект сөздердің қолданылуы, мұндай сөздердің құрамы, таралу географиясы, жиілігі қарастырылады. Каспий теңізі балықшыларының балық аулау құралдарының атаулары, олардың жергілікті аймақтың сөздік қорына енуі, өзге сөздерден ерекшелігі туралы өзіндік тұжырым жасалады.

Түйін сөздер: диалектология, диалект сөздер, говор, жергілікті тіл ерекшеліктері.

Тіл білімінің диалектілер мен говорларды зерттейтін саласы диалектология – диалектос – сөйлеу говор, логос-ілім, дио грек сөзі – құраған деп аталады. Диалектінің міндеті – жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру. Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттейді. Диалект, говор деп халықтың я ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері бар жергілікті тармақтарын, бөліктерін айтамыз. Ал жалпы тілді тән ортақ белгілерден өзгеше ерекшеліктерді қамтиды. Диалект термині тілде жалпы-халықтық сипат алмаған белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне тән тілдік ерекшеліктері бар аймақты, территорияны білдіреді. Бұл мағынада диалект халық немесе ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады. Говор жергілікті диалектілердің шағын аймақты қамтитын бөлігі. Мәселе, Қазақстан көлеміндегі жерді қамтыса, говор- жергілікті жердің тілдердің шағын аймақты қамтитын бөлігі. Алыстан Алтай мен Тарбағатай шыңдарынан Оралдың Оңтүстік Шығыс баурайына, Ертіс, Есілдің екі жағалауы мен Тобылдың бас жағына дейін, Торғай мен Сарысу өзендері бойынан Қазалы мен Қызылордаға және Арыс өзенінің сағасына дейін қазақтың бес негізгі тайпасы: Керей, Найман, Арғын, Қоңырат және Қыпшақ қоныстанған. Осы күнгі әкімшілік болу бойынша аталған тайпалардың басым көпшілігі Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Семей облыстарының жерін, Қостанай, Қызылорда және Талдықорған облыстарының көп жерін мекен еткен. Шекаралары ортақ тайпалары XIII-XV ғасырдан бастап өзара одақтасып, бірыңғай орталыққа бағынған. Бұл біріккен туыс тайпалардың ортақ жергілікті диалектісінің қалыптасуына жағдай туғызды.

Қазақ тіл білімінде диалектология саласындағы алғашқы зерттеулер Ж.Аймауытовтың мақаласынан бастау алып, Ж.Досқараев, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектерімен жалғасты. Бұдан кейінгі жылдары да өзге де тілшілердің диалектологияға байланысты бірқатар мақалалары республикалық және одақтық баспасөз беттерінде жарық көрді. Бұл саладағы ғылыми зерттеулер 1952 жылдан бастап жандана түсті. Сол кездерде ғылымға келген жаңа толқын, жас зерттеушілер, бүгінде қазақ диалектологиясының көрнекті өкілдері Ш.Ш.Сарыбаев, Ғ.Қалиев, С.Омарбеков, Ә.Нұрмағамбетов, Ж.Болатов, О.Нақысбеков, Т.Айдаров сынды ұстаз-ғалымдарымыз жалғастырып, кеңестік түркі тілдерінің ішінде қазақ диалектологиясын алдыңғы қатарға шығарды.

Диалектологиялық лексикография тілдегі жергілікті лексиканың тарихы, оның ауызша түрі мен лексика-семантикалық процеске әсері жайындағы мәселелермен айналысады. Диалектологиялық лексикографияның міндеті – әртүрлі аймақтық сипаттағы фонетикалық, морфологиялық, семантикалық жергілікті ерекшеліктерді көрсету.

Атырау аймағы өзінің атына сай байлығымен елімізге кеңінен танылған өлкелердің бірі. Солтүстік Каспийдің жағалауынан, Жайық, Жем өзендері бойларынан, олардың тармақтары мен сағаларынан балық аулау кәсіпшілігі соңғы ғасырларда игеріле бастады. Қырда мал жайлаған қазақтар осы кәсіпшілікке аса ден қоймаса да, Жайық бойында XIX ғасырдың орта шенінен көптеп салына бастаған орыс бекіністерін жайлаған орыс-казактар

өзен-көлдерді, балық аулау орындарын иеленіп, батағалар, су айдындарының нағыз қожаларына айнала бастаған кезеңнен жағалау қазақтары оларға жалданып балық кәсіпшілігінің түрлі жұмыстарына тартыла бастады. Балықшылардың ауыз екі тілдерінде «норд, зюйд, вест, ост» сияқты әлемнің төрт тарабын білдіретін ағылшын сөздерінен бастап, кеме мен ау құралдарына, балық аулау ісіне байланысты ондаған ағылшын, орыс сөздері сол күйінде немесе қазақшаланған баламалары: палуба, каюта, вентерь, румпель-өремпіл, подбак-бәдбак, парус-парыз, гундер- өндірі, плашкоут-плашкот, прорез – проз, неводняк – бәдінек, сиж – шиеж, подборка – балберкі т.с.с көптеп кездеседі.

Жайық бойы мен Каспий теңізінен балық аулаудың алмасып тұратын әдістеріне сәйкес аулау құралдары, су көліктері мен ыдыстары да ұдайы жетілдіріліп, өзгеріп отырды. Балық кәсіпшілігінің ұзын-сонар даму жолдарына көз жіберу үшін, өндіріс құралдарының сипаттамаларын ұсынамын.

Құрма ау – ұзындығы 25-30метр, биіктігі 3 метрдей, асты-үсті жіңішке кендір жіпке отырғызылған, көздері 28-32-36-44-55 мм болатын ау. Құрма аудың тар көздері ерте көктемде қаракөз, табан, басқа да ұсақ балықтар үшін салынса, сәуірден бастап кең көзділері ірі қара балықтар үшін құрылады.

Лақтырмалы өзек ауы – ұзындығы 250-300 метр, биіктігі өзен тереңдігіне орай 13-18 метр болатын үлкен ау. Өзек ауына да қалқандар байланып, астыңғы арқанына темір шынжырдан салмалар бекітіледі. Өзек ауы ауыр құрал. Көктемгі тасу кезінде бір өзек ауында 35, күзде 20-25 балықшы бір звеноға бірігеді.

Сүйретпе сүзекі (волокуша) – өзек ауының шағын, қоржынсыз түрі. Бір екі адам көтере алатындай етіп жасалынып, өзеннің кез келген жерінен ескекті жеңіл қайықпен тартылады. Кәсіпшілік маңызы Жайықта төмен болды. Сүйретпе сүзекіні көбіне заңсыз балық аулаушылар, браконьерлер пайдаланды.

Распор ауы – теңіз айдынында шоғырланған балық үйірін қоршап алатын үлкен ау. Көбіне күзде, су салқындап балық шоғырланған кезеңде пайдаланылған. Распор биіктігі теңіз суының деңгейіне орай 8-10 метр, ұзындығы 200-250 метрге дейін созылады. Кемінде екі, кейде төрт бес реюшка бірігіп, распорды бәдінекке тиеп, аудың артқы тұйығын ұстап тұратын су өтпейтін бәкилә киген қазықшы – балықшыны қалдырып, мотобаркаспен бәдінекті сүйреп балық шоғырын қоршауға кіріседі.

Шүңкі – екі жағын да жұқартып қырлаған ұзынша тақтайша. Шүңкі ұстаушы әккі балықшы, кеме тұмсығына отырып алып шүңкіні суға бойлата ұстап отырады. Шүңкіге тиіп қолға білінетін, тақылдаған, тықылдаған, шұбалаңқы жанай сүйкенген немесе былқылдап өткен қозғалыстарынан сазан, қаракөз, көксерке, сыла, бекіре балықтары шоғырлары, көлемі анықталады.

Вентерь (қабада) – қондырма аудың шағын түрі. Қабаданың қанаты жетпіс бес, биіктігі бір жарым метр, қазандарының биіктігі бір метрдей ғана болады. Қабадаға көбінесе көксерке, сазан, сыла, табан сияқты қара балықтар түседі.

Сиж (шиез) – мұз астынан балық аулау құралы. Өзеннің теріс ағысына кері орналастырылған, аузы төрт бұрышты сымға бекітілген, биіктігі кісі бойындай, ұзындығы төрт бес метрге жететін конус тәрізді, тұйықталған құйрығы сырғауыл қазықпен су табанына бекітілген ау.

Жан қармақ (снасть) – өзеннің екі жағалауына қазықпен бекітілген желіге жарты метр сайын отырғызылған ірі болат қармақ. Әрбір қармақтың тұрқы он бес сантиметрдей, сабағына бекітілген жібімен желіге байланады. Желі ағыспен ығып, басқа желілерге оралмауы үшін әр жерлеріне кірпіштен, темірден салмалар байланады.

Сүзгі - теңіз бен көлдерде қолданылатын балық аулау құралы.

Ақтаюу - к ө н е. сүзгі, сүзекі (балықты аудан сүзіп алатын құрал). Бұрын балықшылар аудан балықты сүзіп алатын жабайы құралды а қ т а я у дейтін. Қазір колхоздарда а қ т а я у қолданылмайды (Атырау облысы, Теңіз ауданы). Арқалық 3 (Атырау облысы: Теңіз ауданы, Маңғыстау ауданы; Қызылорда облысы, Арал; Ресей Федерациясы, Волгоград) аудың үстіңгі арқаны. А р қ а л ы қ тордың енімен бірдей болады (Атырау облысы, Теңіз ауданы).

Ау шабу (Атырау облысы, Маңғыстау ауданы) аулармен балықты қоршап алу.
Ау шөгеру (Атырау облысы, Маңғыстау ауданы) ау салу, ау құру.
Аушылық (Атырау облысы, Маңғыстау ауданы) ау. Тор да а у ш ы л ы қ заңдас зат
(Атырау облысы, Маңғыстау ауданы).
Осындай, диалект сөздер қазақ тілінің қалыптасуына зор ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. - Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1951. -111 б.
2. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: «Арыс», 2005. - 824 б.
3. Ә.Кемелбай «Колхозды ауыл - Еркінқала» Атырау 2016 ж
4. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы: Мектеп, 1964. -398 б.

ӘДІЛ БОТПАНОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СОНЫ БЕЙНЕЛЕУЛЕР

Қаниев М.А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**, ф.ғ.к.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада бүкіл қазақ танымаса да, есімі әдеби орта, ақын-жазушы, қаламгерлерге жақсы таныс Әділ Ботпановтың өлеңдері туралы айтылады. Өлеңдеріндегі соны бейнелеулер талданады.

Түйін сөздер: Қазақ поэзиясы, Әділ Ботпанов, жаңаша бейнелеу, соны образ, соны бейнелеулер, ақынның үлесі.

Әділ Ботпанов кім десе, оның ақын болғанын тек әдеби орта, ақын-жазушы, қаламгерлер жақсы біледі. Оның өлеңдері, аяқталмай қалған проза, драматургиясы қалам иелеріне ғана, сондай-ақ әдебиетті сүйетін оқырманға ғана таныс. Әділ Ботпанов 1996 жылы жарқ етті де жоқ болды... Ізім-қайым. Не бары, не жоғы белгісіз... Ең алғаш белгілі ақын Жарас Сәрсек досы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қайдасың, Әділ!» деген мақала жариялап, іздеді. Жазушы-журналист Қанат Тілеухан «Аққан жұлдыз» атты радиохабар жасады. Құрдасы, курстасы, ақын Бауыржан Бабажанұлы Әділ Ботпановтың шығармашылық кешін ұйымдастырып, жиып-теріп «Өмірзая» атты шағын ғана кітабының шығуына ұйытқы болды. Кейінгі кезде курстасы, белгілі продюсер Базарбек Атығай «Алматы» телеарнасынан Әділ Ботпанов туралы «Сәуле-ғұмыр» атты телебағдарлама ұйымдастырды.

Осыдан жиырма алты жыл бұрын хабар-ошарсыз кеткен ақын Әділ Ботпановтың «Өмірзая» атты кітабы 2019 жылы «Қазығұрт» баспасынан жарық көрді. Кітапты жинастырып, шығуына мұрындық болған, ақынның курстас досы Бауыржан Бабажанұлының айтуынша, бұл кітап әуелде ақынның көзі тірісінде шықпақ болатын. Кезінде шыққалы тұрған кітаптың қолжазбасын «үстінен бір қарап шығамын» деп алған автор кейін оны жоғалтып алған екен. «Әділ Ботпанов 2 курс оқып жүрген жылы оқудан шығып кетіп, еліне, Қызылордаға оралған еді. Сонда қалалық телевидениеде істеп жүрген жерінен 1996 жылы із-түссіз жоғалып кетті. Біз осы күнге дейін ақын қайтып оралар, жинақты өзі шығарар деген үмітпен жүрдік. Бірақ ол оралмады. Сонан кейін курстас достары ақынның артында қалған мұрасын жинастырып, кітаптың атын «Өмірзая» деп атауды жөн көрдік. Өйткені, өзі солай деп қойған. Бұл кітапта Әділдің тек өлеңдері ғана емес, прозалық туындылары да бар» [1, 4], – дейді досы, курстасы Бауыржан Бабажанұлы. Бауыржан Әділдің студенттік шақта замандастарына оқыған өлеңдерінің көпшілігі табылмағанын айтады. Әділдің өзі жинағына атау етіп алған «Өмірзая» өлеңінің мына бір шумағы ғана сақталыпты:

Өмірзая жұлдыз болып келем мен,
Жарық жыр боп аспаныңда жылт етем.
Салыстырсаң маған біткен өлеңмен,
Тіршілігің тек әншейін қырт екен [2, 19].

«Қарлығаш» деген топтамаға біраз өлеңдері енген. Дүрілдеп жүрген ақын бірден із-түзсіз жоқ болып кеткені түс көргендей әсер етті. Біразға дейін ағайын-тумалары түс шығар деп ойлап жүрді.

Құшақтап қайғы жабыққам-ды құр,
Жабықпас жаққа кетермін.
Ұйықтасам қара табыттарды кіл,
Аймалап жүрем, нетермін [2, 48],

– деп басталатын «Жан азасы» атты өлеңін Әділ Ботпаев бірінші курс оқып жүргенде Жұматай Жақыпбаевтың қазасына арнап жазған екен.

Әділ Ботпановтың «Сағыныш» деп аталатын мына өлеңін курстастары лезде жаттап алды.

Осылай, жаным, ұдай
Кетісіп сағынармыз.
Адамның бәрі – құдай,
Құдайдың бәрі – жалғыз [2, 54].

Дәл мұндай образбен сөйлеу бұған дейінгі ақындарда болған жоқ. Мәселен, Адамның бәрін құдайға балау арқылы әр адамның өз құдайы барлығын еске салады.

Тағдыр сол желөкпе тек,
Нетеміз, көнеміз де.
Кетеміз бөлек-бөлек
Бейшара кемемізде.
Кетеміз жағамызға,
Алысқа үңіле кіл.
Қайталап санамызда:
«Жалғыздың жүгі жеңіл»,
Жалғыздың жүгі жеңіл...
Соңғы сөз, соңғы нүкте
Бірлікке тыйым салар.
Жалғыз жан торға іліксе,
Тірлікте қиын соғар.
Осыны ойламадық,
Жаным-ау, қате еді бұл.
Асқақтық бойлап алып
Біздерді кетеді кіл.
Сезімге жарымаған
Жылайды әлі кеуде.
Құдайдың бәрі де – адам,
Адамның бәрі – пенде... [2, 54].

Өлең өрімі әдеттегідей емес, өзінше тоқылған. Ондағы ой мен образ адамға ой салады. Құдайдың бәрі адам, адамның бәрі пенде екендігі – аксиома. Ақын сол аксиомаға өзгеше өң береді.

Әділ Ботпанов тілге шебер ақын. Оның өлеңдерінің тілі жеңіл, көңілге қонымды, әрі қарапайым. Әділ Ботпанов қолданған сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналары, қызметтері бір-бірімен жымдасып, біртұтас күйге енеді. Мүмкін сондықтан болар, ақынның өлеңдері өздерінің көркемділігімен, бейнелілігімен, мағына дәлдігімен және эстетикалық жағынан әсерлілігімен ерекшеленіп тұрады.

Сен ренжіме, мәңгі өлеңнің өрнегі,
Буырқанған алапат күш мендегі.

Тегі бөлек Тәңірекең болмаса,
Менсінбейді пендені [2, 78], –

деп өзінің һәм өлеңнің бағасын жоғары қоятын ақынның жазбаларын жіті зерттеп, бағасын беретін уақыт жетті.

Ақын қандай тақырыпқа өлең жазса да, оны қиюын тауып, қисынын келтіріп, жұп-жұмыр етіп шығарады. Біздің ойымызша, оның бірден-бір себебі – ақын әр уақыт өз ойын түсінікті етіп дәл жеткізуге ұмтылады. Бұл аздық етіп жатса, түрлі көріктеуші құралдарды пайдалану арқылы ойын одан да гөрі бейнелі түрде беруге күш жұмсайды. Өйткені, өлең (поэзия) көп ойды аз сөзбен көрікті етіп жеткізудің көрнекті үлгісі.

Айтпақ болған ойын жеріне жеткізе, санаға сіңіре айту мақсатында ақын қолданатын тағы бір тәсіл бар. Ол – бір сөзді бір сөз тіркесін немесе шумақтың бір жолын өлең ішінде бірнеше рет қайталап қолдану тәсілі.

Жай көзбен қарағанда өлең – сөздер мен сөз тіркестерінің қарапайым жиынтығы тәрізді болып көрінуі мүмкін. Бірақ олай емес. Кез келген сөздер мен сөз тіркестерінің бірлігі өлең бола алмайды. Белгілі бір мағынадағы, белгілі бір поэтикалық қызмет атқаратын бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің әдемі үйлесімі ғана өлең бола алады. Өлеңді өлең ететін – ақын және оның тіл шеберлігі. Ақынның, ақын ғана емес, жалпы қолына қалам ұстаған қаламгерлердің барлығының ең басты құралы – сөз және сол сөздердің мағыналары. Сөздер стильдік бояуы бар және стильдік бояуы жоқ қарапайым сөздер болып, ал олардың мағыналары тура және ауыспалы мағына болып бөлінетіндігі көпшілікке аян. Әділ Ботпанов сөздердің осы ерекшеліктерін кеңінен пайдаланған. Әрине, сөздердің өзіндік ерекшеліктерін ғана пайдалану ақын үшін аздық етеді. Сондықтан ол тілде бар метафора, метонимия, синекдоха, эпитет, теңеу, перифраз сияқты т.б. көріктеу құралдарын пайдалану арқылы, сөз тұлғаларын, сөз мағыналарын құбылту арқылы айтпақ болған ойын анық, айқын, дәл жеткізіп қана қоймаған, сонымен бірге оны бейнелі, көркем, әдемі етіп жеткізе алған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бабажанұлы Б. Өмірзая немесе алғы сөз орнына. // Кітапта: Ботпанов Ә. Өмірзая. Алматы: Қазығұрт, 2019. – 220 б. – 3-20-бб.

2 Ботпанов Ә. Өмірзая. Алматы: Қазығұрт, 2019. – 220 б.

ЛАҚАП, БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Ескелдиева М.Ж., Жұмасатова А.М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 4-курс студенттері

Ғылыми жетекшісі: **Көшімова Б.Ә.**

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің
қауымдастырылған профессоры,
Ақтау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада лақап, бүркеншік есімдердің қызметі және қолданылу аясы қарастырылады. Лақап есімдер қызмет ету аясына қарай: ел аузында кездесетін лақап есімдер, әдеби лақап есімдер деп бөлінеді. ел аузында кездесетін лақап есімдер өз ішінде: тұрмыстық-отбасылық және тарихи тұлға есімдері деп жіктеледі. Әдеби лақап есімдерді: халық ауыз әдебиетіндегі және жазба көркем әдебиеттегі лақап есімдер деп бөлеміз. Зерттеушілердің пікірін назарға ала отырып, бүркеншік есімдерді қолданылу саласына қарай: «әдеби (жазушы, журналист, сатирик, аудармашы, сыншы, ғалымдар т.б.), сахналық (музыканттар, әнші, актер т.б.), көркемөнер саласында қолданылатын бүркеншік есімдер (суретші, мүсінші, өнертанушы, сазгер т.б.), саяси-революциялық, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің есімдері деп бөлеміз». «Ал қолданылу жиілігіне қарай – тұрақты, жиі қолданыстағы, сирек қолданыстағы псевдоним деп топтастыруға болады».

Есімдердің берілуінің түрлі әлеуметтік топтар арасындағы арасалмағы әр түрлі: бүркеншік есім жазушы-журналистер, саяси партия мүшелері, әнші-әртістердің арасына таралатын болса, лақап есім аула, сынып, топ, ауыл ішінде қолданысқа түседі. Әсіресе, мектеп жасындағы балалар мен қазақы дәстүрді берік ұстанатын ауылдарда әр адамның дерлік лақап есімі бар.

Түйін сөздер: лақап есімдер, бүркеншік есімдер, псевдоним, полионим, коннотативті-экспрессивтік қызмет.

Зерттеушілердің пікірлеріне сүйене отырып, бүркеншік және лақап есімдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын былайша топтауға болады: «бүркеншік және лақап есімдердің ұқсастықтары немесе ортақ белгілеріне: 1) екеуі де ресми есімдермен қатар өмір сүреді, бірақ әрқайсысы жеке антропонимиялық класқа жатады; 2) екеуі де бейресми сипаттағы кейінгі аталым, екеуі де факультативті, қосымша, міндетті емес сипатқа ие; 3) екеуі де коннотацияға бай, екеуіне де экспрессивтілік тән; 4) екеуінің аталу уәждері ұқсас, олар адамның мінез-құлқы, физикалық ерекшелігі, мамандығы, ұлты, мекені және т.б. 5) адамның бірнеше лақап және бүркеншік есімі болуы мүмкін деген сипаттарды жатқызуға болады. Олардың ерекшеліктері: 1) бүркеншік есімді таңдайтын да, қоятын да аталушының өзі, ал лақап есімді қоршаған орта береді; 2) лақап сөйлесімде, бүркеншік тілдік қолданыста көрінеді; 3) бүркеншік – жасырын, эзотериялық сипаттағы есім, ол санаулы адамдар арасына ғана таныс болса, лақап есімнің таралу шегі көлемдірек болады; 4) бүркеншік есім заңмен қорғалады, заңмен қорғалатындығы – ресми кісі есімдерімен ортақ белгісі. Ал лақап есім ондай мәртебеге ие емес; 5) бүркеншік есімдердің құрылымы әр түрлі, сөзжасамдық моделі сан алуан, ал лақап есімнің сөзжасамдық өрісі тар; 6) бүркеншік есім баспасөз, радио, теледидар, сахна т.б. «ресми жағдайда» қолданылуы мүмкін, лақап есімдер тек тұрмыста, бейресми жағдайда ғана қолданылады; 7) бүркеншік есімнің пайда болуы елдегі тарихи жағдайларға: таптық қозғалыс, әлеуметтік-саяси күрес және әдеби цензурамен тығыз байланысты болса, лақап есімдердің саясатқа қатысы жоқ; 8) бүркеншік есім ойдан шығарылған, жасанды есімге жатса, лақап есім пайда болуы жағынан табиғи болып келеді; 9) бүркеншік есімдерде жалпыадамзаттық, лақап есімдерде ұлттық сипат басымдау болып келеді» [1, 8].

Бүркеншік атқа қарағанда лақап есімдер ең көне болып табылады. Лақап есімнің көнелігін халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен көруге болады. Аңыз – ертегілердегі Тоңқылдақ, Шіңкілдек, Көлтаусар, Желаяк, Таусоғар, Шығайбай, Тазша, Қаңбақ шал, Қара дәу есімдері адамдардың әр түрлі қасиеттеріне байланысты берілген лақап аттары болып табылады. Ғалым Ү-ҮІІІ ғасырларға тән түркі халықтарының жазба ескерткіштеріндегі Күл Тегін, Ал туған, Тутук, Яш Ак Баш, Джагит Шад, Богю, Ышбара тәрізді есімдердің лақап екендігін, ертеден-ақ адамдардың дене бітімі мен тұлғасына сай лақап есімдермен аталып отырғанын айтады [2, 77]. В.Махпиров ХІ ғасырдағы М.Қашқаридің «Дивани лұғат-ит-түрк» еңбегінде әр түрлі жағымды қасиеттерді көрсететін сипаттама есімдермен қатар лақап аттардың да кездесетінін, мәселен, *Yawlak Sariq* (МК, ІІІ, 44) «жаман, ақымақ» бектің лақап аты екендігін айтады [3, 22], яғни лақап есім – адамның төл есіміне қосымша қандай да бір ерекше белгісіне (сыртқы түр-тұлғасы, ішкі жан-дүниесі т.б.), жағымды-жағымсыз қасиеттеріне байланысты қоршаған ортаның берген есімі.

Т. Жанұзақов лақап аттардың халық ауыз әдебиетінде, көркем шығармаларда және ел аузында кездесетін түрлерінен мысал келтіре отырып, топтастырады [2, 82]. Ғалымның пікірін қолдай отырып, лақап есімдерді қызмет ету аясына қарай былай бөлеміз:

«1. Ел аузында кездесетін лақап есімдер. Олар өз ішінде: тұрмыстық-отбасылық және тарихи тұлға есімдері деп жіктеледі. Тұрмыстық-отбасылық лақап есімдер белгілі бір ортаға /үй іші, сынып, топ, аула, ұжым/ жататын адамдардың білім, ой, көзқарас, ассоциацияларына байланысты туып, көпшілікке тарайды. Бұл есімдерді өз ішінде құрбы-құрдас, көрші, ауылдастар арасындағы (уличные) және мектеп жасындағы балалар арасындағы (школьные) деген түрлерге ажыратуға болады. Бұл топқа жататын есімдер, негізінен, адам бойындағы

кемшілікті көрсетуге бағытталады: «Тасқара» /Айшолпан/, «Быдық» /Жарбол/, «Сақау» /Сайлаугүл/, «Мықыр» /Зағипа/, «Қылмойын» /Марат/, «Құлақ» /Мұрат/ т.б. Лақап аттардың мол кездесетін тағы бір көзі ретінде тарихи тұлға есімдерін атауға болады. Мәселен, Өз Тәуке, Өз Жәнібек, Дуалы ауыз Қашаған, Мәшһүр Жүсіп, Ақсақ Темір, Қаз дауысты Қазыбек, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Шал ақын, Дарабоз, Ақиық сұңқар, Арқаның арыстаны, Би ата, Бала би, Жобалай т.б.

2. Әдеби лақап есімдерді: халық ауыз әдебиетіндегі және жазба көркем әдебиеттегі лақап есімдер деп бөлеміз. Мәселен, ауыз әдебиетіндегі Тазша бала, Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар т.б. Көркем шығарманың құндылығын арттырып, әдебиет әлеміндегі тиісті орнын алуына сол шығарманың бойындағы «ономастикалық әлемнің» тигізер әсері сөзсіз. Мәселен, «Абай жолы» романында кездесетін Қабан /Кеңгірбай/, Әйгерім /Шүкіман/, Телғара /Абай/, Түйепалуан, Дәу /Оспан/, Сарышаян /Күлбадан/, «Сойқан» /Сойкин/, «Қабанқарын» /Жамангарин/, «Көкшалақ» /Никифоров/, «Тентек Ояз» /Федор/, Саптаяқ, Қықым, Қисық т.б.; Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясында «Мөңке» /Рәбіл/, «Ақкемпір», «Қарақатын», Судыр Ахмет т.б. лақап есімдердің кейіпкерлердің бітім-болмысын ашуға септігін тигізіп тұрғанын көруге болады» [2, 14].

Зерттеушілердің пікірін назарға ала отырып, бүркеншік есімдерді қолданылу саласына қарай:

«әдеби (жазушы, журналист, сатирик, аудармашы, сыншы, ғалымдар т.б.),
сахналық (музыканттар, әнші, актер т.б.),

көркемөнер саласында қолданылатын бүркеншік есімдер (суретші, мүсінші, өнертанушы, сазгер т.б.),

саяси-революциялық, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің есімдері деп бөлеміз» [1, 20].

«Ал қолданылу жиілігіне қарай – тұрақты, жиі қолданыстағы, сирек қолданыстағы псевдоним деп топтастыруға болады» [1, 15].

1. Тұрақты қолданыстағы бүркеншік есімдер – жазушының не ақынның, қоғам қайраткерінің т.б. әдебиетте, баспасөз бетінде, түрлі ортада осы атпен тұрақты көрініп отыратын, оқырманға осы атпен таныс, оның шын фамилиясын алмастырып тұрған есімі: Төлеу Кобдиқов – Төлеу Көпжасаров, Шарипов Сабыр – Мухаммедсабыр Дәулетшин, Әкім Тарази – Әкім Әшімов, С.Шынаров – С.Төлешов, Еркеш Ибрагим – Ебекенов Еркеш, әншілер: Тамара Асар – Тамара, В.И.Ленин – В.И.Ульянов, Ю.В.Сталин, Аркадий Гайдар – А.П.Голиков, Максим Горький – А.П.Пешков, Анна Ахматова – А.А.Горенко, т.б.

2. Жиі қолданыстағы бүркеншік есімдерге – жазушы не ақынның, қоғам қайраткерінің әдебиетте, баспасөз бетінде шығармаларын бір бүркеншік есіммен жиі жариялауы жатады.

Мәселен, қазақтың қоғам қайраткері, аудармашысы, публицист Әлихан Бөкейханов өзінің мақалаларын Қыр баласы деген бүркеншік есіммен, жазушы Сәкен Сейфуллин 1921-1923 жж. мақалалары мен очерктерін Манап Шамиль немесе Манап деген есіммен, жазушы Айсарин Әбдірахман өзінің мақалаларын «Жаңа әдебиет» және «Қызыл Қазақстан» газеттерінде (1927-1928 жж.) Шұға немесе Шоға деген бүркеншік есіммен, 1926-1929 жж. «Әйел теңдігі» журналының бас редакторы болған Сара Есова мақалаларын Ес қызы Сара не жай Сара деп жариялап отырған. Ал орыс тілінде әдеби сыншы Н.К.Чернышевский өз шығармаларын Андреев деген фамилиямен, А.П.Чехов Антоша Чехонте немесе А.Чехонте деген фамилияларымен жариялаған.

3. Сирек қолданыстағы псевдоним – автордың бірді-екілі ғана қолданысында болып, кейін мүлдем пайдаланбаған есімдері. Мәселен, ақын Абай Құнанбаев «Жазды күні шілде болғанда», «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңдерін досы Көкбайдың есімімен, белгілі жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Еплес» атты әңгімесін «Жас қазақ» (1927 ж.) газетінде Келешек бүркеншік есімімен, атақты ғалым Сәрсен Аманжолов «Бозторғай» атты өлеңін Шәкірт деген бүркеншік есіммен жариялаған.

«Қазақ тілінде XX ғ. басында қалам тартқан ақын-жазушылардан бастап күні бүгінге дейін бүркеншік есімдердің әдеби түрі кең қолданыс тапқан. Зерттеушілер қазақ авторларының ішінде бүркеншік есімді ең жиі қолданған Б.Майлин екендігін айтады. Жазушының 71 бүркеншік есімін анықтаған ғалым – Т.Бейісқұлов. Бүркеншік есімді жиі пайдаланғандар қатарында М.Әуезов /14/, Ә.Бөкейханов /40 шақты/ болса, ең аз қолданған авторлар: Н.Ноғайев/1/, Ш.Достанбаев/1/, М.Сералин/2/, С.Мұқанов /3/ болып табылады. Жиі қолданылатын бүркеншік есімдер автордың бірнеше шығармасын бір есіммен жариялап, қайта айналып соғып отыратын есімі болса, сирек кездесетін бүркеншік есімдер автордың бірді-екілі ғана қолданысында болып, кейін мүлдем пайдаланбаған есімдері» [1, 15].

Бейресми есімдер иелену дәрежесіне қарай жеке және топтық немесе ұжымдық болып та бөлінеді.

Жеке қолданыстағы бейресми есімдер – әдебиетте ең кең тараған түрі. Мәселен, белгілі публицист, құқықтанушы, қоғам қайраткері Жақып Ақбаев «Айқап» журналы мен «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде мақалаларын Жандеркин, Якуб Мырза, Қ.Найманский деген бүркеншік атпен, қазақ әдебиетінің классик жазушысы Сәбит Мұқанов өз әңгімелері мен мақалаларын «Еңбекші қазақ» газетінде Сәбит, Сым, С., С.М., Сәбит Мұқан, Төңкерісұлы деп жариялаған. Ал қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 40-ға жуық бүркеншік аты болған: Ғ.Б., А.Н., А.Б., Қ., Ұ., Н.Ш., Али, Әлихан, Әлихан Бөкейхан, Арысұлы, Қалмақбай, Қырғыз-қайсақ, Комиссар Бөкейханов, Қыр-ұғлы, Қыр баласы, Ал. Кочевник, Статистик, Туземец, Сын степей, Киргиз-степняк, Киргиз, Читатель, Ғали-хан, К.Степняк, Ә.Букейхан, Бокейхан, Букейхан, т.б.

Ғалым С.Е.Байменше «Бейімбет Майлиннің белгісіз туындыларының шығармашылық тарихы» деген еңбегінде Бейімбет Майлиннің көптеген бүркеншік есімдерін көрсетеді: «М., Б., МБ, М.Б., Б-т, БыЖы, БЖ, М-тай, М-й, Қарсақ, бекет, Шанқан, Шанқа, Алиай, Мереке, Мырқымбай, Бимұхамбет, Майлының Бейімбеті, Екінші, Жалшы, Газетші, Оқушы, Тілші, Журналшы, Жолаушы, Мұғалім, Жуас, Жасқаншақ, Қарабала, Алакөз, Нық, Көз, Тай, Мен, Мен ғой, Кетбен, Малай, Жалшы, Өзім, Қалам, Ел аралаған, естіген, Ішінде болған, т.б»

Жеке қолданыстағы есімдер екі түрінде де өте жиі қолданылса, топтық түрі лақап есімдерде кездескенімен, бүркеншік есімдерде аз кездеседі.

Полионим (грек.poly-көп) деп аталатын ұжымдық бүркеншік есімдер бірнеше авторға ортақтықты білдіреді. Жазушылар Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің «Екеу»; журналистер Саттар Ерубаев пен Рақымжан Жаманқұловтар «Екі оқушы» атты бүркеншік аттарды пайдаланған. Ал қоғам қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов пен М.Дулатов бірігіп жазған мақалаларын Қыр баласы, Ахмет, Міржақып немесе Әлихан, Ахмет, Мирякып деген бүркеншік есімдермен берген.

«Ұжымдық лақап есімдер ру, ата-текке қатысты жиі кездеседі. Арғын руына қатысты қазақ шежіресінде Ергүл бәйбішеден өсіп-өнді делінетін «Бес Мейрам» (Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек) Момын анадан өрбіген «Жеті Момын» (Қанжығалы, Тобықты, Әйти, Бәйімбет, Жанай, Қарауыл, Атығай) деп айту дәстүрі бар. Атақты үш биіміздің үлкені Әлібекұлы Төле би (1663-1756) – аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ойшыл дана, Ұлы жүздің төбе биі. «Тоғыз ұлды Құдайберді» әулетінен болса, Қаз дауысты Қазыбек Арғынның Қаракесек (Болатқожа) руынан. Сол Қаракесектің бір атасынан Бұлбұл, одан Шаншар туады. Шаншардың екінші әйелі Айбикеден Келдібек, Тыныбек, Жәнібек, Есіркеп (оларды ел «төрт бегі» деп те атаған) тарайды. Келдібектің әйелі Тоқмейіл ақсақ болып, одан туған Қазыбек, Сәдімбек, Асан, Балапан, Үсен, Бөдене деген алты ұлды ел «Ақсақтың алтауы» деп атап кетеді. Ал Байбекұлы Әйтеке (шын аты Айтық) (1644-1700) – «Тобықты Әнет бидей баталы бол, Кіші жүз Әйтекедей аталы бол» деп атақты Сегіз серінің батасында айтылғандай, аталы тұқымнан. Оның арғы атасы Сейітқұлдың сегіз ұлы «Сегіз Сейітқұл» атанады. Бірі – Ақша, бірі – Жалаңтөс баһадүр. Жоңғарға қарсы күресте қазақтың біріккен қолының Бас қолбасшысы, жекпе-жекте жеңіліп көрмеген халық қаһарманы Қожағұлұлы Қабанбайдың (1703-1781) Үмбетей, Кішкентай, Сырымбет, Едіге, Байтық, Мойнақ, Әлі деген жеті ұлы болған. Оларды «Жеті Қабанбай» деп атайды. Айтылғандардан

ұжымдық есімдердің адамдардың белгілі бір тобына ортақ қасиеттердің болуына қатысты берілетіні байқалады. Көпшілік жағдайда, бір атадан, бір рудан тараған туыстық қатынасқа, содан кейін ортақ іспен айналысуға байланысты және мекен-жай ортақтығы мен түр-түс ортақтығына байланысты қойылатынын көреміз» [1, 15].

«Қазақ лақап есімдерін зерттеп-зерделеу барысында олардың пайда болып, қолданылуының төмендегідей негіздері анықталды:

- аттас адамдарды ажыратудың жолы, яғни қоғам мүшелерін саралау;
- адамның ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін көрсету;
- қазақ қоғамында табу қойылған есімдерді атамау, оны басқамен ауыстыру;
- есімнің құдыреті мен аруаққа, құдайға және әр түрлі күштерге сенгендіктен кісінің төл есімін басқа есіммен ауыстыру.

XX ғасырдың басында әдебиет пен баспасөзге белсене араласқан қоғам қайраткерлері, жазушылар мен ақындар заманның талабына және қоғамдағы орын алған жағдайларға байланысты бір емес бірнеше бүркеншік ат пайдаланған. Кеңінен орын алған осынау құбылыстың себептері:

- қоғамда белең алған қуғын-сүргіннен жасырыну;
- газеттің бір жолғы санында бірнеше мақала жариялау;
- ұлттық болмысымызға тән қарапайымдылық;
- жаңалыққа еліктеушілік;
- шығармашылық жолдың басында туатын сенімсіздік;
- өміріндегі не шығармашылығындағы белгілі бір кезеңмен (оқиғамен) байланысты»

[1, 10].

Бүркеншік есім, әсіресе қоғамда белең алған қуғын-сүргіннен жасырыну үшін пайда болған. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтың ақын-жазушылары, зиялы қауым өкіметтің жүргізіп отырған кейбір саясатына наразы болып, өз ойларын, пікірлерін сол кездегі «Айқап» журналы мен «Қазақ», «Алаш» т.б. газеттерде жариялап отырған. Осыдан кейін оларды жаппай қудалау, ізіне түсу сияқты іс қимылдар жүргізілген. Сондықтан ақын-жазушылар өздерінің мақалаларын бүркеншік аттармен беруге мәжбүр болған. «Қазақ», «Алаш» т.б. газеттерінде белгісіз бүркеншік аттармен жарияланған мақалаларға мысалдар келтірейік: Қазақтың бір баласы – «Бас қосу турасынан» мақаласы (1914), Қаракесек – «Қазақтың қалың мол бітімі» мақаласы (1915), Қаражаяу – «Қазақтың халі оңала ма?» мақаласы (1918), Қиял қазағы – «Бас адамдармыз» мақаласы (1917), Қызыл тауық – «Кішкене» мақаласы (1918), Көзі көрген – «Біз қайда барамыз?» мақаласы (1920). Кейбір ақын-жазушыларымыз бірнеше бүркеншік аттар қолданған. Мәселен, Мұхамеджан Сералин өз мақалаларын: М.С., Мыс., Мұқат, Басқарушы; Ілияс Жансүгіров: Қаптағай, Тілші, Шолжық, Марқа, Матай, Мерген, Сақа, Қызыл найза, Ағын, балгер, Ж., Бөкейше; жазушы, ақын, Міржақып Дулатов: Алашұғлы Азамат, Мадияр, Меряқып, Арғын, Қарагин, М.Д., Таймінер, Бұйражол, Азамат. Ғалымдар қоғамда белең алған қуғын-сүргіннен жасырыну; газеттің бір жолғы санында бірнеше мақала жариялау; жаңалыққа еліктеушілік; шығармашылық жолдың басында туатын сенімсіздік; өміріндегі не шығармашылығындағы белгілі бір кезеңмен (оқиғамен) байланысты болу сияқты себептерден бүркеншік аттардың пайда болуын есімдердің эзотерикалық қызметі деп қарастырады. Сонымен қатар бүркеншік аттардың коннотативті-экспрессивтік қызметінде анықтаған. Сөздің мағыналық құрамында сигнификативтік және денотативтік мағыналарынан басқа коннотативтік мағыналары да болуы мүмкін. Бұл жерде коннотация ұғымына эмоция, экспрессия және бейнелілікті кіргіземіз. Сөздің бейнелілігі дегеніміз – оның уәждеуі немесе басқа сөзбен айтқанда, басқа ұғымның сипаттарымен ұқсас келетін сипаттарды білдіретін ішкі форманың болуы. Ал экспрессиялық коннотация – туындайтын образды сөзге күшейту, нақтылау сияқты мән береді. Эмоционалдық коннотация деп қолданушының ұғымға деген өз пікірін, қатысын айтамыз. Онда жағымды немесе жағымсыз ұғым жасалып отырады.

Қазақ тілі лексикасында жалпы есімдерден жасалған бүркеншік аттар өте көп кездеседі. Мысалы: Мерген, Ағын, Салпаңқұлақ, Шолжық – І.Жансүгіров, Жиренше –

Ғ.Мүсірепов, Тоқпақ, Тарпан, Замандас – С.Қожанов, Тамшы – Е.Алдоңғаров, Желкен, Желкек, Келешек – Ж.Аймауытов, Қалам, Қорғасын, Кетбен, Шоң, Көз – Б.Майлин, Таңшолақ – Ж.Айтқожин, Дүйсенбі – С.Сейфуллин, Бытбылдақ, Мәлтен, Бұрабас – Қ.Тайшықов, Туземец – Ә.Бөкейханов, Таң-Дой – Кенеев Таңдап, бұлардан басқа белгісіз бүркеншік есімдер: Тілек, Талап («Сарыарқа» газеті, 1917), Демократ, Ынтымақ («Қазақ» газеті, 1917), Құлақ, Без («Ауыл» газеті, 1924), Ақбас, Жәдігер, Шын, Шағырша («Ақжол» газеті, 1924-1925жж.).

Сонымен, Кісі есімдері, әсіресе, оның бейресми түрлері қазақтың тарихынан, наным-сенімінен, рухани танымынан, эстетикалық құндылықтарынан сан-салалы ақпарат, деректер бере алады. Ал ол деректер ұлттық сана мен біліктіліктің, мәдени, зиялылық деңгейінің көрсеткіші бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рахымберлина С. Қазақ тіліндегі бейресми кісі есімдерінің этнолингвистикалық және танымдық сипаты. Филол.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. авторефераты. – Астана, 2009, 32 б.
2. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, 1971.
3. Джапарова Т.Т. Псевдонимы как фрагмент языковой действительности. – Алматы, 2007, с114.

СИМВОЛДЫҚ БЕЙНЕЛЕУЛЕР СИПАТЫ

Симбаева А.Н.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада символдық бейнелеулер көптеген ғылымдарда, лингвистика мен әдебиеттануда, философия, семиотика, психология, филология, мифопоэтика және фольклористикада, оның зерттелуіне өте үлкен көңіл бөлініп келетіндігі айтылып, символға байланысты туындаған негізгі көзқарастарды жүйеленеді. Таңбалық қасиетінен басқа гуманитарлық дәстүрде символдың бейнелілігі (икондылық), мотивтілігі, символдың мазмұнының комплекстілігі және мағыналарының теңдігі, символдың «имманенттік» көпмағыналылығы мен мағыналарының шегінің анық болмауы, архетиптілігі, жеке мәдениеттердегі универсалдығы және түрлі кезеңдер мен ұлттардағы символдардың қиылысуы (ұқсас болуы), мифология, әдебиет, өнер және басқа семиотикалық жүйелердің құрылымында орын табуы сияқты қасиеттері көрініс тапқан; соған қоса, символикалық және тілдік шындықтың қатынасы және символдың тіл мен сөйлеудегі орны зерттелген.

Түйін сөздер: символ, символдық бейнелеулер, мотивтілігі, символдың комплекстілігі, көпмағыналылығы, архетиптілігі.

Символға қатысты анықтамалардың ішінен бізге семиотикалық анықтама әлдеқайда релевантты көрінеді (себебі семиотика жалпығылымдық пән ретінде кез-келген таңбалық концептілерге анықтама береді), сондықтан біз оны неізге аламыз. Осындай көзқарас арқылы «символ» терминіне екі негізі ұғым белгіленеді: формалды-семиотикалық және формалдылогикалық мағынада ол: а) таңбалаушы мен таңбаланушының арасында шартты түрде байланыс орнататын таңба, яғни материалды бірлікті көрсететін (единство материально выраженный) таңбалаушы мен абстрактілі таңбаланушы конвенционалды, шартты байланыс негізінде танитын, немесе б) формалы-тілдік бейнелеудің графикалық таңбасы (мысалы, NP және VP, грамматикалық категорияны көрсетеді); 2) кең семиотикалық

мағынада символ өзінің алғашқы мазмұнын өзге бір нәрсенің формасы ретінде қолдануды жөн көретін белгі, яғни әлдеқайда абстрактілі және ортақ мазмұнды, бұл жерде екінші мағынасы аса тілдік ұғымды көрсете алмайды, алғашқысымен ортақ таңбалаушы арқылы бірігеді [1,34].

Бұл анықтамамен Ю. Лотманның анықтамасы ұқсас. Оның айтуы бойынша символ «өзге бір мазмұнды көрсететін, көбінде мәдени тұрғыдан маңызды болып келетін белгілі бір мазмұнмен» байланысты» [2, 11]. Осы екінші мағынадағы «символ» термині біздің көңіл бөлетін объектіміз болып табылады.

Көптеген ғалымдар символдың бейнелілік табиғаты жайлы айтады. Олардың ойынша символ бейнеден «өседі», алайда символдың «бейнелілігі» әртүрлі түснiк табады (мүмкін «символ» терминінің түрлі мағынасының болуы).

Символдың алғашқы тар мағынасының қайнар көзі ретінде сезімдік бейне жатыр – шынайы әлемнің заттары мен құбылыстарының кескіні. Ол өз-өзіне деген тепе-теңдікті ұйғарады, таңбалаушы мен таңбаланушы онда ерекшеленбейді, олар құбылыс пен болмыс тәрізді біртұтас. Сезімдік қабылдау сезімдік бейнеға, көрініс пен «есте сақталған құбаластарға» ауысады. Бейнедың ішкі формасының, оның «жоғары қойылған дифференциалды жағы» бейнеды таңбалардың қатарына қосады. Бейне материядан бөлек өмір сүріп, схема түрінде қолданыла бастайды.

Референт пен оның шартты мағынасы бөлінген кезде (сөздің тар мағынасында) бейне таңба-символға айналады. Х. Вернердің ойынша «протосимолар» бейнедар, визуалды және вербалды схемалар, ым-ишараттар және т.б. – «хабарлағыштың прогрессивті дифференциялық және референциалды мағынасының» көмегімен өзгереді; кері процесс олардың «дифференциациясымен» байланысты. Қазіргі психо және нейролингвистикада бұндай процесс «қос кодтаудың» күрделі жүйесі ретінде бейнеленеді, бұл жерде санасыз (үйлестік (аналоговая) жүйе, бейнеды континуальды ойдау), синергетикалық тұрғыдан, санамен (дискретті жүйемен, символды, вербалды, сандық ойлаумен) бір-бірінің кодтарын ішкі сөйлеудің көмегімен қайта құру арқылы әрекеттеседі [3]. Мысалы, адам ұйықтаған кезде ішкі сөйлеу вербалды ақпаратты, жасырын ойларды үстіртін ұқсас құрылымдарды (перцептивті бейнедар) қайта жасайды, ал ұйықтамаған кезде перцептивті бейнедар (сыртқы және квазиперцептивті ішкі) дискретті жүйенің тіліне аударылады.

Символдың негізінде жатқан бейне (яғни көпмағыналы таңба ретінде) гештальдтан ең алдымен өзінің қызметімен (функциясымен) ерекшелінеді. Ол көркем немесе мифологиялық көріністің, тілдік бірліктің, ритуал, миф, көркем шығармашылықтың формасының қызметін атқарады. «Көркем» бейне өздігінен таңба болып табылады (себебі онда материалды таңбалаушы бар – шығармашылық әрекеттің жемісі), алайда, символикалық емес, ал иконалық – оған таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы ұқсастық тән. Мазмұнның жоспары мен оның білдірілуінің арасындағы қарым-қатынас шартты емес, «органикалық» болып табылады [4, 22]. Р.Якобсонның ойынша, табиғи тілдерде «бейне» икондылық дауысқа еліктеуде, редупликацияда кездеседі. Бұндай ұқсастық тағы сурет өнерінде, мүсіндеуде, кинода, театрда және т.б. шындықты суреттеуде орын табады [5, 12].

Осындай бейнедың негізгі қасиеті – алғашқы «сезімтал» мазмұнның кеңеюі мен жиынтықталуы. Бұл жерде ол формальды (яғни затты танып білуге керек жалпы белгілер) түсініктен ары кететін «мазмұндық» түсінікке ұқсас болады және заттың барлық жаңа жақтарын, қасиеттерін және өзге заттармен байланысын қамтиды». Антикалық көркем бейне бен ұғымның ерекшеліктерін зерттеген О.М. Фрейденберг антикалық ұғымдар бейне ретінде қалыптасуында дерексіз қызмет (функция) атқарғандығын белгілеген: «...дерексіз белгілер нақты қасиетті өз бойына алса, ал жекелікте – көп қайталанатын белгілерде, сапасыздық кенет суреттеледі, алдымен монолитті сапа, кеңістік жылжып, қимылдың мезеті себептен салдарына қарай енеді... Кез келген антикалық метафорада ауыспалы мағына мифологиялық бейнедың нақты семантикасына байланады да, оның ұғымдық дубликатын көрсетеді» [6, 189].

Н.Д. Арутюнованың айтуы бойынша, бұндай бейне өзінің дәлме-дәл мағынасының шегінен шығады, бірақ кеңею мен жалпыланудан ары кетпейді, жаңа мазмұн бермейді (символға қарағанда) [4, 149]. Өзінің негізгі мазмұнынан әлдеқайда өзгеше мағына берген уақытта, көбінде абстрактілі, бейне-икон символ болады.

Өткеннің көптеген ойшылдары символдың мазмұнындағы нақтылық пен абстрактілі ұғымдарды оның үйлестігінің байланысының негізі деп ерекшелеген. Мысалы, И. Канттың ойы бойынша, символ тек бір ғана үйлестіктің көрінісі ретінде қалыптасады. Символға байланысты қатынаста үйлестікті семантикалық белгілердің ортақтығының негізіндегі ұғымға ұқсатуға болады, соның көмегімен нақты, жеке атаудың абстракт, жалпы мағынасына ауысуына мүмкіндік туады. Бұл символды өзге мотивтелген семиотикалық құбылыстарға – троптар, соның ішінде метафораға – жақындата түседі.

Э. Кассирер шындықты символикалық құрастырудағы метафораның ролін алғашқылардың бірі болып анықтаған [7, 47]. Оның айтуы бойынша символикалық форманың изоморфизмі, символдың түрлі модальдылығы «радикалды метафораның» көмегімен, «рух энергиясының» бір формадан басқа нақты формаға ауысуынан болады. Символикалық формалардың бұндай «метафоралық» түсінігі М. Мюллер, А. Кунның интуитивтік және эмпирикалық амалдарына қарама-қайшы келіп, ал Э. Тейлор, Дж.Г. Фрэзер, Л. Леви-Брюльдің айтуы бойынша мифологиялық және ритуалды символиканың логикалық ойлаумен байланыстырып, сөздің этимонасы мен эмпирикалық материалдың интуитивті анализіне сүйенді.

Ф.Уилтрайд үшін символды метафора арқылы бейнелеу тән, ол символды «тұрақтандырылған метафора» деп қарастырады. Ол символдың екі түрін анықтады – стено-символ немес блок-символ, бұнда алғашқы «диафорикалық өзгешелік» жоққа шығарылады, бірақ таңбалаушы мен таңбаланушының арасында жалпылылық мезеті жоғалады да (математика, формальды логика символы), бұндағы «дүбірлі, экспрессивті символдағы» «алғашқы диафорикалық ерекшелік пен сапа сақталып, бай түседі» [8, 7].

Ассоциациялаудың екі негізгі механизмін қарастыру – метафора мен метонимия – символды зерттеуде маңызды болған, оны бейнелеуде «динамикалық» амал белгілеген. Символикалық мағыналарға байланысты Якобсоннан кейінгі зерттеулерде П. Рикер, К.Леви-Строс, Ц. Тодоровты айтып өткен жөн.

П. Рикердің ойы бойынша, символ тілдік полисемияның феноменологиялық көрінісі. Символикалық амбиваленттілік екі факттың қосындысынан туындайды – лексикалық (полисемия) және контекстуалдық, бұнда контекст «бір атпен тұрған бірнеше түрлі, тіпті қарамақайшы мәнді жүзеге асырады» [9, 72]. Полисемия мен символизм тілдің құрылуы мен қызмет атқаруын бейнелейді. Шындықтың ұқсастығы мен алшақтығы көпмағыналы сөздердің арасындағы мағынасының байланысын құрады, яғни бұл байланыстар символда әлдеқайда қатты көрсетілген.

Ц. Тодоров ауыстырудың метафора сияқты түрінің символ құрудағы ролін айтып, метонимия мен синекдоха сияқты троп түрлеріне де көңіл бөледі. Бұнда біз қарапайым символдардағы семантикалық бейненің мысалдарын табамыз, яғни «қызыл ай – царь» символы (бұнда қызыл ай туған уақытта дүниеге келген адамның царь болу керектігі жайлы ұғымның болуы); қан биліктің символы (метонимия), қызыл түс қанның символы (синекдоха), айдың белгілі бір фазасы қызыл түстің символы (синекдоха), осы фазада дүниеге келген адамдар соны символдайды (уақытша метонимия). Символикалық «конверсия» символдар тізбегін аударады, оған қоса «символ болатын термин» басқа символ болады да, оның алдындағы процестермен қамтылады [10, 245].

Бұндай алғашқы мифологияға дейінгі ойлауға жататын аналогияның метонимия және синекдоха сияқты формаларын Леви-Брюль «пралогикалық» деп атаған [11, 98], оның негізгі қасиеттері болып синкреттілік, біртектес заттарды ұқсастыру, козуалдылық қатынасты шектес қатынасқа ауыстыру, бөлшек пен бүтінді ұқсастыру, заттар мен олардың қасиеттері, заттар және олардың таңбасы немесе атауы болып саналады. Олар тек репрезентативті немесе орнын басатын ғана емес, соған қоса, ойлау тотемнің артынан жүретін тотемикалық

сипат алатын қарапайым символика негізіне жатады [12]. Метафора символдың «хабар берушісі» мен «референтінің» үйлестігі ретінде мифологиялық ойлауға өткенде пайда болады, бұнда метафора қоршап тұрған заттарға және жандарға байланысы тікелей емес болған кезде, мифтің көмегіне, яғни бұрын бастан кешкенге жүгінуді жөн көреді. Бұл уақытта «мифологиялық мәтіндердің» элементі ретінде метафоралық символдар, өзіндік бір мифологиялық концепттер пайда болады. Мифтің «жанр» категориясына ауысуы барысында олар метатілдің категориясына айналады. Бұл жағдайда символдар мифологиялық емес, ал дескриптивті санаға жатады [13, 306].

Ерте метонимиялық және кеш метафориялық символизмінің байланысуына мысал келтірейік. Жерді жағалап жорғалайтын жылан – жердің, құнарлылықтың, ғаламның символы, соған қоса, жерасты әлемінің кереметінің (божество) символикалық көрінісі. Бұл – «жер» корреляциялық нүктемінің негізіндегі метонимиялық символ. Мынау әлдеқайда кешірек пайда болған метафоралық символизм – «жылан-шайтан» (змея-сатана). Ол «жылдам-қу», «иілген-қуланған» сияқты тасымалдауға негізделген физикалық және психологиялық процесстердің аналогиясы: қу – тез ойлайтын, иілген – тік айтып сөйлемейтін, мағынасын өзгертеді. Осы тұста жердің құдіретіне негативті қасиеттер үстейтін символ пайда болды.

Символдың метафоралығын айтқан кезде тағы бір бағытты атап өткен жөн, бұл жерде европалық амалдан тыс метафораны зерттеудегі – когнитивті семантика. «Концептуалды метафораға» көңіл бөле отырып, когнитивті семантика қазіргі символдардың онтологиясын зерттеп, символдық ауысулардың негізгі типтерінің таксономиясын жүзеге асырады. Еске салатын жайт концептуалды метафора білімдердің проекциясы ретінде дерекнама-сферасынан жаңадан меңгеру сферасына онтологиялық сәйкестіктің көмегімен жүреді. Атап өткендей, қазіргі концептуалды жүйедегі уақыт, сан, қалып, әрекет, себеп, мақсат, эмоцияны түсіну (махаббат, ашу) сияқты абстрактілі түсініктер концептуалды метафоралардың көмегімен құрастырылады, мысалы: үлкен жоғарымен тең, кішкентай – төмен, уақыт – зат, уақыттың өтуі – әрекет, келешек алда, өткен артта, қалып – кеңістіктегі орын, өзгеріс – қозғалыс, себеп – күш, мақсат – жету керек жер, сыртқы оқиға – үлкен қимылдап жатқан объектілер, қиындықтар – кедергі және т.б. Біздің көзқарасымыз бойынша, қазіргі таңдағы мәдениетте құбылыстардың осындай ауысуы метафораның да, символдардың да тууының негізі болып табылады.

Символдың бейнелілігі туралы зерттеулер көп. Негізгілеріне тоқталдық. Символдың мағынасының мотивтілігіне сәйкес бірнеше өзіндік қорытынды жасайық. Символдың мотивтілігі оның нақты және абстрактілі ұғымының, және осы ұғымдардың шектестігінің үйлестігімен, соған қоса, ұғым интенционалының бірінің екіншісіне қосылуымен түсіндіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Sebeok T.A. Encyclopedic dictionary of semiotics. – 1-3 books. – Berlin; New York : Mouton de Gruyter, 1986.
2. Лотман Ю.М. Символ в системе культуры // Тартуский ун-т. Ученые записки. – Вып. 754. – Тарту, 1987.
3. Цапкин В.Н. Семиотический подход к проблеме бессознательного // Бессознательное. Многобейное видения. – Новочеркасск, 1994.
4. Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс // Теория метафоры. – М., 1990.
5. Якобсон Р. В поисках сущности языка // Семиотика. – М., 1983.
6. Фрейденберг О.М. Бейне и понятие // Миф и литература древности. – М., 1978.
7. Cassirer E. Language and myth. – New York, 1946.
8. Wheelwright P. The archetypal symbol // Perspectives in literary symbolism. V. I. – The Pennsylvania State University Press. University Park; – London, 1968.

9. Ricoeur P. The problem of double-sense as hermeneutic problem and as semantic problem // Myths and symbols. – Chicago, 1969.
10. Todorov Tz. Theories of the symbol. – Ithaca (N.Y.), 1982.
11. Леви-Брюль Л. Сверхестественное в первобытном мышлении. – М.: Педагогика-Пресс, 1994.
12. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М., 1989.
13. Успенский Б.А. История и семиотика // Семиотика истории. Семиотика культуры. Избранные труды. – Т. 1. – М., 1994.

«КӨЗ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Тілекбергенқызы А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Андатпа. Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі көз компоненті бар тілдік бірліктер мінез, физикалық күй, ақыл-ой, портрет, қимыл және іс-әрекетті білдіретіндігі, «көз» кодының басқа да мағыналары бар екендігі мысалдармен талданады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, түрік тілі, «көз» концептісі, көз компоненті бар тілдік бірліктер, «көз» кодының мағыналары.

Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдерде екі мәдени концепт «көңіл» және «жүрек» байланыстырылып қолданылған. «Көз» бен «көңіл» қатар қолданылған кезде «адамның ішкі дүниесі» деген тұтас ұғым пайда болады:

Көңіл – қазы, көз – таразы;
Көңіл – дария, көз – найза;
Көңілсізден көзсіз бала туады;
Көңілдегі сырды көз біледі;
Көзі көрместің көңілі сенбес;
Көз көңілдің сырын шертеді;
Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман;
Көңілдегі құпияны көзің айтып қояды,
Көп сөйлесең лүпілдеп, сөзің айтып қояды;
Халық көздегіні ғана емес, көңілдегіні де көреді;
Бала- көңілдің гүлі, көздің нұры, т.б.

Көз жетпеген жерге көңіл жетеді ауыс. көзге қарағанда көңілдің көру мүмкіншілігі әлдеқайда көп, оның болжау, шолу, пайымдау, сезу мүмкіншіліктері артық: көз көз жететін жердегіні ғана көре алса, көңіл алыстағыны, болашақты болжап, өткенді де елестете алады, зердеге салып, пайымдай алады; демек «көңіл көкжиегі» көздің қабілетінен әлдеқайда артық [1, 355].

Көз – көңілдің айнасы ауыс. көзбен көріп, көңілмен таныған дүниенің барлық болмысын басқадан емес, сол көздің өзінен табуға болады. Адамның жан дүниесін тану – көз қарашығы сыртқы құбылыстардың 80 пайызын көріп қабылдайтын қабілетіне ие болса, соның бардығы ой санада екшеліп, ішкі таным көңіл арқылы талданып, жүзеге асады. «Көңілді көзбен тану» деген адамның бойындағы зиялы, ерекше қасиет осы [2, 356].

Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман ауыс. адамның айналасындағы дүниені танып-білу тек көзбен көрумен шектеліп қоймай, оларды терең ұғып, толық түсінуге ақыл-ой мен парасатты қажет етеді. Ал ондай ояу көңілі болмаған адамның дүниені танып-білуі көзі соқыр адамнан да төмен болады [2, 357].

Көңіл көзін сөз ашар, сөйлемесе кір басар ауыс. сөз арқылы қуанышты да, қайғыны да білдіре отырып, қайғы-ренішімізді сыртқа шығара аламыз [1, 361].

Көңілсізден көзсіз бала туады ауыс. махаббаты жараспаған ата-ананың баласы да өнегесіз, тәліпші болып өседі. Өзара тату болмаған ата-ананың жөргектен басталатын бала тәрбиесіне қосқан өз үлесі, үйреткен өзіндік үлгі-өнегесі болмаған жерде игі дәстүрді көрмей өскен бала меңіреу болып өседі [1, 361].

Көз – таразы, көңіл қазы ауыс. адам көзі көрген нәрсесін таразыдай дәл етіп, нақ анықтай алады, ал көңіл көз көре алмайтын көп нәрсенің сипатын сезу арқылы парқын анықтап, әділ қазылығын айта алады дегенді аңғартады [2, 357].

Көзі соқырдан қорықпа, Көңілі соқырдан қорық! ауыс. көзі көрмейтін зағип жандар мен көңілін көлеңке басып, көп нәрсенің мәнін түсінбейтін, сезбейтін қараңғы адамды салыстыруға болмайды. «Көңілі соқырдан қорық!» деп айту себебін көзі соқыр адамнан гөрі көңілі соқыр адамның айналасындағыларға тигізер зияны мол болады деп түсіндіреді [1, 357].

Көздің еті өссе де, Көңілдің еті өспесін (М.Әлімбаев) ауыс. қол жеткен табыстан адам біраз масаттанып, көңілі өсуі мүмкін, бұл қасиет барша пендеге тән, ал енді табысқа мақтанып, өзгені көзімен танып тұрып, көңілімен танитын, тіпті құдайын да танымай кететін адамнан сақтану керек деп ескертеді [1, 355].

Ал түрік мақал-мәтелдерінде ол былай көрініс табады:

Gönül çocuğa benzer gördüğünü işler

(Көңіл – күнәдан пәк сәби: көргенін істер);

Göz gördü, gönül sevdi

(Көз көрді, көңіл сүйді);

Göz görmeyince gönül katlanır

(Көз көрмейінше, көңіл қызықпас);

Göz görür, gönül çeker

(Көз көрер, – көңіл іздер);

Göz terazî, gönül batmandır

(Көз – таразы, көңіл – батпан);

Güzel gözün kıvancı, akıllı gönlün kıvancı;

(Сұлу – көзіңнің қуанышы, ақылды – көңілдің қуанышы);

Gözden irak (uzak) olan gönülден de irak (uzak) olur (Көзден алыс болған көңілден де алыс болады).

Көз қимылы арқылы түрлі ақпараттық белгілер жасырынған. Екі тілдегі паремияларды талдау нәтижесінде «көз» концептісі негізінде адам психологиясымен байланысты ең көп кездескен 5 фрагмент айқындалды:

1. сақтық;

2. тілек, қалау;

3. наразылық;

4. ризашылық;

5. мұң;

1.1. Қазақ тілінде «көз» концептісі бар сақтыққа байланысты мынадай паремиялар табылды:

Көз-қарауыл: Оң көзіңе сол көзің қарауыл болсын;

Ақылы көзінде: Қазақтың ақылы көзінде, Қасиеті сөзінде;

Көргенге илану: Көргеніңе илан, естігеніңді тексер;

Алға, артқа қарау: Алдыңа бір қарасаң, Артыңа екі қара;

Көз астында көз: Көз астында көз бар, тіл астында тіл бар;

Көзге бізі тию: Етікшіден құлаш қаш, Бізі тиер көзіңе, сөзі тиер өзіңе; Көзінде болмау: Әкімнің көңілінде болсаң да, Көзінде болма;

Сақтаған көз: Сақтаған көзге шөп түсер;

Жау көзі: Кезенген жаудың көзінен сақтан, Сойқанның сөзінен сақтан т.б.

Жақсыға сұқтану: Жақсыға сұқтан, Жаманнан сақтан;
Жаманның көзі: Жаман көзден, жаман сөзден сақтан;
Көздінің көзі: Тілдінің тілінен сақтан, сөздінің сөзінен сақтан, көздінің көзінен сақтан;
Қарғаның бір көзі – боқта, бір көзі – оқта 1. ауызекі тілде қарғаның өте сақ құс екендігін ескертіп тұр; 2. күнкөріс те керек, сақ болу да керек деген мағынада айтылған [1, 391].

Қастағы сояу көзді аңдиды адамды ең алдымен жақындағы жауы аңдиды [6, 397].

Түрік тіліндегі сақтықты білдіретін паремиялар саны: 10 .

Жерден бас алмай қараған: Adamın yere bakanından, suyun sessiz akanından kork (Адамның жерден бас алмағанынан, судың сарқырамауынан қорқ);

İnsanın yere bakanlığından, hayvanın göğe bakanlığından kork (Адамның жерден бас алмағанынан, Хайуанның көкке қарап ақырғанынан сескен).

Ақкөз: Akgözden kendini sakın (Ақ көзден өзінді сақтан);

Алдына қараған: Ala bakan iki görür (Алға қараған екі қарар);

Түбі көрінбеген: Dibi görünmeyen kapta su içme (Түбі көрінбеген ыдыстан су ішпе);

Dibi görünmeyen sudan geçme (Түбі көрінбеген суды кешпе);

Қабырғаның көзі: Duvarın kulağı var, gözünü de unutma (Жар-қабырғаның құлағы бар, көз-шырағы барын да ұмытпа);

Сырт көрініс: Görünüşe aldanmamalı (Сырт көрініс алдамшы);

Қысты көзге алу: Yaz diye yola çıkarsan, kışı göze al (Жаз деп жолға шықсаңыз да, қысты есте ұстаңыз);

Ақылы көзінде: Türk'ün akli gözünde (Түріктің ақылы көзінде).

Екі тілдегі сақтыққа байланысты паремиялардағы ұқсастыққа тоқталсақ, қазақ та түрік те сақтық үшін тек көргеніне ғана сенеді. Түрік паремияларында жерге қараған, үндемей жүрген адамнан бір жамандық шығуы мүмкін, дәл сондай үндеместен сақтан дейді, ал қазақ паремияларында нақты бір адам мінезі болмаса да, жаман адамның көзі жаман әсерін тигізеді, сол көзден абай болу керек. Түрік паремияларында түбі көрінбеген зат күмән тудырады, яғни айқын болмаған нәрседен сақтану керек, сонымен қатар ақкөз адаммен араласқанда сақ болуды ескертеді.

Халықтық таным бойынша көз арқылы қоршаған орта мен адамдарға жағымсыз әсер етуге болады. Кей адамдардың көзінен сақтанбаса, көз тиеді деп есептелген. «Көз тию» халқымыздың дәстүрлі наным-сенімінің бір түрі. Халқымыздың түсінігінде жақсы адамға, сұлу қызға, кішкентай нәрестеге, жүйрік жылқыға т.б. көз тиеді деп саналған. Мысалы, бәйгеде озып шыққан жүйрік атқа көз тиеді деп халықтың көзіне көрсетпеген, ал кішкентай нәрестеге көз тиеді деп, маңдайына күйе жаққан немесе молдаға дұға жаздырып, тұмар тағып қойған. Бұл түсінік те мақал-мәтелдерде көрініс тапты.

Түріктерде де “nazar degmek” яғни көз тию деген түсінік бар, алайда жаман көзден сақтану керектігі жайлы ескерту айтатын паремиялар түрік тілінде табылмады.

2. Қос тілдің паремиясында көз метафоралық түрде адамның сараңдық деңгейі, оның қалаулары көрінетін асқазанға бара-бар. Қазақ мақал-мәтелдерінен бірнеше мысал келтірсек:

Көз көргенге тоймайды, құлақ естігенге тоймайды ауыс. адамның көзі әлемді көріп-білу үшін жаратылғандықтан, ол көре бергісі, біле бергісі келеді, құлақ та сол сияқты естуден жалықпайды. Мақалдың негізгі түйіні – адам баласының барлық болмысы, оның ең негізгі таным мүшелері – көз бен құлақ өзі өмір сүрген орта, қоршаған орта мен табиғатты түгелдей тану үшін жаратылған, адамның соны атқарғандығы абзал демекші [2, 356].

Көзі тоймау (жағымсыз мағына): Кедейдің қоржыны толса да, көзі тоймас;

Мешкейдің өзі тойса да, көзі тоймайды;

Көрер көз бен естір құлақ тоймайды;

Тауда туған құлынынның екі көзі таста болар;

Өзі тоймастың көзі тоймас;

Өзім тоымын, көзім тоймайды;

Арғымақ жабы болмайды,

Жалы кетіп арыса да.

Назары аштың көзі тоймайды,

Бақ пен қыдыр дарыса да;

Екі көзі аста болу: Ашаршылықта туған баланың екі көзі аста болар;

Қазақ паремияларында адамның «көзі тоймайтындығы» жайлы айтылады да, оның қай кезде тоятындығы жайлы сол паремиялар арқылы жауап береді:

Көз бір уыс топыраққа (ғана) тояды ауыс. әдетте тірі адамның көзі ешқашан дүниеге тоймаған; мал-мүлік, жиһазды жинап, байыған үстіне байи беру – жаман әдет; халық даналығы: адамның көзі тек дәм-тұзы тауысылып, дүние салғанда ғана, бетін топырақ жапқанда ған «тояды» деп түсіндіреді [1, 355].

Дүние – көздің құрты ауыс. дүние-мүлік, байлық адам баласының көзін қызықтырып, болғанның үстінен бола берсін деп құнықтыратын тойымсыз, пендешілікке апаратын өте жаман әдет екендігін ескертеді [2, 275].

Түрік паремияларында:

Aşın karnı doyar, gözü doymaz başa bir göz yeter;

Körün istediği bir göz, iki(-si) olursa ne söz;

Körün istediği iki göz, biri ela biri boz;

Bir anaya bir kız, bir kafaya bir göz;

Түрік тілінде «Türk'ün aklı gözünde (Түріктің ақылы көзінде)» деген мақал бар. Түрік өз көзімен көрмеген нәрсесіне оңайлықпен сенбейді деген мағынада айтылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «ақылы көзінде» тіркесіне мынадай анықтама берілген: 1.Терең ойламайтын, үстірт. Кейбірінің бар өнері, мақсаты киімін түземек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзінше бір дәулет біледі. Бұның бәрі өзін паш ету, өзін-өзі көрсетіп, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек (Абай, Тол жин.). Алайда паремияларда бұл жағымды ұғым ретінде көрінеді. Ондай мақал қазақ тілінде де бар: Қазақтың ақылы көзінде, қасиеті сөзінде. Яғни, қазақ сөздің қадірін біледі, оның бар қасиеті осы сөзінде, өсек сөздерге сенбей, көргеніне ғана сенеді.

Тек «Бойдақтың ақылы екі көзінде» паремиясында «ақылы көзінде» қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтамаға сәйкес келеді.

Түрік тілінде «ағаның көзі» деген ұғым кездеседі. Мысалы:

Ağanın gözü ata tımarıdır (Ағаның көзі атқа күтім);

Ağanın gözü öküzü (ineği) semiz eder (Ағаның көзі өгізді семіз етеді); Ağanın gözü, yiğidin sözü (Ағаның көзі, жігіттің сөзі).

Бір заттың немесе бір істің иесі әрдайым өзі ие болған нәрсені қадағалап отырса, іс жақсы жүреді. Ағаның көзі – өз мүлкін, ісін назарда ұстау, қадағалау мағынасында қолданылады.

«Көру» концептісіндегі ең басты үлкен ұғымдардың бірі болып таным саналады. Осы бір әрекет арқылы адам дүниеге деген түсінігін қалыптастырады. Алдымызда тұрған белгілі бір зат арқылы

«Көру» концептісіне кіретін паремиялардағы бірқатар сөздер ұлттың физиогномика саласына қатысты өзіндік ұғымын, білімін, тек өзіне ғана тән болатын еркшеліктерін де сипаттай алады. Осы концептіге кіретін әрбір бірлік халық тәжірибесінің нәтижесі. Осы таңбалар арқылы тіпті жантану ғылымының ережелері қалыптасады. Қазақ тілінде осындай ұғымдардың бірі – көзінен тану. Бұл тіркес тілімізде өте кең мағынада қолданылып, адамның сезімі, көңілі денсаулығымен байланысты айтылады. Сондай-ақ «көзінен тану» тіркесі арқылы адамның қандай екендігін оның өзін көзіне қарап айту мағынасында қолданады. Тілімізде бұл ұғым көп кездесетініне қарамастан паремиологияда ол көрініс таппады, ал түрік паремиясында осыған қатысты бірқатар паремия табылды:

Garip gözünden belli olur;

Dost yüzünden, düşman gözünden belli olur.

Gözünden belli – көзінен белгілі болу.

Алғашқы паремияда сырттан келген, бөтен адамды көз қиығына қарап тануға болады дейді. Бұл паремияда адамның кім екендігін, қандай ұлттан шыққандығын тану мағынасын беру үшін қолданған. Ал екінші паремияда достың да пейілін, көңілін, ниетін көзінен тануға болатындығын аңғартады.

Паремияларда қарама-қарсы мәнде берілген тіркестер арқылы да бұл құбылысты байқауға болады:

Бармақ басты, көз қысты 1. о баста: екі адамның қылмысты іс туралы бір-бірінің бармағын басып, көзін қысып, ымпай-жымпай болғандығы жайлы айтылған сөз; 2. екі адамның басқаларға айтпай, білдірмей, құпия түрде келісуі [1, 238].

Батырдың көзі – қорқатың көзі:

Батырдың көзі өмірге түседі, Қорқақтың көзі өлімге түседі өмір мен өлім жақталасында батыр қалай тірі қалсам екен, өмірімді қалай сақтап қалсам екен деп бойындағы күшін сол өмір үшін жұмсаса, ез «мынау жанталаста өлемін ау, қалайша тірі қаламын» дейді. Яғни батыр мұндай жақталаста өмір туралы ойласа, қорқақ тек өлім туралы ойлайды [1, 243].

«Көз» соматикалық атауының паремиялардағы мағынасының көптігі мен әртүрлілігі екі тілде де, қазақ және түрік тілдері лингвомәдениетінде маңызды орын алатындығын көрсетеді. Екі тілге ортақ және мағынасы жағынан өте жақын паремиялар көп. Шынымен, жақын туыстығы бар халықтарда басқа тілдік семьядағы халықтарға қарағанда еш өзгеріссіз кездесетін мақал-мәтелдері көп болады. Алайда ешқандай байланыста болмаған, қоғамдық дамудың әртүрлі сатысындағы халықтардың да мағынасы жағынан бірдей мақал-мәтелдері болады. Олай болса туыстық, байланыс және халықтар тарихының да пайда болған ұқсастықтың шешуші факторлары болмағаны. Әр халықтың мақал-мәтелдерінде өзіндік образдары мен реалийлер жүйесі бар, алайда олардың мазмұнының логикалық формасы ұқсас болады.

Қорытындылай келе, көз компоненті бар тілдік бірліктер мінез, физикалық күй, ақыл-ой, портрет, қимыл және іс-әрекетті білдіреді. «Көз» кодының басқа да мағыналары бар: көз адамның көру қабілетін сипаттайды; белгілі бір объектіге деген назарын көрсетеді; көз эмпирикалық жолмен алынған білім, тәжірибенің көрінісі; көз дененің жоғарғы мүшесінің элементі болғандықтан, бір заттың шектен тыс немесе аз болу өлшемі болады; көз тылсым күшке ие болып, қарғыс жасау арқылы адамды сәтсіздікке ұшыратады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. – 560 Б.

2 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 С.

МҰРЫН ЖЫРАУ СЕҢГІРБЕКҰЛЫ – СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ҚҰБЫЛЫС

Отарова А.Н.,

ф.ғ.к., Қауымдастырылған профессор

Есетжанова Ш.,

КЯЛ-18 тобының 4 курс студенті

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,

Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Маңғыстау өңірі тек территориялық тұрғыдан немесе тарихи күрделі оқиғалардың орны өткен мекен ретінде ғана емес, фольклорлық дәстүрдің алтын арқауы үзілмеген аймақ ретінде де бағалы. Олай дейтініміз: болған оқиғаны эпикалық тұрғыдан жырлап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін жырау, жыршылар бір күнде туылмайды. Ол үзілмей

келе жатқан игі дәстүрдің құнарлы топырағында ғана өсіп-өне алады. Күні кешеге дейін жалғасқан Мұрын жырау бойындағы ұзақ көсіліп жырлау қасиеттері фольклорлық-творчестволық тұлғаға тән синкреттіліктің белгісі.

Мақалада Маңғыстау өңірінде туған фольклорлық мұралардағы – ерлік жырларының молдығы мен эпикалық сипатының басымдығы туралы ғылыми зерттеулерге тоқталады. Эпикалық дәстүрдің үздік туындысы «Қырымның қырық батыры» жыры, оны бүгінге жеткізуші тума талант, жүйрік жырау Мұрын жырау Сеңгірбекұлының сөз өнеріндегі ерекше құбылыс екендігі әдеби – теориялық тұрғыдан зерделенеді.

Түйін сөздер: жырау, жыршылар, ақындық дәстүр, фольклорлық дәстүр, тарихи дерек, суырып салмалық, эпикалық дәстүр, мәдени құндылық, ғұмырнамалық тұтастану, философиялық ой, батырлық жырлары, Мұрын жырау құбылысы.

Жатқа айтатын репертуары бай табиғи таланты күшті жыршылар ел эпосының ең шұрайлы көлемді көркем нұсқаларын жадында ұстай білген. Яғни, заман дамуындағы түрлі өзгерістер мен ұлттық руханиятқа деген түрлі көзқарастар ықпалынан фольклорлық туындылардың, соның ішінде аймақ фольклорының пайда болу, даму, баяулау, тіпті жоғалу жағдайларын басынан кешіргені көрінеді.

Жыршылар жөнінде белгілі фольклортанушы Ә.Қоңыратбаев: “Олар асқан импровизатор, теңдесі жоқ күйші (домбыра, қобыз), яғни музыка өнерінің білгірі, ғажайып орындаушы, заман, ел жайын толғайтын, ойшыл, ұстаз,” [1,46] - деп анықтама береді. Қазақ фольклорын төңкеріске дейін жинап бастырған орыс ғалымдарының еңбектерінде жергілікті ерекшеліктерге мән берілмеген, олар жалпы қазақ фольклорын сипаттап тұтас тұрғыдан түрлі пікірлер тұжырымдаған. Мыс: В.В.Радловтың халық шығармашылығының ұзақ даму жолынан өткендігін, кейінгі кітаби ақындардың ауыз әдебиетіне әсерін байқаған тұжырымдары бағалы. Бірақ ғалым қазақ фольклорының барлығын түгел қамти алмауы себепті Маңғыстау өңіріндегі эпикалық дәстүр жайлы пікір білдірмейді. Маңғыстау өңірінде туған фольклорлық мұралардағы – ерлік жырларының молдығы мен эпикалық сипатының басымдығы басым белгі екенін қазақ ғалымдары өз зерттеулерінде түрлі дәрежеде тілге тиек еткен. Бірақ кең ауқымда сөз етуге заман қысымының ықпалы кедергі келтірген.

Белгілі ғалымдар: С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов бұл дәстүрді ел басынан өткерген ірі оқиғалардың себебімен байланыстырады. Сондай-ақ өлкеде ерлік жырлары көп пайда болып, оның халық арасына кең таралып, жетуіне қызмет еткен дәстүрлі ақын-жыршылар ортасының өз дәстүрін ұзақ уақыт үзбеуі де себеп болған.

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі халық өміріндегі ішкі-сыртқы шиеленісті жағдайларының бәрі оның фольклорына сәулесін түсіреді. Халықтың дәстүрлі ел қорғау идеясын қайта жаңғыртып, ел қорғаған ерлер жайлы бұрынғы жырлар кең жайылумен қатар, өз дәуірінің ержүрек ұлдарын дәріштеген жаңа сипатты ерлік жырлары туады.

Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы, қазақ халқының өзі болғанымен, халық творчествосын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындары және халық билері. Шешендікпен өз ойын ырғақ әуенмен жеткізу қабілеті күллі қазақ халқына тән қасиет. Бұл тұрғыдан, әсіресе, өлеңші, ақын, халық билері ерекше көзге түседі. Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар, халық әдебиетін жасаушы бұлардың есімі көп жағдайда ұмыт болған, әйтсе де, қайсыбір шығармаларының туу тарихы белгілі бір есімдермен байланыстырылады.

Халық ақындары өз туындыларын әрқашан табан астында суырып салып шығарады. Және әдетте оны өздері хатқа түсіре қоймайды. Бұл суырып салған шумақтар сол бойда жатталып, белгілі бір адамның туындысы ретінде біреуден-біреуге жеткізіледі. Қайта айтушының өзгерістер енгізетіні, авторы неғұрлым ертеде өмір сүрсе, соғұрлым өзгерістердің де көп болатындығы, әрине, табиғи құбылыс. Сондықтан да қазіргі кезде белгілі ақын атына таңылатын шығармалардың да фольклорлық сипаты басым.

Белгілі халық жырлары, поэмалары, т.б. кімнің аузынан тұңғыш рет жазылып алынса, соған таңылады немесе кейбір ақындар қайсыбір нұсқаның соңғы жеткізушісі өзі болғандықтан, авторлықты өздеріне иеленеді.

Мысалы, Қ.Жұмалиев Абылды қазақ жерінің батыс аймағындағы әдеби ортаның ірі өкілдерінің бірі деп бағаласа, М.Әуезов үздік ақын ретінде, Е.Ысмайылов творчестволық дәстүрлері өз заманындағы ақын-жыршыларды үнемі қызықтырып отырған асқан жүйрік импровизатор ақындардың қатарында атайды.

Халық ақындарының дені суырып салмалық қасиетке ие. Импровизациялық өлең айтуда творчестволық үлкен жауапкершілік бар, бұл қасиет ақынның жаратылысында сүтпен кірген, сүйекке сіңген қасиетпен бірге бұрынғы машықты үздіксіз үйренуге, бұрынғы дәстүрді дамытуға төселуге байланысты туып, дамып шыңдалатын өнер. Талапқа қарай, талғам, тақырыпқа қарай білім керек. Өмірден бейхабар, аймағынан басқа алысты көрмейтін адамнан қанша құйма құлақ зейінді болса да, арқалы ақын шықпайды. Білген адамға көңілінде, творчестволық қиялында толғағы жетіп, күйіне келіп жүрген тақырып болса, ол туралы сұлу да мінсіз, ойлы да өрнекті өлең шығару қиынға соқпайды”. Батыс өңіріндегі ақындардың көпшілігі жазбаша сауаты бола тұра импровизацияға сүйенген. Мысалы, Қашаған өзінің шәкірттеріне “қолма-қол ағыт” деп талап қойса, Ақтанның: “мен – бөгесе бөгет бермейтін Қаратаудың ақпары”, Насихаттың: “арнасы бөгет бермейтін ақпалардың көзімін” деуі, Нұрым мен Аралбайдың, “қолыма қалам алып хат жазғанмын” дегенімен негізгі туындыларын төкпелік дәстүрмен шығарғандығы анық байқалады.

Әр шығармашылық тұлғаның өзіндік құлақ күйі, қол қағысы, музыкалық қолтаңбасы болған. Бірде асқақтап, биік шығатын, бірде сорғалап төмен құйылатын сөз ақын жырының мықты сүйенішіндей. Мысалы, Қалнияз, Мұрын жыраулар Батыс Қазақстан, Ақтөбе маңының, Атырау жағалауының ақындарына тән жорық жырларының сарынын беретін екпінді, атойлы күйлерді тартқан. Мұндай жыр сазын Маңғыстау елінде “жыр күйлер” қарақалпақ, түрікмен жеріндегі қазақтар “жыр сарыны” деп атаған.

«Қазақтың батырлық эпосын айтып таратушы Ақтан, Нұрым, Қашаған жыраулар осы соңғы аталған дәстүрдің өкілдері. Желілі жырларды желпіте, дамыта айтқандықтан халық бұларды жырау деп те, жыршы деп те атап кеткен». ,” [2,85] - Бұл жүйедегі жырауларда заманды тұспалдай айту жоқ, бұлар негізінен ел аузында жатталып келе жатқан, тарихқа байланысты батырлық бейнелерді өзінің сынынан, ой елегінен екшеп өткізіп алып айтатын болған. Жырау бойына тән қасиеттердің көп белгісі маңғыстаулық жыраулар шығармашылығында көрініс тапқан. Жыраулық өнердің мүлде жоғалып кетпей, ақындықпен немесе жыршылдықпен сабақтаса дамып, бір кісінің бойынан табылатынына біздің заманымызға дейін жеткен Сәттіғұл жырлары дәлел.

Батыс өңіріне ғана емес, қазақтың эпикалық дәстүрінде оқшау орны бар Мұрын Сеңгірбаев (1860-1952) батыс өлкедегі жайлаған адай еліндегі, көрші қоныс тепкен түрікпен Қарақалпақ елдерінде аты шығып, даңқы жайылған ақындардан жыраулардан, жыршылардан көп тағылым алған. Мұрынның рухани тәлімгері Абыл болғанын, ал Абылға жеткен жырлардың түп-төркіні Сыпыра жырауда жатқанын Қ.Сыдықов айтады: “Өлең жылқы секілді еді, шын жүйрік саулағанда жанға шалдырмайтын... Сөздің мәнісін жыршы біледі. Сен бізден кейін елге жыршы боларсың” [2,125] депті деп Абылдың Нұрымға сенім білдіруі дәстүрді жалғастыруға жауапкершілікпен қарағанын көрсетеді.

Мұрын жыршы ғана емес, өз жанынан тың тақырыпқа өлең шығарып айтқан. Оның үлкен қасиеті – желілі жырларды ұзақ уақыт бойы талмай айтқан және уақиғаны шашыратпай, мазмұнын жинақылап, жүйелей, логикалық тұрғыдан бұзбай шебер орындаған. “Мұрынның жыршылығы мен жыраулығы қатар келісімін тапқан, өнердің бір-біріне ұқсас екі басын тең ұстайтын телегей адам еді”.

1942-1943 жылдары Мұрыннан “Қырық мың жол Қырымның қырық батыры” мен Нұрпейіс Байғаниннен “Қобыланды”, “Құбығұл”, “Төрехан” сияқты дастандар жазылып алынған. Бірақ ол кезеңде жыршының талант қуатының жан-жақты ашылуына мүмкіндік те болмаған.

“Қырымның қырық батыры” кейде “Ноғайлы жырлары” деп аталады. Бұл эпостағы кейіпкерлердің көпшілігі Алтынорданың ыдырау, Қырым хандығының орнауы кезіндегі адамдар екендігі жайлы құнды пікірлерді алғаш айтушылардың бірі – М.Ғабдуллин мен Қ.Жұмалиев.

Яғни Сонау Асан, Сыпыралар негізін салып, олардың мұрагерлері ұзақ жылдан дамытқан ата-баба аманаты Мұрын арқасында бүгінгі ұрпаққа жеткен. Ол телегей теңіздей мол дүниені сан жылдар жадында сақтап, ерекше шеберлікпен жүйелі орындайтын біздің дәуірімізге жеткен бірден-бір үздік жыршы болды. Алайда, кеңес үкіметі тұсында жазып алуға әрекет жасалғанмен өз дәрежесінде нәтижелі болмаған. Себебі: Нұрпейісше айтсақ: “Түйдектелген, ақындықтың ажары болған түйінді сөз жүйрік ат сияқты тобырлы жерден шығады”. Мұрын жанынан өлең шығарған ақпа-төкпе ақын емес. Ол көбінесе басқа атақты ақын- жыраулардан естіп үйренгенін жүйелей, дамыта айтатын айтулы жырау болған. Сала-сала батырлар жырын ұзақ уақыт шебер орындайтын үздік жыршылығы үшін халық оны жырау атаған. Әрине, сонша мол дүниені үйрену, ұзақ жырларды сан жылдар есінде сақтау үшін де ғаламат қабілет, жаттағанын ұмытпайтын зеректік керек. Осы қасиеттің бәрі Мұрын жыраудан табылған.

Сондай-ақ ақындық шабыт пен көңіл-күй, түрлі ахуал да ақынға әсер етеді. “Суырып салма ақынның өлеңі аққан өзен сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тоқ еткізіп жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайтып ақынға соқпайды”

Қазіргі таңда зерттеушілер бұл тарихи-қаһармандық эпостың әлемдік деңгейдегі Гомердің “Илиадасы” мен “Одиссеясы” шығыс халықтарының “Мың бір түні”, қырғыздың “Манасы” тәрізді адамзаттың мәдени құндылықтары қатарынан орын алуы тиіс екендігін айтуда. Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Н.Сауранбаев, Е.Ысмайлов, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Қ.Сыдиықұлы, С.Қондыбай т.б. еңбектерінде «Қырымның қырық батыры» жыры әр қырынан зерттеледі. Ғұмырнамалық тұтастануға түскен жыр В.М.Жирмунский, Е.М.Мелетинский еңбектерінде талданған.

Аты аңызға айналған атақты жырау халқымыздың сан ғасыр бойы жинаған асыл мұрасы – рухани қазынасын жаңғырта, жасанта жырлап, кейінгі ұрпаққа жеткізді. Сонау заманда Сыпыра жырау негізін салған «Қырымның қырық батыры» жырлары кезінде батыс Қазақстан, Атырау бойы өңірінде кең тарап, оны жүйелі жырлау дәстүрі ғасырдан ғасырға ұласқан. Бұл дәстүр әр дәуірде дарынды жырауларды дүриеге әкеліп отырған. Жоғарыда аталып өткен жыршы- жыраулар осы дәстүрдің дамуына үлес қосқан өнерпаздар. Сол дәстүрді дамытып, біздің дәуірімізге жеткізуші – осы Мұрын жырау.

Ұлы жырау қазақ қоғамының басынан өткен тарихи оқиғалардан әбден құлағдар боп өскен.

Ал XIX ғасыр белесінде Маңғыстау өлкесі, Орта Азия, Қазақстан аумақтарын қамтыған қоғамдық өмірдің күнгейі мен беткейі жыраудың жан-жүрегінен, ақыл-ойынан өтіп, қорытынды жасалған. Міне, осындай дүниежүзілік тарихи орта Мұрын жыраудың да азамат, ақын, күрескер ретінде қалыптасу ортасы болған. Бірақ, жырау естіп білгендерін бір құлағына кіргізіп, екінші құлағынан шығарып салушы жай ғана көптің бірі емес. Ол бұларды ақыл елегінен өткізіп, ақылына ақыл қосуға ұмтылған. Сол арқылы ұлы Абайдың “Болмасаң да ұқсап бағына” жүгініп, абыз аталарға ұқсап бағуға ұмтылған. Мұрын батырлық жырларды қандай ұзақ болса да, бір-екі айтқаннан-ақ ауызша үйреніп, жаттап алатын аса зерек, қабілетті кісі болған. Оны өзінше дамытып, тыңдаушыға қызықтыратындай сан түрлі саз-әуенмен жырлап отырған. Ол жыр айтып көптеген жерлерді – Маңғыстаудың ойы мен қырын, Атырау алқабын, Қарақалпақ, Өзбек, Түрікпен елдеріндегі қазақ ауылдарын аралайды. Мұрын өзі айтқандай Хиуа, Бұқар, Байрамалы, Теджент, Көне Үргеніш, Нөкіс секілді отыздан астам қалаларда болып, жыр айтып, атағы жайылған. Мұрын қырық жасқа келгенде жыр айтуды азайтып, өзінің ата кәсібі зергерлік, ұсталықпен айналысады. Бұл кездерде оған Сәттіғұл, Дүйсенбай, Айткүл, Сәду, Өткелбай, Шамғұл секілді ақындар мен жыршылар келіп, жыр тыңдайды.

Қырық екі жыл бойы ұсталық, зергерлікпен айналысқан Мұрын сексеннен асқан шағында жыршылық өнерге қайтадан ден қояды. Ұлы Отан Соғысының қиын күндерінде 1942 жылы Мұрын жырау Алматыға шақырылады. Онда баласы Дәуітбай екеуі бес айдай болып, СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының өтініші бойынша «Қырымның қырық батыры» деген жырдан отыз алты батыр туралы жыр айтып, жаздырады. Төрт батыр туралы жырды 1947 жылы жаздырып жібереді.

«Қырымның қырық батыры» жыры бас қаһарманы қырық бір батыр болатын отыз бес жырдан құралған эпикалық жырлар топтамасы. Үлкен еңбекпен жазып алынған «Қырымның қырық батыры» деп аталатын «Ноғайлы жырлары» қазір Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасында сақтаулы тұр. Қырық батыр туралы жырлар «Ала тайлы Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», «Ер Қосай», «Манашы ұлы Тұяқбай», «Телағыс», «Айсаның ұлы Ахмет», «Қарға бойлы Қазтуған», «Асанқайғы», «Абат», «Тоған», «Алау», «Әмет», «Төрехан», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Қыдырбайұлы Қобыланды» сияқты батырлар жырынан тұрады. Қырымның қырық батырында» ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы және одан кейінгі дәуірдегі батырлар жырланады.

Академик Н. Сауранбаев бұл жырларды қазақтың халық болып қалыптасу кезеңімен байланыста қарайды. «Қырық батыр» құрамындағы жырлар әр дәуірде туған. Ел тағдыры сыналған елеулі оқиғалар кезінде жыраулар сол жырларды қайта жаңғыртып, өткен дәуір батырларын өнеге ретінде жырлаған.

«Қырық батыр» жырларында ноғай, қазақ батырларының қалмақ, қызылбас, ындыс-қалмақтар басқыншылығынан елін, жерін қорғауға, өз елінің тәуелсіздігі үшін ерлік күрестері суреттеледі. Ғалым С. Садырбаев байыптағандай, «Қырық батыр» жырларында, әсіресе, батыр өмірінің туғаннан өлгенге дейінгі әр кезеңін нақты суреттейтін өмірбаяндық және тұқым қуалап, үрім-бұтағының бәрі батыр болатын генеологиялық сипат басым». [3,1056].

«Қырық батыр» жырларында өмірде болған адам, ел, жер, су аттары кездесе тұрса да, оған нақты тарихи дерек ретінде қарауға болмайды. Бұрынғы жыраулыр да, Мұрын да тарихта болған оқиғалар мен адамдарды дәлме-дәл өмірдегі қалпында, шындық тұрғысынан көзсетуді мақсат етпеген, олар баба жыраулар арқылы ұласқан көне сюжеттерді халықтың арман-мұраты тұрғысынан қиялға бөлеп суреттеген.

Профессор Р.Бердібеаев батырлық жырларды зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып: «Эпостан тарихта ерекше роль атқарған дәл, нақты тұлғалар мен оқиғаларды іздемеу керек, табиғаттың мейірімсіз дүлей күші мен басқыншы жырауларды жеңген, халық ой-санасында қорытылған батырдың жинақы образын іздеу керек», - дейді. [4]. Бұл пікірдің халық эпосына, оның ішінде «Қырық батыр» жырларына да тікелей қатысы бар. Ғалым осы мақаласында «Қырық батыр» құрамындағы «Едіге», «Қарасай, Қазі», «Орақ, Мамай», «Нәрік», «Мұсахан», т.б. жырлардың қай-қайсысы да дәл тарихи дерекке емес, аңызға, ертегілік сюжеттерге негізделгенін жазады.

«Мұрын ноғайлы оқиғасын реалдық сурет деп алмайды, - дейді Ә.Қоңыратбеу, - сол оқиғаларға қазақ еліне тән ертедегі аңыздарды қосып, эпизм стиліне сүйенеді. ... Мұрын тарих емес, аңыз қуады». Расында да, «Қырық батыр» жырларында батырларды ерекше әсерлей суреттеу, жауды да дүлей күш иесі етіп бейнелеу сияқты ертегілік, аңыздық, қиял-ғажайыптық сипаттар басым. Бұл – эпосқа тән жарасымды белгілер, жырдың көркемдік құнын әйгілейтін қасиеттер.

Жырау жасының ұлғаюы, арнайы құнттап жазып алмау нәтижесінде тізімде аталған мұралар түгелдей хатқа түсіп үлгермеген. Себебі, Қашағаннан үйренген «Көрұғлы» туралы жыр әңгіме, Нұрымнан үйренген «Оғыз», «Құлыншақ батыр туралы жырлар», «Араб елінің Рамуз патшасы немесе Қысырау патша туралы жыр, әңгімелер» мұрағат қорларында кездеспейді. Мұның бәрі өкінішті десек те, «Қырық батыр» жырының кейінгіге жетуі аз олжа емес. [5,197].

Қазақ фольклорының алтын қорына “Қырық батыр” сияқты қымбатты қазына алып келген Мұрын жырау еңбегін М.Әуезов, В.М.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, М.Ғұмаров, Р.Бердібаев, Қ.Сыдиықов сияқты ғалымдар жоғары бағалаған.

Ол өз заманында теңдесі жоқ мол жырды зердесінде ұстай білген құймақұлақ орындаушы ғана емес, сонымен қоса үлкен диапазонның ақыны, сөз зергері, суреткер жан. Ол көбінесе басқа атақты ақын-жыраулардан естіп үйренгенін жүйелей, дамыта айтатын айтулы жырау болған. Сала-сала батырлар жырын ұзақ уақыт шебер орындайтын үздік жыршылығы үшін халық оны жырау атаған. Әрине, сонша мол дүниені үйрену, ұзақ жырларды сан жылдар есінде сақтау үшін де ғаламат қабілет, жаттағанын ұмытпайтын зеректік керек. Осы қасиеттің бәрі Мұрын жыраудан табылған.

Оның бар өмірін «Қырымның қырық батыры», Көрұғлы сияқты жырларды жырлауға арнауының өзі тегін емес. Ұстаздары Нұрым, Мұрат, Қашаған сияқты жыр дүлдүлдері. Атырау, Қарақалпақ, Түрікпен аймағында Мұрын деңгейіне жетпегенмен, онымен бір кезеңде өмір сүрген Мұса мен Сүгір, Өмір мен Айтқұл, Өткелбай мен Дүйсенбай сияқты жыршылар болған. Бұлар да Мұрын сияқты Нұрым мен Қашағаннан үйреніп, Қалнияз бен Қарасайлардан өнеге алған.

“Қырымның қырық батыры” туралы эпопеялық туындысы Мұрынның бүкіл өмірі бойы төккен терінің, үздіксіз творчестволық ізденісінің жемісі. Ғасырлар бойы қырық бір батыр туралы жыр ел аузында шашыраңқы күйде айтылып келсе, аса дарынды тұлға болмаса, қырық бір жыр поэмалардың бәрін біртұтас эпопеялық шығарма деңгейіне жеткізу мүмкін емес еді [6,323]. Міне, осындай аса күрделі де жауапты міндетті орындау Мұрын Сеңгірбекұлының үлесіне тиді.

Мұрыннан кейін жырауды көрген, одан өнеге алған Шадыман мен Жанжігіт, Әлқуат пен Ұзақбай, Құмар мен Назарбек, Сәду мен Сұраубай сияқты ақын, жыршылар елге танылады. Бұл дәстүрді кейін Қобылаш пен Бүркітбай жыршылар жалғастырса, қазіргі Амандық Көмеков пен Масат Аяповтар да осы дәстүрдің ізбасарлары еді. Өмір бойы ерлік, елдікке үндеген батырлық жырлардың рухымен ерекше шабытқа бөленіп, әсем әуен, сырлы саз қанатында самғап келген Мұрын жырау феномені - әлемдік сөз өнеріндегі ерекше құбылыс, қазақ жыршылық, жыраулық дәстүрінің бірегей болмыс-бітімі деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: 1972. –355 б.
2. Сыдиықұлы Қ. Ақберен.ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ ақын жыраулар шығармалары.– Алматы: «Нұрлы әлем», 2007. 576 б.
3. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы: 1977. – 490 б.
4. Бердібаев Р. Эпостың тарихилық мәселесі.– Алматы: 1982. –490 б.
- 5.Қоңыратбаев Ә. Эпос және айтушылар. – Алматы: 1994. – 450 б.
6. Сыдиықов. Қ. Бес ғасыр сөйлейді. – Алматы: 2014. – 392 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ БАҒЫТЫ

Нұхы Ж.Ч.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

ІІІ. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Постмодернизм бағытының әлемдік мәдениетке тигізген ықпалы өте зор болды. Қоғам санасының дамуы нәтижесінде пайда болған бұл бағыт бір шеңбер бойымен қалыптасып қалған өмірге жаңаша идеология алып келді. Бұл әдебиетте де постмодернистік

шығармалардың тууына, жазылуына септігін тигізді. Мақалада әдебиеттанудағы алғашқы постмодернистік қаламгерлер және олардың шығармалары жайында баяндалады.

Түйін сөздер: Проза, модернизм, постмодернизм, жаңа идеялогия, постмодернистік бағыттағы алғашқы шығармалар Э.С.Сервантестің «Дон Кихот», Ф.Рафленің «Гаркантю мен Пентагрю», Ф.Кафканың «Құбылу», Ж.П.Сартрдың «Айну».

Бастапқы кезеңде философиялық ұғым ретінде қалыптасқан «постмодерн» терминінің этимологиялық мәнін, негізгі мағынасын анықтап, саралап, талдауға бағытталған әр түрлі дерлік ғылыми кітаптар мен еңбектердің саны мен сапасы жағынан алуантүрлілігі оның әлемдік мәдени аренада негізгі бағыттардың бірі екендігін айқындайды. Алдымен постмодерн не деген сауалға алдын-ала жауабын бере кетейік.

Жер жүзіндегі тарих атаулы бірінен соң бірі алмасып келетін сан мың жылдық ғасырды өткеріп, бірнеше мәдени дәуірлерді адамзат көзімен көріп, басымен кешіргені баршамызға белгілі. XX ғасырдың орта шенінде орын алған екінші дүниежүзілік соғыс уақытынан бастау алып, бүгінгі біз кешіп отырған заманға ілесіп келген, мәдениет атаулысын қамтып отырған дәуірді постмодерн деген атаумен атаймыз. Бұл бағыт өзіне дейінге әртүрлі мәдениет атаулысы ұсынған жүйелерді, атап айтқанда «өзіндік идеялардың» қайталануынан шаршаған, тоталитарлық жүйеге, белгілі бір идеологияға құрылған ойлардан жалыққан, түбейгейлі бас тартқан жаңашыл мәдениеттің үлгісі ретінде таныстырылды.

Жаңашыл мәдениет ретінде танылған постмодерндік мәдениеттен жекелеген салалардағы бағыт атауларын қамтитын постмодернизм ұғымы пайда болды. Жаһандық, яғни әлемдік «мәдениеттің соңы» деген атауға ие болып қарастырылатын постмодернизм анықтамасы өнер салаларының барлығында дерлік көрініс тапты. Алғашында ол сәулет пен бейнелеу өнерінде ғана болған болса, кейіннен музыка, мүсін өнерлерінде, сонымен қатар әдебиетте де постмодернизм бағыты ауқымды шығармалар тууына себепкер бола білді.

Әдебиеттегі постмодернизм бағыты жайында сөз қозғар болсақ, жалпы әдебиеттегі постмодернизм XX ғасырдың 50 жылдарынан, яғни ғасырдың орта шенінен бастап белең алды. Бірақ бағыт ретінде көп тұстарда мойындалмай, тек 80-жылдарда ғана өзінің әдебиетте айшықты орны бар бағыт ретінде мойындалып, дами бастады. Батыс еуропа елдерінде де алғашқы уақытта постмодернистік әдеби шығармалар латентті яғни жасырын түрде дамып, тарады. Постмодернизм бағытының даму, қалыптасу уақыты осылайша ұзаққа созылды. Соңғы уақыттарда пайда болған постмодернистік бағыттың ережесі бойынша постмодернистік шығармалар өзінің басталған кезеңін бұл бағыттың дамымай тұрған кезеңіне алып барып тірейді, яғни постмодернистік шығармаларды соңғы жылдардағы еңбектерден ғана емес, ертеректегі шығармалардан да көре аламыз. Әдебиеттануды зерттеп, зерделеп жүрген ғалымдардың пікірі бойынша постмодернистік алғашқы шығармалар, туындылар XX ғасырдың 20-жылдарынан, яғни Х.Л.Борхестің еңбектерінде кездеседі десе, кейбір ғалымдар бұл пікірмен келіспейді. Олардың ойларына постмодернистік эпикалық, поэзиялық шығармалар Х.Л.Борхеске дейін де болған деген пікірді алға тартады. Оған мысал үшін ағылшын әдебиеттанушысы Э.С.Сервантестің «Дон Кихот», Ф.Рафленің «Гаркантю мен Пентагрю» сонымен қатар Ф.Кафканың «Құбылу», Ж.П.Сартрдың «Айну» атты шығармаларында кездесетінін баяндаса [1], француздың постмодернист-философы Ж.Делез постмодернистік шығармалардың түп негізін Платонға алып келіп тірейді, оған дәлел ретінде «Платон и симулякр» шығармасын алады. [2]

Жалпы постмодернизмнің көркем әдебиеттегі көрінісі мен жай-күйі әдебиеттанушы ғалымдар арасында көп талқыланатын және әртүрлі қарама-қайшылыққа келіп тірелетін негізгі тақырыптардың бірі. Өйткені италиялық тіл маманы У.Эко айтқандай «әрбір көркемдік дәуірдің өз постмодернизмі бар». Ал амаерикандық әдебиеттанушы И.Хасан постмодернистік бағыттың негізгі қасиеттерін атап өткен. Олар: шығармадағы оқиғаның белгісіздігі, фрагменттілігі, ережелерден бас тартуы, «Мен» атты ұғымның жоғалуы, келемеж (ирония), гибридтенуі, карнавалдылығы, құрастырмалығы, екіұштылығы мен күдік тудыруы жатады. Әдебиеттанушы ғалым Д.Затонский болса: «мен барлық осы белгілерді

бөлшектеу деп атайтын едім. Сонымен қатар, белгілі бір белсенді Тәуелсіздік оларды біріктіреді. Өйткені, ирония да, өзін-өзі қорлау да, пародия да, өзін-өзі тудыру да жаратылысқа жатпайды. Оның бәріне күмән келтіруге дайын екендігі және сонымен бірге барлық күмәнді адамдарды күту мүмкіндігі одан да аз» [3] – деп жоғарыда баяндалған сипаттың барлығын да туындының көркемдігін жоюшы деп ашық түрде сынады. «Сондықтан да болар постмодернистік туынды шынында да белгілі бір ойын ретінде қабылданады» [4, б.267], - деп А.Ісмақова өзінің «Бүгінгі постмодернизм» атты мақаласында негізгі ойын қорытындылап, тұжырымдайды.

Біршама еңбектерде ғалымдар постмодерн анықтамасы туралы нақты дерек жоқтығын тілге тиек етіп, оны модернистік бағытпен салыстырып, түсінік беруге тырысады. Дегенмен әдебиеттануда пайда болған бұл бағыт сан түрлі зерттеулер мен өзекті пікірлерден кейін негізгі поэтикасы айқындала түсті.

Постмодернизм бағытын ең алғашқы зерттеп, ғылымға енгізген теоретик ғалымдар Ж.Ф.Лиоттор мен америка ғалымы И.Хассан болды. Олар негізінен постструктурализм мен деконструктивизмнің ережелеріне сүйенді және оның маңызды деген ұғымдарын пайдаланды. Ол түсініктер мынадай болды: қоршаған ортаның хаосы, постмодерндік сезім, қарама-қайшылық, әңгімелеудің дискерттілігі, ноноселекциясы, метаәңгімелігі және т.б. ғылыми атаулар енгізді.

Жоғарыда аты аталған постмодернистік мәдениетті зерттеуші ғалымдар өздерінің еңбектері арқылы әлемдік қатынас түрлерін өзгертті, әсіресе гуманитар мен әлеуметтік пәндерге жаңашылдық алып келді. Осы еңбектердегі басты пікірлерді қорытындылай келе, негізгі тұжырымымыз постмодернизмнің ғылымға алып келген жаңашылдығы, ойлары қалыптасып қалған идеологияларға, бір кезеңде дамуын тоқтатқан біртұтас сенімдерге қарсы үлкен жаңалық болды. Постмодернизм – модернизмнен кейінгі кезеңде туып, оның негізгі ережелерін, кейбір әдістері мен тәсілдерін өзіне қабылдағанымен, модернизмге қарама-қайшы бағыт болып саналады. Модернизмдегі сияқты постмодернизмде автордың «меніне» күмәнмен қарау, басты ролді автор емес мәтіннің атқаруы, аласапыран яғни хаостың орын алуы, өмірден мағына іздеуден бас тарту және өмірден баз кешу, шығарманы ойын ретінде беру, міне осы анықтамалардың барлығы да постмодернистік әдебиеттегі шығармаларға тән. Постмодернистік шығарма тудырудағы басты құралдарға интертекстуалдық, метапроза, ирония, көркемдік сипаттың орын алмауы сияқты осыған ұқсас түсініктерді айта аламыз. Орыстың әдебиетші ғалымы И.Ильиннің тұжырымдамасы негізінде постмодернистік бағыт белгілі бір ұлттың тарихына, социологиялық ортасына және халықтық мәнмәтініне байланысты өзгермелі болады, сонымен қатар көп мағыналы мәнге ие болып табылады[5].

Постмодернистік мәдениеттің әдебиеттегі бағыты Еуропа мен АҚШ-та канон модернизмнен кейін дүниеге келсе, Кеңестік республикадағы мемлекеттердің әдебиеттануда романтизм мен реализмнің аражігіндегі модернизмге қайта аяқ басу шағында пайда болды. Сол себепті бұрынғы кеңестік елдердегі модернистік әдебиет пен постмодернистік әдебиеттің мәні Европалық бағыттарға қарағанда басқалай екендігі белгілі. Қазақ әдебиетіндегі бұл бағытты Еуропаның әдебиетіндегі постмодернизммен бірдей деп қабылдауға болмайды. Постмодернизмнің Еуропа мен АҚШ-та туылу, пайда болу себебі басқа да, біздің әдебиеттегі пайда болу себебі басқа. Жалпы қазақ әдебиетіндегі постмодернизм модернизм мәдениетінен кейін емес, кеңестік реализмнен кейін бірден келді. Өйткені модернизм бағыты басталған шақта қазақ әдебиетінде бұл бағытқа түрпідей қараушылардың қарасы көбейіп, бұл бағыттың ғұмыры ұзақ болмады. Бірақ та постмодернизм кеңестік реализмнің шекпенінен шыға біліп дамыды. Постмодернизм сол уақыттан бері «модернизмнен кейінгі» деген ережеге телінді. Бастапқы шақта өз дамуын кешеуілдеткен модернизмді постмодернизммен шатыстырушылар көп болды. Бірақ, кейіннен постмодернизм өзіндік жеке ғылыми термин ретінде аталуға толық құқылы екендігін таныта білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ливовецкий М.Н. Русский посмодернизм. -Екатеринбург;Урал ГПУ, 1997. -317с.
2. Делез Ж. Новое литературное обозрение. – 1993. -45-56с.
3. Затонский Д. Постмодернизм в историческом интерьере. -1996. -182-205с.
4. Исмакова А. Қазақ әдебиеттануы. -Алматы:Елтаным, 2015. -284б.
5. Ильин И.П. Постмодернизм. Словарь терминов.-2001.-384с.

ҚАШАҒАН МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚАБИБОЛЛА СЫДИЫҚҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕГІ

Сәрсенқызы А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Қашаған Күржіманұлының мұрасын зерттеудегі белгілі әдебиет зерттеушісі Қабіболла Сыдиықұлының еңбегі сөз болады. Қазақ әдебиетін зерттеуде зерттеуші еңбегінің мол екендігі айтылып, әсіресе Маңғыстау ақын-жыраулар шығармашылығын зерделеудегі, Қашаған ақынның мұрасын байыптаудағы жемісті еңбегіне баға беріледі.

Түйін сөздер: қазақ әдебиетінің зерттелуі, Қабіболла Сыдиықұлы, жыраулар поэзиясы, Қашаған Күржіманұлының мұрасы.

Қабіболла Сыдиықұлы – ауыз әдебиетін, ақын-жыраулар мұрасын шашауын шығармай жинаған ғалым. Ғалымның артына қалдырған мұрасы талай іргелі зерттеулерге негіз болып келеді. Ақын-жыраулар мұраларын зерттеушілердің бірегейі Қабіболла Сыдиықұлы әдебиет тарихына және әдебиет теориясына қатысты құнды әрі көлемді еңбектер жазды. М.Мағауиннің «Алдаспанынан» кейін әдебиет әлемінде «творчестволық резонанс» тудырған Қабіболла Сыдиықұлы тұтас ғұмырын ұмыт болуға айналған Батыс өңірінің ақын-жыраулар мұрасын қайта жаңғыртып, «өшкенін жандырып, өлгенін тірілтуге» арнады. Тіпті, бірқатар профессор, ғалымдардың тарапынан оның еңбектері Мәшһүр Жүсіптің фольклорлық жинақтауларымен пара-пар деп, ал өзі Батыстан шыққан «екінші Зейнолла Қабдолов» деп бағаланды. Қабіболланың ғылыми дәрежесі кандидаттықпен ғана шектелгенімен, небір академиктер атқаратын жұмыстарды атқарып кетті. Бұған оның әдеби, ғылыми зерттеу еңбектері, атап айтқанда, «Ақын-жыраулар», «Топан», «Ақберен», «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті», «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Көркемдік өрнектер», «Бес ғасыр жырлайды» т.б. және фольклорлық экспедициялары туралы көл-көсір естеліктер айқын дәлел бола алады.

Қабіболла Сыдиықұлы Маңғыстау аталатын қазыналы түбектің «дастандар дариясын», «жыр дариясын», «сөз дарияларын» мен «күй дарияларын», «өлең және өнер дарияларын» зерттеу мен жинақтау ісіне көп еңбек сіңірді. Әсіресе, мұхиттан маржан тергендей бұл орасан зор еңбектің ішінде жыр дүлдiлi Қашаған Күржіманұлының өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеу жұмыстарының орны бөлек. Ел арасында ауызша тарап келген, «бұрын әдебиет тарихында оқта-текте аталғаны болмаса, түбегейлі зерттелмеген» [1;5] Қашаған жырларының жазбаша нұсқасын архивтерде шаң басып жатқан жерінен ең алғаш болып зерттеп, зерделеп, қағазға түспеген нұсқаларын тірнектеп жүріп жинап, бірқатар мақалаларында талдай жүріп, кітап етіп бастырған, расында, осы Қабіболла Сыдиықұлы болатын.

Екі бірдей алып – М.Әуезов пен З.Қабдоловтан білім алған, ғылыми жетекшілігінде болған Қабіболланың Қашаған жырауды зерттеуі оның ғылыми еңбек жолының қайнар бастауынан, сонау 1960 жылдардан басталған. Бірінен соң бірі мерзімді баспасөз беттерінде

жарық көрген мақалаларынан ғалымның Қашаған мұраларын зерттеу ісіне жан-жақты әрі белсене кіріскені байқалады. Бұл ретте, зерттеушінің 1964 жылғы «Қашаған ақынның өмірі туралы деректер» [2] мақаласын, 1965 жылғы «Ақын мұрасы: Қашаған ақын шығармашылығы» [3] мақаласын, 1966 жылғы «Қашаған ақынның дастандары» [4], «Қашаған туралы деректер» [5], «Қашаған жырларындағы сатиралық мотивтер» [6], «Қашаған ақынның «Топан» дастаны» [7] секілді мақалаларын атауға болады.

Расында, Қ.Сыдиықұлын Қ.Күржіманұлын зерттеушілердің көш басында тұр деп есептеуге толық негіз бар. Ақын Фариза Оңғарсынованың: «Мен, Астанадағы академиялық ұлттық кітапханадан Қашаған шығармасын таба алмадым. Екі күн іздеп, әрең дегенде осы Ақтауда тоқсаныншы жылдары компьютер шықпай тұрған кезде баяғы типографияда Қабіболла ағаның шағын ғана алғы сөзімен басылған он бес-жиырма өлеңін тауып алдым» [8;20], -дегеніндей, қай уақытта да Қашағанды іздесек, Қабіболлаға кезігеміз, онсыз Қашан шығармаларына бойлап, ене алу мүмкін емес.

Әсіресе, жас ғалым Қабіболла жүргізген зерттеу жұмыстарының ең басты ерекшелігі және артықшылығы – ақынның көзін көрген жыршылармен кездесіп, жыр-дастандардың белгілі-белгісіз нұсқаларын олардың өз аузынан жазып алуы. Бұл жайында оның 1974 жылы жарық көрген «Ақын, жыраулар» монографиялық еңбегінде [9] кеңірек сөз болады.

Қашағанмен замандас болған, оның көзін көрген, жырларын ауызша таратқан ақын-жыршылар біршама. Соның ішінде Шадман Үсембаев пен Көшен Өсербаев та бар. Қабіболла осы екі кісімен де кездескен, өз ауыздарынан өлең-жырлар мен хикая-дастандарды жазып алған. Қашаған ақынның немере інісі, жырларын жас күнінен ақынның өз аузынан жазып алып, жаттап өскен Көшен Өсербаев (1901-1958) болатын. Көшенмен кездесуі туралы Қ.Сыдиықұлы былай деп жазады: «1954 жылы Маңқыстауда – Жетібай поселкесіндегі өз үйінде кездесіп, әңгімелескенімізде Көшен қарт бізге Қашаған туралы көптеген деректер айтты, біраз шығармаларының бізде жоқ нұсқаларын берді. Көшен денсаулығына байланысты жырды дауыстап айтудан гөрі жай қоңырлата айтып, білгенін жаза жинақтап сақтауды, жазбаша таратуды дағдыға айналдырады екен» [1;81].

Бұдан соң, Қашаған ақынның тағы бір немере інісі, өмір бойы ақын шығармаларын жырлап өткен Шадман Үсембаевпен (1900-1962) кездескені жайында да Қабіболла былай деп естелік қалдырады: «Біз Шадманмен 1962 жылы кездесіп, біраз әңгімелестік. Ол Қашаған шығармаларымен қатар ел арасына тараған хисса-дастандарды, ноғайлық жырларының көбін толғайды екен. Сол кездесуде бір түн Қашаған шығармаларын жырлатып тыңдағанымыз бар» [1;81]. Шадман Үсембаев сол жылы дүниеден озыпты. Қашаған ақын жырларын Шадман жыршының өз орындауында естіп, жазып алу бақыты Қабіболланың бағына бұйырыпты. Расында, Қабіболла болмаса, мұндай тың деректер ұмыт болып, ашылмай қалар ма еді, кім біледі!? Тіптен, К.Өсербаевтың жазбаша жинақтаған жыр-дастандары да дер кезінде жарыққа шықпай, шашырап не жоғалып кетуі әбден мүмкін еді.

Қала берді, кейінгі буын зерттеушілерге де дем беріп, қай маңнан, қандай жырлардың хатқа түспей қалғанына сілтеме жасау да осы Қ.Сыдиықұлының К.Өсербаев аузынан жазып алған әңгімелерінің нәтижесінде мүмкін болып отыр. Мәселен, «Ақын, жыраулар» кітабында Көшен қарттың бір сөзінде былай дегені айтылады: «Қашекен жырды көп шығарған адам. Мен оның 1924-25 жылдары Астархань маңындағы қазақтар арасында советтік құрылысты насихаттап, Ленин туралы толғағанын, сондай-ақ домбырашы Тіней Тастемірге, Жәдігер Майлашқа шығарған жырын естіген едім. Оларды есімде сақтамаппын. Қазір білетін адамды кезіктіре алмай жүрмін» [1;83].

Міне, Қабіболла Сыдиықұлының Қашаған жырларын жинау жолы осындай дарынды кісілермен жүзбе-жүз кездесіп, түпнұсқаны теруден басталды. Алайда ғалым бұнымен және архив материалдарымен шектеліп қалған жоқ. Одан әрі Қабіболланың Ойыл, Сағыз, Жем, Жайық бойындағы, Маңғыстау түбегіндегі, Хорезм бойындағы елдерде, Түркменстан мен Қарақалпақстанда болып, фольклорлық экспедицияларға шыға жүріп, Абыл, Ақтан, Нұрым, Қалнияз, Қашаған, Аралбай т.б. ақындар мұрасын жинастырғаны белгілі. «Халық мұрасы – қымбатты қазынамыз» атты мақаласында ғалым сондай экспедицияларының бірінде

«Қырымның қырық батыры» жырының бір саласы – «Қарасай, Қазі» жырының ұзақ нұсқасын қалай тапқаны жайында әңгімелейді. Бұл жырды орындап берген – Маңғыстаулықтардан бөлек, түрікмен, қарақалпақ елдеріне де аты мәлім Қобылаш жыршы екен. Қабіболла былай деп жазады: «Қашаған мен Ақтанның, Мұрат пен Түменнің, Сүгір мен Сәттіғұлдың толғауларын алуан сазға салып айтады. Біз Қобылаштан «Қарасай, Қазі» жырының алты сағаттық нұсқасын жазып алдық. Оған бұл жыр Мұса, Шәдіман жыраулар арқылы жалғасқан. Олар Мұрын жыраудан үйреніпті. Мұрын «Қырық батыр» жырларын Нұрым, Қашаған, Мұрат ақындардан үйренгендігін айтады» [10;393].

Сөзсіз, Қабіболла «Қарасай-Қазі» жырының алты сағаттық нұсқасына кездейсоқ ұшыраса салған жоқ. Жалпы Батыс өңірінің ақын-жыраулар мұрасының тарихы мен жету жолдарын анықтау Қабіболланың тынымсыз ізденісінсіз өте қиын, тіптен, мүмкін емес болар еді.

Қашаған жайындағы қолда бар көп зерттеу еңбегінің әлқиссасы осы Қабіболланың зерттеулерінен бастау алады десек, қате айтқандық емес. Оған тағы бір дәлел – Қ.Сыдиықұлы Қашаған жырларының архив қазынасына жинақталған нұсқалары мен Маңғыстаудың тау-тасын кезе жүріп, «дала шежіресі – кәрі құлақ қариялар мен ақын, жыршылардың айтуынан» [11;6] пұшпақтап өзі жинаған нұсқаларын құр бастырып қана қоймай, оларды салыстыра отырып, реттеп, текстологиялық жұмыстар жүргізген.

Ең әуелі, ғалым алғаш 1950-1960 жылдары Ш.Үсембаев пен К.Өсербаевтан жазып алған жырларды да өзара салыстырып, баға береді. Ғалым Қашаған мұрасын зерттеуде және жариялауда Көшен еңбегі өте құнды деп есептейді. Себебі «...Көшеннен алынған шығармалар нұсқасы ақынның өз аузынан жазылған, өзге жыршының жамап, жасқауына кезікпеген» [1;81]. Ал жыр-дастанды ақыннан ауызша үйренген «...Шадман айтуынан жазылған нұсқалармен салыстырғанның өзінде де ауызекі айтылуда шығарманың көп өзгеріске ұшырайтындығы көрінеді. Қызу қанды жыршы Шадман көп ретте жыр жолдарындағы буын санын өсірерлік сөздер қосады, мазмұн-жүйесіне бұқараны баурай түспек оймен діни хикаялар, ру, тайпа тарихы хақындағы сөз тіркестерін қосып жібереді» [1;81]. Міне, бұл жазып алынған екі нұсқаны салыстырудың өзінен ғалымның өте мұқият, тыңғылықты еңбек еткені байқалады.

Қашаған Күржіманұлының өмірбаяндық деректерін нақтылауда да Қ.Сыдиықұлының еңбегі зор. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан Мұрын жыраудың, Қ.Жоламановтың, Ш.Үсембаевтің айтуымен жазылып алынған мәліметтерді тауып, саралап, ең соңында ақынның немере інісі Шадманның сөзін растайтын К.Өсербаевтың естілігін келтіріп, ақынның 1841-1929 жылдар аралығында өмір сүргенін анықтап кеткен [1;86].

Сондай-ақ Қабіболла Сыдиықұлы өз жинақтауларына ғана салыстырмалы зерттеу жұмыстарын жүргізумен шектелмейді. Бұған дейін жарияланған еңбектердегі ұшырасатын кейбір қателіктер мен жетіспеушіліктер туралы да айтады. Мәселен, «Әдебиет майданы» журналында жарияланған Қашағанның «Аралбайды жұбатуы» толғауы 17-ақ жол күйінде, жалпы жүйесіз берілгеніне тоқталады. Кейіннен Әдебиет институтының қолжазба қоры мен Ғылыми кітапхана қорындағы мәліметтерді жинақтай отырып, Аралбай ақынның өзімен біраз жыл жолдас болған М.Өтесінов деген кісінің нұсқасын тауып, өз кітаптарына жырдың толықтырылған нұсқасын енгізеді.

Қ.Сыдиықұлы Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» аталатын еңбегінде «ақын өмірі мен творчествосы туралы кезінде материал тапшылығынан туған, үстірт пайымдаулар да ұшырасады» деп бағалайды. Оған бірнеше дәлелдер мен талдаулар да келтіреді. Ол, әуелі, Х.Сүйіншәлиевтің аталмыш еңбекке жыршылардың айтуымен өзгеріске түсіп, көркемдігі солғын тартқан Қашаған жырларының бірнеше нұсқасын алғандығын айтады. Автор көрсеткендей, Қашаған Аралбай, Жаскілең, Шернияз ақындармен айтысқа түспегендігін дәлелдерімен келтіреді. Мәселен, ғалымның Шерниязбен айтысы деп бергені, шындығында, Қашағанның Ізбаспен айтысы екенін анықтайды. «Топан» дастананың әр түрлі нұсқасы болып табылатын жырларды екі түрлі дербес жыр деп көрсеткендігін де ескертеді.

Тіпті, жыр жолдарындағы кейбір сөздердің де («Күлзипа – Күлзина, Мұғалжар – Мұңайжар» т.б.) өзгеріске ұшырағанын байқатады. Қорыта келгенде, Қабиболла мұндай қателіктерді болдырмас үшін «ақын мұрасын анық білетіндермен кезігу, жинақталған нұсқаларды салыстыру» керектігін ескертеді [1;85]. Ғалымның өзі де осы ұстанымға сүйене отырып еңбектенгеніне біз бүгінде куә болып отырмыз.

Айтылып өткендей, ең алғашында шағын мақала көлемінде болса да, Қашаған Күржіманұлын дүйім жұртқа таныстырып, өлең-жырға сусап жүрген халықтың мерейін қандыра бастаған ғалым Қабиболла 1967 жылдың өзінде Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауиндермен бірге филология факультетінің студенттеріне арнап жасалған «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияны дайындау мәселесіне де қатысқан. Ғалым өзі жинаған Қашаған жырларының бір бөлігін осы еңбекте жариялаған. Кейін зерттеу нәтижелерінің толысуымен, ақын шығармаларының қолжазба жинағын әзірлеп, бірқатар жырларды алғаш рет 1972 жылы «Ақберен» [11] атты жинағында жариялаған еді.

Ең алғаш «Ертедегі әдебиет нұсқаларында» «Топан» дастаны мен «Бастапқы сөз» толғауы жарық көрген болса, «Ақберен» жинағына бұрын-соңды еш жерде жарық көрмеген, ғалымның өзі жинақтаған бейтаныс жырлар енген. Олардың қатарында Қашағанның «Атамекен» жыры бар. Қ.Сыдиықұлы «Атамекен» дастанын 1928 жылы ақынның өз айтуынан үйренген інісі К.Өсербаевтан жазып алған [12;567].

Бұдан соң 1991 жылы шыққан екі бірдей жинақта – «Топан» мен «Алқаласа әлеумет» кітаптарында да көп жаңа жырлар жарияланған. Мәселен, «Сараң сұпыға», «Ұзатылып бара жатқан қызға берген батасы» жырлары 1964 жылы К.Өсербаевтан жазылып алынып, жазушы Қ.Мұханбетқалиевтің жинаған нұсқасы бойынша толықтырылып, алғаш рет осы жинақтарға енген. «Нұрым мен Қашаған» айтысы да бірінші рет осы жинақтарда жарияланған. Ғалым бұл айтысты 1968 жылы шежіреші, жыршы Қ.Боқановтың айтуынан жазып алған. «Адай тегі» дастаны мен «Бекес байға» толғауы архивтен алынып, толық күйінде алғаш рет осы жинақтарда басылған. Қ.Сыдиықұлы бұл жинақтарға енген «Қарасай-Қазы» жырын (Ш.Үсембаев нұсқасы) Қашаған жыраудың өзінен жаттап үйренген Ш.Үсенбаевтың айтуымен хатқа түсірген. Тағы да, К.Өсербаевтың айтуымен жазылып алынған «Жұттан кейін», «Замана халі» толғаулары да бірінші рет аталмыш кітаптарда берілген [13;173-175]. Бұдан бөлек, Қ.Сыдиықұлы Қашаған жырларын жинастыруда Қ.Мұқанбетқалиұлы, С.Омарбеков еңбектеріне де сүйенген.

Қабиболла бұл жырларды жинап, салыстырып, толықтырып қана қоймай, оларға әдеби талдау жұмыстарын да жүргізген. Алғаш болып, Қашаған жырларын идеялық-мазмұндық, көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан бірнеше тақырыптарға бөліп қарастырған. Атап айтқанда, сараң, дүниеқоңыз байлардың жиынтық образын беретін өлеңдер («Оразалыға», «Байларға», «Томпы байды тілдеуі», «Көбентайдың Мұрынкұл», «Бекес байға», «Көптілеу байға айтқаны», «Қарашұбар ала ешкі»), надан молдаларды сынауға арналған өлеңдер («Есқали сұпыға айтқаны»), адамгершілікті насихаттайтын өлеңдер («Берекет ақынға», «Сақыпқа айтқаны»), өмір туралы толғаулары («Жетпіс беске келгенде», «Осы күн жолдас болдым сексенменен», «Қартайған шағында айтқаны», «Бұл өмірдің мысалы», «Бұл дүниеде не жетім?»), тұрмыс-салт тақырыбындағы өлеңдер («Аралбайды жұбатуы», «Қонақкәде», «Тойбастар», «Бата») және т.б. [13].

Қорыта келгенде, Қабиболла Сыдиықұлының Қашаған жыраудың мұрасына қатысты еңбектерін саралап қарайтын болсақ, ең әуелі, ол – жинаушы. Оның жинаушылығының да мәні үлкен. Ол, айтып өткеніміздей, Қашағанның ешқандай хатқа түспеген жырларын тапты және оны қағазға түсіріп, саралап, талдап, көптеген жинақтар мен антологияларда жариялады, ғылыми айналымға қосты. Сондай-ақ тек жинақтаумен ғана шектеліп қалмай, Қашаған жырларының идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін, көркемдік ерекшеліктерін саралап көрсетті. Қашаған жыраудың әдебиеттегі орнын анықтады. «Бір тұяқ қалмай артымда» деп күрсініп өткен Қашағанның жоғын жоқтап, баба мұрасын жинап, кейінгіге із салып беріп кеткен Қабиболланың еңбегі – ешбір өлшемге сәйкес келмейтін құнды дүние.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыдиықұлы Қ. Бес ғасыр сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2014. – 392 б.
2. Сыдиықұлы Қ. Қашаған ақынның өмірі туралы деректер // Батыс Қазақстан. 23 қыркүйек 1964.
3. Сыдиықұлы Қ. Ақын мұрасы: Қашаған ақынның шығармашылығы // Коммунистік еңбек. 28 қараша 1965.
4. Сыдиықұлы Қ. Қашаған ақынның дастандары // Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелері. V-шығуы, 1966. 60-77-бб.
5. Сыдиықұлы Қ. Қашаған ақын туралы деректер // Қаз ССР Ғылым академиясының хабарлары. Филология сериясы. №2. 1966, 49-62-бб.
6. Сыдиықұлы Қ. Қашаған жырларындағы сатиралық мотивтер // Қазақстан мектебі. №8. 1966.
7. Сыдиықұлы Қ. Қашаған ақынның «Топан» дастаны // Коммунистік еңбек. 25 қараша 1966.
8. Қашаған – сөздің дүлділі (ғылыми мақалалар мен арнау өлеңдер және айтыс мәтіні) / Құрас. Жайлово Б.С. – Алматы: Жазушы, 2013. – 320 б.
9. Ақын, жыраулар (монография). – Алматы: Ғылым, 1985. – 256 б.
10. Сыдиықұлы Қ. Атамекен. Таңдамалы өлең-дастандары мен толғаныс-эсселері. – Алматы: Арыс, 2006 б. 424 б.
11. Сыдиықұлы Қ. Ақберен: XVIII-XX ғ. бас кезіндегі ақын, жыраулар шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1972. – 222 б.
12. Сыдиықұлы Қ. Ақберен: XVIII-XX ғ. бас кезіндегі ақын, жыраулар шығармалары. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2007. – 576 б.
13. Күржіманұлы Қ. Топан: Шығармалары / Құрас. Сыдиықұлы Қ.- Алматы: Жалын, 1991. – 176 б.

ІЛИАС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛАР ТҰЛҒАСЫНЫҢ БЕРІЛУІ

Алпысбай А.М.

2 курс магистранты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі ақын-жыраулар бейнесінің алар орны сипатталады.

Түйін сөздер: Ілияс Есенберлин, «Көшпенділер» трилогиясы, ақын-жырау, тарих, жыраулар поэзиясы, қазақ тарихи прозасы.

Өткен ғасырдың сырын ішіне бүгіп, тарихын толғаған туындыларында Ілияс Есенберлин тек тарихты тізе отырып суреттемеген, керісінше өткен жолды әрбір сөзі мен сөйлемімен тірілтіп, көз алдымыздан өткізді. Себебі, «Тарихи шығарма сол өткен заманның әлеуметтік-эстетикалық реконструкциясы ғана емес, онда бүгінгі уақыттың да философиялық концепциясы жатады» [1, 215].

Алмағайып заманның аласапыран айқасы, ақын – жыраулардың келер күндердің шуақты болуы үшін күресі, ақыл мен айланың алма – кезек ауысуы, халық тағдыры үшін тағылымды толғауларымен алып ескерткіштер жасаған, сол толғауларында сайын дала төсінің сан жылдық тарихы баяндалатын «Көшпенділер» трилогиясының болмысы осындай.

І.Есенберлиннің шығармасына сөз берейік. «Бір мың екі жүз отыз бесінші жылы, яғни Мешін жылы, Қарақұрымға бағынышты елге жар салып Үгедей бүкіл Шыңғыс ұрпағын жиды. Осы құрылтайда бүкіл Батысты жаулап алу мәселесі шешілді. Міне, Батысқа қарай лек-лек боп монғол әскері аттанып бара жатыр. Батысты алуға бұл жолы аттанған

әскер үш жүз мың! Үш лек қол! Айбарлы да, сұсты да! Кім, оған шыдай алар?» [2,17]. Сұрақ белгісімен аяқталған сөйлем соңында бүтін бір елдің, тұтас халықтың тағдыры тұр. Бұл он сегізінші ғасырдағы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» басталуы еді. Үш жүз мың әскер шаңдатып, қазақ жерін жаулап алуға аттанғанымен Жоңғария мемлекеті түбірімен жер бетінен жоғалып кетіп, қара жерді солқылдатып келе жатқан ат тұяқтары сол әскердің өзінің өлекселерін алып қашты. Бірақ, сол жеңісті күндерге дейін бірнеше жүздеген жылдар жатқан-ды.

Біздің тақырыбымызға орай суреттелетін кейіпкерлер әлеміне келсек, І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында Әбілхайырдың ұлы Шах-Будақ сұлтанның асынан басталады. «Бүгін астың ең қызығы, талай жан өкінер, талай бидің намысқа шауып қабырғасы сөгілер жыраулар айтысы басталған. Айтыс төрешісі жүзден асқан ұлы жырау Асан Қайғы. Ол бұл жолы желмаясымен Көкше теңіз тұсын шолып келген-ді.

- Асан ата, Көкше теңіз маңы қандай жер екен? Сайын ордасын көшіруге жарар ма? - деген Әбілқайыр ханның сөзіне Асан Қайғы:

- Қақ үстін жайлау етем десе ханның еркі ғой. Ал мен көрген Көкше теңіз маңы:

Тас табаны төрт елі
Атан жүрер жер екен,
Төсегінен түңілген
Адам жүрер жер екен

деп жауап берген» [2,21].

ХҮ ғасырда өмір сүрген күллі «жыраулардың атасы» болып саналатын Асан қайғы Сәбитұлы аста болған айтыс дәстүрін жаңаша, әр айтыскер ақын елдің тарихын шежірелеп айтып, өзінше тарихқа бағдарлау дәрежесінде ұйымдастырды. Бас бәйгені берудің жолы да ерекше болды. Қай айтыскер ақын сыртқы жауға қарсы күресте ерекше ерлік көрсеткен елдің тарихына тереңнен бойлап, жеңіске жету жолындағы ерлігін айтып берсе, соған бас бәйге берілетін болды. Ал орта бәйге, яғни екінші орын руының өмір сүріп жатқан жерін, оның тарихын, сол иелігіндегі елі мен жерін қорғаудағы ерлік тарихын жан-жақты айтып беретін жеңімпазға берілетін болды. Ал үшінші орын, яғни аяқ бәйге исі қазақтың отаны болып табылатын Дешті Қыпшақтың болашағын кім дұрыс болжай алса соған берілетін болды.

Сонымен қатар осы үшінші бәйгенің шарты да сәл өзгешелеу болды. Айтылған болжауға сай әр жыраудың айтқан болжалын қарсы жақтың жырауы сынауға да жол берілді. Ал сынай алмаса жеңілген болып саналатын болды. Бас бәйгеге Қыпшақтың ұлы жырауы Қазтуған мен Арғынның ақиығы Сыпыра жыраудың ұрпағы Қотан тайшы түспек болды. Айтыста Қотан жырау Қазтуғанға жауап ретінде, жыр атасы Қорқыт атадай философиялық мәндегі ойларын тарқата төкті. Ерліктің сырын төккен Қазтуғанға, өлімнен қорықпау ерлік емес, керісінше, өмірді қорғау ерлік болып табылатынын, шын батырлық бөтен елді шауып, байлыққа ие болуда емес екенін төндіре айтты. Шын жеңіс, батырлық өз жерінді, өз елінді қорғау болып табылады деген ұлағатты мәндегі парасатты пайымын білдірді.

І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» туындысының басты идеясы да осы болатын ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы ақын-жырауларды айтыс дәстүрінде өткен тарихқа барлау жасатып, елді шабу, ерлікпен жеңуде емес, басты нәрсе, сол кезде өмір сүрген халықтың ризалығы, әркімнің өз еркінше өмір сүруінде жатыр деген тәуелсіздікке жетудегі басты сарынды көрсету еді. Сонымен бірге І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы кеңестік дәуірде жазылғандығына қарамастан, ұлттық тарих сырына терең үңілуімен бағамды еді.

І.Есенберлин туындысында тірі тарих куәгерлерін айтыстыру арқылы, сол қалың қазақ жұртының жүріп өткен жолымен таныстыра отыру басты мақсат болғанын байқаймыз. Сонымен қатар ел тарихын жырлау ісінде ақын-жыраулардың шығармашылығы басты орында тұрғанын да сезінеміз. Себебі, ханның ақылшысы болып қана қоймай, исі қазақтың арман-тілегін де осы жыраулардың жүрек жарды сөздерімен айтылғанын да бағамдаймыз.

«Қалған жырды тағы да тарих өзі жырласын, Қазтуған жырау аузынан әлеумет тек тыңдасын. Құлаққа жағымсыз жай болса, кешіре көрсін, хан ием, — деп жырау өзінің айтар сөзіне рұқсат сұрады ханнан.

Қарапайым ел қамын ойлаған, қызыл тілін қару еткен қазақ жыраулары әрқашанда өз ойларын ашық айтқан.

Бірақ... «аталы сөзге арсыз тоқтамас», дәуірінде ханға да шындықты тыңдау бір ғанибет іс еді. Сол салттан шыға алмай Әбілқайыр да:

— Ақын ел еркесі, айта бер қорғанбай жырыңды, — деді» [2,55].

Шындығында да «Ақын ел еркесі» тіркесі І.Есенберлин туындысының символы іспеттес болып табылатын еді. Жалпы, үш кітаптан тұратын «Көшпенділер» трилогиясының желісі сол ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген жыраулардың толғауларында жырланған шындықтардан алынған еді. Ал жыраулар сол заманның шынайы бет-бейнесін ел билеуші ханның ыңғайына бағынғаннан гөрі, халықтың мұң-мұқтажына көбірек көңіл бөлген еді. Халықшыл поэзияның ғұмыры ұзаққа созылып, бүгінде ХХІ ғасырдың төрінде отырсақ та, жыраулардың суырып салма дәстүрінде шығарған жырларына әлі де бас иеміз.

І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы жыраулар туралы сәтті көрініс Жәнібек пен Керей сұлтандардың өздерінің соңына ерген ел-жұрттарды соңынан ертіп, Ордабасыға көшуімен байланыстыра суреттеледі. Еділ бойында жатқан жалпақ қыпшақ елін де тік көтеріп, Қазтуған жыраудың екі сұлтанның артынан ергенін де естіді Әбілхайыр хан. Бұл бүгін де тұғырлы Тәуелсіздікке қолы жетіп, күні ертең 550 жылдығын атап өткелі отырған Қазақ хандығының құрылар кезі еді. Жыраулар да қарап қалмады. Өздері осы кезеңге дейін мекен болған туған жерін тастап:

Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас,
Сөйткен менің Еділім,
Сен салмадың, мен салдым.
Қайырлы болсын сендерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт, —

деп Еділ бойында қалған Алшын, Ноғайлы руларына батасын беріп, болашақтағы жас ұрпақтың көрер қызығы үшін бірлескен Ұлы Қазақ хандығын құруға ат салысуға аттанып еді.

І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясының алғашқы кітабы болып табылатын «Алмас қылыш» романында ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы қазақ халқының алғаш Хандық құрған кезеңін, сол хандық құру жолындағы ел шегіне келген жаулардың бетін қайтарудағы батырлардың ерлігін, сол ерлікті жігермен жанып жіберетін толғауларымен басты орында тұрған ақын-жыраулар бейнесі арқылы сомдауға ұмтылыс жасағанын байқауға болады. Себебі, қазақ тарихы Асан Қайғы Сәбитұлы, Қазтуған Сүйінішұлы, Доспамбет жырау, Шәлгез Тіленшіұлы сынды тұңғыш төл хандықтың құрылуымен бірге ұлтымыздың төл әдебиетін қалыптастыру арқылы қазақ әдебиеті тарихы атты мәдениеттің басты негізін де қазақ ұлысында бастаушы болды. Әдебиет тарихында басты орын алатын толғаулары жаңадан құрылған хандыққа қарсы келген жауларының бетін қайта беттетуге келмейтіндей етіп қайтаратын қайратты қаруға айналды. Ал өздері «Жалаңаш барып, жауға ти, Тәңірім өзі біледі, Ажалымыз қайдан дүр» дегендейін исі қазақтың қалқаны да қаһарманы да сол Жыраулар болды.

І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы жарыққа шығысымен-ақ зерделі зерттеулердің объектісіне айналды. Филология ғылымдарының докторы М.Дүйсенов туынды туралы бағасын, «тарихтың аса қызық та ғибратты бір дәуірін көркемдікпен танытуға көмектесе алатын пайдалы шығарма» [3,4] деп бағаласа, қазақ әдебиетіндегі проза жанрында тарихи тақырыпты қарастырған еңбегінде Р.Бердібаев ««Алмас қылыш» тарих кітапта

жазылған сараң тұжырымның тасасында қаншама. хикмет жатқанын даңқтылы оқиғалардың хронологиялық ізіне түсе отырып, кеңінен баян етеді. Бұл шығарманың «сүйегі» түрлі кітаптар, қолжазбалар, шежірелер арасында шашырап жатқан анық фактілерден құралғандықтан және оқиғалардың жылнамасы сақталғандықтан, мұны роман-хроника деп атаған абзал деп ойлаймыз» [4,11] деп бағалады.

Романдағы баяндау әдісі көбіне өзге адамның ой – пікірі арқылы беріледі. Жоғарыдағы ойдың жалғасындай болып келетін, Абылай ханның жастық шағы, үш жүздің басын қосқан ұлы хан атануына дейінгі жолдың алғашқы тізбегі Бұқар жыраудың пайымдаулары негізінде беріледі. Сонау қанға бөккен Түркістан шаһарынан Ораз құлдың қасқырдың бөлтірігіндей етіп өз басын қатерге тігіп, алып шыққанын, жауға елеусіздеу көрінетін ауылдың шетінде Төле бидің түйесін бағып, ертеңіне зор үміт артып отырған жас Абылайдың аяқ алысы, қысылтаяң кез болса да өзін-өзі тым сабырлы ұстауы болашақ ірі тұлғаның нық сенімділігін байқатқандай. Сұңғыла Бұқар жырау да жас түйешінің осы келісті кейпін көріп, жай «түйешіден» гөрі, роман тілімен айтқанда, «бала жігіттің дәл қазіргі өздері отырған қараша үйде – кедей шаруаның үйінде тумағаны анық» болып, өзіне тым көңіл аудартатынын тез-ақ байқап, жас жігітті сөзге тартып, ішіне үңіле бастайды. Атап өтерлік нәрсе сол - І.Есенберлин Бұқар жыраудың хан Абылайдың жаршысы бола жүріп, халықтың көзі мен құлағы болғанын, бәрінен бұрын жеке басының абыройы мен мансабын ойлағанымен, қазақ елінің болашағын бәрінен жоғары қоятындығы ерекше бейнеленген. І.Есенберлиннің «Жанталас» туындысында бейнеленген кесек тұлғалар бастауында Бұқар жырау бейнесін атаймыз. Бас қаһарман аңыз, жыр, жыраулардың толғаулары арқылы халық санасынан орын алған бейне болатын. Сол фольклор туындыларында қалыптасқан эпикалық бейнені төмендетіп алмай, оған реалистік нақтылық, даралық келбет дарыту оңай емес.

«Бес ғасырлық халық тарихына әр қырынан келіп, тарихи тұлғаларды сомдауда соны серпіліс танытқан І.Есенберлиннің «Жанталасы» - ақын - жыраулар бейнесін жасаудағы тарихи прозадағы ізденіс нышаны» [5, 3] болып табылатыны сөзсіз.

Шығарма толыққанды жазылып шыққанымен, баспа бетінде жариялануы да үлкен кедергіге ұшырағаны белгілі. Сол себепті де, І.Есенберлин өзінің туындысының тағдыры турасындағы ойын төмендегідей өлең жолдарымен дәлелдей ұсынып кеткен:

Өмірдің мен де өзіндей бір қонағы,
Жеріне жеткен ұшып – құс қонады!
Естідім қастарымның сан жаласын,
Естідім достарымның сын – таласын.
Тілегім сене жалғыз, жас ұрпағым,
Болғайда әділетті көзқарасың!
Тудырған өз тұлғасын әрбір дәуір,
Жазылар бұдан да еңбек әлі тәуір.
Есіңнен шығарма тек, болашағым –
Түйенің көш бастаған жүгі ауыр! [2, 4].

Қорыта келгенде, ұлттық проза дәстүрінде ақын - жырау образын сомдауға күш салған І.Есенберлиннің «Жанталас» туындысы тарихи роман жанрында өзіндік тың жолға түрен салғанын, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің көркемдік қосындысымен тыныстап, өткен тарихтың ізімен өткенімізді көз алдымызға әкеліп, болашақ ұрпақты елді сүйуге, сонау ғасыр жүгі арқалап әкеткен ұлттық рухымызды тереңнен таныстыруда елеулі орны бар шығарма екендігімен құндылығы жоғары болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейфуллин С. Шығармалар. Алты томдық. 6 т. Алматы, ҚМКӘБ, 1964. -456
2. Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. Алматы: Көшпенділер баспасы, 2008. – 656.

3. Дүйсенов М. «Қаһар» романы жайында \ Жұлдыз – 1969.-№9. – 155-156.
4. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы Алматы, Ғылым, 1979. -240
5. Балтымова Р. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы: Жанр және поэтика мәселелері. Филология ғылымдарының кандидаты авторефераты Алматы, 2009. – 25.

М.ШАХАНОВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Медетбаева Н.М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада М.Шахановтың жазған поэмалары, әсіресе ұлт тағдырын қазақ әдебиетінде өзіндік дара қолтаңбасымен танытқан поэмалары, поэмаларындағы психологизм қарастырылады. М.Шаханов поэмалары арқылы қазақ поэмасының көркемдік көкжиегінің кеңейгенін аңғарамыз.

Түйін сөздер: поэзия, М.Шаханов, поэма, эпика, әдеби қаһарман, кеңістік, дәуір, поэтика, стиль.

Ақын М.Шаханов шығармаларының ішінде ұлт рухына, ел намысына соқпай кететіндері кем де кем. Өзінің жасында жырларымен-ақ ұлт санасын оятып, күңгірт көңілге сәуле дарытқан М. Шаханов шығармалары елдігіміздің керегесін кеңейтіп, ертеңімізге жол салатын бірден-бір құрал. «Қаншама кезеңнен бері үздіксіз дамуды басынан өткеріп келе жатқан әдебиетіміз көркемдік дәстүрге бай. Көркемдік дәстүрдің жаңғыруы суреткердің өмір шындығынан, адамзат болмысынан мәнді жайларды тауып, оны зор ізденіс, үлкен шеберлікпен көркем дүниеге айналдыра білуімен сабақтас. Ал өмірдің шынайы көрінісін көркем бейнеге салып суреттеу қиял ұшқырлығына, ой мен сезім түйсігінің зеректігіне байланысты» [1, 161], - дейді ғалым С.Қалқабаева. Ғалымның пікірі М.Шаханов шығармашылығына қатысты айтылғандай. Мұхтар ақынды жаңашыл ақын дейміз, қоғамымызда елең алып жатқан өзекті мәселелер мен өмір толғаныстарына терең беріліп, шиеленістерді шешуге белсене бел буған ақынның ар намысы мен солмас рухы оның жалынды жырларында көрініс тапқан.

М.Шаханов поэмаларының көбі психологизмге, терең жан күйлеріне құрылған. “Дұшпан күлдіртіп айтар, дос жылатып айтар” дейді халық даналығы. Халқының мінін бетіне басып, қатаң сынға алу арқылы ақын елін ойлануға шақырады. Космополит қазақтар өлеңінде ақын Ғабиден Мұстафиннің мынадай сөзін эпилог ретінде алған “Біз бұрын ұлтшылдықпен күрескенбіз, енді ұлтсыздықпен күресер жағдайға жеттік.” Жалпы кейінгі кезде жарық көріп жүрген өлеңдерінің бәрінде ақын космополит қазақтармен, компьютер басты жарты адамдармен, дінсіз, ділсіздермен күресіп жүргендей. Ұлт тіліне терең көңіл бөліп өзінің жалынды да намыс атты шарпыған өлеңдерінде ақын бүкіл халықты өз тілінде сөйлеуге үндейді.

Тілімізді қорғауда ісіміз бірікпей,
Санамыз сандалып, күшіміз кірікпей
Тоталитарлық жүйеде жүргендей тосылудамыз.
Жерімізді қорғап жат қолдан,
Тәуелсіздік үшін мерт болған.
Бабаларымыздың даңқын, үмітін, сенімін басынудамыз?
Тіл кетсе ұлтымыздың жойылатынын білсек те
Мазмұнымызға нүкте қойылатынын білсек те,
Қамсыздар, қансыздар қатарына қосылудамыз [2, 74].

Осылай дей келе ақын өз ұлтын сынға алған. Ақын өлеңдері нақты формулаға бағынбаған, шығармаларында ырғақ, мелодия басым. Ақын өлеңдерін биік шатқалдан гүрілдеп атып жатқан сарқырамаға теңеу орынды сияқты. Мазмұны терең, оқыған адамды иіріміне тартып әкетер күдіретті күшке ие. Ақын шығармаларында жеке қолданыстағы сөздер де кездеседі: “космополит”, “космодәуір”, “рухсыздық”, негалистер т.б. терең мәнді сөздерді орынды қолдану арқылы өз межесіне жетуді көздейді. Ақын “Тілсіз. Рухсыз толыққанды тәуелсіздік жоқ”, - дейді, яғни болашақта егеменді еліміздің тәуелсіздігін нық ұстап тұру үшін білімі мен ұлтына деген сүйіспеншілік пен рухты қатар алып жүретін азаматтарды қалыптастыруды көздейді. Дәл қазіргі кезде қазақ халқы аса күрделі проблемаға маңдай тіреді дейді ақын. Орыс пен батыс мәдениетімен жете сусындаса да өз тілінде екі ауыз сөйлем құрай алмайтындарды космополит қазақтар тобын құраушылар дей келе ақын өз қолданысына енгізген “космополит” терминіне түсініктеме беріп өтеді. Ақынның жалынды жырларын тар шеңберде қарауға мүлдем болмайды. Олардың бәрінде жеке бір ұлттық тағдыры, болашағы, тарихы жатыр, сонымен қатар саяси мазмұнға ие болған өлеңдерінің кез келген адамға ой салары анық.

М. Шаханов қазақ поэзиясына жанрлық, стильдік сипатта бірқатар жаңалықтар әкелген ақын Шаханов творчествосын бір жанр ерекшелігіне ғана сиғызып салу қиынат. Оның шығармаларынан өмір өнердің бір-бірімен жақындасуы ой, мақсат, болу өрнектерінің бір мүддеге шоғырланып, тұтасқан бүгінгі өнердің күрделі көрінісі жота көрсетеді. Сөйтіп барып өнер алдына тосып отырған күрделі заман сауалы әлемдік жаңалықтармен ұштаса толғанады.

М. Шаханов дәстүршіл ақын. Мысалы “Отырар элегиясы”, “Өмір-Темір өсиеті”, “12-3=?”, “Шың басындағы оқиға” атты поэмаларында адам жанының терең қатпарлары суреттелген.

Ақын поэмаларының соғып тұрған жүрегі оның өн бойындағы қан тамырларының жұмысын жақсартып тұр. Мөп-мөлдір, әдемі лирикаларынан, шағын поэмалары мен балладаларынан анық аңғартқан ақынның ізгілікке құштар, мөлдірлікті марапаттайтын, үлкен ерлікті, тым биіктілікті қалайтын сұңқар көңілі осы шығармаларда біраз троп табады. Ақынның келесі бір ерекшелігі - өткірлігі. Батылдық алдымен поэзияға қажет. Шығармалар-уақыттың өзінен туған поэтикалық үлгі. Ақын шындыққа бүкпесіз қарай біледі.

Сонымен қатар М. Шахановтың көркемдеу құралдары жаңа поэзияға жақын эпитеттерді өзінше жаңартты. Метафора өлеңнің композициялық құрылысы, троптың түрлері, ең бастысы жаңа ырғақ әкеледі. Ақынның “Танакөз” поэмасынан үзінді келтірсек,

Иық бұрмай тек білімнен басқаға
Қатар өсті екі бірдей жас бала
Қатар өсті, ән салды,
Қатар тұрып, құба танды қарсы ала [2, 43].

Бұл шумақтағы лиризм қатар тұрып, құба тонда қарсы ала эпитет арқылы туып тұр. Бұл жолдағы жалғыз эпитеттің ролі ерен. Мұндағы ерекшелік эпитетті автордың қалай пайдаланғанын сіздің сезбей қалуыңызда. Егер сол эпитеттер “мен мұңдалап” тұрса құны болмас та еді, автор дараланбас еді, жасандылық басым болар еді.

Әлемдік өмірдің жаңалығынан хабардар, зерек те сезгіш ақын шындықты өз атынан емес, ұлттың ең озық дәстүрлерін тірілте отырып, солардың атынан қозғайды. Оның беріті “өз сөзі” әлдеқашан ашылған, дәлелденген, өмірде әлденеше сыналған сөз екенін көрегендікпен пайдаланады. Махамбет пен Естайға, Шыңғысхан мен Ақсақ темірге тізгін ұстатуының осындай сыры бар. Сөйтіп ақын-өлең өнер қақпасын ашқанда бүкіл халқымыздың қасиетті қақпасын қоса ашуға тырысады. Ақын осынша ауқымды дүниелерді жүйесіздікке ұрынбай халықтық поэзияның дәрежесінде қалып, жетегіне еріп кетпей, халықтық деген ұлттық ұғыммен тең түсіп, азаматтық жүрек, тегеурінді талант арқылы танытуы-жаңашылдығы.

“Жүздің көркі-көз, ойдың көркі - сөз” деп Баласағұн айтпақшы, әрбір жүзге көреген көз, ой біткенге сөз біте бермесі анық. Мұхтар өлеңдеріндегі біз тоқтал, ән пікірлер ақынның

эстетикалық толғаны тек субъектінің бүркуінен жиылған тұйық көл емес, рухани кір-қоқысты ағынымен тазартып отыратын “Сарқымалармен” кіндіктес, яғни біз қозғап отырған эстетикалық мәселелердің ғылыми негізі бар процесс.

Келесі кезекте біз ақынның біраз поэмаларына көркемдік тәсіл тұрғысынан тоқталамыз. “Өркенниеттің адасуы” романынан үзінділер. “Компьютер басты жарты адамдар.” Ақынның жаңа стильдік қолданысына енген осы бір сөз өлеңнің барлық сюжеті мен композициясына арқау болып тұр. Бұл үзінді де ақын өз эмоциясын ирониямен өткір сынмен ұштастырады. Өлеңнің негізгі мазмұны рухсыздықпен күресу, болашаққа алаңдау. Ақын өлең басында ой салар аңызды келтіре келіп өлеңнің бастамасын шалдың бір ауыз сөзі арқылы ұғындырып тұрғандай.

Мейлі, мейлі, екі ұлынды қақса да уақыт арқадан

Нағыз ұлын біреу ғана, ана екеуі жарты адам.

Ақынның “жарты адам” деп қолданып тұрғаны жеке стильдік ерекшелік болып табылады.

Қайда барсаң көз алдында өнеге боп жарқылдап

Жарты ұстаздар, жарты бастық, жарты қыздар, жарты ұлдар [2, 147].

Ақынның бұл тіркесті қолдануы қазіргі замандағы компьютерлендіру процесімен тығыз байланысты. Осыған байланысты “Робот-түйсік” деген жаңаша тіркес ойлап тапқан. Ақын бұл жерде халықтың компьютермен сауат ашуына қарсы еместігін, тек білім мен рухты ажырамас қос қанат ретінде қатар қаққанда ғана зор білімнің пайдасын көретінімізді ескертеді. Осы өлеңде қынның қолданған жаңа стильдік мәндегі тіркестері “монитор көз”, “компьютер бас”, “қиратқыш күш”. Өлең неологизмдерге де бай.

Балығы озса мысықтар да жолбарысша көсілмек.

Бес жүз қабат үй салу да емес бүгін боз елес.

Ақшаң болса “маймылды” да бастық сайлау сөз емес.

Адамзаттың бар тағдырын елді ақша шеше ме? [2, 113].

Бұл жолдарда ақын метафораны ұшқыр қолданып, сарказм мен кекесінге құрылған “маймылды бастық сайлау” тіркесі арқылы өз жанын күйзелткен сұраққа жауап беріп тұрғандай. “Адамзаттың бар тағдырын енді ақша шешеме?” риторикалық сұрау салу арқылы ақын оқырман ойы мен бөліскісі келетін тәрізді. Шаханов өз өлеңінің астарлы мағынасын Ньютон ашқан үшінші заңмен дәлелдеп көрсеткен.

Ньютон ашқан үшінші заң нені үндейді білдік пе?

“Әрбір қимыл қарсы қимыл тудырады тірлікте” [2, 88].

Ұрпақты бір қауіп-қатерден сақтандыра отырып ақын өз оқыrmандарын, өз халқын рухсыздықпен бірігіп күресуге шақырады. Ақынның өз топшылауын байқаймыз.

Нарынқұм зауалы. Махамбеттің соңғы сөзі. Бұл поэманың сюжет желісі Махамбеттің өмірінің соңғы күндері туралы өрбейді. Өлеңдегі трагедиялық образ-Махамбет. Ол өзінің түсін айту арқылы ақындық пен батырлықты дәріптеп, өзінің ел болашағына деген зор сенімін білдіреді. Автор өлеңді Махамбеттің өз аузынан сөйлеу арқылы оқыrmандардың зор ықыласын айтқан.

Мен сенемін, күні ертең

Пенделіктен тазарар деп ұлы өлкем.

Жә, қашанғы баққа зорлық мінгеспек

Сенем, ертең оттыға отсыз күлмес деп.

Тек тұлпарлар ғана алатын бас бәйге

Есектердің мойынында жүрмес деп [2, 45].

Өлең мазмұнын ерекше тереңдетіп тұрған-антонимдердің стильдік қолданысы: бақ пен зорлық; отты-отсыз; тұлпар-есек. Басқалай қолданғанда бұл сөздер бір-біріне қарама қайшы емес, еркін түрде айтылуы да мүмкін. Бірақ ақын бұларды жағымды жағымсыз етіп, эмоциямен ұштастырып көрсету арқылы өз өлеңін нәрлендіріп тұр.

Туған елім, Құдіретімсің аңсаған
Алдан жарқын Күн шыққаным
Кескініңді көрмейінші шаршаған
Пасыз ойлар түншыққанын
Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша
Жер астынан қарап жатар мен саған [2, 47].

“Дулығаны қақ жарып гүл шығу” сәтті қолданылған метафора, яғни жаугершілік заман өттіп, бейбітшіліктің келуі. Ақын Махамбеттің монолога арқылы бүгінгі күнді жырлап отыр. Махамбет сынды ұлы ақынның тегеурінін, қаһары мен ойлылығын бүгінгі поэзия аспанына жібек тордай жайып жіберуге ұтылысы бар. Іштей керемет жігерлі өлең жасаң оптимизмнен, тек жасампаздықтан тұрмайды. Олармен қоса әдемі арман, ойлы мұң, үзеңгі қағыстырып, биік мақсатқа бастайды, Сөйтіп лирикаға тән алау от пен лап етпе сезім өмірі қызуы басылмайтын, алыстан көрінгенмен еш өшпейтін “мәңгілік отқа” айналды. Ұлы махаббат оттары қосыла жанырасады. Арман мен арман қосылады. Монолог үлгісінде көрініп отырған ақын сезімі сенімге айналып, сенімі сезімге ұласып, лирикалық толғаныс тамыры осылайша тармақты жатыр.

Өлең шапшаңдық үдемелі жолмен өрістейді. “Менің бассыз қалғандығым сенің бассыз қалғандығың болмағай”, деген сөз түйіні толғаныс түрінде ойлану, байыпты бағдарлау сипатын танытса, ең соңғы шумақтарға “Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша, жер астынан қарап жатам мен саған” сөздері арқылы ақын сезімі шираған, ең жоғарғы нүктеге көтеріледі. Жалпы ақын барлық өлеңдерінде осы үдемелі әдісті қолданады. Мысалы ортадағы:

Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем
Күліп жайсаң күн ғажайып
Ел намысы тарқар деп
Ақымақтар күрт азайып
Сұмдар қорқақ тартар деп [2, 67].

Бұлар мағыналық жағынан біріне-бірі толықтырып тұрған сөйлемдердің дыбысталуы бірдей. Тексте бірыңғайластық туып тұр. Сандық жағынан сәл төмен мына бір ыңғайлас сөйлемдер де өлеңде бірдей дыбысталады. “Ертең оттыға отсыз күлмес деп, есектердің мойынында жүрмес деп” Бұлар жоғарыдағы “тар-тар деп, тазарар деп” сияқтылардың бір вариациясы. Дыбысталуы бөлек болғанымен мағына біреу. Ал, соңғы шумақтағы “күн шыққанша”, “түн шыққанша”, “гүл шыққанша” дыбысталуы бір болғанмен өзінің алдында тұрған шумақтардағы біз келтірген мағыналас сөздерге қарсы мәндес, яғни жоғарыдағы аталған барлық әділетсіздіктерге гүлдің шығуын, күннің шығуын қарсы қойып отыр.

Сонымен қатар барлығын да уақыт көтереді, қашан болса да әділдік келеді. Деген сенім бар. Уақыттың ұлылығына бас ұру “Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша” деген соңғы жол соның бәрінің айғағы. Дамыту үлгісіндегі өлеңнің соңғы жолы аса ұтымды шыққандықтан өлеңнің тұтас тынысын айқындап тұр. Ең алдымен контексте бұл сөйлемнің символдық мәні айрықша рол атқарады. Халқының үлкен болашағын аңсаған ақынның жүрек жарды арманын аңғару қиын емес. Поэзияның көркемдік тәсіл түрлерін дамытуда, жаңалауда Шаханов батыл қадам жасап тұр. “Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша, жер астынан қарап жатам мен саған.” Оқыс және тың тіркестер, жаңа мәнді тіркестер, мағыналық жағынан да түрлік жағынан да жұрт назарына найзағай отындай ілікті. Махамбеттің оның күшіне түскен тегеурік бүгінгі ақындар арқылы осылай түледі. Өлеңде ішкі монолог үлгісі басым. Ерлер ісінің қиындығы, болашағы бұлыңғыр бола тұра қайыспас жігер, ақынның сенімін күшейтеді. Ақын бұл өлеңінде аллеггорияны да ұтымды қолданған.

Мен сенемін күні ертең
Пенделіктен тазарар деп ұлы өлкем [2, 12].

Осы және алдыңғы жолдардағы қулық, сұмдық, бақ, сор пенденін. Мұнда жай ұғым түрінде тұрған дерексіз нәрселер кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырылады. Жалпы өлең сюжеті – тұнып тұрған символ; бір нәрсені немесе құбылысты тура суреттемей

ұқсас құбылысқа құпия келіп, жасыра түсіндіру, яғни өлеңге философиялық астар беру. Көне тарихи тақырыптарға қалам тартқан ақынның сөз қолданысында бірқатар ерекшеліктерді ұшыратамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалқабаева С. Көркем шығарма поэтикасы. Алматы: Қазақ университеті, 2021.-257б.
2. Шаханов Мұхтар Өлеңдер мен балладалар. Поэмалар. Алматы: Өлке, 2019.–480 б.

ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ

Нәбиева Н.Т.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: **Әбішева Ш.С.**

қауымдастырылған профессор м.а., ф.ғ.к.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесінде кейіпкерлердің мінез-құлық, бітім-болмыс табиғатын ашуда, уақыт талабын, заман шындығын, кезең келбетін шынайы суреттеуде көркемдік амал-тәсілдерді ұтымды қолдануда қаламгер шеберлігі сөз болады.

Түйін сөздер: роман, бейнелеу тәсілдері, психологиялық талдау, кейіпкер, образ, идея, диалог, микро диалог, полилог.

XX ғасырдың басында қазақ әдебиетіндегі өзекті тақырыптардың бірі – қазақ әйелінің тағдыры десек, оның көркем шығармадағы көрінісі де әрқилы тұрғыдан бейнеленді. Қазақ даласына енген жаңа қоғамдық қатынастардың әсері әйел өміріне, яғни оның отбасындағы, әлеуметтік ортадағы бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі көзқарас, танымдарына қай дәрежеде әсер етті дейтін өзекті сұрақтарға М. Дулатов, С. Торайғыров, С. Көбеев, Т. Жомартбаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Б. Майлин т.б. қаламгерлер шығармаларында әр алуан жауаптар беріледі.

Өз тағдыры үшін күресе жүріп, ар-ожданын барлық кедергі-кесепаттан қорғай білетін қазақ қыздарының тағдыры, «Қамар сұлу», «Бақытсыз Жамал», «Қорғансыздың күні» т.б. шығармаларда қайғылы халмен аяқталады. Алайда мұның өзінде қаламгерлер адам ар-намысын қорлаған қоғамның кемшілігін ашық әшкере етуді мақсат еткендіктен, өлімді көркемдік мәнде пайдаланды. Себебі, бұл кейіпкерлердің өлімінің өзі қоғамға қарсылық, өздерінің бас бостандықтарына кедергі болғандардан жеңілмеудің жолы ретінде сипатталды.

Сөз зергері Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесі қазақ қызының сүйгеніне қосылу бақытына қол жеткізу жолындағы тағдырын өзгеше суреттейді. Шығарма оқиғасы шегініс арқылы дамиды. Повесть басталғаннан-ақ жазушы, өз кезеңіндегі құрбы-құрдас, қатарластарынан сұлулығымен, өнерімен озған Күнікейдің қазіргі адам аярылықтай бейшара халін «Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шым қорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса боп сүйегі, қалақтай боп иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ? Әлсін-әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма еріні кезеріп, бетпақ кезіп кеткендей, кимешегі қолқылдап қуыршаққа тіккендей, сатпақ-сатпақ жастығы – жастық емес, кетпендей, сары төсек боп сарғайып – бұ жатқан қай әйел?» [1, 6-б.] – деп авторлық баяндау арқылы жеткізеді.

Ауыр да аянышты күйдегі Күнікей тағдырына жазушы оқырман назарын еріксіз аудартады. Сөйтіп, шығарма түйінінен басталған кейіпкер өмірінің балғын шағын суреттеуден бастап, осы қайғылы халдің себеп-салдарын біртіндеп аша түседі. Жазушының

«...психологиялық талдауы адамның ішкі жан әлемін, адам организмінің биофизикалық күйінен бастап, ең жоғарғы интеллектіге дейінгі жайларды қамтиды. Қаламгер күрделі психологиялық құрылымдар түзілетін атомдарды, олардың арасындағы байланыстарды бір біріне кіріктіре, қоюластыра суреттейді. Ол бір психологиялық күйден екіншіге көшу процестерін қадағалайды» [2, 234-б.]. Сондай-ақ, жазушының кейіпкер табиғатын танытудағы тіл байлығына, сөз қолдану шеберлігіне Күнікейдің сыртқы болмысы мен жатқан жерінің сипатын ақ өлең түрінде өрнектеп, шегіне жеткізе суреттеген тұстарына тәнті боласың. «Жүсіпбек Аймауытовтың поэзияны қайдам, қарасөзге тайпалған жорға, бір сөзі бір сөзіне сәуле түсіріп, бір сөйлемі бір сөйлеміне шуақ шашып, бір ойы бір ойды қолтықтай қошеметтей жөнелетін төгілген ақындық» [3, 201-б.], – талантына, тілінің көркемдігіне, жазушылық шеберлігіне қай туыныдысы да дәлел бола алады.

Ақыл-пайымы айналасынан ерек, өнерпаз жас қыздың әрбір іс-әрекетін тәптіштей суреттеуде жазушы көркемдік тәсілдерді шебер қолданып кейіпкерінің толыққанды тұлғасын жасайды. Мәселен, анасы мен қызының кебіс жайлы екі ауыз ғана сөзі олардың алда тұрған сан түрлі қимыл-әрекетіне бастау болады. Мұндағы бір ғана «кебіс» ұғымы – диалогке қатысушы Күнікей мен Шекердің ғана емес, негізгі кейіпкердің бай қызы Шәмшимен, етікші Тұяқпен, тұтастай алғанда өзге адамдармен қарым-қатынасының табиғатына терең бойлайтын көркемдік кілт ретінде алынады.

Қызының «кебіс» туралы әңгімесі түрткі болған Шекердің Шәмши үйіне арнайы келіп, кебісті айналдыра қарап тұрғандағы кейіпкер таңданысын аңғартуда да жазушы ішкі диалогке жүгінеді.

Повесте Күнікейдің мінез-қылық, іс-әрекеттері түгелдей Шекердің қатысуы арқылы дамиды. Сондай-ақ, ойындағысын жүзеге асыру ниетімен Тұяқты үйіне шақырған Шекер екеуінің аз ғана тіл қатысуында да болашақ үлкен оқиғалардың алғашқы арналары көрінеді.

Шекер мен Күнікейдің де армандары асқақ. Олар толыққанды тіршілікке ынтық болғанымен, көздегеніне қол байлау боларлық нәрсе төменгі әлеуметтік топтың өкілдері екендігі. Мәселен, «Шекер кедейлікті, қорлықты, қойшыны бір сағат ішінде талақ қылмас па еді? Бірақ оған қолы қалай жетеді? Кім жеткізеді? Құдай ма? Бай ма?» [1, 14-б.], – деп жазушы өзінің авторлық ремаркаларында шебер суреттейді.

Шекердің ендігі ойы – Күнікейге көшкенде мінігін дұрыс ат әперу. Повестің келесі тұстарында Шекер жылқышы Домбайдың да көңілін табуға тырысады, себебі белгілі. Мысалы:

«– Е, Шеке, жақсы ма?

– Жақсы емей, жаман деймісің?

– Атың келісіпті ғой.

– Ой, құдай атқыр! Осынша жылқыдан бір тәуір мал қолыңа түспеді ме? – дегеннен-ақ Шекер мойнын бұлғаң еткізіп, көзін төңкеріп жіберді, іші білді, мұрт күлді.

Шекер бірталай сөйлесіп, жымыып қайтты» [1, 19-б.]. Кейіпкерлерінің мінез қырларын, ым-ишарамен, белгілі бір сәттегі сезім күйлерін тапқыр әрі ұтымды, қысқа да мағыналы бейнелеуде диалогтің ерекше тәсілін жазушы өз мақсатына қарай сәтті пайдаланған. Көш үстіндегі Күнікейдің іс-әрекетін тәптіштей суреттеген жазушы кейіпкерінің өнерін өзгелерден артық көрсете отырып, өнер құдіретіне, табиғи дарынға ерекше мән береді. Ең жақсы киім (кебіс) киіп, ең таңдаулы деген ат мініп, ерекше сән-салтанат иемденсе де, осы тұста бай қызы Шәмши Күнікейден көш бойы кем түседі. Күнікей әнінің құдіретіне елтіген Шәмшидің бір-ақ ауыз таңданыс сөзі осыны айғақтайды. Күнікейдің бойындағы әншілік өнерді көшпен келе жатқан көптің бағалауын бейнелеуде жазушы полилогтер арқылы береді. Демек, ән – кейіпкердің топтан ерекшелігін ашатын көркемдік деталь. Оны Күнікейдің өз сөзі, яғни ішкі диалогімен (құдай берген өнерді аяймын ба?), авторлық суреттеуімен шебер көрсетеді.

Жүсіпбек Аймауытов – шешен тілді шебер жазушы. Әсіресе, ол ән өнеріне келгенде бейнелі сөздерді шабыттана төгілтіп-төгілтіп жібереді. Ақ өлең болып құйылып кете беретін ұзақ сонар ырғақты сөйлемдерді «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның, повестегі Күнікейдің,

«Қартқожа» романындағы батыр жігіт Дәрменнің ән салған сәттерінен анық көреміз. Мәселен, «Күнікейдің аққудай сұңқылдап, күмістей сыңғырлап, бұлақтай сылдырлап, бұлбұлдай құбылтып, бұлқындай жұтынып, жүйкені босата, сүйекті шымырлата сырғанатқан, кестедей нақысты, ботадай сүйкімді, балдай тәтті, күндей сұлу әніне көш бойындағы қыз-бозбала, қатын-қалаш жиналып қалды», – деген жолдарды оқығанда жазушының тіл шеберлігіне тәнті болатынымыз күмәнсіз. «Мейлінше көркем, мейлінше айқын сөйлемдер әндетіп терме-жыр айтып отырғандай әсер береді» [4, 3-б.].

Бір көште осылайша танылып, өзгеден өресі биіктеген кедей қызының мерейі үстем болады. Мұндағы көш Күнікейдің өнерін сынға салатын, өзгеден ерекшелігін ашатын сынақ алаңы іспетті. Шығармадағы көш көрінісінде ерекшеленетін кейіпкер Күнікей болса, Байманның танылатын, ерекше қасиеттері сынға түсетін тұс Шәмшидің күйеуі келер сәті еді. Жазушы тойдың болар алды мен өту кезеңіне ерекше мән бере суреттейді. Ондағы негізгі мақсат – «сегіз қырлы бір сырлы» өнерпаз жігітті көрсету болғанын автор өзі де айтып өтеді.

Ж. Аймауытов шығармаларында кейіпкер тұлғасын сомдаудағы айта кететін бір ерекшелік – кейіпкерлердің мінез-қырларын, түр-сипатын, сыртқы келбет-кескінін басқа бір кейіпкердің байқауымен, саралауымен, көзімен, ой елегімен береді. «Шығарма қаһармандарын бір-бірінің көзімен көрсету, өзге кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-сипатын авторлық позициямен сәйкес бас кейіпкердің ой-сезімі арқылы бейнелеу – психологизмнің ұтымды тәсілдерінің бірі» [5, 92-б.]. Мұндай тәсілдерді Ж. Аймауытов шығармаларынан жиі ұшыратамыз. Жазушы шығармаларын талдау барысында мінездеудің бірнеше түрлерін диалог арқылы шебер даралайтынын аңғарамыз.

Екі кейіпкердің диалогтері арқылы үшінші бір кейіпкердің мінезі ашылады. Мысалы:

« – Апа-ау, «бай» деп сәнденгені болмаса, күйеу бір топас екен ғой, – деді.

– Неғыпты?

– Зағипа тақиясын жұлып алып еді, қолға салып қалды. Зағипа ашуланып: «Аузында әзілі жоқтың, қолында тоқпағы бар» деген осы-ау, – деп еді. Сендей қызды солай сүй... үйрету керек деп қарап отыр. Бетімізден отымыз шықты. Сүйтсек, Күлтай көріп қапты: қақ төбесінде жалтыры бар екен.

– Ойбай-ау! Таз десеңші! – деп Шекер мырс ете түсті» [1, 34-б.].

Бұл Шәмшидің күйеуі еді. Шекер сөзінің астарында мысқыл, келеке басым. Бақталастықтың та нышаны байқалып қалғандай.

Әңгімедегі бір кейіпкердің репликасы арқылы екінші кейіпкердің мінезі беріледі. Мысалы:

«– Көзі – дәл өлетін сиырдың көзі. Мұрны – Шолақтың күйген бармағы, аузы – талыс, өзі – аумаған Түйебай... – деп, сол елдегі сұмпайы біреуге теңгеріп, әбден іске алғысыз қылды.

– Апа, қойшы, байғұсты сонша құлдыраттың ғой! – деп Күнікей ішек-сілесі қатып күлді» [1, 35-б.].

Көптің сөзінен бір кейіпкерге ортақ мінездеме де жасалады.

« – Ал ендеше мен бастайын.

– Е, бәрекелді!.. Ой, сабазым-ай!.. Топтың гүлі жаңа келді ғой!.. – деп өзінен өнер шықпайтын тоғышарлар қошамет қылысты» [1, 38-б.].

Автордың сырттай бейтарап суреттеуші ғана болып, әр кейіпкердің сырын оқушының өзіне аңғартуынан кейіпкерлердің репликалары арқылы біз Байманды ойын-тойдың гүлі, ұйымдастырушы, ұйытқысы ретінде танимыз. Ауыл жігіттерінің алды. Шәмшінің тойында көкпар тартыста, күресте балуандылығымен көрініп, құдалармен сөз жарыстарда, жерден күміс теңге алуда жеңіс басында Байман тұрды. Повесте ол Күнікейді шын сүйген жігіт ретінде көрінеді. Ж. Аймауытов диалогтеріндегі бір ерекшелік – көбіне авторлық ремарканың болмауы. Болса да сирек кездесуі. Жазушы өз тарапынан ремарканы көбіне кейіпкерінің қимыл-қозғалысын, ишара белгілерін, жест, түр-әлпеттерін танытуда диалогке қосымша мән үстеу үшін қолданады. Кейбір авторлық ремаркасыз берілген диалогтерден

оқырман кейіпкерлеріне еш қиындықсыз өз бағаларын бере алады. Олардың айтайын деген ойларын, ішкі сезім-қалтарыстарын алдын ала сезіп, топшылап отырады. Мысалы:

«Күнікейдің: «Е, со ма?» деп жаратпағанын Байман байқаған да, елеген де жоқ.

– Уа, Тұяқ біздің ағамыз болады, – деді.

– Ағаңыз келіскен екен, – деп Күнікей ернін шығарды» [1, 42-б.].

Күнікейдің Байманның сөзін ұнатпай, Тұяқты айтқанда жақтырмай ернін шығаруы болашақ күйеуді менсінбеуі еді.

Күнікейдің бойындағы албырт сезім оның Байманмен табысуы кезінде жаңаша мән алады. Әңгімедегі Күнікей мен Байман арасындағы диалогте бір-біріне ынтық жандар арасындағы сезім ағыстары нәзік бейнеленеді. Ол Байманды шын сүйді. Аз күн ойнап та күлді. Мұның бәрі адамның қуанышты бір сәтін бейнелейтін өткінші сезім ғана болатын. Шын мәнісінде Күнікей қайғылы, шерлі еді. Оның бүгінгі халінде де, болашағында да қуанатындай еш жақсылық жоқ-ты. Осы орайда, академик С. Қирабаев: «Күнікейдің жеңісі – ата-баба салтын бұзып, сүйгенімен қашып кетуі болса, жазығы – басына түскен тағдыр тәлкегі ауырып, төсек тартуы, еш пендеге керек болмай, тіпті сүйгені Байманның да бір кездегі алып ұшқан сезімін аяқасты етіп, жан жарасы мен тән жарасының ұласуы болды» [6, 38-б.], – деп пайымдайды.

Жалпы алғанда, Ж. Аймауытов шығармаларындағы өзгеше сөз саптау, тамаша тіл өрнегін айтпағанның өзінде, ол адам психологиясын тануға, танытуға, жан диалектикасын зерттеуге айрықша күш салады. Бұл ретте жазушы үш түрлі қағиданы берік ұстанғандығын көреміз. Біріншіден, жазушы суреттеген оқиғаның кезең көрінісімен, заман талабымен шынайы үндестік табуы; Екіншіден, тағдыр-талайын басынан өткерген кейіпкерлерінің сезім-күйлерін өз ой елегінен өткізе білетіндігі, сол арқылы оқырманына әсер етуі; Үшіншіден, олардың бір ғана сәттегі қуанышы мен қайғысын, жеңістері мен жеңілісті тұстарын авторлық баяндау, ішкі монолог, ой ағысы, ішкі диалог, диалог, полилог т.б. көркемдік тәсілдер арқылы тамаша бере білуі де суреткер шеберлігі екені ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – Т. 1.
2. Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997.
3. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Қазақ қара сөзі жайында. – Астана: Таным, 2003.
4. Нұрғалиев Р. Күретамыр. – Алматы: Жазушы, 1973.
5. Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. – Алматы: Жазушы, 1966.
6. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: Ана тілі, 1993.

МҰХТАР МАҒАУИН ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АРХЕТИПТІК ОБРАЗДАР МӘНІ

Кемалова С.М.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» романындағы архетиптер талданады. Жазушы шығармасынан келтірілген үзінділерге иек арта отырып, кез-келген ертегі, миф, әдеби шығармалардағы ескерткішке айналу, оған жан біту, жалпы ескерткіш образы алғашқы қауымдағы адам мен табиғат бірлігіндегі ұғымнан бастау алатындығы туралы байыпталады. Архетип туралы ғалымдар еңбектеріне шолу жасала отырып, қаламгер шығармасындағы архетипке жан-жақты талдау жасалады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, архетип, Мұхтар Мағауин, «Қыпшақ аруы» романы, идеялық өзек.

Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» романының идеялық өзегі кейіпкердің ескерткішке айналуы болып табылады. Яғни, ескерткіш, тас мүсін образымен кездесу. «Қыпшақ аруы» туындысында «тұлғаның екіге жарылу», «алтын ғасырды аңсау» сынды архаикалық сарындар бар.

«Ескерткіш», «тас мүсін» образы әлем мифтерінде де, әдебиетінде де жиі кездеседі. Адамның тасқа айналуы немесе керісінше ескерткішке жан біту, оның адам өмірінің жалғасы ретінде есептелуі мифтік кеңістіктен (бейсаналықтан) жеткен ақпарлар деп білеміз.

Мұхтар Мағауин «Қыпшақ аруы» романында бұл мәліметтерді кейіпкер аузына сыналап салғысы да келген. Мүсінші Саржан жазушының ескерткішін жасауға ұсыныс білдіреді.

«– Мен үшін үлкен абырой, – деді. – Кейін, жиырма жылдан соң, құдай жеткізсе, елу екі жасыңда және бір рет қалыптаймын. Содан, жетпіс екінде тағы. Нақ өзі деп. Ұлттық және халықаралық көрмелерде үшеуін қатар қоямыз. «Ұлы жазушының үш кезеңі» деген тақырыппен...» [1].

Алайда жазушы бұл ұсыныстан бас тартады.

«– Болмайды, – дедім, Саржан шынымен айтып тұрғанына көзім жетіп. – Мен – тәңгірге аруаққа және тылсымға сенетін кісімін. Жадағай, жалғыз-ақ өлшемдегі фотосурет емес, басыңның, бар бітіміңнің нақпа-нақ көшірмесі – қолдан жасалған сыңарың... Мүмкін, шайтан қонар. Ең қорқыныштысы – менің жаным өзімді тастап, сол мүсінге көшіп кететін шығар. Түгел болмаса да, тең жарым, бөлшек бітісімен...» [1, 2].

Келтірілген үзіндіде Мұхтар Мағауин ежелгі египеттіктер сеніміндегі жанның Ка бөлегіне келетін сипаттарды анық келтірген. Бұл құбылыс роман соңында толық іске асады да. Әдебиеттегі аталмыш желілер жайлы басқа мысалдарды келтірмес бұрын, миф, ертегі, аңыздардағы ескерткіш образының орнын нақтылап алсақ.

Мифтерде адамның тасқа айналып кетуі жиі кездеседі. Бұл жайында академик Серік Қирабаев: «Ең көне мифтерде жанды-жансыз табиғаттың бірлігі, адам мен табиғаттың бірлігі, адам мен табиғаттың теңдігі туралы түсініктер айқын көрініс береді. Осы ұғымдардың нәтижесінде адам өзін қоршаған табиғаттан, жан-жануарлардан бөлмейді. Соның салдарынан мифтерде адам аңға, құсқа, тау-тасқа оп-оңай айнала алады. Бұл – алғашқы қауым адамының жер бетіндегі, яғни өзінің маңайындағы заттарды «тануға» ұмтылғанының белгісі. Сонымен қатар бұл мифтер алғашқы қауым адамына тән мифологиялық сананың бірінші сатысын көрсетеді [2]» деп жазған. Академик бұл кезеңді адам өзінің өлі табиғаттан, жан-жануарлардан бөлек екенін сезінгенге дейінгі жағдай деп көрсетеді. Рух-иелік мифологиядағы аңдардың пайда болуы, негізінен адамдардың азғындап, күнәлі немесе кінәлі болғанымен байланыстырған ғалым, тау-тастардың, тағы басқа объектілердің жаратылуы адамды жазалаумен ғана емес, басқа да жағдайлармен байланысты болып келетінін айтқан.

Келтірілген үзінділерге иек арта отырып, кез-келген ертегі, миф, әдеби шығармалардағы ескерткішке айналу, оған жан біту, жалпы ескерткіш образы алғашқы қауымдағы адам мен табиғат бірлігіндегі ұғымнан бастау алады деп болжам жасағымыз келеді.

Қазақ мифологиясына адамның тау-тасқа айналып кетуі таңсық емес. «Қырық қыз» тауы адамдарға төнген қауіптен пайда болса, «Жеке батыр» адамның қатты шаршап, ұйықтап кетуінен пайда болады. Ал, «Келіншектау» – әке қарғысынан тауға айналған адам, яғни мұнда рух-иелік мифологияға тән кінәлі адамды жазалау әдісі көрініс береді.

Ертегілерде кім орталық қаһарманға қастандық жасалуы мүмкін екенін айтып қойса, сол тасқа айналып кетеді деген желі бар.

«Соңғы бұрыштан шыққан дауыс:

– Егер Ахметбек осыны біліп, біреуге айтатын болса, қара тас болып қатсын, – дейді. («Ахметбек пен Хасан» ертегісі)» [3]. Ағайынды қос баланың үлкені «Күндерде бір күн аңда жүріп бір қалың тоғайға кездесті.

Сөйткенше болған жоқ қара дауыл соғып түн болды. Аңдарын жинастырып тұрса, бір үлкен бәйтерек тұр екен. Бәйтерекке жақын келсе, бәйтеректің түбі аң қалпында, мал-жан қалпында қатып қалған қара тас, таң қалып жанына жақын келсе, бәйтеректің басында бір кемпір отыр. Жігітке қарап кемпір: «Қарағым, мына ағашты ырғашы», – деді. жігіт нанып ағашты ырғап қалғанда жігіт те, аты да, аңдары да қара тас болып қатып қалды.» («Алтын құс» ертегісі) [3, 273]. Оны қайта қалпына келтіруге інісі көмектеседі.

Әлем мифтерінде, ертегілерінде адамның тас мүсінге айналуы немесе адам кейпіндегі тасқа жан бітуі кең таралған. Жөйіт фольклорындағы Голем атты саз-балшықтан жасалған кейіпкер жөйіт халқын қауіптен құтқару үшін тіріледі. Бұл қатарға Крит теңізінің сақшысы Талосты, Пигмалион және Галатея мифін, Дон жуан аңызындағы командор ескерткішін қосуға болады. Прозада ескерткішті шешуші образ ретінде пайдаланған туындылар да өте көп. Ғалым Роман Якопсон «тірілетін және өш алатын ескерткіштер» архетиптік сюжеттері жайлы ғылыми мақаласында «Тас қонақ», «Мыс салт атты», «Алтын әтеш жайлы ертегі» үштігін көрсетеді.

Орыс әдебиетінде бұл тақырыпқа Бушков («Ақын мен супері», «Таңғажайып Катерина»), ағайынды Стругацкийлер («Тағдырлы бұршақ»), Елена Артамонова («Айна ішіндегі әруақтар»), Елена Усачёва («Ескерткіш тірілгенде»), Леонид Влодавец («Ұлы Некромансер», «Сұмырай құбыжық»), Владислав Крапивин («Сары шалғындағы кептерхана» трилогиясы), Борис Штерн («Жалаңаш сұлу немесе құмыра көтерген жалаңаш қыз»), Дяченко («Пентакль»), Венера («Қалалық әлем»), К. Кинн мен Н. Некрасов («Жылдың ең тыныш кезі»), В. Камши («Адам атағының арбауы»), Ольга Голотвина («Силуранда кездескенше»), Сергей Лукьяненко («Черновик»), Ирина Сергиевская («Кариатида»), Михаил Успенский («Шойын салт атты»), Сергей Сухинов («Зүмірет қала»), С. Ижорский («Бақылаушы»), Ник Перумов («Қылыш қорғаушылары»), Игорь Росоховатский («Уақыт аралығында кездесу») т.б., әлем әдебиетінде италия ертегі («Флорио құпиясы»), Проспер Мериме («Илдік Венера»), Сельма Лагерлеф («Нильстің жабайы қаздармен таңғадайып саяхаты»), Джанни Родари («Көп жебенің саяхаты»), Ганс Христиан Андерсен («Ең таңғажайып»), Памела Трэверс («Мэри Поппинс»), Р.Л. Стайн («Қорқыныш саябағындағы бір күн» повесі), Роджер («Темірші»), Эдит Несбит («Мұражай экспонаты»), т.с.с. авторлар қалам сілтеген.

Зерттеу нысанындағы «Тұғыр мен ғұмыр», «Қыпшақ аруы» романдарына жекелей талдау жасауға көшсек.

Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» - романы терең психологиялық шығарма. Ол бірінші жақтан жазылғандықтан өне-бойындағы ұжымдық бейсаналықтан алғынған тұрақты архетиптік образды табу біршама күрделі. Себебі, оқиғаны баяндаушы (автор) өзі де белгілі бір архетиптік образдың ролін иеленген. Әдетте, автор шығармасын бірінші жақтан жазған кезде орталық кейіпкердің орнында болады. Себебі, барлық оқиға оның айналасында өтіп жатады. Менің талдауым бойынша бұл романда баяндаушы (автор) сапар (оқиға) куәгері ретінде ұсынылған. Ол бас қаһарманмен бірге саяхатқа шығу үшін мономиф желісіндегі тұрақты кезеңдерден өзі өткен. Бұл кезеңдерден, атап айтқанда «қалыпты кеңістікті жатсыну», «хабаршының келуі», «табалдырықтан аттау» инициациялары авторға орталық кейіпкердің сипаттарын дарытқанмен, ол шығарма соңында «сыйлық (алтын қылыш, мәңгілік өмір, ханшайым т.с.с.)» иегері атанбайды. Бұл автордың нақты бас қаһарман еместігінің белгісі. Оның қай архетиптік образдың орнында екенін анықтау үшін шығармаға құрылымдық талдау жасайық.

Роман баяндаушының «қалыпты кеңістікке көңілі толмайтындығымен» басталады. Бұл сапарға аттанудың алғашқы белгілері. Ертегілердегі аштық, жұт, құрғақшылық сынды нәубеттен шығатын жол іздейтін кейіпкерлердің сапарға аттануы да осыған саяды. Кейде белгілі бір ақпаратты, өткен оқиғаны естіген кейіпкер сол сәттен бастап «қалыпты кеңістікті» жатсына бастайды. «Жайлы кеңістікті» жатсыну, басқа, көңілі аласұрып іздеген жерді аңсау, іздеу, сапарға ұмтылу әрекеті «Қыпшақ аруы» романында жазушының өз жазғандарына көңілі толмау әрекетімен көрінген.

«Ал әлгі, әжептеуір деген екі әңгіме – ол да сол төңіректегі мұң мен зардың бұр ұшығы...» [1, б. 3] – дейді қаламгер жазған-сызғанына көңілі толмай. «Қалыпты кеңістікке» көңілі толмаған кейіпкер міндетті түрде жаңашылдықты, тығырықтан шығар жолды іздейді. Бұны романның келесі жолдарынан байқай аламыз. «Өрелі, өзгеше туынды керек еді. Соны тақырып, тың толғам, ұтқыр шешім» [1, 4]. Бірақ, мәселе оңай шешілмейді. Хабаршының бірнеше рет келуі сынды, қаламгер де қанша жазса да, не жазса да ойындағыдай болмайды. «Бұл да ежелгі сарын болып шықты. Бұрыңғы гөй-гөйіміз» [1, 4]. Қаламы жүрмей «таң атқанша сілейіп отыратын...» жазушы жазу бөлмесіндегі «мүлде былығып кеткен» кітапханасын реттеуді бастап кетеді. «Қыпшақ тас мүсіндері» кітабы сол кезде қолына тиеді. Кітапты парақтап қыпшақ аруының «...тілсіз тас мүсіннің жансыз, көшірме суреті... [1, б. 5]» тұрған бетті ашады. Бұл сурет «хабаршы» архетиптік образының міндетін атқарып тұр. Кэмпбелл кейіпкердің «шақыртудан бас тартуы» жайлы кең көлемді зерттеуінде «қаһарман хабаршыны көбіне үш рет қабылдамай қояды» деп жазады. Біз оны зерттеу жұмысымыздың алдыңғы тарауында Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романынан мысал келтіру арқылы көрсеткен болатынбыз. Бір қызығы, «Қыпшақ аруында» баяндаушы автор «хабаршы суретті» бірінші көрген соң жаба салады. Сосын: «таңбалы бетті қайтадан аштым» – дейді. Және сәл қиялға берілген соң, «қайтадан жаптым. Бірақ дегбірім жетпеді. Демімді тартып, дәтімді бекітіп, тағы жүздестім» [1, 5] деп жазған.

Романның кіріспе бөлімі осылай тәмамдалады. Автор лирикалық шегініс әдісін пайдалану арқылы өрбітетін негізгі оқиғаға көшпес бұрын, оқырманға «кіріспе-оқиға» ұсынуды жөн көрген. Екі оқиғаны екі бөлек қарастыру қате. Себебі, тұтастай алғанда кіріспе-оқиға мен негізгі оқиғаның архетиптік образдары бір. Мысалы, «хабаршы» архетиптік образының міндетін атқаратын «Қыпшақ тас мүсіндері» кітабындағы сурет баяндаушыны да, Саржанды да сапарға аттануға шақырады. Бұл ретте кіріспе-оқиғаның кеңістігі мен уақыты қазіргі күнге, ал негізгі оқиға бұрын өткен жағдай екендігін ескере отырып, Кэмпбелдің «апафез» терминімен аталатын «сапарға шығып келген қаһарман үшін кеңістіктер мен тылсым әлемнің шекарасы жойылады, ол енді екі әлемнің де иесі атанады» [4, 247] деген тұжырымын келтіргіміз келеді.

Баяндаушының Саржанмен танысуы «әлдебір ортақ ақсақалдың үйінде, жыл жаңарған наурызда, қонақта» [1, 5] болуы ерекше назар аудартатындай мәлімдеме деп ойлаймыз. Мономифтегі, яғни жер бетіндегі барлық мифтердегі ортақ оқиға желісінде кейіпкерге алғашқы болып хабаршы мен данышпан архетиптік образы кез болады. Автор жазатын «жыл жаңарған наурыздағы әлдебір ақсақал» – әдетте ақсақал образында көрінетін «данышпан», «ілкі жебеуші» образын еске салатыны анық. Бірақ, оны нақты данышпан архетипі деуден аулақпыз. Автор кейіпкерлерді таныстыруда бейсанылық тұрғыда «данышпан» бейнесіне жүгінген.

Саржан – «Қыпшақ аруы» романының бас қаһарманы. Ол да «қалыпты кеңістікті» жатсынып, көңілі толмай жүрген образ. Бұл әркетін келесі жолдардан анық байқауға болады.

«...Бәрі болады, бәрін аласың. Тек... көресің әлі, ешқандай қызығы жоқ...» [1, 6]. Мүсінші қандай дүние жасап шықса да, рухани қанағаттанбайды.

«– Кезекті халтура, – деді қазақшалап. – Сонымен өмір өтіп барады...» [1, 5]. Өз туындыларына көңілі толмай, жаңа дүниелер тапқысы келеді. Кеудесіндегі ізденіске, жаңа кеңістік ашуға деген ұмтылыс бар. Ол жайында ашық айтады:

«Бұдан соң жаңа бағдар тапсам керек еді» [1, 6].

«Қанша толғансам да тетігін таппадым» [1, 6].

Қалыпты кеңістіктің «саналық қабат» екендігін, ал «мәселенің туындауы» бейсаналықтағы комплекс екендігін зерттеу жұмысының басында айтқан болатынбыз. Бұл жерде автор тығырықтан шығатын жолды өзінің бейсанасына сапарға шығу арқылы ғана шеше алады. «Алды-артың түгел... жабық. Бірақ қашанғы тұншығып отырасың. Біз... мен жаңа бағыт, жаңа жол табуым қажет. Мұрат тұтқан межелі жерге жететін. Қия болса да, қиғаш болса да. Және құлап мертлікпейтін. Айтқанға оңай. Бауырым, білуге тиіссің, тыңнан сорап салу үшін гений болу керек!» [1, 6].

Маңызды дүние ешқашан оңай қолға түспейді. Баяндаушы белгілі бір кедергілерден өтіп, құнын төлеп, кітапты алып келеді. 818 беттегі ескерткіштің суретіне аялдайды.

«– Кім бұл?

– Қыпшақ аруы» [1, 11].

Қыпшақ аруының кескінін, тұрпатын, бейнесін қалыптастыруда жазушы қандай да бір нақты балбалтасты үлгіге алуы мүмкін деген болжам жасағымыз келеді. Немесе сол заманғы ескерткіштерге тән бейнелерді, детальдарды жинақтаған болуы мүмкін.

«Бөбешегіне дейін әсем сызылған, толық қос анар салбырай иіп тұр. Тоқ құрсақта – екі аяғы созылған, екі қолы жайылған нәресте бейнесі. Қыз бала. Сәбидің сол қолы – жоғарыда, сол жақ емшек үстінде, оң қол – тітіреп тұрған оң мамасын ұстаған. Одан төмен... арудың жұмыс, толық екі саны, екі сан аралығы – сырлы үшбұрыш – дөңестене бере, ортасы қақ айрылып, молынан, ойыла қашалған, айқын бедерлі, айдынды, әсем әурет... Ана! Бар тіршіліктің бастауы, ару ананың екі қолы кіндік тұсынан қусырылған. Салалы, сүйрік саусақтар аузы иіле біткен, бүйірі шығыңқы, жұмыршақ құмыра ұстап тұр. Құт-береке!» [1, 11]. Келтірілген үзіндідегі нәресте бейнесі шығарма желісіндегі байланыс үшін қосылған ақпарат сынды. Романдағы оқиға тізбегінде Айсұлу бегім ғасырлар бұрын босана алмай қайтыс болғанын, алайда кейін бүгінгі заманға түсіп, дәрігерердің арқасында дүниеге дені сау қыз бала келетіні айтылады. Осы оқиғаны байланыстыру мақсатында ескерткішке «өзгерістер» енгізгендей. Ал енді түпнұсқадағы ескерткіш өмірде бар болуы мүмкін.

М. Мағауин «Қыпшақ аруы» туындысында пайдаланған әдеби әдіс-тәсілді Батыс әдебиетіне теліген пікір болған. Атап айтқанда А.О. Тоқсанбаева ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» (1891) атты шығармасымен үндестігі бар екендігін атап көрсеткен. Ғалымның пікірінше: «кейіпкердің жаны өзі салған суретке көшіп кетуі» идеялық тұрғыда ұқсайды. Алайда, «суреттің иесімен бірге қартаюы, кейіпкер жасаған бүкіл күнә мен бассыздықтардың табы мен таңбасы суреттің бетіне түсіп отыруы» [5] идея арнасын басқа бағытқа бұрып жіберген.

Қорыта айтқанда, «Қыпшақ аруы» романы архетиптік желілер анық байқалатын, кейіпкерлері санаулы ғана болса да, дәстүрлі архетиптік образдарды толық қамтыған. Романда әмбебап құрылымдық кезеңдер өз ретімен орналасқан.

Ғалым Мақпал Оразбек: «... архетип көркем әдебиетке, ақын-жазушылардың шығармашылығына тікелей қатысты екенін байқаймыз. Шығармашылық психологиясын зерттеуші ғалымдар көркем шығарманың тууын, идея мен символдардың жанды суретке айналуын, адам санасының терең түпкірінде жасырын жатқан, күллі адам баласының жаратылысында туа біткен кескін, бейнелерден іздейді [6, 8],» - дейді. Бұл пікір К.Г. Юнг пен оның шәкірті Э. Нойманн айтқан: «Бағзы [первобытный] образ немесе архетип – адам немесе демон кескінді фигура, бұл тарих қойнауында пайда болып, үнемі қайта туындап отыратын процесс барысында творчестволық фантазияның (шығармашылық қиял) өзін-өзі танытуы» [7]» деген сөзіне саяды. Ғалым шығарманы дүниеге әкелуші автордың шығармашылық процесс барысында өз психикасында бұрыннан бар бағзы архетиптік образдар елесі негізінде өзі де ойламаған кездейсоқ, бірақ нақты әрі жаңа образдарды да кемелділікпен бейнелейтінін айта келе, Юнгтің «шығармашылық процесс кезіндегі автордың көптеген зерттеушілер шешімін таба алмай жүрген «жұмбақ» күйін, оның творчестволық тұлғасындағы «архетип образдардан бастау» алып, соның ырқында барлық басқа дүниені ұмытып, о баста өзі ойламаған кейіпкерлерді тудырып, сұмдық ситуацияларды кейіпкерінің бейсаналық ырқында суреттеп кететінін» түсіндіріп береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мағауин М. Қыпшақ аруы. – Алматы: Атамұра, 2006. – 250 б.
2. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
3. Қазақ халық әдебиеті: көп томдық / ҚазССР Ғылым акад. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты. – Алматы: Жазушы, 1988. – Т. 3. – 312 б.

4. Кэмпбелл Дж. Тысячеликий герой. – СПб: Питер, 2008. – 560 с.
5. Тоқсамбаева А.О. Мұхтар Мағауин шығармаларының көркемдік-эстетикалық танымы // Қазақ әдебиеті. – 2005. – №4. – Б. 36-42.
6. Оразбек М. Автор және шығармашылық процес: монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 488 б.
7. Юнг К.Г., Нойманн Э. Психоанализ и искусство. – М.: Рефл-бук, Ваклер, 1996. – 304 с.

САЛ-СЕРІЛІК ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖЕТІ ҚАЙҚЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Рымбаева Ә.А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: **Әбішева Ш.С.**

қауымдастырылған профессор м.а., ф.ғ.к.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,

Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырда өмір сүрген халық мәдениетінің, ән-күй өнерінің өкілдері Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Шашубай, т.б. сал-серілердің жалғасы болып табылатын тек Маңғыстау емес, Атырау, Теке, Орал, Ақтөбе, Орынбор өңірі мен Орта Азия елдеріне кеңінен таныс, шетінен күміс көмей «Адайдың жеті қайқысы» атанған өнерпаздар туындыларының көркемдік тұстары сөз болады.

Түйін сөздер: халық мәдениеті, музыка, сөз өнері, әншілік өнер, сал-серілер, поэзия, көркемдік тәсілдер, дүниетаным, дәстүр жалғастығы, идея, композиция, жыр, жыршы, синкретті өнер, композитор.

Ұлт әдебиеті тарихында XIX ғасыр күрделі де шиеленісті әлеуметтік-саяси тартысты оқиғаларға толы болғандығы, халқымыздың қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткергендігі белгілі. Осы кезеңде тарих сахнасына шыққан ұлт руханиятының өкілдері, мәселен, Арқадағы Біржан сал, Ақан сері, Қазақстанның Батыс өңіріндегі Мұхит, Сыр бойындағы Нартай дәстүрі, сонымен қатар Балуан Шолақ, Жарылғапберді, Мәди, Ғазиз, Үкілі Ыбырай, Әсет т.б. қазақтың ән қазынасын байыта түсті. Халықтық поэзияны көркемдік-идеялық, тақырыптық жағынан дамытты. Сондай-ақ, Маңғыстау даласында Өскінбай бастаған «Адайдың жеті қайқысы», Шу өңірінде Сауытбек бастаған «Ашаның алты салы», Дәурен сал бастаған «Жетісудың алты салы», Арқаның Төлебай бастаған «Арқаның он бір салы» ел аралап, бір-бірінен өнерлерін асырғандығы тарихтан белгілі.

Кеңестік кезеңде қазақ өнерінің сал-серілер жасаған ұлы мұрасы қақпай көріп, Үкілі Ыбырай, Мәди, Иманжүсіптер сол қызыл қырғынның құрбаны болғанымен, табиғатынан тума талант өнерпаздардың кейінгі ұрпаққа рухани қазына болып қалғандығы, ұлт мәдениетіне қосқан үлесі ауыз толтырып айтарлықтай. Ә.Тәжібаев: «Лириканың негізі – халық өлеңдерінде, әсіресе, сал-сері атанған: Біржан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Әсеттерде жатыр», – деп атақты өнерпаздардың ұлт руханиятындағы орын жоғары бағаласа [1, 6-б.], Маңғыстау өнерпаздары тұрасында Әбіш Кекілбайұлы: «Ел қазынасы саналатын ұлы өнер өмірмен егіз, ел тағдырымен астарлас. Маңғыстау өлкесінде өнерімен өрге шауып, төске өрлеген, қатарынан оза шауып бәйге алған сұңғыла дарындарымыз қаншама?! Нотаға түсірілмейтін күйлерді тек сол өлке ғана тартады, дауысы түстік жерге жететін әншілер тек қана сол өлкеде туады» [2, 12-б.] – деп, айқын сипаттама берген.

Расында да, «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстау өлкесінде тасқынды жыр төккен ақпа ақын-жыраулар, олардың сөздерін ел арасына таратушы небір жыршы-термешілер, дауысын алты қырдан асырған әншілер, дәулескер күйшілер, небір қайталанбас тума таланттардың өткендігі мәлім. Міне, ел арасында ұлы той-жиын, думандарға бірге барып, жетеуі кезектесе құйқылжыта ән салғанда танды-таңға қосып жыр айтып, шалқыта

күй шертіп, тамсанта таңдай қақтырған, атақ-даңқтары тек Маңғыстау емес, Атырау, Орал, Ақтөбе, Орынбор өңірі мен Орта Азия елдеріне жайылған, шетінен күміс көмей, жез таңдай «Адайдың жеті қайқысы» атанған өнерпаздардың алар орны ерекше.

«Қайқы» сөзі «сал, сері» деген сөздермен синонимдес ұғым. Бұл сөздің мағынасын түбі бір түркі халықтарының тілінен іздеген зерттеуші Ш. Керімов В.И. Вербицкийдің «Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка» (1884) сөздігінен: «...алтай, аладаг тілдерінде «қайқы» – тамаша, керемет, куман диалектісінде де «қайку» сөзі осындай мағынада жүреді, В.И. Рассадиннің «Фонетика и лексика тофаларского языка» (1971) еңбегінде хакас тілінде «хай қастық» – таңданарлық, ғажап; тофоларда «қайһа» – таңдану, таңырқау деген ұғымды білдіреді», – дей келе, «жоғарыдағы мысалдарға қарағанда, қазір сирек қолданылатын сөзге айналып үлгерген «қайқы» бұрын кербез, тамаша, ғажап, яғни, «қайқы» – жігіттің кербезі, ал «қайқылық» – кербездік деген мағынада жұмсалғанын аңғарамыз» – дейді [3, 12-б.].

Адайдың жеті қайқысы XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Маңғыстау түбегінде өмір сүрген халық өнерпаздары – Өскінбай Қалмамбетұлы, Жылгелді Теңізбайұлы, Шолтаман Байсарыұлы, Тұрсын Алдашұлы, Досат Бәймембетұлы, Тастемір Боранкүлұлы, Әділ Өтегүлұлы.

Бұлар өздерінің дәуірлеген заманында елдегі әлеуметтік мәселелерді басты тақырып етіп алып, өнерлерін теңсіздікке қарсы күрес құралы еткен. Жеті өнерпаз әндерінің жалпы мазмұны – адамның қуаныш-сүйініші, мұң-қайғысы, махаббат сезімі, саятшылық, жүйрік ат, кумай тазы, аң аулау, қалаберді елдік, ерлік тақырыптар. Олар өз туындыларында музыкалық, поэтикалық әдістерді ұтымды пайдалана білген. Осы орайда, академик А. Жұбанов: «Маңғыстауда Шолтаман, Тастемір, Досат, Тұрсын, Жылгелді, Әділ, Өскінбай – «жеті әнші», «жеті қайқы» болып аттары шығады. Бұлар жетеуі бірге жүріп, көбіне қосылып ән айтады екен. Тыңдаушылар бұларды аса қатты құрметтейді екен. Өрине, жеті кісінің қосылып бір дауыста ән айтуы әннің сапалық жағын сөзсіз өзгертеді, күшейтеді, әсерлендіреді, байыта түседі» [4, 67-б.], – деп пайымдайды.

Бірде Жеті қайқы кезекті өнер сайысынан жеңіспен оралып келе жатып:

Жиылып жеті дүлдүл желе кеттік,

Жүп жазбай, серілікпен елге жеттік.

Әншінің айдап жүрген еш малы жоқ –

Өнер мен мерекені ермек еттік.

Ерітіп соңымызға көпшілікті,

Өнерді жасымыздан өрнек еттік.

Кең ойып, шаршы топтан орын алып,

Қара өлең, төрттен салып, дөңгелеттік [5, 7-б.], – деп таныстырады өздерін.

А.Жұбанов Өскінбай Қалмамбетұлы туралы: «Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл дәстүрлерінің ешқайсысына тікелей соқпайтын, творчестволық бағытында да, орындаушылық дәстүрде де өз алдына бір төбе болып тұрған адайлық күйлердің негізгі қорын бір басына жинаған Өскінбайдың біздің халықтық аспап музыкасында алатын орны ерекше», – деп баға береді [4, 68-б.].

Өскінбай әкесінің аңшылық өнерін де қапысыз меңгеріп, бұл өнерді одан әрі дамытып, төңірегін атбегі, құсбегі, қақпаншылығымен тәнті еткен. Алайда, Өскінбайдың даңқын шығарған оның күйшілігі мен әнші-ақындығы. Оның мұрасын жалғастырушы баласы Мұраттың айтуынша Өскінбайдың репертуарында екі жүздей күй, біршама әндер болған. Өз төңірегіндегі Лекер, Жоламан, Дәуітәлі, Мылқайыр сияқты дәулескер домбырашылармен үзеңгі қағыса жүріп, сондай-ақ, көршілес түрікмен ағайынның ішінде Құлбай, Сапар-Мамбет, Өдеулі сияқты әйгілі күйшілермен де араласып, небір өнер сынына талай-талай додалы тартыстарға түскен. Талай додада ел намысын қолдан бермей елдік тақырыптарды да қозғап, екі ел арасындағы ынтымақ, бірлікті де сақтауға септігін тигізген.

Жеті қайқының енді бірі Жылгелді жастайынан-ақ ел арасындағы болған той, жиындарда қара домбырасын жанынан тастамай, өз өнерін көрсете бастаған. Бізге белгілі

деректер бойынша, ол тек қана әнші емес, айтулы ақын-жыршы, күйші адам болған. Өкінішке орай, тағдыр-тәлкегі, ел басына туған зобалаң, қым-қуыт зар заман атамыздың өмірінің соңына дейін туған-өскен топырағында тіршілік етуіне мүмкіндік бермейді. 1930-1931 жылдары ел арасы сөгіліп, қуғын-сүргін, айдау басталады. Сол себепті оңтүстікке ығысқан елмен бірге Жылгелдінің отбасы да көшіп, Шағадан – қазіргі Түрікменбашы бетіндегі Қулы-Маяк жерінен қоныс тебеді.

Ел басына түскен нәубет Маңғыстау жұртына да өз кесепатын ала келді. 1909-1910 жылғы жұттың салдарынан елде жаппай ашаршылық басталады. Осы орайда, Жылгелдінің өзге қайқылардан ерекшелігі – сол замандағы тарихи жағдайға қатысты ел басына түскен қиын-қыстау кезеңді жырлайтын «Жұт итке» атты толғауы болса керек.

Жылгелдінің «Адамы бұл заманның...» атты шығармасы зар заман ақындарының туындыларымен сарындас болып келеді.

Сал-серілердің шығармашылығындағы өзекті тақырыптардың бірі – ғашықтық, махаббат тақырыбы. Сұлулықты, әдемілікті асқақтата жырлау сонау эпостық жырлардан басталатыны ақиқат. «Алпамыстағы» Гүлбаршынның, «Ер Тарғындағы» Ақжүністің, «Қобыландыдағы» Құртқаның т.б. көркем бейнесін жасауда шеберлік қалай көрінсе, одан бөртін келе туған туындыларда да бұл ерекшелік жалғасын тапқан. Міне, жеті қайқы шығармаларында да эстетикалық құрылым басымырақ. Себебі, олардың өлеңдерінде адамның арақатынасы, махаббат сезімдері, ішкі жан дүниесі нәзік лиризммен әсерлі бейнеленген.

Қайқылардың қай-қайсысы да сүйгендеріне арнап өлең шығарып, ән айтқан. Жылгелді Ағибаşын жырға қосса, Досат ғашықтық әнін Жамалына арнайды. Осы орайда зерттеуші Ж.Жылқышыұлы «Ақзер» әнін Жылгелдінікі десе, ғалым Қ.Сыдықов өз зерттеулерінде Досаттың әні деп көрсетеді.

Өскінбай, Жылгелді, Досаттар көбінесе сезімдік сипаттағы әндерді шырқаса, Әділ Өтеғұлұлы орындаушылығындағы өзіндік ерекшелігімен әбден шырқау шегіне жетіп, екі көзіне тер құйылып, алқымы ісініп, аласу болғанда барып – «Жайма қоңырына» салатын көрінеді. «Қатарынан оза шауып бәйге алған нағыз дүлдүл өнерпаздың бірі – Әділ еті қызып алса – екіленіп, құйрығымен жорғалап ысырылып, байыз таппай кететінін өзі де аңғармай қалатын болған. Қолы оң-сол демей, домбыраның бас-аяғына жоғары-төмен сырғанай, жосып кететін көрінеді [6, 49-б.].

Тастемір Боранқұлұлы – суырып салма ақын, жырау болған. Оның шығармаларынан бүгінге дейін бір ғана «Маңғыстау» әні жеткен. Зерттеушілер бұл әннің тарихын Тастемірдің әкесінің өлімінен соң Арқа еліне кетіп қалып, ол жақта тұрақтай алмай, туып-өскен еліне қайтып келуімен байланыстырады. Ақын: «Маңғыстау, сені тастап кеткеннен соң, Көзімнің жүре алмадым жасын тыйып», деп туған топырағына деген ыстық лебізін білдіреді. Туған жеріне жетуге асыққан өнерпаздың сағынышы баяндалған бұл ән нағыз азаматтық лирикаға жатады.

Сөз өнерін ұран еткен Тастемірдің ізімен өлкеміздегі әншілікті де, күйшілікті де бойына жиған жеті бұлбұлдың бірі – Тұрсын «Тас астау», «Көл қайнар», «Оймауыт», «Шандоз қызға», «Айырық» атты әндерімен дүйім жұртқа таныс. Әншінің «Тас астау» атты туындысында: «Қынай белді қыздар-ай, қиылған қас, Бірге отырып жақсы екен ішілген ас, Тобылғы мен тор атпен барғаныңда, Күліп шықса алдыңнан бір қолаң шаш» деп сұлу қызға деген риясыз көңіл, сезім күйлерін көреміз.

Тұрсынмен сарындас келетін Шолтаман туындылары да бір төбе.

Шолтаман ақынның таланты тіптен ерекше. Тыңдаушы құлағын елең еткізер Шолтаманның бір әні былай айтылады екен:

Дүние – қызыл түлкі бұлаңдаған,
Айтпаса, кімнің сырын кім аңдаған?
Барында тіршіліктің сөз сөйлейік,
Бұл дәурен өтпей бастан тұра алмаған!

Бұл әнді өзінің жарау аты Кертторының үстінде шырқау шабытпен шырқаған екен. Даусының кеңдігі мен биіктігі жөнінен Шолтаман да басқа қайқылардан қалыспаған. Әншінің бізге жеткен әндері: «Дәләйшім», «Көкжөтел», «Сарыөзен», «Дөңасар», «Жайма қоңыр» т.б.

Жеті қайқы шығармалары сонау Сырдың сүлейлері мен Көкшенің салдарының туындыларымен үндесіп жатыр. Ұлт әдебиетінен ауқымды орын алған Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Сегіз серілердің әндері мен біздің маңғыстаулық қайқылардың әндері тіптен ортақ тақырыпқа құрылған.

Сал-серілерге тән сұлулықты, нәзіктікті, достықты, сезімді жырға арқау ету дәстүрі қайқыларда да көрініс тапқан. Қайқылар да заманында серілермен тең дәрежеде болған елдің еркелері еді. Олардың шығармаларындағы ұқсас тұстарды көптеп кездестіреміз. Мәселен, Ақан сері:

Болғанда мұндай күйде заманамыз,
Жай жатып сахарада қамаламыз.
Болыс, би ет пен шайға мәз болуда,
Қайткенде тура жолды таба аламыз...
...Жай жату тек бүгінгі жанның қамы,
Қаперсіз шөп жейтұғын малдың қамы.
Өзді-өзін талап жеген әлі жетсе,

Хайуан сахарада аңның қамы... – деп халқының сол кездегі әлеуметтік тұрмысын, адамдардың салғырттыққа бой алдырып ішіп-жегенге мәз болған сипатына ашынғанын анық байқасақ, енді жеті қайқының бірі – Жылгелдінің «Адамы бұл заманның...» атты өлеңінде:

...Адамы бұл заманның болды балық,
Ұстатпас еш жерінен жып-жылмағай.
Ілтипат ететұғын қалмады жан

Орнынан ай менен күн қозғалмағай... – деп заманның келбетін жырына қосады. Міне, «поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп, көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол айналадағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады» [7, 11-б.].

Сонау ұлт тарихында өзіндік мектебін қалыптастырған өнерпаздар – сал-серілердің занды жалғасы болып табылатын Адайдың жеті қайқысы атанған Өскенбай, Жылгелді, Тұрсын, Досат, Шолтаман, Тастемір, Әділ сынды өнер иелерінің халықтың ән мәдениетін дамытуға өз үлестерін қосып, елдің сол тұстағы ауыр тұрмысын, ел ішіндегі түрлі әлеуметтік мәселелерге белсене араласып, өз туындыларына тақырып арқауы еткендігін баса айтуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. – Алматы, 1976. - 472 б.
2. Сыдиықұлы Қ. Таңдамалы. 1-том – Алматы, 2007. - 576 б.
3. Керимов Ш. Проблемы традиционного и индивидуального в творчестве казахских поэтов-песенников (сал-сері) второй половины XIX и начала XX веков. автореф... канд. филол. наук: – Алматы, 1991. - 24 с.
4. Жұбанов А. Өскен өнер. – Алматы, 1985. - 248 б.
5. Тілегенов А. Адайдың жеті қайқысы. – Алматы, 2000. - 64 б.
6. Шыртанов І. Текті тұлғаның тұнбасы. – Алматы, 2005. - 324 б.
7. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, 2002. - 408 б.

САБЫР АДАЙДЫҢ РУХТЫ ЖЫРЛАРЫ

Асамадинов Н.Е.,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттық рух туралы зерделеніп, ұлттық рухтың патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі екені, қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі Сабыр Адай поэзиясының өршіл рухы туралы айтылып, рухты өлеңдері талданады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, қазақ поэзиясы, Сабыр Адай, ұлттық рух, өршіл пафос, ұлттық мінез.

Әдебиеттіміздің тарихындағы әр ғасыр, әр белес өзінің үдемелі өрбуімен көзге түседі. Өткен ғасырдың екінші жартысынан ерекше көзге түскен әдеби құбылыстың бір ақынын ғана сөз студиясының өзі – үлкен мәселе. Жиырмамыншы ғасырдың алпысыншы жылдарынан поэзиямыздағы қызу күшті жалын болып келген ақынымыз Сабыр Адай екендігінде дау жоқ. Өзінің бойындағы талантымен, айбынды поэзия үнімен қазақ өлеңіне тың жаңалықтар ақын есімімен байланысты келді. XX ғасырдың соңының өзі сан алуан оқиғаларға толы болды. Тәуелсіздік үшін күрестің күшейе түсуі, экологиялық апат зардаптарының алабұртуы халық өмірінде ерен із қалдырған жәйттер еді. Ақын С.Адай өзі көріп куәсі болған халқымыздың өміріндегі оқиғалардың бәрінің қасында, басында болғысы келген жаратылыс бітімі өзгеше азамат. Оның өлеңдері ұлттық рухтың мәні мен мағынасын айқындап берген жалынды поэзия болды. Ұлт рухын төмендетпей, жоғары көтеруді аңсады. Адам рухына қатысты, қазақ тілі – ұлт тілі туралы да рухтана жазып жүрген ақын. Ақын қай мәселені сөз етсе де әріден бастап, халық өмірінің бүгініне шебер ұштасады. Оның өлеңдеріндегі бастау алар қайнары саналатын достық пен махаббат мәселелері де шынайылық танытады. Ақын, қоғам қайраткері С.Адай поэзиясының қайнар көздері ұлтымыздың тарихымен сабақтас.

Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршендік күш-қуаты. Ұлттық рух жалпы ғаламдық рух пен жеке адамдық рухтың дәнекері болғандықтан, кез келген ұлттың, мәдениеттің өкілі өзінің әлемдегі орнын өзіндік ұлттық толсанасы арқылы бағамдауы заңды құбылыс. Сондықтан жеке адамның таным терезесі ұлттық таным тұрғысынан, әлемдегі жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, рухани игіліктерге өз үлесін қосады. Қай халықтың болсын бойында өз табиғатына тән өзге де қайталанбас қасиеттері, мінезі, ділі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Көзбен көріп, қолмен ұстайтын зат болмағандықтан, Ұлттық рухтың көрініс беруі ұлт өкілдерінің көркем шығармашылығынан, халық даналығынан, ғасырлар бойы сабақтастығын үзбеген рухани мұраларынан көрінеді. Әрбір ұлттың өзіне тән ұлттық рухы бар дегенде, оның өзі жайлы дүниетанымынан, дүниеге көзқарастары мен мінез-құлқынан, мұрат-мақсатынан даму, өзгеру, кейде әлсіреу, яғни үнемі қозғалыс үстіндегі құбылыс екенін аңғарамыз. Ұлт болып ұюдың өзі этностың мекендік және мезгілдік факторларына байланысты болуымен қатар, оның табиғи, тарихи, рухани бітім-болмысы, ұлттық санасы, ділі, мінезі, мәдениеті, әлеуметтік-саяси мұрат-мүдделерінің қалыптасып, тұлғалануы үздіксіз процесс және ұлттық рухтың түлеп-толысып отыратын өміршендігінің көрінісі. Ұлттық рухтың буырқана бой көрсетер тұсы бодандық бұғауына қарсылық, тәуелсіздік мұратына ұмтылыс сәті болса, сол кезеңдерде қордаланған көркем рухани мұралардың ерлікке, елдікке үндер күш-қуатының маңызы бұғаудан босанып, болашаққа бет түзеген, баянды бағдарын айқындаған ұлттар үшін де зор. Ұлттың рухани тәжірибесін саралап-салмақтау үшін мол мағлұмат беретін басты байлығы оның сөз өнері.

Сабыр Адай шығармашылық асыл арқауы ұлт рухының болмыс-бітімімен қабат өріліп, бірегей тұтастыққа ұласып кетуі бүгіндері өлеңді кие тұтқан қара орман халықтың бөлінбес ырысы сынды қастерлі құбылысқа айналды. Әр өлеңі әнге сұранып тұрған, толғаулары жыраулар сарынымен үндес, қара өлеңнің өрісін кеңітіп, тұлпар қанат бітірген, эпикалық кең тынысты поэмалары арқылы алаш тарихының алып панорамасын сомдаған ақын бүгіндері алдыңғы буын ағаларындай ұлтының ар-намысы үшін үн қататын қайраткер қаламгерге айналды.

Ақын «Бұл қазақтың кімі бар?!» өлеңінде былайша толғанады:

Бұл қазақтың кімі бар?!.

Жастары бар – жалынды!

Таланты бар тағдырлы, бастары бар дарынды.

Бұл қазақтың кімі бар!?.

Ерлері бар – қылышты.

Дер кезінде қадірін ердің білген дұрыс-ты.

Бұл қазақтың кімі бар !?.

Аруы бар – ақ бесік!

Ақ бесікте іңгәлап аршыландар жатты өсіп.

Бұл қазақтың кімі бар!?.

Алласы бар – аппақ нұр.

Калимасын қарт айтып, жас дұғасын жаттап тұр.

Бұл қазақтың кімі бар!?.

Тәңір сүйген, құл қалған!

Қыз-қызғалдақ, ұл-балдан!

Қыздан – қыдыр, кетпесін де ұлдан – мән! [1, 531].

Ақын бұл қазақтың кімі бар деп толғана отырып, жалынды жастарқылышты ерлер, ақ бесікті ару бар деп марқаяды. Аузында Алласы бар ұл мен қыздың өсіп келе жатқанына қуанады.

Нағыз көркем сөз шеберлеріне тән басты қасиет – шыққан тегінің асыл қасиетін бойына сіңіріп, соны өнер тілінде ұлықтай білу. Бірақ ұлықтай білу деген беталды жел сөзге ерік беріп, дәлелсіз дәріптей беру емес. Шынайы дарын иесі өзін де, өзіне тағдыр сыйлаған ортаны да, сол ортаның өзгеге ұқсамайтын еректігі мен даралығын тани да, таныта да біледі.

Ұлттық рух – патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі. Бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Ұлт мүддесін қорғаушылардың бірі қайсар ақын Сабыр Адай – жан-тәнімен түгелдей өз халқы мен еліне арнаған үлкен жүректі азамат.

«Жүрегімде әр қазаққа орын бар!» өлеңінде:

Қайталадым, осы сөзден танбадым,

Қуып келем қос үрейдің қаңбағын.

Жаратылған күдік пенен үміттен,

Суға кеткен жандай талды қармадым.

Батыр бабам, қорым біткен ерлерім,

Дүниенің дүбірлеткен шеңберін.

Жүрегімде әр қазаққа орын бар –

Жан отымсың жарқыраған сен менің.

Намыс баққан елден сұра бақытты,

(Жолдас қылма жолға шықсаң жасықты.)

Ұлтқа тұлға қылғанменен оңбассың,
Уызында жарымаған пасықты [2].

Жырларымен оқырман жүрегін жаулаған бұлбұл көмей ақынның қоғамдағы буырқанған әлеуметтік кеселдерді бетің-жүзің демей өткір сынайтыны оның азаматтық ашық көзқарасын білдіреді.

Ақын тәуелсіздікті талмай толғайтын, ерлікті тынбай жырлайтын елдіктің жампоз жыршысына айналды. Тәуелсіздікпен бірге томағасы сыпырылған сұңқардай саңқылдаған ақынның тынысы кеңейді, өрісі ұзарды.

Жақсының бойы-жан ізгі.
Жаныма нұрын тамызды.
Айбалта бірақ неғылсын,
Атадан қалған аңызды.
Қабыртқа тұсы ашылып,
Ақ құмдар қалды басылып.
Тамырдан шауып талқан ғып,
Сексеуіл жатыр шашылып.
Бел берді міне беріктім,
Күлі де шықты көріктің.
Боз қаңбақ боздап жөнелді,
Үстінен аттап өліктің.
Сексеуіл сертке құл еді,
Серттесіп мың жыл тұр еді [1, 339],

деп жырлаған ақын қазақтың ұғымындағы бұрынғы Отан, ел, жер сияқты қасиетті ұғымдарды жаңаша жырлады. Әсіресе елдіктің бекем қазығына айналған айшықты астананың сәулеті шайырға шабыт қосты. Халықтың ауыз әдебиет үлгілерімен тұшынып, сусындап өскен, жыраулар поэзиясын бойына терең сіңірген арқалы ақын елдік пен ерлікті арқау еткен тарихи тақырыптарды, «байтақ жердің бір сүйемін жауға бермеген» батырларды көсіле жырлайды.

«Жаудың малы секілді» өлеңінде:
Қарға күлді,
Қара суық есірді,
Намазшам мен күтіп алдым бесінді.
Төрт құбыла түгел обыр, жебірмен,
Қазақстан – жаудың малы секілді [1, 340], -

деп налиды. Ақын «қарға күлді, қара суық есірді» жолдары арқылы бейнелі сөзбен ой тастайды, жебір қоғамға ызасын білдіреді. Ақын өз ойын бүкпелемей, Қазақстан жаудың малы секілді кім көрінген жебірге жем болып жатқанын да қайсарлықпен айта білген.

Көрнекті ақын Сабыр Адайдың ерлік пен тектілікті арқау еткен, қасиетімізді ұлықтап, қастерлімізді құрметтеген жырлары рухымызды асқақтатып, елдік санамызды орнықтыруға оң ықпал ете берері анық.

Мұрагер жүрсе ізінде,
Тілегің қабыл болғаны.
Тіл қатпайсыз, Сіз мүлде
Тек Сізге аян, ол жағы!?
Амандық-саулық, ел тыныш,
Айтқанға оңай бәрі де.
Ағатай алғын кел тыныс,
Сол жарасар кәріге [1, 338].

Ақын мұрагер туралы өлеңінде баяғының жырауларынша ой толғаған. Сабыр Адайдың «Әр қазақ – менің жалғызым», «Маңғыстау – көздің қарасы», «Алтынзер» тағы да басқа көптеген авторлық өлеңдері қазір өлең сүйер оқырманның көкейінде жүр.

Сабыр Адай – тәуелсіз Қазақстанның арлы, рухты, намысты ақыны. Өткір тілді азулы ақынды ХХІ ғасырдың Махамбеті десек, артық айтқандық емес. Оның өлеңдерін әр қазақ жатқа оқиды. Бұл оның озықтығын, өз заманынан аса туғандығын білдіреді. Ол өлеңдерімен бар қазақтың бойынан ұлттық намысты, рухты оятады. Сабыр Адайды халқы сыйлайды, құрметтейді. Оның шығармашылығы қашанда жоғары бағасын алып отыр және болашақта да жоғары бағасын ала береді де. Өлеңді пір тұтқан Сабырдай ақыны бар қазақ – бақытты халық. Ақынның рухты жырлары халқы барда мәңгі жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адай С. Алтынзер. Өлеңдер. Алматы: Арыс, 2016. – 776 б.
2. Адай С. «Жүрегімде әр қазаққа орын бар!»
<https://adebiportal.kz/kz/news/view/sabir-adai-zhuregimde-r-kazakka-orin-bar-2776>
<https://adebiportal.kz/kz/news/view/sabir-adai-zhuregimde-r-kazakka-orin-bar-2776>

АНТРОПОНИМИЯЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ЛАҚАП, БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕРДІҢ ОРНЫ

Әбдіғазиева Ш.Н.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Көшімова Б.Ә.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры, Ақтау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада антропонимиялық жүйедегі лақап, бүркеншік есімдердің орны қарастырылады. Антропонимика саласы адам есімдері, фамилияларымен қатар лақап және бүркеншік аттарды да зерттейді.

Қазақ тіліндегі антропонимдердің тарихы мен ұлттық-танымдық сипаттары жан-жақты зерттелгенімен, бейресми кісі есімдері ономастикалық кеңістіктің ерекше құбылысы ретінде жалпы сөз етілгені болмаса, өздеріне тән белгілері мен ерекшеліктері, тектік негіздері мен қызметтері, құрылымдары мен басқа антропонимиялық құбылыстардан ерекшеліктері арнайы ізденіс нысаны болған емес. Кісі есімдері, әсіресе, оның бейресми түрлері қазақтың тарихынан, наным-сенімінен, рухани танымынан, эстетикалық құндылықтарынан сан-салалы ақпарат, деректер бере алады. Ал ол деректер ұлттық сана мен біліктіліктің, мәдени, зиялылық деңгейінің көрсеткіші бола алады. Олай болса, есімдердің бейресми топтарын осы тұрғыдан талдау арқылы ұлттық ерекшеліктерін қарастыру ұлт өкілі, оның есімі арқылы тұтас халықтың дүниетанымын анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: антропонимика, ономастикалық кеңістік, лақап есімдер, бүркеншік есімдер, бейресми есімдер.

Антропонимика (грек. «antro pos» – «адам» және «onuma» – «ат») – ономастиканың антропонимдерін, яғни адам есімдерін, фамилияларын, лақап және бүркеншік аттарын зерттейтін саласы. Ал адам есімдерін, фамилияларын, лақап және бүркеншік аттарын антропонимдер деп атайды. Антропоним формуласында, атау беру уәжінде, атау құрылымында байқалатын әр халықтың өзіндік атау беру дәстүрі бар. Кез келген халықтың антропонимдік қоры құрамы жағынан әр түрлі. Әр халықтың атау тізімі немесе реестрі (антропонимиконы) шектеулі, сондықтан бір атқа бірнеше адам ие болуы мүмкін. Қазіргі антропонимдік жүйенің қалыптасуы мен дамуы бірыңғай қарастыруға мүмкін емес, өте күрделі және ұзақ үрдіс.

«Ресми есімдерге құжаттарда жазылған, мемлекеттік тіркеуде (АХАЖ) заңмен бекітілген кісінің төл есімі, әкесінің аты, тегі жатса, бейресми есімдерге белгілі бір ортада ғана, көпшілік жағдайда уақытша қолданылатын, таралу ауқымы шектеулі лақап ат,

бүркеншік есім және кісінің өз есімінен жасалған не туыстық қатынасты білдіретін құрметтеу, еркелету, жақсы көру мәніндегі қосалқы есімдері жатады» [1, 8].

Қазақ тіл білімінде ресми есімдердің құрылымдық-сөзжасамдық сипаты, лексика-семантикалық ерекшеліктері, хронологиялық қабаттары т.б. ерекшеліктері жеткілікті зерттелген деуге болады. Ал бейресми есімдер – антропонимияның зерттелуі кенже қалып келе жатқан саласының бірі. Жалпы қазақ тіл білімінде бейресми есімдер туралы Т.Жанұзақов, Г.Мадиева, С.Бәйменше, С.Рахимберлина, Қ.Рысбергенова т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері бар. «Сол сияқты әдебиетші ғалымдар (Н.Мұхаметханов, К.Сыздықов, М.Тәжімұратов, Т.Нұртазин, Т.Кәкішев, Ғ.Есім, К.Есмағамбетов, Т.Қожақеев, Т.Бейісқұлов) да зерттеу еңбектері мен мақалаларында белгілі қаламгердің, қоғам қайраткерінің шығармашылығы туралы айтқанда бүркеншік есімдеріне де тоқталып отырған. Салғастырмалы тіл білімінде Т.Т. Жарасованың зерттеу жұмысы бүркеншік есімдердің лингвомәдени мәнін үш тіл материалы негізінде қарастырған үлкен еңбек болып табылады» [1, 10]. Лақап аттар жеке адамның екінші, қосымша аты ретінде қызмет етеді. Т. Жанұзақов Қазан төңкерісіне дейін қазақ ауылында әр адамдардың өз лақап аты болғандығын айтады. Ол аттар адамдардың жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, сыртқы кейпіне, іс-әрекетіне т.б. байланысты қойылып отырған. Лақап аттарды ғалым, түрлі семантикалық белгісіне қарай бірнеше топқа бөледі:

«1) сыртқы келбетін, түрлі кемшіліктерін бейнелейтін лақап аттаулар: Қисық, Бұжыр, Пұшық, Көккөз, Қазанбас, Шолақ, Бүкір, Тапал, Сорай, Семіз, Сарықарын, т.б.

2) Адамның мінез-құлқына байланысты қойылған лақап есімдер: Алдар, Қожанасыр, Жиренше, Таусоғар т.б.

3) Отбасылық қарым-қатынасты бейнелейтін лақап есімдер: Кенже, Төре, Шал, Кішкентай, Ортаншым, Қарт т.б.

4) Мамандықпен, кәсіппен байланысты қойылған лақап есімдер: Шебер, Ұста Кәрім, Тамшы, Зергер Молбай, Ораз мұғалім т.б.

5) Әлеуметтік-қоғамдық қатынастармен байланысты лақап есімдер: Шонжар, Би, Мырза Боранбай, Әкім, Сатан-батыр т.б.

6) Флора және фаунамен байланысты лақап есімдер: Қасқыр, Түлкі, Қошқар, Мал, Тікен, Аю, Түйе т.б.» [2, 270].

«Лақап ат, жасырын ат т.б. негізгі болмайтын қосымша есімдер барлық адамдарға беріле бермейді. Лақап атты адамға өзі емес басқа адамдар такса, бүркеншік атты, жасырын атты белгілі бір себептермен адамның өзі таңдап алған.

Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин басқа да қазақ жазушылары өз еңбектерін жасырын атпен берген: Дүйсенбі, Шамиль, Манап, Жұмақан, Ерке Бұлан, (С.Сейфуллин), Арқа, Арғын, М.Ә., М., Ауыл баласы (М.Әуезов), Бимағамбет, Бимұқамбет, Қара бала, Быж, Б.М., (Б.Майлин), Құйқалық, Шолжық, Салпанқұлақ, Мерген, Сақа (І.Жансүгіров). Жасырын есімдер кеңінен танымал болып, ресми есімнің орнын басатын кездері де болған. Мәселен, Максим Горький (А.Пешков), Владимир Ильич Ленин (В.И.Ленин), Марк Твен (Сэмюэл Клеменс) т.б.

Т.Жанұзақов 1917-1940 жылдары мынадай бүркеншік аттар өте көп қолданылғандығын айтады: Бұйрас, Быж, Арғын, Арқа, Екеу, Жөнеу, Матай, Сот, М.Б., Ш., М., МЭ., К. және т.б.» [2, 271].

Бүркеншік аттардың құрылымдық жақтан төрт типін ажыратады.

1. Ойдан шығарылған фамилиялар;

2. Жер атауына байланысты қойылған бүркеншік аттар (туған жеріне, тауына, көліне т.б.);

3. Фамилиясының немесе атының бірінші әрпінен не алғашқы буынынан қысқарған бүркеншік аттар;

4. Лақап бүркеншік аттар [2, 271].

Ғалым 20-30 жылдары баспасөз беттерінен жиі көрінген бүркеншік аттарға мысалдар келтірген: Бимағамбет, Бимұқамбет, Қара бала, Быж, Б.М., – Б.Майлин, Құйқалық, Шолжық,

Салпанқұлақ, Мерген, Сақа – І.Жансүгіров, Бурас, Малтен, Бөгде – Қадыр Тайшықов, Сым – С.Мұқанов, Токпақ, Тарпан, Замандас – Сұлтанбек Қожанов, Жалшы – Қалқаман Әбдіқадыров, Ш.Атығай – Жұмат Шанин, Қошке – Кеменгерұлы Қошмұхамбетов т.б.

Шығармаларын бүркеншік атпен жазу, кейде мүлде қолтаңбасыз (аноним) жариялау қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың басында бой көрсеткен құбылыс. Алайда оның арғы төркіні Көне шығыс әдебиетінде, тіпті әлем әдебиетінде орын алған. С.Бәйменше лақап есімдерді аллонимдер, титлонимдер, астронимдер, псевдандронимдер, псевдогинимдер, ұлттық псевдонимдер деп ажырата келіп, кейбір есімдердің мән-мағыналарына тоқталады [3].

Кісінің өз есімінен жасалған не туыстық қатынасты білдіретін құрметтеу, еркелету, жақсы көру мәніндегі қосалқы есімдерді Г.Мадиева мынадай салаларға бөледі:

«Гипокористі, яғни қысқарған негізді болуы немесе екі негізді есімнің орнына бір негізді есімнің қолданылуы: Қасымжан – Қасым, Тілеуберген – Тілеукең, Гүлнар – Гуля, Раушангул – Раушан, т.б. Деминутивті, яғни арнайы деминутивті аффикстер арқылы жасалынатын, кішірейтіп еркелету мағынасына ие есімдер: Әлия – Әлкен, Бақытжан – Бақас, Еркебұлан – Еркош, Еркін – Еркінтай т.б.

Пейоративті, яғни әдейілеп кішірейту мағынасында орыс тілінде жиі кездеседі: Машка, Васка т.б» [4, 55].

Әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев бүркеншік аттарды қою әдісті былай жіктейді:

1. Бүркеншік аттардың жасау, туу жайымен байланысты немесе географиялық принцип бойынша (туған жер ру атымен қою.) Мысалы:

Ақмола, Омбылық, Қоңыр, Семей т.б.

2. Криптонимдік әдіс бойынша (өз атының немесе фамилиясын бас әрпін қысқартып қою) Мысалы: М.Ә. – Мұхтар Әуезов, М.Ж. – Мағжан Жұмабаев, С.С. – Сәкен Сейфуллин.

3. Лақап аттармен атау (дене пішіні, психологиялық ерекшелігіне байланысты) Мысалы: Қараша бала – Б.Майлин, Зайсан жігіті, Жаны ашыған - Ж.Байболов, Семинарист Әуезов – М.Әуезов т.б.

С.Талжановтың, Б.Кенжебаевтың, Е.Байболовтың материалдар бойынша С.Сейфуллин, «Манап», «Дүйсенбі», М.Әуезов «Арқа», «Арғын» сияқты бүркеншік аттарды қолданған [5, 75]. Қазақ антропонимиясында сыйластық есімдер, яғни жасы, дәрежесі үлкен, әлеуметтік жағдайы жоғары кісілерді қарату үшін қолданылатын есімдер бар: Баянжан – Бәке, Халел – Халеке, Самат – Сәке. Есімдердің бұл түрі ертеректе тек ер адамдарға қатысты қолданылған, кейінірек әйел есімдеріне де қатыстырылып айтыла бастады: Раушан – Реке, Бибігүл – Бүке т.б. Сонымен тіліміздің ономастикалық кеңістігінде ресми есімдермен қатар бейресми есімдер де өмір сүріп, қолданыс табады. Бейресми есімдердің тууына түрлі қоғамдық-әлеуметтік, саяси, мәдени т.б. объективтік жағдайлар себеп болады және олардың пайда болуының тарихи, әлеуметтік, этникалық негіздері бар. Бейресми есімдер тілдік бірлік ретінде тілдің негізгі функцияларын, жалқы есімдердің атау, телу және саралау қызметтерін, сонымен қатар антропонимдердің негізгі төрт қызметін де (қоғамдық, әлеуметтік, ритуалдық және харизматикалық) атқаратын ерекше есімдер тобы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рахымберлина С. Қазақ тіліндегі бейресми кісі есімдерінің этнолингвистикалық және танымдық сипаты. Филол.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. авторефераты. – Астана, 2009, 32 б.
2. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика 1 том. – Алматы, 2006, 400б.
3. Бәйменше С. Псевдоним деген не? // «Зерде». – 2003. - № 3. – 8-б.
4. Мәдиева Г., Иманбердиева С. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2005, 240б.
5. Кенжебаев Б. Бүркеншік аттар сыры. – Алматы, 1965. – 75 б.

АСАН ҚАЙҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Құлшағазиева Ұ.Ж.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жыраулар поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – Асан Қайғы өз халқына еңбек етіп, кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге етерліктей мұра қалдырғаны, шығармаларындағы тәлім-тәрбие құндылықтары сөз болады.

Түйін сөздер: жыраулар поэзиясы, Асан қайғы, бейнелеу тәсілдері, тәлім-тәрбие құндылықтары, өлмес мұра.

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жиып-терген тәлімдері мен тәрбие жүйелерін зерттей келе ғалым С.Қалиев: «Халық әрқашан өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен тәрбиелік тәжірибелер мен жақсы дәстүр атаулыны жинақтап пайдалана отырып, келер ұрпағын шынайы адамгершілік қасиеттерге баулып тәрбиелеуді мақсат еткен» [1, 5], – деген. Ұлттық тәлім-тәрбие бастаулары тарихи дәуірлер көшінде заман талаптары мен құбылыстарының өзгерістеріне қарай сипатталып отырды. Сақ, ғұн, үйсін тайпаларынан басталатын арғы тарихымызға көз жіберсек, елін, жерін, дінін, тілін қорғап, бірлік пен ынтымаққа ұмтылған ата-баба жерін кеңейтіп, байытып ие болуды көксеген елжандылық құндылықтардың сонау заманнан бастау алғанын аңғарамыз. Ұлы ағартушы-педагог М.Жұмабаев: «...баланы жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін ұлт тәрбиесімен қоса түрлі замандарда шыққан ғалымдардың ой-пікірлері арқылы тәрбиелеу міндетті» [2, 33], – деген.

Асан Қайғы жырау туралы ғалым М.Мағауин: «Кейінгі ұрпақ әулие танып, аңыз кейіпкерлеріне айналдырған, ал Ш.Уәлиханов «көшпенділер философы» атаған Асан Қайғы өз заманының үлкен ойшылы еді...» [3, 38], – деп жазды.

Жәнібектің ел басқару саясатына жиі араласып отырған Асан Қайғы: «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің», «Қырында киік жайлаған», «Алты атанға қос артып» секілді толғауларында ел бірлігі, ата қоныс жайы, дербес ел болу жағдайлары мен қиырдан қиырға, жат мекенге қоныс аударудағы ауыртпалықтар ру-тайпалар арасындағы текетірістік тірліктер сөз болған.

Асан Қайғы өмір сүрген кезде Алтын Орданың тепкісінде болған орыс елі қайта көтеріліп, Алтын Орда ыдырап, оның орнын өзара қырқыстан басқаны білмейтін дербес хандықтар басты. Асан Қайғының «Қырында киік жайлаған» атты толғауының мазмұнына ой жіберсек, өзара хандыққа таласып, қырқысып, елдің мазасын кетірген Алтын Орда хандарын көреміз. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген халық даналығын қағида тұтқан жырау Жем, Ойыл өзендері мен жерлерінің қоныстық ерекшеліктерін, оның отқа, суға, малға, адамға жайлы жақтарын:

...Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің [4, 74], –

деп, үйреншікті мекенінен жат жерге көшірген ханға деген наразылығы мен ата қонысына деген сүйіспеншілігін, қимастық сезімін, құрметін өлең сөзбен өрнектеген.

Ойыл көздің жасы еді
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Ерлер жортып күн көрген,

Еділ деген қиянға
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың, –
деп елді сергелдеңге салып, бауыр басқан өз мекеніне тұрақтамай, ата қоныс, ауыл-аймақ, ағайын-туыстан айырдың деп ханды айыптайды.

Жырауға туған жер, атамекен бәрінен де ардақты.

Асан Қайғы халқының үйреншікті мекенінде еш ауыртпалықсыз: жаз жайлауында, қыс қыстауында, шөбі шүйгін, жайлы қоныста, молшылықта, бірлігі мен тірлігі жарасқан бейбіт өмір сүруін тілеген. Оның осы арманы толғауларының негізгі арнасы еді. Сондықтан да оны халқы ел қамқоры, ел мұңшысы атаған. Алдағына болжағыш жырау:

Аңдып жүрген көп дұшпан,
Елге жау боп келеді, – [5, 17],

деп ескерту жасап, ел басшылары мен халқын қамсыз отырып, қапы қалмау, дұшпаннан сақтандыру жайын жырлайды.

Мал баққан ел басына түсер ауыртпалықты байқаған Асан Қайғы халықты береке-бірлікке шақырады.

Есенің де, тірің де –
Бір болыңыз бәріңіз! –

деп «бірлік» мұратқа жеткізер жол екенін насихаттайды.

Мал баққан көшпелі елге керегі – бейбіт тіршілік. Бірақ ол кезде ұсақ хандықтар, ру-тайпалық топтар арасында жаугершілік, басқыншылық, соғыс, құнарлы жер үшін ұрыс-қақтығыс жиі болып, ел берекесін кетіріп, күйзеліске ұшыратқан. Ол туралы С.Сейфуллин: «...жылдың, заманның ыңғайына қарай осы жерлердің бірін бір жыл жайлап, бірін күздеп, бірін қыстап, қаптап жүрген. Осы айтылған жерлердің бір жағын жау алса, бір жағына жөңкіліп ауған. Қайтадан ол жерді және тағы да жапсарлас жерлерді көршілес елдерден өздері де тартып алып жүрген»⁴⁶ – деп сипаттайды. Жырау халық басына түскен осы ауыртпалықты көре біліп, халық бақытын, ел тыныштығын ойлаған. Әділдік үшін күрескен

Асан Қайғы жайындағы аңыздарда «бұл қария қашанда ханға жағынбай, жарамсақтанбай тура сөйлеуші еді» делінген.

Асан Қайғы жыраудың:
Мінезі жаман адамға,
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа –

деген моральдік, насихаттық жыр жолдарына ой жіберсек, Асан Қайғы жырау – ұлттық тәрбие тағылымының қайнар көзі, ұлт тәлімінің дүлдүл жыршысы дей аламыз.

Ол өзі бастан кешкен қорытынды, тұжырымды ойларын аз сөзбен жинақтап беруге бейім.

Әділдіктің белгісі,
Біле тұра бұрмаса
Ақылдының белгісі,
Өткен істі кумаса
Жамандардың белгісі,
Жауға қарсы тұрмаса
Зұлымдардың белгісі,
Бейбіттің малын ұрласа
Надандардың белгісі,
Білгеннің тілін алмаса.

Жырау поэзиясындағы адам бойындағы әр алуан қасиеттер ұлтымыздың тәлімгерлік бай тәжірибесінің бірі – мақал-мәтел, нақылдарымен ұштасуда. Ғалымдарымыз ел ішіне кең тараған қанатты сөз, мақал-мәтел болып қалыптасуына жыраулардың да үлес қосқанын көру қиын емес деген пікірлерін айтады.

«Көлде жүрген қоңыр қаз» толғауындағы ғибратнамалық ойлары да тереңдігімен, парасаттылығымен құнды. Жастардың туған жер, өскен елдің қадірін біліп, Отанын сүйу адамгершіліктің үлкен парызы деп ұғуын қалаған жырау Отан, ел-жұрт намысын қорлаушыларды ашына сынға алып:

Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар
Ел қадірін не білсін!
Көшіп-қонып жүрмеген
Жер қадірін не білсін!..
Ақылыңа көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін! –
дейді.

Қазақ хандығының жаңа ғана қаз тұра бастаған заманда әлеуметтік мәселеге өз жырымен үн қосып, қоғамдық көзқарасын таныта алған ақылшы жырау туралы ғалым Б.Кенжебаев: «Асан Қайғының шығармалары өз тұсының айнасы, ол өз дәуіріндегі қазақ халқының мұңын, тілегін көрсетеді»⁴⁷ – деп жазған.

Асан Қайғы – данышпан, ғұлама адам. Асан Қайғы – XV ғасырдың Әл-Фарабиі. Ол тек Жәнібек ханға емес, бүкіл қазақ халқы үшін аспандағы жұлдыз.

Жалпы, XV-XIX ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-санасын, ой-өрісін, тілек-мақсатын айқын аңғарамыз. Өйткені ақын-жыраулар толғауларында халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, қайғы-қасіреті, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өсиеті орын алған.

Ғалым әрі ақын Ә.Тәжібаев: «Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Шалкиіз жырау, Бұқар жырау айтқан толғаулардың бізге жеткен бөлшектеріне қарап отырсақ, тыңдаушысын теңіздей шайқайтын терең ойлардың толқынында жүзгендей сезінеміз ...өмір, тарих, қоғам, адам жөнінде ғажайып топшылаулар, толғау-түюлер айтады. Жастарды сол ой-өрісіне тәрбиелеуді мақсат еткен» [6, 59], – деген.

Ғалым С.Қалиев: «Бұл пікір жыраулар мұрасының дүниетанымдық қасиеті мен тәрбиелік мәнін ашуға берілген әділ баға»³⁰ – деп баға берген.

Ал осы жыраулар поэзиясының тәрбиелік мәні, педагогикалық негіздері де қолға алынып зерттелуде. Әсіресе, бұл салада сүбелі үлес қосқан белгілі ғалым С.Қалиев еңбектері жас ғалымдарға тірек болары анық.

Қазақ халқы – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандықты өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен тәрбиеленіп, өсіп, өнген халық.

Халық мұрасының танымдық-тәрбиелік мәні, әрине, ұланғайыр дүние. Осы асыл мұралар – бізге ғасырлар тынысын танытып қана қоймай, өздерінен бұрын өмір сүрген аға буынның тәрбие мәселесіндегі жинақталған бай тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты адал еңбекке, өнер-білімге баулу, өмірге бейімдеу жағынан үлгі-өнеге болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану. – Алматы, 2010. - 146 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.
3. Мағауин М. Бес ғасыр белестері. Кітапта: «Ай заман-ай, заман-ай...» – Алматы: Қазақ ССР баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы, 1991. - 380 б.
4. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық /Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. - 286 б.

5. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. – 273 б.
6. Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: ҚМКӘБ, 1971. – 216 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР КӨРІНІСІ

Қартбай А.Қ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ өлеңдеріндегі фольклорлық сарындардың көрінісі сөз болады. Ақындар Ж.Бөдеш, Т.Әбдікәкімов, Н.Қуантайұлы өлеңдеріндегі фольклоризм талданады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, қазақ поэзиясы, фольклорлық сарындар, Ж.Бөдеш, Т.Әбдікәкімов, Н.Қуантайұлы поэзиясы.

Фольклор мен әдебиеттің бір-біріне әсерін, түсіретін сәулесін, сонымен бірге алшақтығын, басқаша айтқанда, сөз өнеріндегі өзіне тән көркемдік әлемі бар екі эстетикалық жүйенің сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан өміршең арақатынасын зерттеу – күрделі де күдірлі ғылыми мәселе. Бұл жайында өлең сөздің теоретиктерінің бірі З.Ахметов былайша ой қозғайды: «Ақын анағұрлым ірі дара тұлға болса, жаңашыл болса, соғұрлым өзгелерден оқшауланып көрінеді, қалайда қалыптасқан әдеби дәстүрлерден, халық поэзиясының үлгі-өрнектерінен де алшақтау тұрады деген ұғым бар екені байқалады. Сирек ұшырайтын, қайталанбайтын үлкен дарын иесінің бойынан басқа ақындарға ұқсас белгілер табу оңай емес. Оның алдындағы ақындармен әдеби дәстүрлер жалғастығы да байқала бермейді, ал, өзгешелігі, ешкімде кездесе бермейтін өзіндік сипаты айқын көрінеді. Алайда, осыған қарап ондай ақынды әдеби дәстүрден, халық поэзиясының дәстүрлерінен алшақтатсақ, мұның өзі оны тарихи-әдеби процестен бөлек алып қарау деген болар еді. Әрине, мәселе әдеби дәстүрлер мен сырттай жақындықта, ұсақ ұқсастықтарда емес, іштей жалғастықта. Ақын дарыны неғұрлым зор, қуатты болса, оның творчествосының тамыры солғұрлым терең жатады, халық поэзиясынан алатын нәрі де мол болады. Бірақ халық поэзиясының қасиет сипаттарын бойына қанша сіңірсе де, дайын үлгі-өрнектерді бар қалпында алып пайдаланбаған соң ешқандай ұқсастық сезілмейді» [1, 45].

Көшпелі қазақы өмірдің қайнаған ортасынан шыққан ақын Ж.Бөдешұлы жыраулық сарынмен толғап, халық қазынасындағы дайын сюжет, образ, тілдік қолданыстарды кейде түйдек-түйдегімен қажетіне жаратады. Яғни фольклормен генетикалық байланыс құрайды.

Аңызға ақын көңілім қанбай қалып,
Таң қалдым, күдіретіне таңдай қағып.
Жер үшін құрбан болған Бұланай ер,
Кетіпті мынау алып тауға айналып.

Айқасып Бұланай батыр алып күшпен,
Дұшпанын талай мәрте шалыпты іштен.
Найзаның ұшы тиіп қапелімде,
Оң көзі етегіне ағып түскен.

Анау көл, бұл таудағы көл деймісің,
Оны айтсам, жаным жанып, шөлдейді ішім.
Көл емес, ол – батырдың сыңар көзі,
Жас тұр ғой жанарында көрмеймісің?! [2]

Тегінде, алып батырдың денесі тау-тасқа құбылу, көзден немесе көз жасынан су пайда болу сарыны түрік-моңғол фольклорында жиі кездесетін, жалпы, адам баласының ең ежелгі санасынан хабар беретін мифопоэтикалық құбылыс деуге болады. Бұл өлеңде Ж.Бөдешұлы фольклорлық дайын сюжетті, яғни өз тілімен айтқанда, аңызды жырлаған. Ал, келесі бір өлеңде «тау-тасқа құбылу» сарынын саналы түрде көркемдік құрал ретінде пайдаланып, дағдылы сарынды Алатауға телиді:

Жанымды жаралады жастай жалған,
Сүңгідей кірпігіме тас байланған.
Алатау ақылы асқан адам екен,
Тағдырдың талқысымен тасқа айналған [2].

Рас, ақын айтып отырғандай, Алатаудың бұрын адам болғандығы туралы топонимикалық аңыз ел аузында айтылмайды. Бірақ ақын ежелгі қалыпты үлгіні қиялмен көмкеріп пайдалану арқылы Алатаудың көрнекі бейнесін жасайды. Ақынның поэтикалық түсіндіруі бойынша Алатау бұрын адам болған, бірақ ол аңыздаудағыдай алып батыр емес, кәдімгі «ақылы асқан адам». Яғни ақын Алатауды ойшыл қартқа ұқсатады.

Тау айнып, ғұламаға айналар ма,
Алатын айналдырып айла бар ма?
Балқашқа құйып жатқан Іле өзені,
Кім білсін бір заманғы айдаһар ма? [2]

Бұл шумақта ақынның фольклорлық ескі бейнеге мүлде жаңа, соны мазмұн сыйлап, байыта түскені байқалады. Себебі, ақын қиялы сол алып таудың қайтадан ғұламаға айналуын көксеріп, бүгінгі лирикалық кейіпкердің утопиялық арман-аңсарын алға тартады. Халық дәл бүгінгі күні Алатаудай саялы абызға ділгер екендігін білдіреді. Ал, өзен-суды жылан мен айдаһарға теңеу – дәстүрлі символ. Сөзімізді дәлелдеу үшін қазақтың екі жұмбағын келтіре кетейік:

Ақ жылан аяғы жоқ, көзі де жоқ,
Сөйлеген не бір ауыз сөзі де жоқ.
Тоқтамай, қысы-жазы кезе берер,
Үстінде бір жапырақ бөзі де жоқ.
Бір жылан жол салыпты әр бір сайға,
Сай түгіл, жол салыпты әр бір жайға [2].

Сондықтан Іле өзенін ақын бейсана күйде айдаһарға теңеуі – фольклорлық сананың астарлы көрінісі болып шығады.

Ақын Нұржан Қуантайұлы да ежелгі космогониялық мифті жаңғырта жырлайды:

Таңшолпан – таң жұлдыздар мұзбалағы,
Көңілде Құсжолындай сыз қалады.
Ажарын Жұлдыз-қыздың жымыңдаған,
Ежелден Ай-бәйбіше қызғанады [3].

Ж.Бөдешұлының «Қу бас ат», «Жылқы кісінеді», «Соңғы батыр», «Райымбек батырдың нар үстіндегі толғауы» т.б. өлеңдері халық аңызының негізінде өмірге келгені андағайлап көрініп тұр.

Ж.Бөдешұлының «Түнгі жыр» деген өлеңінде лирикалық кейіпкер жоғарғы әлемнің сырлы қызына ғашық жар екендігін жария етеді.

Жарық Шолпан – хан қызындай,
Он екі ұлдың ішіндегі
Жарқыраған жалғызындай.
Өзілімді ұмытпайтын,
Үркер-үркек балдызымдай.
У ішкізер уайым құрсын,
Күнім шығып, айым тусын.

Туған жерім – иен дала,
Мен – ғарышқа күйеу бала,
Аспан – туған қайын жұртым [2].

Әлбетте, қазақтың ертегі-эпсаналарында кейіпкер жоғарғы әлемнің өкілі – пері қызымен үйленіп, содан ғажайып ұрпақ туатындығы жиі көрініс табады. Мысалы, Шыңғыс хан – Күн сәулесінен, Ер Едіге пері қызынан туған деп саналады. Түріктердің архаикалық наным-сенімін әжептеуір сақтаған сахалардың эпосында батырдың арғы атасы, тіпті, ғарыш жақтағы рух.

Байқасақ, ақын «Қазақ деген жаралы елдің» атынан ой толғаған. Яғни ғарышқа күйеу бала Жәркен Бөдешұлы емес, оның туған елі, қара орман жұрты болса керек-ті. Сонымен бірге «Көк аспан мен Қара жер» бір-біріне ерлі-зайыпты деген мифтік түсінікті де ақын алға тартып, ойын үстемелеп, үдете түседі. «Қуәдүрмін» деген тіркес арқылы некеқияр салтын да еске салады. Демек, өлең аяқталғанда «Қазақ деген жаралы елдің» арғы нәсілі ғарыштық рухтан жаралған асылзада, сондықтан алаш жұрты мәңгілік жасауға тиіс деген асқақ сезім туындайды. Түптеп келгенде, шартараптан жамырап жеткен ақынның небір күрделі толғамдарын, қиуасыз қиялдарын фольклордың қара қалыбы бір арнаға тоғыстырып тұр.

Лирикада автордың санасы арқылы мифопоэтикалық кеңістік пен қазіргі тұрмыс-тіршіліктегі кеңістік, бағзы дәуір мен бүгінгі күн араласа тоғысып, нәзік үндесіп, өзгеше өрнек табатындығының бір дәлелі, міне, осы секілді.

Ж.Бөдешұлының келесі бір өлеңінде лирикалық кейіпкер ғашығына уәдеден айнымауы керек екендігін ескертіп былай дейді:

Аузыңа сенің үргем жоқ,
Үрсем, ернің үлбірер.
Қоңызға мініп жүргем жоқ,
Қарыс жерді жыл жүрер...

Күттірме мені, қарағым,
Бұлдырық ұшпас бұлданса.
Кел десең, жетіп барамын,
Көзінді ашып жұмғанша [2].

Бұнда шабан, жайбасарлықты қоңызға теңеуі – өтірік өлеңдегі «Міндім де қара қоңыз аяңдадым, салдырып аяңына қоян алдым» деген қалыпты үлгіні кері мағынада қолданудан туса, бұлдырық – халық поэзиясында ақынның шапшаңдығын, шалымдылығын білдіретін тұрақты теңеу. Мысалы, Әсет пен Ырысжанның айтысында «Жіңішке бойың нәзік қылдырықтай, сүйтсе де, сөзің ұшқыр бұлдырықтай» деген жолдар бар. Сонымен, біздің назар аударатынымыз, бүгінгі лирикалық кейіпкердің түйткілді көңіл-күйін аша түсу үшін де ақын дәстүрлі көркемдеуші құралдарға иек артатындығын, табан тірейтіндігін көрсету.

Ж.Бөдешұлының космогониялық тақырыпта жазған «Айды құтқару» деген өлеңіне тағы да назар аударып көрейік:

Қалың тұманға малшынып,
Ай жүр екен адасып.
Тұншығып, алқынып,
Ойланып алдым да, сәл тынып.
Қасына бардым жан ашып.
Қазаққа біткен түкті жүрекпен,
Суырып алдым қара түнектен.
Өзімнің тұңғыш баламдай марқайып,
Ай жатты аппақ алақанымда шалқайып [2].

Бұл өлеңнің арғы астарында космосты ретке келтіруші жасампаз қаһарманның бейнесі жасырынып жатыр деген ой түйеміз. Себебі, байырғы танымда ғалам алғаш жаралған кезде (мифтік уақытта) ай-күнді, жұлдызды, аспан денелерін жасап, орнына қойып, ғаламды алғаш рет тәртіпке келтірген кейіпкер бар деп халық ұғынған. Мысалы, осыған саятын архаикалық

ұғым қазақтың «Көтеріп тұрған аспаның болса, тастап жібер», көне түрік бітігінде «Әу баста аспан мен жер жаралғанда ортасында кісі ұғылы жаралған», т.б. сөз тіркестерінде сақталған. Кейіннен осындай мифтік түсініктер өзгеріске түсіп, қоғамдық санадан ығысқанда, енді ежелгі сарын сатиралық ертегінің күлдіргі кейіпкерінің оғаш әрекетіне телінеді. Мәселен, «Қожанасырдың айды аспанға шығаруы» туралы сюжеттің түп негізінде космос туралы елдің байырғы ұғымының елесі, сілемі жатыр. Ал, ақын Жәркен Бөдешұлының «Айды құтқаруы» туралы өлеңі, әрине, күлкі тудырмайды. Өйткені, бұнда лирикалық кейіпкердің асқақ сезімі, шексіз қиялы, арман-аңсары дәріптеледі. Бір сөзбен айтқанда, өлеңге байырғы космогониялық миф сюжеті поэтикалық тәсіл ретінде қолданылып, қазіргі лирикалық кейіпкердің табиғатпен оңаша сырласу сәтін және романтикалық ұшқыр қиялын көрсетеді.

Ұлы Абайдың «Жас жүрек жайып саусағын, ұмтылған шығар айға алыс», Мағжанның «Жұлдыз – жүзік, Айды алқа қып берейін», т.б. өлеңдеріндегі арғы астарына да қазақ мифі өзек болғаны даусыз.

Ақын Ж.Бөдешұлы «Емендер түнде бүрлейді» деген өлеңінде еменді беріктіктің, мықтылықтың рәмізіне балап, ұлттың ұлық қадір-қасиетін сол саялы ағаштың өне бойынан табады:

Қабығында – еменнің ақ сауыттың табы бар,
Тамырында – тулаған Махамбеттің қаны бар.
Салмақты да, сабырлы Абылай ханның заңы бар,
Тайбурылдың бабы бар.
Бүрлеп тұрған емендер Ақтамберді жыраудай –
Шабыты, шын келгенде, ағынан бір жарылар.

Алайда, ХХІ ғасыр ақындары фольклордан алшақтай түсіп, ол қалыптастырған канондық үлгіні қалауынша бұзып, авторлық қолтаңбасы қанық, тың бейнелер туғызуға құлшынатыны қазіргі қазақ өлеңін тексергенде менмұңдалап тұр. Өйткені, фольклор мен авторлық поэзия көркемдік ерекшелігі бар сөз өнерінің екі дара жүйесі екенін ұмытпаған жөн. Қазіргі поэзияның басты мақсаты – мәтінді барлық деңгейде жаңалау, яғни соны образ туғызу, ал, баба мұрасы – фольклордың өмір сүру шарты болса, керісінше ескі таптаурын сарынды қайталау, соның мызғымауын қадағалау, ұрпақ зердесіне орнықтыру, ұялату. Сол себептен де фольклордағы әмбеге аян, дайын қалыптағы дағдылы көркем үлгілер халықтың жедел қабылдауына қолайлы, көкейіне қонымды болса, ақынның дараланған, салмақтанған, төлтума жеке сөздері, соны бейнелері жалпы жұртқа тосын, тосырқаулық танытатыны заңды құбылыс болса керек. Қазіргі поэзияның тілінің өзі дәстүрлі қолданыстан, ежелгі үлгі-өрнектен алыстап, алшақтап, тұрмыстық тілге жақындай түсуде. Мифопоэтикалық салқар кеңістік те тұрмыстық тар, ықшам кеңістікке көшіріліп, ақындар күнделікті тұрмысты, кәдімгі заттарды, қазіргі адамның реалды өмірі, жеке басында болатын дара түйткілдерді дәлме-дәл дәлдікпен, ұсақ-түйек детальдарына дейін бадырайтып, шынайы суреттейтін болды. Бұл сөзімізді дәлелдеу үшін бір-екі ақыннан мысал келтірейік. Н.Қуантайұлының қала түні туралы жазылған «Айқұлаған» деген өлеңінде былай жалғасады. Айды мөңіретіп, жарықты боздатып, терезені шыңғыртып, прожекторларды тықақтатып, жан бітіре жырлайды. Жырлап отырған нысандары бүгінгі қаладағы кәдуілгі заттар болғанымен, оларға қимыл қозғалыс, ертегідегідей тіл бітеді. Бұл, түптеп келгенде, айнала қоршаған орта мен табиғатты тірі деп түсінетін ежелгі анимистік танымның көрінісі, жаңаша жаңғыруы, бірақ қазіргі ақын сол бағзы танымды (әрине, бейсана жағдайда) өлеңіне тек көркемдік тәсіл ретінде қолданады. Ғылымда авторлық поэзия өкілдерінің фольклорлық негіздерге жаңа сипатта қайта оралуын неосинкретизм деп атаған Н.Қуантайұлының бұл образдары мүлде тосын өрілген, ол табиғат пен техникалық өркениеттің қарама-қайшылығының асқынып, шиеленісе түскенін, содан адамның жаратылыспен сабақтасып жатқан сұлулық әлемі тас-талқан болғанын суреттейді. Ақынның мәселе етіп көтеріп отырған – дала мен қала, табиғат пен өркениет арасында өріс алған бітіспес тартыс адамның жан дүниесіне қандай қайшылық әкеліп отырғаны туралы К.Г.Юнг айтқан мына бір пікірді осы орайда тілге тиек ете кеткен орынды сияқты: «С ростом научного понимания наш мир все более дегуманизируется.

Человек чувствует себя изолированным в космосе, потому что теперь он отделен от природы, не включен в нее органически и утратил свою эмоциональную «бессознательную идентичность» с природными явлениями. Постепенно они теряют свою символическую причастность. Теперь уже гром – не голос рассерженного Бога, а молния – не его карающая стрела. В реке не живет дух, в дереве больше не пребывает жизненная основа человека, змея не воплощает мудрость, а горная пещера больше не жилище великого демона. Уже не слышит человек голос камней, растений, животных и не беседует с ними, веря, что они слышат. Его контакт с природой исчез, а с ним ушла и глубокая эмоциональная энергия, которую давала эта символическая связь» [4, 79].

Ақын Тыныштықбек Әбдікәкімовтың да өлең өрімі өзгеше екені оқырмандарға жақсы мәлім. Ол сүйіктісінен жылы жауап ести алмай, әбден жалғызсыраған, бірақ одан үмітін үзбейтін лирикалық кейіпкердің көңіл күйін: «Жат біреумен отырсың сен ыңылдап, Қолдарында күміс тұмсық үміттерім бар үйтілген», – деп суреттейді. Ақын үмітке тұмсық, соның ішінде күміс тұмсық бітіріп (жарқыраған, жарқын үміт мағынасында), оны сүйіктісінің қолына ұстатады, ұстатып қана қоймай, «үйттіреді». Тағы бір өлеңінде «Мұң аңқыған сезімнің шатқалынан, Маңырайды таутеке ұйқысырап» [5], – дейді. Автор сезімге шатқал бітіреді, ол жай шатқал емес, мұң аңқыған серек сеңгір болса керек-ті, ал, оның биігінде жусап жатқан ұйқыдағы таутекені маңыратады. Осылай ету арқылы ақын адам жанының жабырқап, құлазыған күйін бейнелейді. Әрине, бұл соны қолданыстар тек Т.Әбдікәкімовтың қолтаңбасына тән төлтума сипатты білдіреді.

Қазіргі қазақ ақындарының шығармашылығынан осы айтылған жаңа өрнектердің небір үлгілерін кездестіруге болады. Себебі, Абай бастап берген авторлық поэзия фольклордың уызын еміп, сымбат түзегенімен, оның бейнелеу тәсілдерінен саналы түрде іргесін аулақ салып, көркемдік кеңістікті игерудің дара жолын іздеп, әсемдік сапарында қашықтап бара жатқаны анық. Фольклор мен қазіргі поэзияның жақындығын, сонымен бірге ара алшақтығын нақтылы осындай жағдайлармен түсінуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы, Алматы: Мектеп, 1973.
- 2 Бөдешұлы Ж. Емендер түнде бүрлейді. Алматы: Ана тілі, [2001](#).
- 3 Қуантайұлы Н. Күмбір. Алматы: Қазығұрт, 2005.
- 4 Юнг К.Г. Архетип и символ. Москва, 1991. – 304 с.
5. Т.Әбдікәкімов Ырауан. – Алматы: Атамұра, 2000.- 94 б.

БАСҚА ТІЛДЕН СӨЗ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Таңат А.

Қазақ тілі мен әдебиеті ББ 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: **Орынбаева А.Б.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің оқытушысы
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада өзге тілден сөз қабылдау қағидаттары туралы айтылады. Қазақ қоғамында, қазақ тіл білімінде қоғамдық ұстаным ретінде маңызды теориялық ұсыныстар, қазақ тіл білімінде ғылыми қағидаттар байыпталады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, өзге тіл, кірме сөздер, сөз қабылдау қағидаттары.

Қазақ тілінде кірме сөздер қабаты ертеден пайда болғанымен, олардың ену жолдары, оларды қабылдау қағидаттары, тіл табиғатына сәйкес немесе сәйкессіздігі, жат бірліктердің зияны тіл білімі тұрғысынан кейіннен тексеріліп, ғылыми пікірлер беріліп, арнайы ғылыми қағидаттар да ұсынылған. Қалыптасқан түсінік бойынша кірме сөздер арқылы лексикалық

байлықты еселеу прогрестік қадамға бағаланып келген. Алайда бұл процеске тіліміздің өзіндік мүддесі тұрғысынан сын көзімен қарау ертеректен ғылыми дәлелдемелермен ғалымдарымыздың еңбектерінде көрініс берді. Бірақ ғылыми ұстаным деңгейіне жетіп, қалыбын таппай келеді.

Әр дәуірдің талабына сай айтылып отырған ол теориялық материалдарды топтастыра отырып, ғылыми тұрғыдан жүйелеп, ғылыми қағидаттар ретінде қалыптастыру қазіргі заман талабы болып отыр. 1924 жылғы қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайында жасалған Елдес Омарұлының «Қазақша пән сөздер» атты ғылыми баяндамасында кірме сөздер мәселесі жан-жақты қаралған. Пән сөздерінің қазақ тілінің өзінен алынуы керектігін атап өткен қайраткер сол түбірлерге жалғанатын жұрнақтарды саралап көрсетеді. Нәтижеде жұрнақтар түбір тұлғасымен үндесетін және түбір тұлғасымен үндеспейтін, үндестік заңына келмейтін қосымша бірліктер болып екіге ажырайды. Автор өз таңдауын былай сипаттайды: «Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар қазақ тіліне келіп енген жат жұрнақтар, оларға мәндес келіп, түбірмен үндесе жалғанатын қазақ тілінің өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді жат жұрнақ жалғап жасағаннан төл жұрнақпен шығарған артық» [1, 17].

Бұл жаңа сөздерді жасауда ұсынылған ұстаным болса, сырттан тікелей сөз қабылдауда бірнеше бағыттағы қағидаттар қарастырылған. Оларды жинақтап айтсақ, бірінші ұстаным сырттан қабылданатын сөз үндестік заңына сәйкестенуі тиіс, дыбыстық жағынан игерілуі талап етіледі. Ғалымның пікірінше ол үшін жат бірлік бірнеше жолмен игерілуі тиіс. Біріншіден, сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрін де бірыңғай жіңішке етіп немесе бірыңғай жуан етіп алу керек [1, 18]. Екіншіден, сөз ішіндегі қазақ тіліне жат дыбыстарды шығарып, орнына қазақ тіліне тән дыбыс кіргізіліп алынуы керек [1, 160]. Үшіншіден, қазақ тілінде сөз ішінде бір дыбыс қосарланып келмейді, жат сөздегі қосарланған дыбыстың біреуі түсірілуі керек немесе орнына басқа дыбыс кіргізілуі керек. Екінші ұстаным ретінде кірме сөздің түбір тұлғасына қойылған талаптарын қарастыра аламыз. «Жат сөз қазақ тіліне сіңіп, түбінде қазақтың төл сөзі болып шығуы үшін айтуға жеңіл келіп, құлаққа ерсі естілмеуі тиіс» [1, 17] Еңбекте қарастырылған тағы бір қағидат кірме қосымшаларға қатысты. «Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды» [1, 60] дейді Елдес Омарұлы. Жұрнағымен қоса кірген кірме сөздерді сол қалыбын түбір ретінде қабылдауды ұсынған. Сондай-ақ кірме жұрнақтарды сөзжасамда пайдаланудан бас тартуға шақырғанын айта кетуіміз керек.

Кірме сөздер тақырыбын жан-жақты зерттеген елеулі еңбек Нәзір Төрекұлұлының «Қазақшадағы жат сөздердің өзгерілу заңы» атты мақаласы. Бұл еңбек белгілі бір нәтижеге бағытталған құнды зерттеу. Нәзір Төрекұлұлы бұл еңбекте негізгі екі мақсатын айқындаған. Бірінші өзге тілдерден енген сөздердің өзгеру заңын табу болса, екінші нысанасы тілдің алдағы уақытта баюына жол салу [1, 61-66]. Ол үшін тілдегі кірме сөздер зерттелуі және белгілі бір ұстанымдар ғылыми тұрғыдан қалыптасуы тиіс еді. Ғалым нақты қағидаттардың қажет екенін атады: «жат сөздерге қойылған серт, заңдай қазақ тілінде белгілі бір көше салып қою керек. Қазақ тіліне енетін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, қазақ сөзі болып кірсін» [1, 66]. Ал бұл мәселені шешуде ғалым тілімізде ертеден еніп орныққан араб және парсы сөздерін үлгіге алып, олардың өзгеруін мысалдармен сипаттады. Себебі, араб және парсы сөздерінің белгілі бір тәртіпті өзгеру үлгілері бар. Бұл бірліктер тілде жинақталған кірме сөз игеру тәжірибесінің көрінісі іспеттес. Нәзір Төрекұлұлы «бұл тексерудің қорытындысын еуропадан келетін сөздерге де пішу керек» [1, 69] деген пікірде болды. Бұл тәжірибе тілге алдағы уақытта сөз енгізуде пайдаланылатын қағидаттар деңгейіне көтерілуге тиіс еді. Мұны ғалым өзге тілден сөз алғанда ол бұзылып алынбаса, қабылдаушы тілдің өзі бұзылатындығымен түсіндіреді [1, 76]. Қажетті сөз әуелі қазақшадан, сосын түркі тілдерінен, олардан табылмаса еуропа тілдерінен сөз қабылданады делінген болатын Елдес Омарұлының баяндамасы негізінде қабылданған қағидатта. Бірақ Нәзір Төрекұлұлы татар, түрік тілдеріндегі сөздерден мысалдар келтіріп, бұл тілдердің өзі ортақ қажетті сөздерді сырттан қабылдап отырғанын айтады. Түркі тілдерінің өздері еуропадан сөз қабылдап отырғанда неге тіке еуропадан сөз қабылдамаймыз деген сұрақ тудырады. Дегенмен қажетті еуропа сөздерін қабылдап алу жеткілікті деп отырған жоқ. «Еуропа сөздері де парсы және араб сөздеріндей

өзгеру керек» [1, 75] дейді Нәзір Төрекұлұлы. Аталған еуропа тілдерінен түп нұсқада сөз алып, өзгертіп қолданудың бес түрлі қағидатын Халел Досмұхамедұлы өз еңбегінде талдап көрсеткен. Ғалымның бұл тақырыптағы пікірлерін көрсетіп өтсек, біріншіден, еуропа тілдерінен алынған сөздер тіл заңымен өзгеріп, тілімізге сіңіп кетуге қолайлы болу керек. Екіншіден, еуропа сөзі сөз иесінің тілінен аралық тілсіз, ғалымның айтуынша орыс тілінің дәнекер болуынсыз алынуы тиіс. Үшіншіден, еуропа тілдерінде сөздер жуан формаға қарағанда, жіңішке формасында айту қолайлырақ келеді. Сондықтан жіңішке түрінде қолдану тиімді екендігін айтады. Бұл орайда ғалым аталған тілдердің өз табиғатына мән берілуі керектігін ескерген болу керек. Төртіншіден, кейбір еуропа тілдерінде екпін сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстарға түседі. Тіліміздің табиғаты да осындай болғандықтан, сөз өзгертуде сол тілдерді үлгіге алуға болады деп есептейді. Бесіншіден, еуропа тілдерінен алынған түбір сөз тіл үндесіміне келтіріліп алынған соң, жалғанатын барлық қосымша сингармонизм заңымен жалғануға тиіс [2, 67-68]. Бұл кірме сөздердің тілімізде ары қарай игерілуінде негізгі рөл атқарады.

Халел Досмұхамедұлы Нәзір Төрекұлұлының кірме сөздердің игерілу жөніндегі айтқан мәселелерімен, еуропа сөздеріне жол беру жөніндегі ұсынысымен толық келіседі. Сондай-ақ мақалада сыналған –паз, -стан, -кер жұрнақтарының қолданысын да қатеге шығарады. Дегенмен Нәзір Төрекұлұлының тарих сөзінің орнына историе, физика сөзін алып, маманды историк, физик деп атауына қарсы көзқарас танытады [2, 59]. «-стан, -паз сияқты қосымшаларды көтере алмай отырып, -ик қосымшасын мойнымызға мінгізіп не қыламыз» [2, 59] дейді Халел Досмұхамедұлы. Бұрыннан нормаланған сөзді өзгертуге және кірме қосымшаның орнына басқа бір кірме қосымша әкеліп таңуға болмайтынын айтады. «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» мақаласының мазмұны тіл үндестігі тақырыбы болғандықтан автор қазақ тіліндегі кірме сөздерге барынша назар аударған. Себебі тілдің аталған заңын бұзушы әр дәуірде де кірме жат бірліктер болады. Елдес Омарұлы өзінің баяндамасында қазақ тілінде –нікі, -дікі, -тікі қосымшасынан басқа тіл үндестігін бұзатын бірлік жоқ екендігін айтқан [1, 18]. Ал Халел Досмұхамедұлы –нің деген жалғау мен –кі жұрнағының қосылуынан туған –ніңкі құрама жұрнақ екендігін айтып, мұны шала жұрнақ қатарында қарастырып өткен болатын [2, 13]. Ғалым тіліміздегі жат сөздерді екі аумақта қарайды. Бірі парсы және араб сөздері, екіншісі еуропа тілдеріне тиесілі бірліктер. Мұның ғылыми негізі бар деп есептейміз. Аталған тілдердің бірліктерінің тіліміздегі орны әр қалай. Мысалы қазақ тіліндегі араб және парсы сөздері жөнінде «бұл сөздер қазақ тілінің қай заңына да келеді, қазақ тіліндегі төл түбірдей өзгеріп, құбыла береді» [2, 17] деген пікірдің дәлелін тіліміздегі кірме сөздерден көріп тұрмыз. Халел Досмұхамедұлының «бұларды жат сөздер деп айтуға келмейді, сондықтан бұл сөздердің бәрін қазақ сөзі деп айтуға тура келеді» [2, 17] деген пікіріне тоқтау жасаймыз. Себебі тіліміздегі мұндай сөздер төл болмысынан мүлдем өзгеше. Мысалы, парсының ағар, зиндан сөздері егер, зындан болып, арабтың даража, иззат, умр, нийат сөздері дәреже, ізет, өмір, ниет болып тілімізде қалыптасқан. Төл сөздердей ұғынылады. Мұның себебі дыбыстық игерілуде деп білеміз. Тілдегі бұл мәселені емле жүйесін жасауда ұмыт қалмауы тиіс болған. 1929 жылы Қызылордада өткен конференцияда қабылданған «Қазақ тілінің жаңа емлесінде» кірме сөздер мәселесі ескерілген екен. Аталған ережеде «шеттен кірген сөздердің емлесі дыбыс жүйесімен жазылып, қазақ тілінің сөз жүйесіне келуі керек» [1, 17] делінген. Араб және парсы сөздері табиғи жағдайда дыбыс жүйесіне ұзақ уақыттық нормалану негізінде сәйкестенді. Дыбыс жүйесі негізге алынбауы себебінен тілімізде тілді бұзушы бірліктер көбейді. Бұл тілде тіл заңын бұзбауға арналған нақты қағидаттың болмауынан деп білеміз. Қазақ тілінің үндесіміне сәйкессіз сөз қабылдау қазіргі кезеңге дейін сақталып келеді. Мысалы тілімізге енген электр, спектр сияқты орыс сөздері тіл үндесіміне сай електір, спектр болып алынуы қажет еді. Бірақ бұлай сөйлеу мен жазу нормаға сәйкес деп қабылданбайды. Тілдің табиғи заңына қайшы бірліктер қазіргі таңда көбейген. «Әрбір тілдің өзіне тән фонетикалық, лексикалық, морфологиялық даму заңдылықтары болады және сол заңдылық дұрыс сақталған жағдайда

ғана тіл өз табиғатын сақтауға мүмкіндік алады» [3, 671-676]. Бұл мәселелер ескерілген жағдайда жоғарыда айтылған ғалымдар өз қағидаттарын ұсынған деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, алаш кезеңіндегі тіл мәселелерін ұсақ тілдік бірліктерден бастап, қазақ тегі мен қазақ мемлекеті атауына дейінгі аралықта қараған зиялылар тіл тазалығын сақтауда мән берілуге тиіс бірқатар мәселелерді атады. Біріншіден, тілдің табиғи заңы болып табылатын үндестік заңын бұзбай, барлық тілдік бірліктердің аталған заңға бағындырылуы керектігін баса назарға алды. Екіншіден, тілге алдағы уақытта енетін кірме сөздерді қабылдауда тілдің өткен дәуірдегі кірме сөз игеру үрдісін ғылыми қағидат етіп алуды ұсынды. Үшіншіден, тіл қалыбын сақтау үшін төл сөздердің түбір тұлғасын бұзбай қолдануды, ал кірме сөздерді керісінше түбір тұлғасын бұзып қабылдауды тіл заңына сәйкес деп тапты. Төртіншіден, кірме текті қосымшаларды тілді бұзушы бірліктер деп санап, сөзжасамда төл қосымшаларды пайдалануға кеңес берді. Бесіншіден, мемлекет атауы мен оның азаматтарының тегінде өзге тіл қосымшаларының болуын терістеді. Біз осы тізбектегі мәселелердің өзектілігін ескере отырып, аталған теориялық ұсыныстар қазақ тіл білімінде ғылыми қағидаттар ретінде, қазақ қоғамында қоғамдық ұстаным ретінде қалыптасуын маңызды деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Терминология мәселелері. 1-кітап. Астана: 1С-Сервис, 2006. – 288 б.
2. Досмұхамедұлы Х. Құрастырушы А.Қ. Құдабаев, С.Торайғыров атындағы Повлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 78 б.
3. Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. – Алматы, Қазығұрт, 2015. – 512 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНР

Кайпбаева А.С.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазіргі әдебиетте хат мәтіндері зерттеуді қажет ететін тақырыптардың қатарына жататын тың және көкейкесті мәселелердің бірі, қазақ халқының біртуар азаматтары мен қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылардың хаттары, қолжазбалары, ол хаттардың стилі, мәтін құрылымы, оларды көркемдік тұрғыдан қарастыру, ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі айтылады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, эпистолярлық әдебиет, эписталарлық жанр, қазіргі эпистолярлық жанр үлгілері, эпистолярлық стиль.

Ұлттық құндылықтарды зерттеудің, бүгінгі таңдағы көзқараспен алып, бағалаудың, саралаудың, талдаудың мәні зор. Бүгінгі таңдағы эписталарлық жанр әдебиет тарихында бірден пайда бола қойған жоқ. Эписталарлық жанрдың тууының өзі көне дәуірлердегі адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуынан бастау алады. Сонау ерте замандарда адамдар арасында ақпараттық қажеттілік пайда болды. Бір адам екінші адамға, бір адамдардың тобы екінші адамдар тобына өз ойларын жеткізгісі келді. Бұл алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі тілдің пайда болуымен тікелей байланысты еді. Сөйтіп адамдар санасындағы идеялар, көзқарастар мен ойлар тіл арқылы басқаларға таралып, іс жүзіне аса бастады. Адамзат қоғамында қарым-қатынас құралы тілдің пайда болуы – хат жазуға дейінгі алғашқы құбылыстардың бірі еді. Сонау көне замандардан бастап қазірге дейінгі адам ақылойының маржандары сөз арқылы бізге жеткен болатын. Бір адам екінші адаммен тілдесіп, бір

адамдардың тобы екінші адамдар тобына өз ойларымен бөлісу арқылы жеткізген. Әр қилы замандағы оқиғалар мен өмірде болып жатқан құбылыстарды, тіршіліктің алуан түрлі түсті бояулары мен тарихи ақпараттарын келер ұрпаққа жеткізетін де сол өлмейтін сөзбен тіл.

Эпиталярлық жанрдың шығу тарихына үңілетін болсақ, эпистолярлық әдебиет, эпистолография (грек. *epistole* – жолдау, хат) – хат түрінде жазылған шығарма [1, 34]. Эпистолярлық әдебиетке ірі қоғам қайраткерлерінің өзара жазысқан, тарихи мәні бар, әдеби мұраға айналған хаттары жатады. Эпистолярлық әдебиет жанр ретінде көне дәуірден басталады. Хат мәтіні замандар бойы қалыптасып, тұрақты нормаға түсіп, ішкі даму процесі негізінде сыртқы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге лайық икемделіп дамып отырды. Н.И.Гайнуллина эпистолярлық жанрдың даму тарихында құрылысы жағынан, жазылу мәнері, талаптары жағынан т.б. өзгеріске түскендігі жайлы ғылыми еңбегінде талдап береді. Ғалым: «В исторической перспективе эпистолярный жанр претерпел существенные изменения на всех уровнях структурном, содержательном, экспрессивно-эмоциональном, функциональном. В этой парадигме не менее существенные изменения находим в нем и на уровне наименования. И здесь частное письмо не оказалось статичным и неизменным, а меняло или расширяло круг своего наименования в зависимости от внешних обстоятельств и места, которое занимал данный жанр в целом в системе функциональных жанров в разные периоды истории русского литературного языка» [2, 426]. Даму сатысының алғашқы кезеңдеріндегі хат жазудың ең негізгі материалы ретінде пайдаланылған папирус біздің жыл санауымызға дейінгі үшінші мыңжылдықтан басталып өз мәнін біздің дәуірімізге дейінгі IV жүзжылдықтың классикалық және эллиникалық кезеңдеріне дейін сақталғанын «Кітаптың шығу тарихына» байланысты зерттеу жұмыстарынан көреміз. «Хат» көне уақыттардан бері Грек, әсіресе Рим әдебиеттерінен бастау алады. Цицерон, Гораций, Сенека, кіші Плиний хаттары (өлең жолдаулары) – ерте эпистолярлық әдебиеттің үлгілері болып саналатындығы белгілі. Мысалы, әлемдегі эпистолярлық жанр сипатын танытатын, құнды жазбалар сырына үңілсек, хат мәтінінің тарихи даму жолын аңғаруға болады. «Цицерон хаттары сақталған, хаттарында қоғамдық мәселелерді талқылайды. Ол «ашық хаттар» – хат түріндегі публицистиканың қайнар бастауы. Кіші Плиний, керісінше өз хаттарына жеке мән береді, күнделікті өмірдегі қызық құмар эпизодтар, өзі туралы мәліметтер, кез келген оқиғалар туралы жазады, бірақ Плинийдің хаттары көбінесе «хат» сияқты шығарылған әдебиеттік миниатюралар түрінде жазылған. Хат жазу үшін өсімдіктің талшығының өзекшесі қолданылды. Өзекшелер жұқа кесіктерге бөлініп, қатты тақтаға салынып бір-біріне желімделді. Осылайша жұқа ұзынша келген орамдардың ішкі жағы хат жазу құралына айналды. Плинийдің айтуы бойынша орамдар жиырмадан аспайтын парақтардан тұрды. Папирус дайындау Грецияда, Арабияда пайда бола бастады. Гректер папирусты біздің дәуірімізге дейінгі X ғасырдан бастап пайдаланған, VII ғасырда 2274 папирус орамдары кітап дайындау, жазу, сызудың негізгі материалына айналды. Папирустың ең көп көлемі 1877 жылы фаюмадағы ежелгі Арсинада және Ашмунинада табылған. Ал Арабияда бүкіл әлемдік кітапханалар мен музейлерде сақталған араб папирустарының жиынтығы және қамту кезеңі 700 жылға жуық. Әлем бойынша бұл жиынтық Орта ғасырлардағы араб тарихын зерттеу жұмыстарындағы атқаратын рөлі мен маңызы ерекше [2, 112]. Антикалық дәуір әдебиетіндегі мәліметтер сол кездің өзінде хат жазу этикеті болғанын көрсетеді.

Мысалы: сол дәуірдегі хаттарда алдымен жіберушінің аты, одан кейін алушының аты, амандасу формалары мен түрлі тілек мәнінде жұмсалатын сөздерден кейін барып хат мәтіні жазылатын болған. XVIII ғ. еуропалықтар хатты кеңінен жаза бастады; көп елдерде пошталық байланыс тәртіпке келді, хат жалпыға қолайлы ақпарат құралына, сондай-ақ бос уақытты өткізудің құралына айналды. «Хат мәнеріндегі роман» - психологиялық және әлеуметтік роман реализмнің даму жолында маңызды роль атқарды. Бірақ X

XIX ғ. роман тарихи хабарлау, жанұялы хроника негізінде дамиды, А.С.Пушкиннің «Роман в письмах» (1829), Ф.М.Достоевскийдің «Бедные люди» (1845) – дәуірдің ақырғы романдары.

Хат – публицистикалық және іс қағаздар прозасы үшін, шағын әңгіме түрінде баяндалатын үлгілер үшін маңызды. Сонымен қатар, тұрмыстық және әдеби эпистолярлық прозаның тіл ресурстарын әзірлеуде маңызы зор. Ағарту дәуірінде хат ең маңызды жанрға айналып, «тәрбиелеу» мақсатында пайдаланылды. Эпистолярлық әдебиет сол негізгі екі бағыт бойынша дамиды: «ашық хаттар» - памфлеттер және «новелла-хаттар», тұрмыстық хаттар мен сыр ашу хаттары. Хаттың даму сатысына тікелей байланысты түрлеріне назар аударсақ, инициативтік хат сол кезеңдегі жеке хаттың үлгісі ретінде бірқатар жағдайлар мен себептермен айқындалады. Сол себептерге байланысты инициативтік хаттың ішінде мынадай түрлерін бөлуге болады: Мысалы, Қайыпхан елшілерінің Ресеймен тату тұру тілегі туралы мәлімдемесі,

а) императивті-түрткі хаттар, олардың негізінде бұйрықтар, өтініштер жатады. Кіші жүз ханы Әбілхайырдың өзінің қол астындағы адамдарымен бірге Ресей бодандығына алуды сұрап әйел патша Анна Ионновнаға жазған хаты т.б. Бұл хаттарда тұрақты эпитеттер қолданылады, биік, зор, асқар, жоғары деген ұғымды беретін ғали сөзі жиі жұмсалған. Ғали хазіреттеріңіз – ұлы мәртебелілігіңіз т.б. Бір нәрсені сұрай, өтіне жазылған хаттар ғарыз, ғарыз наме, ғарыз ахуал, ғарыз хал деп беріліп отырылатын болған.

б) Ақпараттық-инициативтік хат, оқиға, факті, іс туралы хабарлайды; хат алушыны хабардар ету, немесе хат алушыға коммуникативтік актінің екі мүшесіне маңызды ақпарат жіберу.

в) Қайталау-инициативтік хаттар хат жазушымен хат алушыға бір рет айтылған, бірақ белгісіз себептер бойынша хат жіберушінің бұйрық, өтініштері хат алушымен орындалмаған. Ондай хаттың лингвистикалық белгілері болып табылатын формула: бұрын + жазғам. Қайталау-инициативтік хаттың экспликациясын оларда кездесетін формулалар күшейтеді – растаймын, сондай-ақ хат жазушы өзінің хат алушысына хатты бірнеше рет жазғаны және оларға жауап алмағаны туралы хабарлайтын. г) Орталанған-инициативтік хаттар, сол хаттарға себеп болған «эпистолярлық емес», қосымша көздер: Жауап хаттары. Олардың жазылу себебі бір – алынған хатқа жауап беру немесе хабар беру. Бұл хаттарда: Сіздің хатыңыз, менің хатым, Сізден алынған хат, мен алған хат және т.б. сөздер жиі қолданылады. Қызметтік хат жазу мәдениетінде әлі этикет формаларын қолдану, дұрыс қолдану бірден қалыптаса қойған жоқ. Мысалы: ресми қарым-қатынас барысында жазылған түрлі хаттарда дер кезінде жауап қайтарғаны үшін немесе дер кезінде шара қолданғаны үшін, мекемеде орын алған келеңсіз жағдайдан шығуға көмек көрсеткені үшін бір-екі ауыз 2275 рахмет айту дәстүрі қалыптаса қойған жоқ. Қызметтік хаттар қаншама бейтарап тонмен, ресми түрде жазылса да қарым- қатынасты реттеу, сақтау үшін қысқа, нұсқа, жылы реңкті тілдік этикет формаларын қолдану басымдау болып келеді. Қызметтік хаттардың құрылымы ғалым Л.Дүйсембекованың еңбегінде талданады және олардың төмендегідей сипаттары анықталған: тақырыбы, датасы, адресаттың аты-жөні, кіріспе сөз, хаттың мазмұны, негізгі мәтін, хат соңындағы сыпайыгершілік лексемалардың сақталуы т.б. [3, 125].

XVIII ғасырда қазақ даласында қолданылған ресми хаттарда түрлі дәрежедегі лауазымды адамдарды, әкімдерді дәріптейтін тұрақты эпитеттердің қолданылуы шартты және эпитеттерді қолдану сол кезеңдегі ресми хаттар тіліне тән. Мысалы: 1694 жылы қазан айында қазақ ханы Тәукенің Ресеймен достық қарым-қатынастарды жаңғырту туралы және Тобольскіде ұсталған Келдей мырзаны Қазақстанға жіберу туралы өтініп І Петрға жазған хатында: «...Асқан мәртебелі тақ иесі және аса жоғары мәртебелі әрі ұлы өкіл және ие әрі құдіреті күшті ұлы ақ патшаға» немесе осы хаттағы «...Барынша басымды иіп тағзым етемін, ал Сіздің аса қасиетті ұлы мәртебеңіздің қайырымдылығына тағзым еткеннен кейін мынаны хабарлағым келеді» деген дәріптеу эпитеттерін көреміз [4, 23].

Бұрынғы қазақ қоғамында әлеуметтік жікті саралап көрсетудің өзіндік жүйесі болған. Мысалы: ханның әйелін – ханым, қызын – ханша, ұлын – ханзада, бидің әйелін – бекбике, қызын – бикеш, баласын – шора деген сөздер арқылы болса, қазіргі таңда азаматтарға қаратпа ретінде, олардың лауазымын, түрлі атақ, дәрежесін эпитет түрінде айту мысалы, «жолдас», «мырза», «ханым» сөздері қазіргі тіл этикетінде қолданыс тауып отыр. Сонымен,

эпистолярлық стиль өзіндік ерекше табиғаты бар стиль болып табылады. Орыс тіл білімінде эпистолярлық жанр ретінде алынып зерттеледі. Әр кезеңдерде жазылған хаттардың өзіндік дараландыратын ерекшеліктері бар. Ғалым Н.И. Гайнуллина эпистолярлық жанрдың әр кезеңге тән табиғатын қоғаммен тығыз байланысты қарайды.

Әлеуметтік жағдай, қоғамдағы өзгерістердің эпистолярлық жанрға, эпистолярлық жазбалардың әдебиеттің дамуына ықпал еткендігі жайлы айтады. Мысалы, «Эволюция эпистолярного жанра непосредственно связана с групповой дифференциацией общества, его сословным делением и общественнополитическими установками пишущего. И не последнее место в этом наборе причин занимает отдельная языковая личность, ее жизненная и общественная позиция, ее влияния на общий ход развития не только в обществе, но и в языке в целом» [2, 428].

Әдебиет сыншысы І.Омаровтың әдеби мұрасының бірі эпистолярлық жанр екендігін қаламгер шығармашылығын оқыған кез келген оқырман біледі. Хат арқылы өз ойын, пікірін білдіре отырып, жазуға қабілетін дамыта түседі. Әдебиет саласында сыншы хаттарының маңызы зор. Сыншы І.Омаров пен Бауыржан Момышұлының достықтарының куәсі болған профессор М.Мырзахметұлы І.Омаровқа Б.Момышұлының хаттарын талай мәрте өз қолыммен тапсырғанын, 1970 жылы ең соңғы хатын үйіне апарып бергенде, хатты І.Омаровтың өзі алып қалғанын, кейіннен хатты үйінде оқып шығып: «Бауыржан! – деп, қатты айқайлап, төсегіне құлап түскенін естіген. Кейін тіпті, ауруханада емделіп жатқан кезінде де Баукеңді көп іздеген, қайтыс боларында да ең соңғы сөзі «Бауыржан» деп айтып, тілден қалғанына қайран қалғанын баяндап естелік ретінде жазғанын оқыдық. Бұл Омаровтың Бауыржанға деген шын ықыласынан, адал достығынан туындаған, достың адал көңілінен шыққан сезімінің соңғы ұшқыны еді.

Қазіргі эпистолярлық жанр үлгілерімен өткен ғасырлардағы қазақ эпистолярлық жанрының сипатын танытатын құнды жазбалар арасында байланыс бар. Ол жазылу мәнерінен байқалады. Мысалы, қазіргі хаттар да амандық-саулық сұраудан құрметтеуші, сыпайыгершілік басталады, хат соңында сәлем жолданады. Біздің жазба мәдениетіміздің құнды да, қомақты саласы болып табылатын эпистолярлық жанр - дамыған жанр. Хат түрі сан алуан, олардың мәтіндері, стильдік ерекшеліктері де әр түрлі. Солардың ішінде еліміздің, жеріміздің әлеуметтік- саяси, экономикалық жағдайына байланысты кешегі ел билеген хан, сұлтан болған атабабаларымыздан қалған әр түрлі тарих тереңінен сыр шертетін хаттары, ұлы ағартушыларымыздың, соның ішінде Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин секілді дараларымыздың, қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин жазушыларымыздың хаттары, кешегі сұрапыл жылдардағы хаттар, бүгінгі хаттар бәрі- бәрі зерттеуге сұранып тұрған бағалы да құнды дүниелер. Бұл дүниелерді талдау, оларды жан- жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу эпистолярлық жанрдың сипатын тануға мүмкіндік береді. Қазақтың хан, сұлтан, старшындарының орыс империясының әкімшілік орындарына жазған хаттары мен белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушы, оқыған азаматтарының әлеуметтік мәні бар хаттарының тілі өзіндік ерекшеліктері көп. Хат мәтініндегі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшелігін талдау арқылы хат мәтінінің табиғатын тануға, сол кезеңдегі эпистолярлық стильді тануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нысанбаев Ә. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998 жыл, X том, 56 б.
2. Гайнуллина. Н. Эпистолярное наследие Петра великого в истории русскогoлитературного языка. Дисс. док. фил. наук. – Алматы, 1996. – 494с.
3. Дүйсембекова Л. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. – Алматы, 2000. -205 б.
4. Ешекеева Г. Хат мәтіні // Қазақ тілі мен әдебиеті, - Алматы, 2007. № 8.

ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛЫ

Бердібек Д.

Қазақ тілі мен әдебиеті ББ 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: **Толетова Ж.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің оқытушысы
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Драматургия жанрының қалыптасуы мен даму тарихына шолу жасалып, қазақ драматургиясындағы Б.Мұқай шығармашылығы пайымдалады.

Түйін сөздер: Баққожа Мұқай, драматургия, тартыс, драма, фольклор.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан келе жатқан бабалар үні-бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», - деп атап өткендей, рухани жаңғырудың негізі-ана тіліміз, ұлттық тарихымыз бен салт-дәстүр, жоралғыларымызға құрметпен, халықтық қасиеттерімізді сақтап, келер ұрпаққа лайықты табыстаудан басталмақшы. Баққожа Мұқайдың драматургиясының идеялық-көркемдік ерекшелігін тануда бүкіл драматургиялық шығармаларын әдебиеттану тұрғысынан талдап, заман үндестігін, көрерменге берер рухани әсерін, тарихи және заманауи тақырыптарды игерудегі жетістіктерін сараптау қазіргі ұлттық әдебиеттану ғылымында өзекті болып табылады.

Қазіргі қазақ драматургиясы – халқымыздың XX ғасырдағы әдебиетінің дамуының занды жалғасы. Драматургия-көркем әдеби тектік жанрларының өнернамалық жүйесі. Қазақтың сөз өнеріндегі дәстүрлі негізгі әдебиет шығармалары мен фольклорлық мұралары негізінде қаланған ұлттық сөз өнерінің бұл саласы қазақтың рухани мәдениетінің әлем өркениетіндегі көрнекті орнын да танытып келеді.

Қазақ топырағында драматургияны дамытқандар қатарында Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Жұмат Шанин пьесалары ұлттық классикалық дәстүр жолын қалыптастырды және басқа да кейінгі толқын драматург қаламгерлер шығармашылығы арқылы жалғасты. Әдебиеттану, театртану, өнертану тұрғысында жазылған қазақ зерттеушілерінің еңбектері осы саладағы зерттеулер жүйесін құрайды.

XX ғасырдағы әдеби үдерістегі ұлттық әдебиет алыптарының драматургияны құрайтын шығармашылығы көрнек өнері туындыларына тән ортақ көркемдік-эстетикалық дүниетаным болмысын дәлелдеді. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабында «Айтыс-тартыс» тақырыбымен берілген драматургияға байланысты айтылған бағалау да сахналық қойылымның көру, қабылдау аясындағы танымдық-эстетикалық табиғатын түсінуге бағдарлайды: «Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қарай қару қылып, алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, жауласқаны, дауласқаны бітіскені, жарасқаны, өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдымыздан өтеді».

Еліміздің әр аймағында жазылған қолжазба пьесалар XX ғасырдың басында, 1910-1915 жылдар аралығында өмірге келді. Қоғам дамуымен бірге ілгері басып, ұлттық өнерімізбен қанаттаса отырып, белгілі бір дәрежеге көтерілді. Бұл пьесалар қолжазба түрінде таратылып, алғашқыда сауыққой өнерпаз жастардың күшімен ойын-сауық үйірме кештерінде бірнеше рет көрсетілгені бүгіндері анық болып отыр. Қолжазба түрінде ол пьесалар заман тынысын, дәуір жағдайын, көкейкесті мәселелерін, кезеңнің толғақты сырларын дер кезінде өткір қозғады. Алғашқы пьесалар авторлары қатарына-Ишанғали Мендіханов, қызылжарлық Бекмұхамед Серкебаев, Семейлік Көлбай Төгісов, Алматылық А.Лихановтарды т.б. жатқызамыз. Қазақ халқы үшін XX ғасыр-ұлтымыздың оқуға, білімге бет бұру заманы болды.

Мұсылманша оқу орындары-мектептер мен медреселер діни сабақтармен қатар есеп, жағрапия, тарих, ана тілі шетел тілдері де қоса оқытылды.

Қазан, Орынбор, Петербург, Уфа қалаларындағы баспаханалардан қазақ тілінде біршама кітаптар шықты.

Соңғы жылдары қазақтың драмалық фольклорын арнайы зерттеуші Қ.Бижанов шағын айтыстарды драмалық жанрға жақындататын өзіндік бірнеше белгілерін атап көрсетеді. Ал, арнайы ғылыми айналымға, нысанаға алынып зерттеу ісі ХХ ғасырдың 50-жылдарынан басталады. Осы уақыттан бастап диссертациялар қорғалып, монографиялық еңбектер жарыққа шыға бастады. ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақтың белгілі ғалымы, жазушы-драматург, тарихшы, сыншы, алаш қайраткері Қ.Кемеңгерұлының қаламынан «Алтын сақина», «Парашылар», «Ескі оқу» пьесалары туды. Негізінен, Қ.Кемеңгерұлының қайраткерлігі, шығармашылығы, еңбектерінің жиналуы, жариялануы турасында қазақтың белгілі ғалымдары Р.Рүстембекованың, Д.Қамзабекұлының еңбектерінің орны жоғары. Қаламгердің драматургиялық шеберлігі жайында Б.Сұлтанованың кандидаттық диссертациясында арнайы сөз болады.

Тәуелсіздіктен алған ширек ғасырдан астам уақыт ішінде қазақ әдебиетінде драма жанры да – тәуелсіздік жырларында театр сүйер қауымды жаңа шығармаларымен қуанытып, отандық драматургияның дамуына өзіндік үлес қосқан, уақыт пен замана сырын шертіп, жанды бейнелерге көрермендер мен оқырмандардың назарын аудартқан дүниелер екендігін айту лазым.

Баққожа Мұқай – қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған, тамаша туындыларымен оқырмандардың жүрегіне жол тауып өткен көрнекті жазушы, драматург, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері. Шығармашылығының өнімді бір саласы-драматургиялары. Оның оннан астам драмалық шығармалары Қазақстандағы және шет елдердегі театрларда қойылған. Драматург қаламынан «Қош бол, менің ертегім», «Иірім», «Тоят түні», «Ерулік», «Раушан гүлі», драмалары, «Сергелдең болған серілер» комедиясы, «Заманақыр», «Өмірзая» трагедиялары, «Дүние кезек», «Тойы көп үй» трагокомедиялары дүниеге келді.

Драматург шығармаларының өзегі, негізгі тақырыптары бүгінгі күн шындығы, замандастарымыздың бойындағы түрлі адами қасиеттер мен көріксіз қылықтар, жақсылық пен жамандықтың мәңгі бітіспес күресі болып келеді. Автор нені жазса да, қандай мәселеге қалам тартса да, өмірдің өз шындығын көрермен назарына ұсынып, ойлы оқырманның талқысына салады. Оның кейіпкерлері де көрерменнің көз таныстары, арамызда жүрген қарапайым тіршілік иелері болғанымен, әрқайсысының өз тіршілігі, өмірлік ұстаған қағидасы мен ой-тамымы көрініп отырады. Жазушының пьесаларында қазіргі заманғы отбасылық-тұрмыстық өзекті мәселелер драмалық, трагедиялық, комедиялық сипаттар тұтастығымен бейнелеген. Суреткердің «Қош бол, менің ертегім» атты драмасы жасөспірімдердің толысу кезеңіне арналып, өмірге деген көзқарасының қалыптасуына өздері өскен ортаның ықпал етіп, келешекке бағыт беретін көзқарас пен танымның орын алуының уәжділігін алға тартады. Орманшы ата-әжесінің аулына келіп, жазғы демалысын өткізіп жатқан Нұрбек есімді суретші жас бозбала омарташы Қожабектің қызы Маржанмен танысады. Жастардың көңілдері жарасып, жастық романтикаға ұласады. Ел тарихы мен аталар аманаты жақсы сезірген олар кешегі азамат соғысында қаза тапқан қызыләскердің қабірінің басына ескерткіш қояды. Екеуінің де армандары асқақ, болашағы зор. Өмірге сергек қарайды, айналадағы болып жатқан оқиғаларға сын көзімен қарайтын жалынды жастар.

Шығармадағы негізгі тартыс – табиғатты аялап, орман күзеткен омарташы Әли ақсақал мен орманды отап, ағашын құрылысқа заңсыз пайладанбақ болған, оған Әли ақсақалдар қарсы болған соң, ақыры орманды өртеп тынған Асан секілді жеке басының қамын ойлаған адамдар арасына өрбиді. Мұндай тартысты жеке бас мүддесін ойлаған рухани қорқаулар мен елдің жайын, туған табиғатты аялаушы көзқарастың арасындағы тартыс деуге болады. Мұрат пен Маржан секілді жастар лбразы да отанының болашағын ойлайтын, ертеңгі қоғамның тірегі болатын азаматтар ретінде шынайы сомдалған.

Қаламгердің жастар тақырыбына жазған тағы бір шығармасы – «Раушан гүлі» деп аталатын бір актілі драма. Пьесаның оқиғасы мектептің 9-сынып оқушыларының арасында өтеді. Қатысушылар – тоғызыншы сыныпта оқитын оқушылар Сәуле мен Сайран, олардың сынып жетекшісі, химия пәнінің мұғалімі Гүлсім апай мен Сайранның студент ағасы Дархан.

Бір сыныпта оқитын Сәуле мен Сайран өзара достық қатынаста болып, жақсы араласып, сыйласып тұрады. Сәуле – ашық, көңілді, ерке қыз. Оны Сайран жақсы көргенмен, көңілін ашып айта алмай жүреді. Сайран – оқу озаты, жуас оқушы, Сәулені жақсы көреді. Алайда оның өз ағасы Дарқанмен арада сезімі бар екенін пьесаның соңында байқап, көңілі түсіп кетеді. Дарқан – Сайранның қалада оқып жатқан студент ағасы, ауылға каникулға келіп жатыр. Сайран Сәулеге Дарқанның атынан өлең жазып жібереді, әйтсе де оны өзі жақсы көреді. Дарқан мен Сайран – бір үйдің балалары, Олар анасымен бірге тұрады, әкесі кезінде бұларды тастап, анасымен ажырасып кеткен.

Б. Мұқайдың драмалық шығармалары өмірдің түрлі көріністерін бейнелеп, адам тағдырын, замана жайын тереңнен толғаған, солардың персонаждардың қимыл-әрекеті мен ой-танымы көрінетін сөзі арқылы көрермендер мен оқырмандарға ой салатын дүниелер болып табылады. Қаламгердің шығармаларының тақырыптары әр алуан, көбінесе өз кезеңінің, яғни кеңестік кезеңдегі қоғамдық өмір мен замандастарының тіршілігінің түрлі тұрмыстық түйткілдерерін бейнелейді. Солардың ішінде біз айтып өткен балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларының да өзіндік маңызы жоғары.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ӨМІРЗАЯ АҚЫНЫ (Әділ Ботпанов поэзиясы хақында)

Қаниев М.А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Қамарова Н.С.**

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада ақын Әділ Ботпанов поэзиясы туралы сөз болады. Лирик ақынның өзіндік қолтаңбасы айқындалады. Лириканың өзі көңіл-күйдің көрінісі болғандықтан дәстүрге игеріле бермейтін тылсым тақырыптар тізбегі, сезімдер көші, солай бола тұра дәстүр сабақтастығын жасай алуымен ерекшеленеді. Ақынның пайдаланып отырған дәстүрі – өткен әдебиет пен мазмұн жағынан толығып, форма жағынан түрленіп, қайта тууы болып отыр. Әділ Ботпанов өлеңдері поэзияны ең қатал, ең қажетті талаптарына жауап бере алатын шебер қол, шынайы жүректен шыққан шығармалар екені дау туғызбайды.

Түйін сөздер: Ақын, қазақ поэзиясы, лирика, дәстүр жалғастығы, жаңашылдық, ақын даралығы.

Әділ Ботпанов поэзиясында бүгінгі заман шындығы, өзіміз бастан кешіп отырған уақыт пен кеңістіктің жан-жақты болмыс-бітімі айқын көрініп, ажарлы да көркем тілмен, поэтикалық ішкі қуатпен, азаматтық пафоспен, перзенттік махаббатпен танылады. Қай кезеңде де қазақ поэзиясы ұлттық мінез-құлықпен халықтық болмысты дәл де шынайы көрсетіп отырған. Өткен ғасырдан жеткен жауынгер жырлар мен қилы кезеңдердегі зары мен мұңға толы туындыларды алып қарасақ та, тіпті халық әндері деген ортақ атпен жеткен ән әуендерді алып қарасақ та, солардың бәрінен қазақ халқына тағдыры мен талайы да өмірі мен өнері де, жұртымыз бастан кешкен тарихи оқиғаларды жазбай танимыз. Бұл ретте ақындарды дәуір жырнамашысы, замана шежірешісі деп айтуға әбден негіз бар. Өйткені қаламгер дәуірден тыс өмір сүре алмайды. Мүмкін де емес. Әр қаламгер өз заманын суреттеуде тарихи тұлғалардың тәжірибесіне жүгінеді. Бұл тұрғыдан келгенде тарлан талант З.Қабдолов:

«Суреткер белгілі бір қоғамда өмір сүреді. Белгілі бір қоғамдық коллективтің мүддесіне ортақтасады. Сондықтан оның творчествосында да белгілі қоғамдық мазмұн болады» [1] деп жазғандай, Әділ Ботпановтың поэзиясында қоғамдық мүдде мен адамдар арасындағы бірлік пен шынайылық иірімдері астасып көрініп жатады. Шығармаларында қоғамды елеңдеткен жайлар ақынды да елеңдеткен жайлары болып өлең тіліне түседі. Мұндай кездерде ақын әрқашан қоғамдық пікірдің мүддесін көздеп, бірақ оған өзінің көзқарасы мен пиғылын да анық танытып отырады. Бұл қайраткерліктің биігіне көтерілген қаламгерлерге тән қасиет. Өз басының мұны мен сырын күйттемей, қоғамды, заманды, адамды алаңдатқан жайларға дер кезінде үн қосып, белсенділік таныту – ең алдымен оның азаматтық поэзиясын анық танытады.

Осы тұрғыдан келгенде ақын Әділ Ботпановқазақ поэзиясының дәстүрлі, классикалық үрдісінен жаңылмай, өзі бастан кешкен уақыт тынысын өлең тілінде жан-жақты сипаттап, оқырманын бірде қуантып, бірде мұңайтып, бірде ойландырып, бірде толғандырып, бірде өкінітіп, бірде үміт пен арманға ұмтылдырып, қысқасы ғылыми тілде айтқанда, замана келбетін поэтикалық қуатпен толық мүсіндейді. Ақын өлеңдері, оның шығармашылық шеберлігі хақында талай сыншылар мен әдебиетшілер, ақындар мен қаламгерлер жазған. Солардың бәріне тән бір желі – барлығы да Әділ Ботпанов поэзиясындағы сыршыл әлемді тап басып танып, таратып айтады. Кезінде Әділ Ботпанов поэзиясындағы сыршылдық қуат алдыңғы буын өкілдерінде кең көрініс тапқан.

Әділ ақын мықтылығының бір дәлелі: Әділ өлең өлкесіне күйбеңсіз, кібірткісіз, тіпті ешқашан ешбір жаттығу жасамағандай бірден кәдімгі шыныққан шын шебер қалпында келгенін көруге болады. \

«Өмірзая» – ақынның жалғыз жинағы. Том-том өлеңдері бар ақындар оқылмауы мүкін, ал Әділдің жалғыз кітабы қолдан қолға көшіп, өз оқырмандарын тапты. Кітаптағы өлеңдердің тақырыбы мен мазмұны-адам, адамға тән алуан түрлі сезімдер, ойлар, толғаныстар, адамның өмірге көзқарасы, адамның табиғатқа қарым-қатысы, сайып келгенде, адамның тағдыры мен тіршілігі. Бұлардың қай-қайсысы да тақырып-мазмұн ретінде жаңалық емес, сан рет толғанған сырлар, жырланған шындықтар, әбден шиыр болған тақырыптар мен мазмұндар. Бірақ осы тақырыптар мен мазмұндардың қандайы болмасын Әділдің жырлауында жаңа қырынан, бұрын-соңды ешкім айтпаған мағынада, тың пішінде көрінеді. Мысалға

Жүмекеннің «Қоңыр түс» өлеңінде керемет рең бар:
Қоңыр күпі, қоңыр дала, қоңыр үн..қоңыр күймен өтіп жатыр өмірім.
Қоңыр күзде қоңыр шаруа-күйбеңмен қоңсы қонған қоңыр қызға үйленгем.
Қоңыр-қоңыр күй тыңдап ем жасымда – шешем қалды қоңыр төбе басында.
Қоянжонға қоңыр ымырт түскенде қоңырайып отырамын үстелге... [2]

Жүмекендегі қоңыр түс Әділде былайша жырланады:
Күлкім қашып, күзден қоңыр күйге ендім,
Енді, жоққа – семіз, барға – арықпын.
Мұңын ішіп мола шерткен күйлердің,
Үйеңкіден үнсіздікті үйрендім... [3, 34]

Александр Блок ақынның ақындағы – үндестік деп ұққан және осы ұғымын терең теориялық тұжырымға айналдырған. Ал үндестік, яки гармония дегенді шебер суреткердің шындықты сырға, сырды жырға айналдыруы, өмірді өнерге, өнерді өмірге көшіруі, сөйтіп мынау әлемдік тіршіліктің небір құпия сырларын ғажайып келісімге көшіре танытуы деп түсіндіреді.

- Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің?
- Сені іздеумен мәңгілік өтер едім.
- Отқа түсіп өртенсем, не етер едің?
- Күл боп бірге соңыңнан кетер едім.
- Бұлдырасам сағымдай не етер едің?

- Жел боп қуып, ақыры жетер едім.
- Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?
- Қойшы, сәулем, бәрін де көтеремін [4], -

деген шынайы поэзия өкілі, ғажайып ақындардың бірі Мұқағалидың «Махаббат диалогын» кез келген оқырман жатқа біледі. Ал Әділдегі Мұқағалимен үндестік әдемі үйлесім тапқан:

- Мен асқақ аспан болсам, не етер едің?
- Жер болып телмірумен өтер едім.
- Тулаған теңіз болсам, не етер едің?
- Түбіңе батып мәңгі кетер едім.
- Ызғарлы дауыл болсам, не етер едің?
- Кеудемді ызғарыңа төсер едім.
- Өлсем ше... иә, өлсем, не етер едің?
- Ақ бөз боп өзінді орап кетер едім [3, 82].

Өмірге құштарлық әрбір адамның қасиеті. Ал ақындардағы өмірге құштарлық, бұл – жеке адамның ғана стихиясы емес, заман, қоғам, уақыт алдындағы үлкен жауапкершілігі. «Ешкім оған қоя алмай нүктені, өмір деген сөйлем емес өйткені», - деп Т. Айбергенов асқақ жырлағандай, Әділ Ботпанов өзі білетін өмірді шетсіз, шексіз мәңгілік құбылыс, адамның бақыты мен арманы, адамзаттың ғарыштық ғұмыры деп есептейді:

Мен сені сүйемін, өмір,
Шуақты күндерің үшін.
Қос бұрым ерке қыз болып,
Сыңғырлай күлгенің үшін.

Мен сені сүйемін, өмір,
Сыйлаған жырларың үшін.
Елжірей досыма айтқан
Ең қымбат сырларым үшін [3, 38].

«Өмір» атты өлеңінде ақын осылай толғанады. Ары қарай өмірге ғашықтығын, арайлы армандарын, ақ нұрлы тағдырын, қиындықта мойымайтын жігерлігін жырға қосады:

Мен сені сүйемін, өмір,
Арайлы арманым үшін.
Алдымнан алаулап атқан,
Ақ нұрлы тағдарым үшін.

Мен сені сүйемін, өмір.
Өзіңе келгенім үшін.
Көзіме жас ала жүріп,
Қиынды жеңгенім үшін

Мен сені сүйемін, өмір,
Тым қысқа болғаның үшін.
Жүрекке бермеген тыным
Өлеңнің толғағы үшін.
Мен сені сүйемін, өмір! [3, 39].

Өлеңнің толғағы үшін өмірді сүйген Әділ ақынның шынайы болмысын осы өлеңнен де тануға болады. Поэзияның күші мен құдіреті осында, ол өмірге құштарлық, ғашық болу. Бұл күллі ақынның ақындық болмысының айнасы іспеттес. Ақиқатты іздеген ақын әлсін-әлсін өткен ұлылардың тарихи мұраларына ден қойып отырады. Бұл өткенді құрметтеу ғана емес, өткеннен саналы сабақ алу, ғибрат теру, жақсыны ой көзімен көру, сондықтан да өткен ұлы ғұламалардың ғибраттары ақынның әр кез көңіл айнасында шағылысады.

Рухым – дертім. Құпиямды ашам бар,
(Болмас, сірә, мұнан асқан шынайы үн)
Табысындар, жұлдыздан жыр жасаңдар,
Сен де жалғыз, ол да жалғыз, құдайым.

Менің миым – мәңгі өлеңнің моласы,
Түнегінен таң шапағын таратқан.
Мүрде болған мәңгі өлеңді жолы асыл,
Сен болмасаң кім тірілтер, жаратқан?.. [5].

«Рух – дерт», – деген ұлы бабамыз Әбу-Насыр әл-Фарабидің ғибратқа толы, ғазалы, А. Иүгінекидің XII-XIII ғасырларда жазылған «Ақиқат сыйы» кітабындағы адамгершілік, өмір шындығы, ақиқат туралы дидактикалық үлгідегі шығармалары немесе Ә.Ботпанов өзінің «Абайға» атты жыры шындық пен ақиқатқа жүгінудің көркем мысалы:

Күйзелсе күндер күйретер
Қатепті қара нарым-ай!
Қайыспас болсаң сын кетер,
Қарайып туды тағы да ай... [3, 35].

Шын ақынның қаламынан ғана туатын жыр ақын шығармашылығының ұлы Абай дәстүрінен қуат алатындығының айқын дәлелі. Біздің мәдениетіміз халқымыздың өнерінде, соның ішінде әуелі ауыз әдебиетінде жатыр. Қазақ әдебиетінің кез келген классик қаламгерінің алғашқы ақындық мектебі халық ауыз әдебиетінде жатқаны анық. Ауыз әдебиетінің негізгі материалы – халық шығармашылығы десек, ақындар сөзі, құдіретті поэзия соның негізгі қайнар көзі. «Өмір бар жерде – өлең бар» деген сөзді де алғаш айтқан біздің бабаларымыз. Ақындық – ананың сүтімен бітетін қасиет дейді. Ендеше, кешегі қарт ақынның бүгінгі жас ақынға тигізер әсері мен ақындық қуаты ананың сүтімен жалғасады. Ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын да, жетістіріп, одан дамытатын да ақындық ілім. Әдетте, «ғалымның хаты өлмейді, ақынның аты өлмейді» дегенде, ақынның адамзат алдындағы сіңірген ерен еңбегі мен ел қадірлер ерен туындыларын айтқаны. Міне, осы тұрғыдан келгенде, қазақ поэзиясының ілгеріден үзілмей келе жатқан асыл өнері – ақындық біздің рухани-мәдени өміріміздің асыл арналары. Сол асыл арналарды одан ары қуаттандырып, нәрлендіріп тұратын бір қайнар да біздің дәстүрлі поэзиямыз. Қазақтың қай белді ақындарын алып қарасақ та, ол әрқашан поэзияны, яғни музыканы құдіретті өнер деп бағалап, құрметтеген. Оны киелі санап, таусылмас тақырып ретінде негізгі нысан етіп ұстаған. Мұндай әдет-әрекеттер – кешегі өткен Қасым Аманжолов пен Төлеген Айбергеновте, Мұқағали Мақатаев пен Жүмекен Нәжімеденовте, Тұманбай М. олдағалиев пен Сабырхан Асановта жиі кездеседі. Біздің 60-шы жылдары әдебиетімізге жаңа леппен келген жақсы ақындардың бәрінде дерлік бұл тақырып ашыла, ажарлана, айшықтана жырланған.

Поэзияның музыка өнерімен іштестіре бағалаған ақындар санатында поэзия туралы өлең-аннотациясын өздерінше беру де дәстүрге айналған. Бұл ретте «Поэзия! Менімен егіз бе едің?» деп толғанатын ақын Мұқағали Мақатаевтың поэзия туралы аннотациялық өлеңі талайларға үлгі болды. Осы өлеңнің өн бойына қарап отырсақ, поэзия бар жерде, барлық тұстар мен кезеңдерде, өмірдің өзінде, өмірдің сан-сапа таусылмас қырлары мен сырларының бәрі де өлі екен. Оны сезіп, біліп жырлау үшін ақынға ерекше жүрек, ерен махаббат, құштарлық пен мархабат қажет. Тура осы дәстүр сабақтастығы Әділ Ботпанов өзінің өлеңінде былай көрінеді:

Тауып алам. Бұл қиялы ессіздің,
Дерсің, бәлкім, бәлкім, дерсің көзсіз мұң.
Қайдам басқа тірлігінді, әйтеуір,
Мен өлеңге келген кезде ессізбін [3, 30].

«Мен өлеңге келген кезде ессізбін». Алғы сөзіне Н.Глазковтың Хлебников туралы бір сөйлемін тілге тиек қылады. «...Был Хлебников, но умер нищим. Но председателем земшара», деген. «Алла ақынның аузына өз тағдырын салады», деген сөз бар ғой. Мына

өлеңді оқып отырып Әділдің өмірі елестей береді көзіме. Қараңызшы, өлең дейтін жершарын мекендеді. Оны түсінбейтіндерді түсінбеді. Тіршілігіне бекем-ақ болды. Кейбір ақындар секілді жалаңаяқ, жалаңбас болмады. Бала-шағасын асырады. Баспаналы етті. Ештеңеден тарықтырмады. Бірақ оның поэзияға деген іңкәр сезімі әлдебір әлемге тарта берді. Жәй ғана көптің бірі болып жүргісі келмеді. Әр қиырдан жыр іздеді. Сол іздеген жырының соңында кетті. О, тоба! Енді қайда екені белгісіз. Ә.Ботпановта өмір бар жерде өлең бар деген ақиқатқа анықтап қол қойып отыр. Ол да өмірдің барлық ендіктерінен өлең табады, өлең көреді, сезінеді, кез келген құбылыстан ой өреді. Дүниенің жұмбақ сырын ашуға ұмтылады, ашылған ойды аламанға жеткізу үшін ойын өлеңмен өрнектейді. Өзінің дүниетанымын кеңейту арқылы көптің көзін ашуға, жұрттың жүрек дірілін жеткізуге барын салады.

Поэзиядағы мұндай көне дәстүрді қозғаған жаңашылдық – жаңа заман тудырған жаңалық. Шынын айтқанда, тәуелсіздік қазақ поэзиясының бұрынғы ырғақпен, түрден жаңа нышанға, жаңа мазмұн мен пішінге, әдеби тың формалық ізденістеріне кең жол ашты. Ақындарымыз жатпайтұрмай іздене бастады. Тәуелсіздік бұрынғы ата-баба дәстүрін жаңаша игерумен қатар, оны жандандырудың жолдарын іздестіре бастады. Алайда, санаттағы ақын жырларында бостандықтың бағынан гөрі, азат өмірдің ақшаңқан сәулесінен гөрі, аптап тамыздың ыстық шуағынан гөрі, адалдықтың айқайы, азаматтың күрескерлігі, мамырдағы құралайдың салқыны, шынайы махаббат сырлары басым. Қалай болғанда да бұл көркемдік сапа ақын кемелденуінің көрінісі.

Жа-

(Кел маған, кел маған,

Жандағы Ізгі үміт.

Қандағы Ізгілік)

-ным!

Өртеніп барамын, дерт еміп, қарағым,

Өзіңсіз тірліктен жиіркеніп барамын.

Жа-

(Әлемнің әріндей,

Өлеңнің нәріндей

Жанарың, жанарың)

-ным!

Есіктен енгенде, кейіппен шерменде,

Өзіңе, маралым, үздігіп қарадым.

Жа-

(Кел маған, кел маған,

тәнімнің құмары,

Тәңірдің тұмары)

-ным!

Аяла, аяма, сүй мені, сүй мені,

Ерніңнің тигені - жүректің күйгені,

Жа-

(Біреумен бас қосам,

біреумен достасам,

Біреумен қоштасам)

-ным!

Қанша түн төнсе де, қанша күн сөнсе де,

Мен сені өзгеге, бермеймін ешқашан,

ешқашан,

ешқашан..

Жа-

(...)

-ным! [3, 107].

Өлеңнің мазмұнындағы қоспасыз шындықты айтпағанның өзінде, пішіндегі мұндай шынайы, сұлу айшықты, яки фигураны асқан шебер ақын ғана жасай алады. «Ақтарылу» өлеңінде, міне, осындай өзіндік дидактика бар.

Ақын Әділ Ботпановтың өлеңдері туралы, жалпы оның ақындық ерекшелігі мен көркемдік ізденістері туралы ойлағанда, ең басты айтар нәрсе – ол төгіліп тұрған тамаша лирика.

Лирика – поэзияның негізгі жаны, тамыры мен нәрі десек, оны да бірнеше түр мен мазмұнға, ішкі және сыртқы қуаттың құндылығы мен мәнділігіне қарап, бірнеше шартты түрге бөлуге болады. Лирикада өлеңнің әуені мен сазын, ішкі динамикасын, ақынның айтар ойы мен нәзіктігінің мазмұнын бірбіріне қабыстырып, лирикалық кейіпкердің ойымен ақынның айтар идеясы бірге өрбіп жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST – Company», 2006. – 360 б.

2 <https://zhumeken.kz/olender/khonyr-tus.html>

3 Ботпанов Ә. Өмірбая. Алматы: Қазығұрт, 2019. – 220 б.

4 <https://bilim-all.kz/olen/951>

5 <https://adebiportal.kz/kz/news/view/10501>

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ЕСІМДІКТЕР

Аралова Д.

Филология ББ 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: **Орынбаева А.Б.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің оқытушысы
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада «Қобланды батыр» жырындағы есімдіктердің жасалуы сөз болады. Батырлар жырынан нақты мысалдар алынып, есімдіктердің жасалуы жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, есімдік, жасалуы, «Қобланды батыр» жыры.

Есімдіктер, олардың құрамдық ерекшелігінің айрықша көзге түсуі негізінде ғалымдар назарын ерте кезден-ақ өзіне аударған. Сондықтан есімдіктерге тән жалпы қасиеттер мен заңдылықтарды зерттеуге, олардың тарихы мен қалыптасу жүйесін анықтауға арналған еңбектер біршама баршылық. Есімдікті зерттеушілердің назарын аударған мәселе - жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдіктерінің генетикалық байланысы. Н.А.Баскаков жіктеу және сілтеу есімдіктерінің генетикалық байланысын сілтеу, тәуелдеу және жіктеу есімдіктері деген ізбен сатылай көрсетеді [1, 12]. Сонда бұл есімдіктердің көне түрі сілтеу есімдіктері болады да, әрі қарай екінші сатысы - тәуелдеу есімдігі, ілік жалғаулы сілтеу және жіктеу есімдіктері, үшінші саты - жіктеу есімдігі болып көрінеді. Демек, есімдіктер, олардың мағыналық түрлері ғалымдардың назарын өзіне ерте кездерден аударған.

Ғасырлар бойы ел аузында айтылып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан батырлық дастандардың бірі – Қобланды батыр. Бұл батырлық жыры мазмұны жағынан да басқа батырлық жырлардан шоқтығы биік тұрған ерлік дастаны. Қобланды батыр жырында есімдіктің барлық мағыналық түрлері кездеседі, ең өнімді қолданылатын жіктеу есімдіктері. Қобланды батыр жырындағы есімдіктер және олардың контекстегі қызметі: *Қарақытшақ Қобланды,*

Атасы мұның Тоқтарбай

Халықтан асқан бай болды [2, 17]

Мұның – сілтеу есімдігі; Тоқтарбай Қобландының әкесі екендігін білдіріп, меншіктік мағынада қолданылып тұр. Берілген есімдік контекстегі қызметі бойынша, меңзеу, нұсқау мағынасында берілген. Есімдіктің дейксис қызметі нәрсеге бағыт сілтеп қолданылатын болса, берілген сөйлемдегі есімдік дейксис қызметін толық атқарып тұр.

Халықтан асқан болды бай.

Байлығында есеп жоқ.

Айдалып бағып жайылды

*Төрт түлік малдың **бәрі** сай [2, 17].*

Бәрі - қазақ әдеби тілінің сөздігі барлық адам, көпшілік мағынасында берілген. «Бәрі» жалпылау есімдігі, күллі, барша, барлық жалпылау есімдіктерімен синонимдес. Алайда, батырлар жырында жалпылау есімдігінің басқа түрлерімен салыстырмалы түрде қараған кезде, «бәрі» жалпылау есімдігі өте жиі қолданысқа ие. Берілген үзіндіде «бәрі» - жалпылау есімдігі, ортақ тәуелдеу түрінде келіп, төрт түлігі сай, төрт құбыласы тең деген мағынада жұмсалып тұр. Батырлар жырында, ертегі, аңыз-әңгімелерде «бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты» деген тұрақты тіркестерді өте көп кездестіреміз.

Шөл иесі сұңқар қияқсыз,

***Ешнәрсе** көрмей дүниеден*

Өткенім бе, - деген, - тұяқсыз ”

Тоқтарбайдың зарына

Қалың Қыпшақ қайысқан [2, 17].

Ешнәрсе – болымсыздық есімдігі, морфологиялық тәсіл арқылы біріктіріліп жасалынған. Берілген контексте “ешнәрсе көрмей” деген – мәнсіз ғұмыр кешу мағынасында қолданыс тапқан. Батырлық жырларда, ертегілерде, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, ұрпақсыз өмір сүру, өмірден «ешнәрсе көрмеу» мағынасында кездеседі. «Ешнәрсе» болымсыздық есімдігі, берілген мәтінде « тұяқсыз, ұрпақсыз» деген сөздерді орынсыз қайталауларға ұрынбау үшін қолданылғанын байқай аламыз.

***Өзімнің** еншім болсын деп,*

Тобылғы меңді торы атты

Енші қылып мінеді.

Қобландының тілегін

***Бүкіл** Қыпшақ тіледі [2, 19].*

Өзімнің – өздік есімдігі, меншіктік мәнде қолданыс тапқан. Өз басына тиесілі тұлпары болуының мағынасын білдіріп тұр. «өзімнің », «еншім» сөздері мағыналас сөздер. Халық танымында, «енші беру» деген өз алдына отау тігу деген мағынадағы тұрақты тіркес.

Бүкіл – жалпылау есімдігі, атрибуттық мәндегі есімдік. Бұл жерде дүйім жұрт, қалың Қыпшақ деген жиынтық мағынаны беріп тұр. Берілген жалпылау есімдігі, Қобланды ат жалын тартып мінгенде қалың Қыпшақтың тілеуін тілеп отырады мағынасын беру үшін орынды қолданылған есімдік.

***Өзі** алты жасында,*

Кәмшат бөркі басында,

Тобылғы торы астында [2, 21].

Өзі – өздік есімдігі батырлар жырында да атрибуттық және субстантивтік қызметінде көрінеді. Өздік есімдігінің тәуелдену, септелу арқылы түрлену жүйесіне түсіп, заттық ұғымда қолданылуы жиі кездеседі. Өзі - есімдігі, бөгде кісіні сөйлемдегі өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетіп тұр. Берілген өздік есімдігі Қобландының батырлық кейпін таныту үшін жұмсалған. Мұндағы орын басар сөз табы өз қызметін толық атқарып тұрғанын айта аламыз, себебі батырдың аты-жөнін қайталап бере берсе, жырдың көркемдік деңгейін түсіріп алған болар еді.

Ай астына аспанға

Құрды бақан қақтырып,

Алтын теңге аттырып.

Теңгені атып түсірген –

Құртқаны сұлу сол алар [2, 24].

Сол – сілтеу есімдігі, аталған жолда белгісіздік есімдігінің орнына жұмсалып тұр. Сол,ол сілтеу есімдіктері “бірдеме” белгісіздік есімдігінің орнына жұмсалады.Батырлық жырларына тән тағы бір сипат, батырдың жар таңдау мәселесі.Таңдаған сұлуына жету үшін , талай сынақты артқа тастауы қажет болады. Берілген мысалдағы «сол» сілтеу есімдігі, Құртаны алатын сері деген сөзді астарлап қолданылып тұр.

Соның даусы бұл дауыс,

Көптен шыққан бұл хабар.

Көңілің ауып, шырағым,

Бұған болма ынтызар [2, 27].

Соның - сілтеу есімдігі, III жақта тәуелденіп қолданылып тұр. Алдағы болған оқиғалардың мәнін ашу негізінде қолданылады.Сол адамның даусы деген сөзді «соның» сілтеу есімдігі арқылы көрсеткен.

Бұл - сілтеу есімдігі, көз алдындағы не жақын жердегі іс- әрекетті көрсетеді. Жырда нақты бір хабардың көптің ішінде жүріп жатқандығы берілген. «Бұл» сілтеу есімдігі, дейксистік қызмет, яғни меңзеп, нұсқап көрсету функциясында жұмсалған. Осы уақытқа дейін белгілі хабарды «бұл» есімдігі арқылы қолданған.

Бұған – сілтеу есімдігі, барыс септігінің жалғауы жалғанған. Белгілі бір нәрсені меңзеу, нұсқау мақсатында жұмсалған. Берілген контексте «бұл», «бұған» есімдіктері қатар қолданылған. Соның «бұған» сілтеу есімдігі, естіген хабарыңа ынтызар болма деген мағынаны білдіреді.

Шарға салып басыңды,

Бола көрме сен құмар [2, 32].

Сен - жіктеу есімдігі, сөйлеушінің тыңдаушыға тікелей қатынасынасымен айтылып тұр. Нақты бір адамға бағытталып, объектісі айқын көрініс тапқан. Екінші жақтағы адамда басыңды қатерге тікпе, егеске құмартпа мағынасында бағытталған. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, «сен» дейксистік функцияда, тыңдаушыға тікелей бағытталып, назарын аудару мақсатында берілген. Сонымен қатар, өлең жолдарында, сөздер орын тәртібі арқылы емес, өлең буынын мен ырғағына сәйкес қолданылып жатады. Берілген үзіндіде «сен» жіктеу есімдігі, «сен құмар болма» деп құрылуы қажет болса да, жіктеу есімдігі тіркестің соңында беріліп, тыңдаушының назарын бұрғызып тұр.

Қой, шырағым, жассың ғой,

Қабырғаң сенің қатқан жоқ,

Омыртқан өсіп жеткен жоқ

Жіберуге қорқамын,

Тілімді алсаң, рұқсат жоқ [2, 35].

Сенің – жіктеу есімдігі, жекеше түрде септеліп келген. Тыңдаушының назарын аудару мақсатында қолданыс тапқан. Шырағым қаратпа сөзі, «сенің» жіктеу есімдігімен қатар қолданылуы арқылы тыңдаушының назарын тікелей аударып тұрғанын аңғарамыз. Аталған жолдардан бағытталушының жас екенін де,бұғанасы бекімеген жас өспірім екендігін байқай аламыз.

Көктім Аймақ патшасы

Кезекті бұған береді,

Кәміл пірлер жебеді [2, 41].

Бұған – сілтеу есімдігі, барыс септігінің жалғауы жалғанған. Бұған сілтеу есімдігі- жақын жерді, көз алдымыздағы құбылысты не іс- әрекетті көрсетеді. Бұл жерде кезегін жанындағы кісіге берілгендігі сілтеу есімдігі арқылы көрініс тапқан. Жанындағы адамды меңзеп,нұсқап көрсетіп тұр. Кезекті алатын адамның аты осы уақытқа дейін аталғаннан соң да «бұған» сілтеу есімдігі арқылы өрнектелген.

Қолына алып толғанып,

Қозы жауырын жебені,

Ат үстінен шіреніп,

Сонда тұрып тартады [2, 43].

Құртқа сынды сұлуды

Қобландыдай батырға

Берейін деп жатқанын-

Қырық бес кез Қызыл ер

*Хабарын **мұның** есітті [2, 47].*

Мұның - сілтеу есімдігі, септеліп қолданыс тапқан. Бұл хабарды есітті, хабардар болды мағынасында жұмсалып тұр. Қобланды батыр Құртқа сұлуды жар етіп алатынын, Қырық бес кез Қызыл ер хабарын естігенін «мұның» сілтеу есімдігі арқылы контекстегі мағынасы ашылған. «бұл хабар», «мұның» сілтеу есімдіктері батырлар жырында өте сирек қолданылатын тілдік қолданыстар.

Өзінше желдей есіпті,

Бетіне жан қаратпай,

Көңілі әбден өсіпті.

***Бұл** сөзді естіп Қоблан:*

Артымда жау қалдырман,

Берсе Құдай несіпті [2, 48].

Бұл - сілтеу есімдігі, көз алдындағы не жақын маңдағы іс- әрекет не оқиғаны көрсетеді. Қызыл ердің айтқанын бұл сілтеу есімдігі арқылы ұсынған. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, «бұл» сөз, бұл хабар тіркестері кезекті қолданысқа ие болып тұр.

«Еншісін бөліп Құртқаға,

***Бәрін** де беріп жатырсың*

*Бергенің **маған** не деді?»- деді [2, 48].*

Бәрін - жалпылау есімдігі, ортақ тәуелдеу түрінде берілген. Дүниенің, заттың барлығы Құртқаға үлестірілгендігін айту мақсатында қолданылған. Қазақ халқы еншісін берген кезде, жас отауға қажетті заттың бәрін қосып беретін болған. «бәрін» жалпылау есімдігі Құртқаға берілген барлық енші атап көрсетіп жатпай, «бәрін» жалпылау есімдігі арқылы жалпылық мағынаны берген.

Маған - жіктеу есімдігі, жекеше, барыс септігінің жалғауы жалғанған; Іс әрекеттің І жаққа бағытталғанын көре аламыз. «Маған» жіктеу есімдігінің контекстегі қызметіне назар аударатын болсақ, тыңдаушыға бағытталып қолданылған.

«Шырағым, балам, кел!- дейді,

*Бергенім **саған** біл, - дейді, -*

Төбеңде тұрған төрт бұлт,

*Еншің, балам, **сол**- дейді» [2, 52].*

Саған - жіктеу есімдігі, жекеше, барыс септігі жалғауы жалғанған; Тыңдаушыға бағытталып айтылған. «Саған» жіктеу есімдігі шырағым қаратпа сөзімен мағыналас қолданылып, назар аудару қызметінде жұмсалған.

Сонау тұрған биені

***Мені** берсең де алғын, - деп*

Батырға әмір қылады.

Батыр Қоблан күледі,

Әзіл айтып іледі:

“ Басымды оққа байлаған,

***Сені** берсем қыз құртқа*

Бір елдің малын алармын!”- деп,

Езу тартып күледі [2, 61].

Сонау - сілтеу есімдігі, алыс жазықтықтағы биені меңзеу мәнінде қолданыс тапқан; Құртқа сұлу кең жазықты мекен еткен биені нұсқап көрсету мақсатында «сонау» сілтеу есімдігі берілген.

Мені - жіктеу есімдігі, табыс септігі жалғауы жалғанған, өзін яғни бірінші жақтағы адам екенін аңғара аламыз. «мені берсең де ал» деген Құртқа сұлудың өзін меңзеп көрсетуі есімдіктің дейксистикалық қызметін анықтап көрсетеді.

Сені - жіктеу есімдігі, тыңдаушыға яғни Құртқаға бағытталған сөз екендігін аңғару қиын емес. «сені берсем қыз Құртқа» деген батыр сөзі тыңдаушыға бағытталып, тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылған.

*Жан серік атың, сұлтаным,
Көкала бие ішінде
Көкбурыл құлын бар,
Жан серік атың сол, - дейді, -
Бұл сөзімді біл, - дейді [2, 62].*

Сол - сілтеу есімдігі, меңзеу мағынасында; Қалың жылқының ішіндегі Көкбурылды айту мақсатында сол сілтеу есімдігі қолданылып тұр. Батырлар жырында батырдың тұлғасына сай тұлпары да өзімен тең сипатталды. Көкала биенің ішінде көзге ерекше түскен. Тайбурылдың сипатын көптің ішінен танығандығын «сол» сілтеу есімдігі арқылы көрсеткен.

Бұл - сілтеу есімдігі; Берілген есімдік Көкбурыл тұлпар сенің жан серігің екенін біл, сөзімді ескер деген мағынада қолданыс тапқан. Батырлар жырында жіктеу есімдіктерінен кейін, сілтеу есімдіктері өте жиі қолданылатынын аңғара аламыз.

*“Құртқаның сөзін сынарың,
Жылқысы болса ағаңның,
Ала көр бірақ сен”, - дейді [2, 63].*

Сен - жіктеу есімдігі, жекеше, тыңдаушыға бағытталған. Құртқаның жылқыны Қобыланды алуын меңзеп тұрғанын аңғара аламыз. Жайылған көп жылқының барлығы ағаңа тиесілі болса, Тайбурылды таңдап ал деген мағынаны үстемелеп тұр. «Сен» сілтеу есімдігі Қобланды батырдың назарын өзіне бұру мақсатында жұмсалған.

*Құртқаның сөзін есітіп,
Қондырып көшін сол жерге,
Енді атына мінеді [2, 65].*

Сол- сілтеу есімдігі ; Көшті тұрған жерлеріне қондырғанын айтып тұр. «Сол» жіктеу есімдігі берілген үзіндіде, осыған дейін аталған жерді меіздеп көрсеткен есімдіктің дейксистік функциясы.

*Көрімдігін берсін де,
Келінін келіп көрсін де,
Қырық нарға артқан қазына –
Бәрін де келіп алсын де,
Бұл сөзіме нансын де [2, 65].*

Бәрін - жылпылау есімдігі, табыс септігі жалғауы жалғанған; Аталған есімдік қырық нарға артқан қазына сөзінің мағынасын ашып тұр. Қобланды батыр жырындағы «бәрін» жалпылау есімдігі, атрибуттық жалпылаушы мағынада қолданыс тапқан.

Бұл - сілтеу есімдігі, қырық нар қазынаны беремін деген сөзіме нансын, сенсін дегенді көрсетіп тұр.

*Қара Көжсек ал сонда,
Батырдың сөзін есітіп,
Елге шапты жосылтып.
Енді атына мінеді,
Жақындап қарсы келеді.
Естемісті жіберіп,
Кім екенін біледі [2, 69].*

Кім- сұрау есімдігі, адамға қатысты айтылған субстантивтік сөз. Қызметі жағынан субстантивтік мәнді білдіріп, заттың атын білу мақсатында жұмсалады. Алдыңғы берілген ой

белгісіздік мағынаға ие болғандықтан «кім» сұрау есімдігі қолданылған. Ол өзіне жауап ретінде жалқылық деректілік жауапты қажет етеді.

*Мен - Сейілдің ұлы Қараман,
Қазанға кетіп барамын.
Жүрмеймісің, құрдасым,
Қол ағалық қыламын [2, 70].*

Мен - жіктеу есімдігі, сөйлеушінің атынан берілген. Бұл жерде өзін таныстыру мақсатында қолданыс тапқан. Бұл жерде Қараман батыр соғысқа аттанарда батырлық «менін» танытып тұр.

*Осы қылған сапарға
Кетемін ертіп **сені** деп,
Әдейі келдім, жолбарысым.
Сонда Қоблан сөйледі,
Әзіл айтып іледі [2, 71].*

Осы - сілтеу есімдігі. Тыңдаушының назарын өзіне аудару үшін қолданыс тапқан. Себебі, осы сапардың ерекше, сөйлеуші үшін маңызды сапар екенін осы сілтеу есімдігі арқылы тануымызға болады. **Сені** - жіктеу есімдігі, табыс септігі арқылы жасалынған. Тыңдаушының көңілін бұру, оны өзімен ертіп кету үшін келгенінің мәнін аталған есімдіктер аша түскендей.

*Алды – артымды шалмасын,
Қияметтік жолдасым,
Жан серік атым қолында,
Үйдегі Құртқам біледі.
Менің де барар – бармасым
Бұл сөзді айтып Қобланды,
Шатырға қайтып келеді.
Келіп, сөйлей береді:
“**Мынау** келген көп қосын
Сейілдің ұлы Қараман
Қазанға қылған жол, - деді-
Барамын бірге **мен** ”, - деді [2, 80].*

Менің – жіктеу есімдігі, ілік септігі арқылы берілген; Қобландының Қазанға барар-бармасын берілген есімдік арқылы табиғаты ашылған; Тәуелділік жалғауы жалғанып, меншіктілік мағынаны білдіріп тұр. «**Менің**» жіктеу есімдігі тәуелдік жалғауының жекешелік мәндегі бірінші жағында тұрып, меншіктілік мағынаны білдіріп тұр. Жырда Қобланды батырдың атынан берілген.

***Бірнеше** күн өткен соң,
Әкеліп қосты жылқыны [2, 119].*

Бірнеше - белгісіздік есімдігі, біраз күн өткен соң, араға уақыт салып деген мағынада.

***Саған** келген бәлені
Қорғаймын деп, Қобланды,
Алтын тонның етегі
Тамтық қалмайтозды зой! [2, 120].*

Саған – жіктеу есімдігі, барыс септігі арқылы жасалынған; Жеті Кәміл бабасының Қобландыға айтқан уәжін «саған» жіктеу есімдігі арқылы берегн.

*Көкемнің құрып айласы,
Басынан сынып найзасы,
Жан көкемді пенде зып,
Көбіктінің көңілі желікті.
Бұл секілді қорлыққа
Жан көкем **не зып** көніпті? [2, 122].*

Бұл- сілтеу есімдігі, Қыз Қарлығының түсінде Қобланды батырдың көрген қиындығын жеткізу үшін қолданылған есімдік.

Қараша таудың жылғасы,

Баурында ойнар құлжасы.

Әр бәндіге бітер ме

Сұлтанымның тұлғасы?! [2, 125].

Әр бәнді - белгісіздік есімдігі, әр пендеге не әркім біреуге Қобландыдай тұлға бітер ме деген мағынада.

Дұшпанның міндім аласын,

Қалмақтың жектім шаңасын.

Қайсар Қоблан сұлтаным,

Әлдеқандай қыласың [2, 126].

Әлдеқандай- белгісіздік есімдігі, сұраулы – қатыстық. Енді қандай амал, әрекет етесің деген мағынада.

Халық қолыңа тигенде,

Біреуменен ұрыссаң,

Біреуменен керіссең,

Әзілдесіп, күлісіп,

Жамандардың тілі аиқы [2, 130].

Біреу- белгісіздік есімдігі, халықтың ішінен біреумен ұрыссаң я керіссең сол сені тілдеп, қаралар деген мағынада.

Сүйінші Сұлтан келді деп,

Естігесін Құртқадан,

Біреуі жылап, **біреуі**

Есінен танып қалады [2, 132].

Біреуі - белгісіздік есімдігі, Қобланды батыр еліне оралғанын естіген Қыпшақ елі қуаныштан бірі- жылап, бірі – күліп қуанды, атой салды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баскаков Н.А. Соотнесение значений местоимения в тюркских языках // АН СССР, 1951. – № 1. – 134 с.

2. Батырлар жыры. – т 4. – Алматы: «Жазушы», 2006. – 279 б.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

4

КІРІСПЕ СӨЗ

Отарова А.Н...... 4

ЖАМБЫЛДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН ОҚЫТУ МЕН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тебегенов Т.С...... 6

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ
САРЫНДАРМЕН РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

Мауленов А...... 9

JAMBIL JABAYULI'NIN ŞİİRLERİNDE KAZAK KÜLTÜRÜ VE MİLLÎ KİMLİK
(«ЖАМБЫЛ ЖАБАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН
ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ»)

Orhan SÖYLEMEZ, Ömer Faruk ATEŞ..... 14

ТВОРЧЕСТВА ДЖАМБУЛА ДЖАБАЕВА И ХАСАНА ТУФАНА: ОБЩНОСТЬ ТЕМ
И МОТИВОВ

Абдуллина Д.М., Мухарлямова Г.Н...... 19

ЖАМБЫЛТАНУ АРНАЛАРЫ

Алдабек Н.Ә...... 23

Ж.ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОРТА МЕКТЕПТЕ ТАЛДАТУ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫНЫ ШЕШЕНДІК ӨНЕРГЕ БЕЙІМДЕУ ЖОЛДАРЫ

Дәуренбекова Л.Н...... 24

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ СИПАТЫ

Қамарова Н.С...... 27

1-секция

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ

МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЖАМБЫЛДЫҢ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНА 32

Жақыбай Б...... 32

ЖАМБЫЛТАНУҒА БАСТАЛҒАН ІЗГІ ҚАДАМ

Аяпова Г.Б...... 36

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ

Сарбасов Б.С...... 38

ЖЫРЛАЙДЫ ЖАМБЫЛ ЖҮРЕГІ

Токсанбаева Т.Ж., Кулбатыр А.М...... 41

ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ПАТРИОТИЗМ

Дәулетова А.Н...... 47

2-секция

БІЛІМ БЕРУ МЕН ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ЖАҢА

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ

Байназарова Г.А...... 50

РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Елеуова А.С., Арыстанғалиқызы А...... 52

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Балтоғаева Ж.Е., Бауыржанова Ә...... 55

АҚТАН КЕРЕЙҰЛЫ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР

Отарова А.Н., Таджимұратова Ж...... 60

ДҮНИЕ ДИДАРЫН ДӨП БАСҚАН ЖАЗУШЫ Балтоғаева Ж.Е., Жасұланқызы Э.....	66
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ Тәжіғұлова Ж.С.....	72
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ Бекжанова Н.Д.....	75
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТЕРМИН ЖАСАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ Копбаева С.М.....	79
3-секция	
<u>ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ</u>	83
ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫ Туралы И., Қамарова Н.С.....	83
АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАҒАН ОЙЛАР Құлшағазиева Ұ.Ж., Қамарова Н.С.....	87
АҢЫЗ ӨҢГІМЕЛЕРДЕГІ ҒАЖАЙЫП ТУУ МОТИВІ Нұрлан А., Сарбасов Б.С.....	90
АҚЫН АҚШАГҰЛ РАМАЗАНОВАНЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ДАРАЛЫҒЫ Каджанова А.М., Қамарова Н.С.....	93
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МОДЕЛЬДЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР Бақтығали Г.Е., Даулетбекова Ж.....	97
ҒАБДОЛЛА ТОҚАЙДЫҢ ӨЛМЕС МҰРАСЫ Ибрагимова М.Б., Қамарова Н.С.....	100
АҚЫН ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫНЫҢ БЕЙНЕЛІ ӨЛЕҢДЕРІ Латипова И.К., Қамарова Н.С.....	103
КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДИАЛЕКТ СӨЗДЕР Жандалиева Н.Д.....	108
ӘДІЛ БОТПАНОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СОНЫ БЕЙНЕЛЕУЛЕР Қаниев М.А., Қамарова Н.С.....	110
ЛАҚАП, БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ Ескелдиева М.Ж., Жұмасатова А.М., Көшімова Б.Ә.....	112
СИМВОЛДЫҚ БЕЙНЕЛЕУЛЕР СИПАТЫ Симбаева А.Н., Қамарова Н.С.....	117
«КӨЗ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ Тілекбергенқызы А., Қамарова Н.С.....	121
МҰРЫН ЖЫРАУ СЕҢГІРБЕКҰЛЫ – СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ҚҰБЫЛЫС Отарова А.Н., Есетжанова Ш.....	125
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ БАҒЫТЫ Нухы Ж.Ч., Қамарова Н.С.....	130
ҚАШАҒАН МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚАБИБОЛЛА СЫДИЫҚҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕГІ Сәрсенқызы А., Қамарова Н.С.....	133
ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛАР ТҮЛҒАСЫНЫҢ БЕРІЛУІ Алпысбай А.М.....	137
М.ШАХАНОВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ Медетбаева Н.М., Қамарова Н.С.....	141
ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ Нәбиева Н.Т., Әбішева Ш.С.....	145

МҰХТАР МАҒАУИН ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АРХЕТИПТІК ОБРАЗДАР МӘНІ Кемалова С.М., Қамарова Н.С.	148
САЛ-СЕРІЛІК ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖЕТІ ҚАЙҚЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ Рымбаева Ә.А., Әбішева Ш.С.	153
САБЫР АДАЙДЫҢ РУХТЫ ЖЫРЛАРЫ Асамадинов Н.Е., Қамарова Н.С.	157
АНТРОПОНИМИЯЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ЛАҚАП, БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕРДІҢ ОРНЫ Әбдіғазиева Ш.Н., Көшімова Б.Ә.	160
АСАН ҚАЙҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ Құлшағазиева Ұ.Ж., Қамарова Н.С.	163
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР КӨРІНІСІ Қартбай А.Қ., Қамарова Н.С.	166
БАСҚА ТІЛДЕН СӨЗ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАТТАРЫ Таңат А., Орынбаева А.Б.	170
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНР Кайпбаева А.С., Қамарова Н.С.	173
ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛЫ Бердібек Д., Толетова Ж.	177
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ӨМІРЗАЯ АҚЫНЫ Қаниев М.А., Қамарова Н.С.	179
«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ЕСІМДІКТЕР Аралова Д., Орынбаева А.Б.	184

Пішімі 60*84 1/2
Көлемі 193 бет
Шартты баспа табағы 16
Таралымы 50 дана
Есенов университетінің
редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты
130000, Ақтау қ., 32 ш/а

Формат 60*84 1/2
Объем 193 стр.
16 печатных листа
Тираж 50 экз.
Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Университета Есенова
130000, г. Актау, 32 мкрн.